

А 2010

22749к

**ҒӘМЕН ОРАЗАЛИН**

**ЖЕКСЕН**

**АЛМАТЫ • 1950**











**КӘМЕН ОРАЗАЛИН**

# **ЖЕКСЕН**



**ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДӘБИЕТ БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ 1950**


11/11/11

11/11/11

11/11/11

11/11/11





## І ТАРАУ

### А Я Н

#### І

1941 жылдың күзі...

Күн бата көтерілген кара бұлт енді бүкіл аспанды қаптай бүркеп алыпты. Айналада өртенген деревняның жалыны кейде көтеріліп, кейде қарауытады. Тұс-тұстан атылған ракета жарқырай зымырап, қараңғылыққа сүнгіп жоқ боп жатыр. Алыста зеңбіректер зіркілдей түсіп, үрейлі дауыс естіртеді. Бекініс үстінде жанғыш оқтардың осып өткен іздері сала-сала болып жатыр. Өзінің бакылау орнында бекіністің түнгі тынысын тыңдап отырған Чайковский енді не істеу керектігін ойланды. «Жаудың танкілері қай жерлерден атака жасауы мүмкін? Жанармай бутылкасымен қаруланған адамдарды қай окоптарға орналастыру керек?..» Ол сол ойларын, бакылау нысанасына ешнәрсе іліге қоймағандықтан, шешпейінше блиндажға ала кетті.

Чайковский блиндаж ішіндегі жерден ойылып жасалған столдың жанындағы бос орынға кеп отырды. Қалтасынан темекі сауытын суырды, ептеп ашты. Папиросының бірін алып, жіңішкелеу келген саусақтарымен шығыршықтай түсіп, темекі сауытының сыртына бір-екі қағып та қалды.

Салават Хасанов тұз араласқан бензин шамды аялап, пілтесін аздап қыйып көтеріп те қойды. Алакөлеңке сәуле берген, блиндаж ішінде сызды жердің исі шығады

Әрі салқын. Темекінің қоңыр қошқыл түтіні жоғарылы төмен ширатылып, адам демдерімен жұлым-жұлым болып үзіліп те жатыр.

Дәл осы кезде біреу жүгіріп келе қалды, бұлар қадалып қарай қойды. Келген — Елена екен.

Елена ентіккен бетінде жылдамдата сөйлеп кетті.

— «Терең өзектің» шығыс жағында бүгін де кешегідей ракета жиі-жиі атылды.

Неміс самолеттері тағы да десант тастап кеткен көрінеді. Біздің жақтың бекінісін байқап та қалған секілді. Жау сырттарыңызға шығып байқау жасай ма, әлде қайтпегеді, деп, хабар беруге асығып жеткенім осы...

Чайковский қарындасының сөзін тыңдап болып, аз ойланды да:

— Енді өзің бөгелмей қайта бер. Үйішіне сәлем айт! Туып өскен «Терең өзектің» әрбір уыс топырағы маған қымбат. Хабарласып тұр. Дер кезінде келгенің дұрыс болды, бар қарағым, саған жауынгерлер атынан алғыс айтамын! — деді.

Елена іле-шала кете қоймай, іркіліп тұрып қалды. Ол осы келгенде сүйікті ағасымен біраз ақылдасып сыр алыспақ та еді. Өздерінің туған жері «Терең өзекке» жау шапқыншылары төніп, таяна бастаған соң Еленаның жүрегіне белгісіз, тұманды қауып та ұялай беріп еді. Деревняға шүйіле келіп, үрей тастап кеткен бүгінгі жау самолеттері Еленаны тіпті қатты абыржытты. Үйдегі атананың келешек тағдыры не болмақ, өзі қайтпек — соны шыныққан, білгір ағамен ақылдаспақ еді. Бірақ, сабырлы командир, қарындасының көзінде бір сыр барын байыптаса да, тұйық қалды. Тағы да.

— Бар, Елена жан, қорықпандар! — деді. Елена ағасына мөлдірей сәл қарап қалды. Ағасының көзқарасын сезді де:

— Сау болыңыздар! — деп, ақырын басып шығып кетті. Елена есіктен шығысымен-ақ ентіге басып, Жексен келді.

— Жолдас, аға лейтенант, бұйрығыңыз орындалды! — деді ол, асығыс, алқына сөйлеп.

— Бері келіп, жақын отырыңыз — деді Чайковский.

— Жолдас Бекмұханов, «Терең өзектің» сыртына тағы да шапқыншылар пайда болыпты. Бұл, хабарды, алысымен-ақ, капитан Масловтың өзіне жеткіздім.

— Хабарды барлаушылар жеткізген болар?



— Жоқ — деді де, Чайковский Жексенге тура қарады: Тағы да менің қарындасым келіп кетті.

«Қарындасым» дегенде Жексен әлденеге, селт ете қалды. Ол командирінің қарындасын әлі көрген жоқ болатын. Тек көрген жігіттердің ол туралы мақтаулы сөздерін естіген-ді. Елена бұдан бұрын да екі-үш хабар жеткізген еді. Чайковскийдің көзіне-көзі түсіп кеткенде Жексен өзінен-өзі ұялып қалды. Ол жаңа блиндажға енерде жүгіре басып кетіп бара жатқан орыс қызына әдейі неге қарап алмағандығына ішінен өкінді.

— Енді ұғып алыңыз — деді Чайковский — сүйтті де фонарының жарығын картаға түсіріп, қарындашының ұшымен ротаның бекініс ауданын бір жүгіртіп өтіп, блиндаждың орналасқан жеріне келгенде, шаншып тура қалды.

— Бұны білсе, жау еңалдымен осыны жоқ етуге тырысады. Жау танкілері әрқашан да бекіністің жүрегіне шабуыл жасайды. Сізге берілетін бұйрық — сіздің отделение танк атакасы бола қалған күнде, түгелімен запас окоптарға орналассын, түсіндіңіз бе?

— Түсінікті! — деген Жексеннің сөзін шылдыр ете қалған телефон бөліп кетті.

— Карпат I сұрайды, — деді телефонист. (Карпат бір батальонның командирі капитан Маслов болатын.) Маслов, бекініс жағдайын сұрап, жауынгерлік тәртіпті берік сақтауды міндеттеді.

Чайковскийдің соңғы сөзі: «Орындаймын, жолдас капитан!» болды.

— Түсінсеңіз осы, жолдас Бекмұханов.

— Хасанов! — деп дауыстады ол.

Ауызғы бөлмеден асыға басып Салават келіп кірді.

— Кухнядан тамақ алдырдыңыз ба? — деп сұрады. Хасанов, тамақтың қазір келетінін айтып үлгіргенше болған жоқ, бірнеше бос катёлдарды салдырлатып, бір жауынгер келіп кірді.

Салават оған жол беріп кейін шегінді. Чайковский жауынгерге фонарының жарығын түсірді.

— Ал, сөйле, не боп қалды?

Жауынгердің даусы дірілденкіреп, қапыл-құпыл баяндай жөнелді:

— Жолдас аға лейтенант, кухняға снаряд түсіп тұр қалдырмай кыйратып кетті. Екі адам өліп, старшина ауыр жараланды.

Чайковский үнсіз түнеріп отырып қалды... Төрт күннен бері кухняның үшінші рет талқандалғаны, жауынгерлердің содан бері ыстық ас ішпегені оған ауыр тиді.

Ақыры әркімнің қолындағы: «НЗ<sup>1</sup>»ға ұрықсат беруді керек деп тапты. Содан кейін жауынгерге карап:

— Бірде-бір отделение тамақтана алмады ма? — деді.

— Жана үлестіргелі жатқанда ойрандап кетті. Талай адам жидіп қала жаздады.

— Өлгендер мен жаралыны қайтты?

— Бәрін де медицина пунктіне жөнелтті, жолдас аға лейтенант.

Чайковский болған оқыйғаны өз көзімен көргісі келді. Ол түнерген күйінде орнынан тұрып Жексенге бұрылды.

— Сізге бұйрық түсінікті ғой?

— Түсінікті! — жолдас аға лейтенант.

— Онда солай істейтін болыңыз.

Бұйрықты алысымен Жексен өзінің отделениеcіндегі адамдардың қайсысын қай жерге орналастыру керектігін ойластырды. Әркімді белгілі окоптарға бөліп, оларға берілетін жанармай бутылкалары мен гранаталарды да есептеді. Чайковскийден ұрықсат алысымен-ақ ол бекініс араларындағы қатнас өзектері арқылы жүгіре жөнелді.

## II

Түн тас қараңғы. Жауын себелеп күйіп тұр. Кейде жарқыраған нажағай оты көк жиіктің етегін желп еткізіп бір көтеріп қалып, қайтадан жаба қояды...

Жау тыным таппай құралдың барлық түрінен дамылсыз атып жанталасуда...

Жексен отделение жауынгерлерін өзінің күні бұрын тағайындаған орындарына орналастырып, өзі бомбада жасырынатын блиндажға таман келді.

Күзеттегі қол пулеметчик Никита Новиковты ауыстырды.

Осы жұмыстың бәрін де еңбектеп, жер бауырлап жүріп орындады. Ол Новиковты ертіп блиндажға келгенде,

---

<sup>1</sup> Ең ауыр күндер үшін сақталатын тамақ.



ояда ешкім де жоқ екен, тек сығырайған бензин шамның сасық түтіні будақтап тұр.

Аздан соң Қадыр Досполов келді. Оның үсті-басы су, окоптың балшықтары етек-жеңіне жабыса қатыпты.

— Кел Никита, тізелесіп бір рақаттанып отыралық. Ғарт темекінді.

Жексен қол пулеметчикке беретін атыс ауданын белгілеп жатты.

— Сен немене, Никита Никитич, осы түнде тым болмаса бір-екі рет пулеметіңнің даусын шығармағаның қалай?—деді Қадыр. Бұрынғы пулеметчиктер жақсы еді. Кеше де әбден ызамды келтірдің. Сонда жаныңда мен тұрсам, төбеге бір қойып, жұлып ап өзім ататын едім.

— Сөйлеме, — деді Новиков — түкке түсінбейсін, айдалаға атсам, жау зеңбіректері менің талқанымды шығарған болар еді. Ал автоматчиктерін өзіме жақындатым да сол көзімді қыса бердім, қыса бердім...

Жексен картасын жыйнамастан темекісін тартты.

— Сен менің тілімді алмадың. Мен ат дегенде пулеметтен оқ атуың керек еді.

Никита оның сөзіне күлді де, ештеңе деген жоқ.

Тыстағы күзетшінің «болыңдар!» — деген хабарынан кейін жарықты сөндіріп, бұлар біржолата тысқа шықты. Жауын басылып, таң салқыны балбыраған көк исін аңқытып тұр. Алғашқы торғай да шырылдап көкте қанат қақты. Шығыстың қою бұлтының арасынан жарық сәуле де арайлап келіп қалды. Осы бір көрініс майдан ерлерін бір сергітіп тастағандай еді, батыстан зулаған көп самолеттердің үрейлі даусы естілді де, сол бір сәттегі тәтті сезімді бөліп кетті.

Көп ұзамай неміс зеңбірекшілері жаппай атуға кірісті. Атып келе жатқан таңмен бірге біздің кең ауыздылар да желе жөнелді, жер діріл қақты. Қайшы алысқан қызылды-жасылды снарядтар үйір-үйірімен көкті тіліп, зырырап жатыр.

Айнала ағарып жарық болған кезде бір барлаушы самолет пайда бола қалды. Ол аспан биіктігінде әлдене шырайналып қызыл-жасылды ракеталарды жаудырды. Көп ұзамады. Самолеттер көк жүзін түгел басты. Юнкерстер бомбаларды ытқыта бастады. Мессершмидтер шыркөбелек айналып, кейде көкке атылып, кейде жерге шапшылып, пулеметтен оқты үсті-үстіне бұрқыратты. Жексен окопынан басын ғана қылтыйтып көзін қадай

қалып еді, самолетті жыйырмаға дейін ғана санай алды, одан әрі сондай самсаған самолеттерді есептеуге болмады.

Жан-жақтан қосылып жатыр. Жау күзғындары көк жүзінде кара бұлттай қаптап кетті.

Көп күттіріп, көз талдырып, біздің жақтан да бір звено истребительдер көрінді. Аздан соң Жексен көптің ішінен оларды айыра алмай қалып еді, юнкерстің бірі құлдырап төмен құлап түсті де жерге кеп жалыны бұркіте қалды.

— Ой тусаң ту! — деген осы кезде Қадырдың дауысы естілді. Енді зенитчиктер де үн бере бастады. Аспанға, жау самолеттеріне бұрқырап жөнелген оқ дауылдарын көргенде Жексен айбаттана түсті.

Жерде, көкте түгел ұрыс, қопарылып жатқан дөңестер, қою шаңға араласқан түтін, неше түрлі гүрілдеген үндер бекініс үстін қамап тұр. Жауынгерлерді осы үрейлі көрініс абыржытпаған тәрізді. Не бір сөз, не жүрген, жүгірген адам жоқ, қыңқ еткен аянышты үн де естілмейді. Жонын берген бекініс, мызғымас жотасына, жау дүрмегін жолататын емес. Жексен бірден-бірге еңбектей жылжып, Новиковтың окопына келді. Екі көзін алдыңғы қабақтағы атыс нысаналарына тігіп, пулеметке жабыса, сақ отырған Новиков, Жексен жанына келіп, иығына қолын салғанда ғана бірақ көрді.

— Немістер бүгін бізге не істемек, жолдас аға сержант, қаптатты ғой жендеттерін.

— 109-биікті ұмытып қалған болар, — деді Жексен — несі бар, тағы да көрсін. — Ал өзіңнің пулеметің қалай?

Новиков дискасын қолымен бір сыйпап қойып:

— Шаш алатын машинадан бір кем емес, жолдас командир, шебері келіссе пулемет есебінен жаңыланы емес, — деді.

— Қадыр қайда?

— Ол тағы да әйеліне хат жазып жатыр, жолдас командир.

Пулеметчиктермен қатар запас окопка орналасқан Қадыр жүресінен отырып жазған хатын бітіріп конвертке салды.

«Арпалыстан кейін неге жазбайсың» деп сұраған жолдастарына, ол:

— Пәле шіркіндер, — деген болатын — мынадай төніп келе жатқан қауыптен аман қалған адам әкесін де



умытып қалар, онан да осы ауыр сезім үстінде ыстық сәлемімді жазып қалайын да. Тап қазір бүкіл жан-жақындарым үйіріліп көз алдыма келіп тұр, — деген-ді.

«Мұнысы да дұрыс» деп ойлаған, Жексен.

Қадыр бүгінгі хатын да бір-екі ауыз сөзбен бітірді.

Қолына қағаз, қарындаш ұстамай тұрғанда айтатын сөзі көп сықылданып, ананы былай деп, мынаны алай деп жазамын ғой деп ойлаған еді. Ал, жаза бастағанда аузына түк сөз түспей, бағанағы ойлағандарын қаншама кыйналса да қағаз бетіне түсіре алмады. Ол сөзін әйеліне арнады. «Сағынып отырмын сені, фашист иттер кен қалды. Толығын кейін жазармын», деп тоқтады.

Әрбір жазған хаттарынан «толық кып кейін жазармын» деген сөз бір де қалмайды. Бұл сөздер бірі үлкен, бірі кіші жазумен бір парақ ақ қағаздың бетін түгел қамтыды.

Конвертін омырау қалтасына салды да, қайтадан алып адресін оқыды. Туған жер, сүйген жардың аты қандай ыстық! Конвертінің аузын жапсырып, автоматының дүміне салып басып-басып қалды. Төбеден топырақ сау ете түсті, оған тіпті де көңіл бөлер емес. «Неғып жайрап отырсың?» — деген Жексеннің сөзіне жалт бұрылды. Ол үндемеген қалпында тіс ысатын парашогын, щёткасын, ескі шұлғауын, противогазының сумкасына салып, окопының ішіне тастады, омырау түймелерін салып, белдігін гарта буынды. Қаскасының бауын да мықтады.

— Не ойың бар өзіңнің, шинеліңді неге басып отырсың?

Қадыр Жексенге бір қарады да, қайтадан артына бұрылды.

— Әйтеуір осы жерде боламыз емес пе, жеңілтектенбесем болатын емес. Үйге хат жазып едім.

Осы кезде «атака» деген дауыс бірден-бірге ұласты. Жексен запас окопка өзі де орналасып, жол үстінде өрмелеп келе жатқан бір зор танкті көрді. Оның артынан іле-шала бірнеше танкілер де күжірейіп көріне қалды. Демдерін будақ-будақ шығарып ентіге түсетін сыяқты. Табандап тартып, ауыр қозғалып бері жылжыды. Екінші, үшінші взводтардың алды, қарсы беткейдегі, мин даласы еді. Снарядтан жарылған миндерді байқаған танкілер аңқыйған аласа өзекшені бойлап бері салды. Қабақта танк қаптап кетті. Ілгерілі-кейінді дөңгелектері сартылдап, моторлары гүрілдеп от пен оқты бірдей шашып

жулдынады. Ажалдың аузы арандай ашылып, жұтамын дегендей гүжілдеп, мойнын созып келеді. Автоматчиктері де қыркадан асып, бір жатып, бірі тұрып, жанталасып жарысып бері ентелеуде.

А дегенде жау әлеметін көрген Жексеннің көзі бұлдырлап кетті де, өнбойы бір қызып, бір суып, дірілдеп барып қатып қалды. Кірпігін де қақпады, қабағынан ызақ боп атылды. Әрбір солдаттың омырау қалталарында айуандықтың алуан түрлерін көрсететін фото-суреттердің бар екенін ол білетін, туған ел-жұртты, сондай мазақ еткізу керек пе? Осы фашист қанішерлерін құртпаса, бұлар қай жерге бармайды.

Осы ой өсиет бұйрық беріп, жігерін жандырды.

Танкілердің бірнешеуі запас окоптарға таман төніп келеді, көк-жасыл ракета көкке шапшыды. Зеңбірекшілер тегіс танкке қарсы ата бастады. Олардың алғашқы атқан оқтары тимеді.

Танкілер ырғый түседі.

— Ішкеннен аман ба? — дейді Новиков.

— Атау-кересін ішкен шығар — дейді Қадыр. Жексен бұлардың сөзін естіген жоқ. Қанаттағы екі «Максимнің» үндерінің тез тына қалуы — екі жақ босағаны тіреусіз қалдырғандай болды.

Осылай беттеп келе жатқан ең ауыр танк бүрк ете түсті, екінші жеңіл танкінің де тұмсығы шорт опырылып қалды.

Қызыл ракетадан соң-ақ «атындар!» деген бірінші взвод командирі Шабановтың даусы шықты.

Бю-кыю көк жалынды түнек басып кетті. Тап сол мезетте бірінші отделениені баса көктеп екі танкі келе жатты.

Танк Никита Новиковтың пулеметінің талқанын шығарып ұшырып жіберді. Ол Новиковты да өлді деп ойлап қалып еді, бірақ Новиков бір қолынан қан сорғалап, бір қолында жанармай бутылкасы бар, ор ішінде жүгіріп бара жатыр екен.

Жексен «не көрсем де өзім көрейін» деп ойлады. Оның запас окоптан жылжып, негізгі окоптарға таман өтуін қолымен нұсқап қана түсіндірді.

Запас окоптардың артында зеңбірекшілердің қоян-қолтық ұрыс жасап жатқанын Жексен білген де жоқ. Жолдағы окоптарды таптап өтіп, танкілер зеңбірекшілерге қарай гүрсілдеп келе жатыр.



Алғашқы окоптарға келіп жеткенде жеңіл танк бір окоптың үстінде шырқ айналып тұрып қалып еді. Ал ауыр танк жаппай окоптарды таптап келеді. Бірнеше лақтырылған гранаталар оның қабырғасына соғылып, тасқа тиген шыныдай күл-күл болды.

Жексен бір топ гранаталарды қолына ұстап, окоптан басын ғана қылтитты да, төменгі ерні әлсіз ғана жыбырлап:

— Ваня... Киселёв... Гургенадзе—деп алдыңғы окоптардағы жолдастарының аттарын атап, әлсіз дауыстап шақырды. Қайталап айтты, ешбір дыбыс болмады. Тек танкіден бұрқыраған оқтар жердің кесек-кесек кыртысына омырып алып лақтырып жатыр. Оның көз алдына жаңа атын атап шақырған жолдастары елестеді. Оларды темір дажалдар жаншып жатқандай, құлаққа аянышты дауыстар естілгендей болады.

— Қыйрат осы танкіні, соқ енді! — деп көп адам аңқайлап қамалап кеткендей көрінді.

Оның жүзінде ашу өрттей тұтанды, денесі ызамен қалшылдап кетті. Гранатаны қысып ұстап, қолын сермеуге ыңғайланып аз ғана көтеріліп алды. Каскасын жоғары қозғап қойып, мені таныдың ба дегендей каскыя тұрды. Екі иығын қомдап атылып түсуге ыңғайланды. Кезенді кезін күтіп танкінің қозғалған аңысын аңдады. Ауыр танк, мұның окопына көңіл бөлмеді, тек зеңбірекшілерге түйіле түсіп барады.

Осыдан аз бұрын аға лейтенант Чайковский, ең тіректі күш — зеңбірекшілердің қыйын халде қалғанын көрген-ді.

Екі зеңбіректің бірі катардан шығып, бірін командирі атып жатқан болатын. Командирінің де үні өшіп қалды.

— Зеңбіректі алға жылжыт! — деп дауыстады Чайковский, бірақ командирі көрінбеді. Шұқанақтан бірекеу зеңбіректі шығара алмай мықшындап жатыр, 45 ммлік зеңбіректің өзі де екі адам үшін ауыр жүк еді. Чайковский атқыштардың арасынан осы жерге өзінің қалай жеткенін де білмей қалды, ырғып келіп, өлі командирдің үстінен шықты. Басына біреу сумкасын жастапты, оң бұрынғыдай, тек тістенген қалпында айкасып қалған тістері аксыйып көрінеді. Оң қолы кеудесінің үстінде, жұдырығы түйюлі күйінде жатыр.

Мұның жанында ілгерілі-кейінді кетіп көздеуші зеңбірекші отыр. Ол, аузынан аққан қан иегінен сорғалап, көзін бір ашып, бір жұмады. Алдында граната жатыр.

Чайковскийге аузын ашып бірдеме айтпақшы болғандай да еді, айта алмады, ол жетіп сүйегенше етпетінен құлап кетті. Көпке қадырлы жауынгер еді. Оны түзеу жатқызуға да уақыты болмады. Чайковскийдің қолы зеңбіректің қалқанына әрең тиіп үлгірді, ажал отын шашып танкі де келіп қалды. Чайковский өмірінде болмаған өзгеше бір шапшаңдықпен зеңбіректен оқ жаудырып, темір аждаһамен алысқа түсті. Бірақ лезде 45 миллиметрліктің мойны жұлынып ұшып кетті. Қарсы алдына түскен снаряд жерге өзін де көтеріп соқты. Қайта тұруға жараған жоқ, бір аяғын жыйнауға шамасы да келмеді. Сол снаряд соққан арттағы жауынгерлерін де көре алған жоқ, екі көзі таптауға келіп қалған ауыр танкіге қадалды. Оны соғарлықтай қолында граната да болмады.

Танк дөңгелегімен жаныштайды деген үрейлі сезім биледі де, жанағы зеңбіректен атылмай қалған бір снарядіне таман аласұра тырмысып оны бауырына баса қойды. «Енді келсең кел» дегендей снарядпен бірге жылжый түсті. Көзін жылдам ашып қалып, құлағын жарған дөңгелек дауысы естілгенде, кеудесін көтере сол ажалға қасқия қарсы ұмтылғандай болды. Бірақ сол сәтте өзі де ажал ауына түскендей, қауып сезіміне көмілді. Құлағында—түйіліп келген танкінің даусы ғана қалды. Ауыр танкінің біртіндеп жалынға оралып бара жатқанын ол сезе алмады.

«Менің құшағымдағы снарядым жарылған болар» деп, ол өзін өлгенге санап еді:

— Жолдас аға лейтенант! — деп бір таныс дауыс кенет қолтығынан сүйей қойды. Өзін бұл жарық дүниеде енді жоқ шығармын деп ойлаған ол, екі көзі жумулы күйінде бұл дауыстың қайдан шыққанын да байқаған жоқ. Танауына қоңырсық бензинмен араласқан бір ауыр сасық иіс келді. Мұндай иісті өмірінде жұтып көрмеген ол тұншығып барып көзін ашып еді: Жексенді тез таный кетті.

— Бекмұханов алға!

Чайковский зеңбірекшілерге өзі көмекке келгенде, Жексеннің отделиениесі туралы, оның өзі туралы, түндегі берген бұйрығы туралы ойлағанды. Ауыр танк, запас



окоптардан өтіп келгеннен кейін оларды неге жорырын білмеген.

— Алға таман жылжыйық жолдас Бекмұханов, — деп, ол қозғала бастады. Бірақ аяғы бастырмады, снаряд соққан аяқтан қан сорғалап тұр еді.

Бұл кезде батальондық миномёттер танк шабуылын тойтарып, бекіністен өткізбей, қыйрата соғып жатты. Тек енді немістің бір ротадан астам автоматчиктері запас окоптарға отырып алып, бас көтертпей атқылап тұрды.

Жексен Чайковскийдің алға ұмтылғанына қарамас-тан еңбектей сүйреп, окоптың біріне әкеп жатқызды. Телефон байланысы түгел үзілген. Ротаны басқаруға Чайковскийдің енді дәрмені болмады.

— Орныма Шабановты тағайындаймын — деді Чайковский.

Жексен әбден қалжырады, ары-бері жүгіріп ендікті шаң, күйе араласқан тер бетінде баттасып тұрды.

Қалған жауынгерлер, неміс автоматчиктеріне оқ жаудырып жатты.

Ол оң жақ взводтың шетінде бірнеше ғана адамдарымен жұлқысып жатқан Қадыр екенін де білген жоқ. Гимнастеркасының алды түгел қан, сау қолымен гранатын шырқата сермеп немістерді быт-шыт қылып жатқан Новиковты де көрген жоқ.

— Оқ атыңдар, оқ атыңдар! — деген Шабановтың дауысы ла естілмелі. Біреуді-біреу білмейтін ауыр хал бекіністі басып қалды. Көптеген окоптар асты-үстіне шығып аударылды. Ортасына түскен кей блиндаждардың ағаштары сорайып көрінеді. Қатнас орлары топырқпен көміліп тегістеліп кетіпті. Алдыңғы окоптардан ығысқан жауынгерлер артқы окоптарға жылжып барып, жанталаса атқылауда.

Жексен өз отделениесінің қалған адамдарын қоса, бірінші взводтың жауынгерлеріне де басшылық етті.

Шабановтың орнына взвод командирінің қызметін атқара да бастады.

Танкінің көмегімен бұдан соң да төрт рет атақаға көтерілген немістер, күн бата жартасқа соғылған сендей, быт-шыт болып кейін шегінді.

Бұлыңғыр түн де ашылды. Көк жүзінде алғашқы жұлдыздар сығырайып, үркіп-үркіп әр жерден бас ба-

ғады. Енді желпініндер дегендей шығыстан салқын майда жел соқты. Күндізгі болған сұрапылды жер түгел жұтып қойды. Тек жұлым-жұлым болып астан-кестені шыққан дала мелшиіп мүлгиді. Ойраны шыққан айналаның да әр жерінен талқан болған танкілер көрінеді. Таңертеңгі әсем төңірек түтілген жүндей қобырап жатыр. Кербез қалпын жоймаған тек таккаббар аспан ғана.

### III

Еленаның көзіне туып өскен «Терең өзек» деревнясы бір түрлі аянышты көрінді. Бірнеше үйлердің алдында тұрған машиналарға тау қылып жүкті тиеп, кендір арқанмен бастырып таңып жатқандар, олардың жанында киініп машинаға отыруға келіп тұрған үрейлі балалар, күйінішті әйелдер.

Астық складынан бірнеше үш тонналық машиналар қатар түзеді. Ал біреулер деревнядан, шықпай жүрген, сыйырларды ағаштың астына алып қуып айдап жүр. Машинаның дөңгелегі мен малдың аяғынан көтерілген шаңды жел үзіп жұлып әуелетіп әкетіп жатыр. Кей машинаның үстінде бір аяғынан байланған әтештер дүр-дүр сілкініп, мойнын соза түсіп түстің болғанын хабарлайды. Малды шығарысып салып қайтқан әйелдер екіден, үштен қолдарын сермей түсіп даң-дұң сөйлесіп келеді. Елена ауыр бір күрсінді де, бақша ішіне таман жүрді.

Бақшада жуықта ғана егіп кеткен Григоридің алма ағаштарын көрді. Бүрлері қуарып, көкшіл өңін жоғалтып, кей бұтақтары қыйрағалы тұр. Григорий Максимо-вич Москва институтында оқып жүрген кездерінен бастап жылы жақта өсетін кейбір бақша ағаштарын өз үйінің жанына алғызып еккен, студент күнінің өзінде ғылыми жұмыстармен шұғылданып, зерттеу жасап жүрген. Жаз бойы демалысы осы бақшада өтетін. Быйыл институтты бітірді. Бірақ, соғыс басталды да, ол еліне қайтып оралмады.

Григорий осы жыл қарындасын университеттің биология факультетіне түсірмек еді. Ол тілегі де орындалмады.

Елена ағасының отыратын орындығына отырды. Әр бұтақты қолымен ұстады. Біреуінің ұшын аузына салып сорды. Қышқылт бір дәм сезіледі, бұл Алматының алма ағашынан әкелінген болатын-ды.



Көз алдына Григорий бұрынғысындай қарындасына осы ағаштың қасиеті туралы айтып тұрған сықылды. Ми-чурин ғылымы осылай дейді, дегендей кейде кесіп, пішіп тастағандай да болып кетеді.

— Елена не істеп тұрсың? — деді Мария Яковлевна. Ол есік алдындағы қабырғада жасалған орындыққа бір тізесін басып отырды да қолындағы жібін, шыбығын алдына тастады.

— Әкең әлі келген жоқ па?

— Ақырғы машиналарын тиеп болып қалып еді.

Мария қызынан одан басқа ешнәрсе сұраған жоқ. Бүгін мектептің кітапханасы көшірілді. Басқа дүниелер: ертең әкетілмек болған-ды.

Ол қызына таңдана қарап, басын шайқады.

«Ендігі оқуында жүрмес пе еді! — деп ойлады. — Заманы әлдеқандай болады қарағымның?» Оның көзі жасқа тола қалды. Неден мұнша бос тұрған жас екенін өзі де білген жоқ.

Еленаға осынысын сездірмеуге тырысып, төмен қарап еді, сыйырының басжібіне көзі түсті. Оған да қарағысы келмеді, кенептен жасалған алжапқышының етегін қолымен шыйыршықтап, жанқалтасындағы орамалын алды да, көзін сүртіп тастады. Тағы да қызына қарады. Елена әр ағаштың бұтағына үңіле қарайды, жапырағына қуаң тартқан бүрлеріне тесіле түсіп, бұл жолы өзінің он жыл бойы сабақ дайындаған жуан ағаштардың саясындағы орындығына келіп отырды. Қолында кітабы бардай-ақ, арқасын дағдылы ағашына сүйеді. Қайта түзеліп отырды, жел сілкіп бірнеше жапырақтарды оның төбесінен шаша тастап еді, бірі жалп етіп стол үстіне түсті. Қолына алып қуарайыңқыраған жапырақты көріп үңіліп қалды. Тек сабағы үзілген екен. — Енді, сенің орнына шығатын жапырақты мен келесі жылы көремін бе, айтсаңшы дегендей болды. Алақанындағы жапырақты жел ақырын ғана қозғап толкытқан сықылды. Жерге тастауға қыймады, қайтсем екен сені дегендей болып анасына қарап еді, Мария Яковлевна жердегі басжібін көтеріп шумақтап қолына алып жатыр екен. Алдыңғы жақтан тездете басып әкесі де келіп қалды. Малақайының қайрылған құлағы байланбай секең-секең етеді. Фупайкасының омырау түймелері салусыз, көк шалбары шаң-шаң бет-аузын да тозаң бозартыпты. Ақ араласпаған сақалының арасына қауыздың ұшқындары да ұшып түсіпті.

ажымды беттерінің сай-саласына кір белдеуленіп калыпты.

— Балам-ау, жапырақ тергенің не? — деп еді Еленаға.

— Онда нең бар, — деп Мария күңк етті, — күндегі әдеті емес пе, өздерің астықты тазарттыңдар ма?

Максим Федорович орындыққа отырды да, етігін шешіп, ішіне түскен қоқымды қағып жатып:

— Бір де дән қалдырғанымыз жоқ. Ол бір алтын қазна ғой, бес машина екі күннен бері әзер тасып бітірді, — деді.

— Әке, — деді Елена, бері қарай жүріп, — мен бүгін осы машиналармен ауданға барсам болмай ма?

— Жоқ, — деді Максим қызына ортадан орын беріп, қағыла түсіп. — Мен барып қайтатын болдым. Райкомның өзі барлық колхоз бригадирлерін шақырыпты. Менің қалуыма болмайды. Біз бүгін жүреміз. Өзім бәрін де бігіре келемін, алаң болма, екеуіміз бірдей кетсек шешен жалғыз қалады. Солай істе балам. Жаудың үйдің іргесінде аңдып тұрғанын көремісің? Мен Григориімнің жанында туған жерім мен үйім үшін қолыма мылтық алсам деп едім...

— Сүйт карағым, — деді Мария. — хабарын ала келер. Ал райкомге сен сықылды шалдың керегі жоқ шығар, жастарды шақырғаны шығар.

Максим Федорович он шақты жылдан бері бригадирлік қызмет атқарады. Жасы алпысқа жетсе де еңсесі түсіп еңкейген адам емес. Марияның бетіне тесіле қарады да бір етігін киіп, екінші етігін шеше беріп мырс етіп, ызалы күлкіні бір езуінен бүрқ еткізіп қадала сөйледі:

— 1914 жылы немістермен соғысқан кім, оны талқандасқан кім, қане айтшы?

Мария үндемеп еді, өзі бастырмалата түсті. — Райком ғана ма екен, маған Москва, Сталин тапсырып отыр. Қолыма қару беріп Григоримнің жанына жіберсе болады. Тілегім де осы. Менде бірақ сөз, тура керегіңе жараймын деймін.

— Әке, — деді, Елена иығына қолын салып — шақыру анық хабар болса, бұл бір үлкен абырой.

Ол Максим Федоровичтің сақалындағы қауыздың ұшқындарын алып тастады. Елена он жылдық мектепті бітірісімен Москвадағы Ломоносов атындағы университет



ке түспек еді. Көнілдегі арманға соғыс көлденендеп келіп килікті. Туған жердің шетіне жау жабысты. Жақында аудандық комсомолдар комитетіне өтініш беріп, майданға жіберуін тіледі. Григорийдің жанында болу бұнындағы ендігі арманы еді. Ауданнан асыға күткен хабары да осы.

Максим Федорович етігін кие беріп, қызының сөзіне тоқырап қалды да, қайтадан шұлғауын орап:

— Я, балам, солай, — деді ол. Содан кейін орнынан тұрып басқышқа көтеріле беріп артындағы Мариядан — сыйырынды айдалатын малға қостың ба? — деп сұрады.

— Қостым, өзі ере алмай жүрмесе не қылсын. Оған кім тиеді, — деді де, Мария төргі үйдің есігін ашты.

\* \*

\*

Бүгін түскі тамақ өте кеш әкелінді.

Максим Федорович столдың басына келіп асқа отырды.

Қатпар басқан қабағы анда-санда бір жыйырылып, бір жазылады. Ол болып жатқан эвакуацияны ойлап, ауыр ойға қалды. Тылға кемпірі мен қызын жөнелтпек болды. Ауданға барғанда айтатын сөзін күні бұрын дайындап топшылады. Партизан қатарына жұрттың легімен ағылып жатқаны өзіне мәлім де болатын.

— Мария Яковлевна, сен қалай ойлайсың, мен дұрыс айтып отырмын ба? — деді ол. Мария тез түсінді, сөз партизандар қатарында болу туралы екені анық. Көйлегінің алды аяғына басыла жаздап Еленаға да бір тарелка суп әкеліп қойып, жапырақталған ақ нанды тарелкесіне таман ығыстырды да, қасығын сүйеп қойды.

— Кел, тамағыңды іш. Мүмкін тағы да Григорийге барып та келерсің, өз жерімізден өзіміз сескеніп қорқатын да болдық-ау.

Қағаздардың судырлағаны естілді де Еленаның төргі үйде келе жатқан жүрісі білінді. Қызы келіп отырғаннан кейін Марияның өзі де стол басына келді.

— Өзің біл, — деді Мария тамсана түсіп, «бізді қайтесің» деген сөз аржағынан кимелеп, «бізді айт» дегендей болып еді, тістері түскен иегін жұма қойды да, «не дейсің сен», — дегендей қызына қарады.

Еленаның өңі тіпті ажарлы, әкесі мен шешесінің сөзіне ырза болған пішінде еді. Кейінгі берген хабарынан

кейін Григорийге әлгі де хабарласа алған жоқ-ты. Ленинградты қатты бомбалап, Калинин мен Орёлға жаудың төніп келе жатқанын естігенде партизан деген сөзді Максим күндіз-түні аузынан бір түсірмейтін.

— Апа, өте дұрыс емес пе? — деді Елена. — Ел болып аттанғанда қатардан қалу тіпті ұят, барғаны жөн.

— Өзі білсін, — деді Мария — бұрынғы соғыстарда да үйде отырған жоқ. Сонда да мен ел қатарлы жүріп жатқамын. Енді жау алқымға келді, Григориймен бірге бол деймін.

Бұл сөзді ол шын ықыласымен ырзалығын беріп айтты. Орынды тілекке ортақ екенін білдірді.

Максим Федорович жау таянды дегенді естігенде бір топ колхозшылар бірігіп, райкомге партизан болатындықтарын білдіріп өтініш берген еді. Бұны кейін кездескенде Григорийге де айтқан-ды.

— Дұрыс апа, — деді Елена, — сонысы жөн болған. Осы кезде есік алдына келіп тоқтаған машинаның даусы шықты. Сигнал берді.

— Келді, — деді Максим орнынан тұрып, — тез қайтып қалармын. Елена, Григорийдің өзі де біледі. Маған қару керек.

Бұлар тегіс тысқа шықты. Жүк тиелген машинаның үстінде осы деревняның бірнеше адамдары отыр. Жүзде-рі жадыраңқы, әсерлі. Көңілдері көтеріңкі, әркім сөйлеп күлісті.

— Немене Максим Федорович, Мария Яковлевна босатпай жатыр ма?

— Біз солдат болып келеміз.

Бір жакка кетерінде, келгенінде Максим баласының бетінен сүйетін-ді. Сол әдетінше қызының маңдайынан сүйді.

Марияның қолын ұстап дөңгелекке аяғын салып, жолдастарына қолын созды. Елена әкесінің аяғынан жоғары көтерісті.

Керек десе, — машинаға да міне алмайсыңдар, сендердікі әйтеуір күр кеуде-ау—деді Мария.

— Сөзін қарашы, көрерсін әлі, — деді дуылдап күліскендер.

Машина көзден таса болғаннан кейін Елена деревня айналасын шолып, бөлмесіне келіп «Темір таскынның» қалған беттерін оқый бастап еді, жатқан бетінде ұйқтап кеткен екен.



Айғайлаған, шулаған, атылған мылтық дауысынан шошып оянды.

Жау жауынгерлер бекінісінен өтіп кеткен екен деп те қалды.

— Ойбай, немістер кеп қалды! — деді Мария көзі шатынап сыртқа шығып. — Жүр, кеттік.

Елена атып тұрды, ешнәрсе алуға да шамалары келген жоқ. Қол ұстасып есік алдына шықты.

Біреу баласын жетектеп, біреу бірдемені қолтықтап, бірінің соңынан бірі тоғайға қарай безіп барады. Автомат дауысы құлақты тарс бітірді, көптің есі шығып кетті. Кейбіреуге оқ тиіп, ұшып түсіп, кейбіреу қан жұтып қақсап жағты. Әп-сәтте басталған әбігерге сұстана қалған Елена, анасын ертіп, Григорийге қарай дедектей жөнелді.

#### IV

Бекініс ауданын аралап қайтқан подполковник Ванников барлаушылардан жедел орындауды керек ететін мәлімет алды. Бекініс тылы «Терең өзек» деревнясына немістердің бір топ автоматчиктерінің өтіп кеткенін білді. Тылдағы қатнас жолына қауып туғанын көрді.

Жаудың бұл тобын құрту үшін әрбір бекіністерде, жауапты шептерде орналасқан ротаны, не батальонды алып жіберуден гөрі бұрыннан сыналған әрбір роталардан таңдап бір-бір взводты жіберуді ойлады. Ол сәлденмен Масловқа телефон соғып жағдайды қысқа баяндады.

— Автоматчиктер группасын жоюға аттанатын ең тәуір взводты ата, — деп, тоқырап аздан соң — «Бекмұханов» — жарайды — деді, капитан Масловтың сөзін қуаттап. Сүйтті де Бекмұхановты мұнда тез жіберуді тапсырды.

Көп ұзамады, әрбір роталардан бірнеше командирлер келді, бұлармен бірге Жексен де келіп жетті.

Блиндаждың төріндегі столда отырған ашаң жүзді, үш күрек тісі жасанды, үш шпал таққан полк командирі Ванниковты Жексен көптен білетін еді. Оның бұрынғыдан да көзі шүңірейіңкіреп бет ажымдары қатпарланып түсіпті.

Оның жанында екі шпал таққан тапалдау, толықтау келген адамның жаңадан келген комиссар екенін енді ғана аңғарды.



— Жолдас комиссар, басталық! — деді подполковник, — сүйтті де алдында жатқан сағатын картаның үстінен алып, кейін қойды.

Неміс автоматчиктерінің өтіп кеткен әрекеттері айтылды. Осы түннің ішінде жаудың сол тобын күрту міндеттелді. Әрбір командирлерге жүретін бағыт көрсетіліп, бұйрық берілді. Ең ақырында Жексен бұйрықты орындауға рұқсат сұрап орнынан тұрып еді. Комиссар оның бас-аяғына қадала қарады. Ықшамды, сымбатты денесі көңіліне толғандай болды да күлімдеп Ванниковқа қарап қойды.

— Орындауыңызға рұқсат! — деді Ванников Жексенге, әрі бұйрықты, әрі үмітті пішінмен.

## V

Қыйраған терезенің жақтауы бір ғана топсасына ілініп теңселеді. Шалқасынан жатқан есіктер, құлап қалған басқыш, мал байлап, құс қонақтайтын сарайлар үңірейіп қалыпты. Мектеп алаңындағы екі баланың жасаңды мүсіні де адам көргісіз аянышты. Есік алдында сақал, мұртын қырған қатпар бетті неміс офицері қозғалмастан тұр. Ол қарсы үйдің терезесінен шығарылып жатқан қызылды-жасылды жиазға күлімсіреп қарайды.

Артқы көшеде жүгіргендердің дүбірлері және тауықтардың шықылықтағаны естіледі. Төбеде көгаршіндер дамылсыз шырқ айналып, қанаттары суылдайды.

Офицер свисток берді. Әлден соң оның алдына ұзын бойлы, еңкіш неміс солдаты келе қалды.

— Таптың ба? — деп сұрады офицер.

— Жоқ! — деді солдат, төмен қарап.

— Мүмкін емес! — офицердің екі көзі солдаттың қалталарына түсті. — Осындай жерден бір алтын сағат табылмауы мүмкін емес.

— Офицер мырза, наныңыз, түк қалдырмай көшіріп әкетіпті.

— Сағатты машинаға салмайды. Адамдарды қысымға алсаң тауып береді, — деді офицер. Табылмады десе де ол солдаттарына нанбады, төменгі негі дірілдеп, тісі қалшылдады. Жан-жағына көзін аларта бір қарады да, ақырын сыздана сөйледі:

— Тез қалталарыңның түбін айналдырыңдар!

Солдаттың көзі шарасынан шығып, буыны босап кетті.

— Мырррза офицерр... — деп наныңыз деген сөзін айта да алмастан қалталарын айналдырып еді. Екі баланың шұлығы мен бір әйелдің басқа тартатын жібек орамалы жерге түсіп қалды.

Офицер күлімдей түсті, жып-жылдам еңкейіп қолына алды.

— Бұл да алтын! — деді жанына тығып жатып.

Енді солдатына разы болғандай арқасынан қақты.

— Жарайсын! Ал саған тапсыратыным, — деді, тағы да жан-жағына бір карап — асыл бұйым тапқандар болса жасырын түрде, өзің маған хабарла.

— Орындаймын, офицер мырза, — деді солдат өкінішті пішінмен. Солдат оңай олжасынан аяқ астынан айрылып қалғанына қынжылды. Ендігәрі қалтама нәрсе тықпаспын деп ойлады.

Пайдалы жұмысын бітіргеннен кейін ғана офицер күзетті мықтап қоюды, солдаттардың сақ тұруын міндеттеді. Камалған тұтқындардан айрылып қалмауын түсіндірді.

Ол, солдат кеткеннен кейін оның артынан түксие қарады да:

— Тапқызармың саған! — деп, үйге кіріп кетті.

## VI

Елена есін жыйды, қайда жатқанын енді білді. Бұйыл X кластың ақырғы сынағын осы кабинетте берген еді. Көп жылдар отырған партасы да тұр. Талай рет тәжрибе жасаған сүйікті химияның аспаптары кыйраған күйде жерде жатыр. Ілулі плакаттар да аяқ астында жыртылып тапталыпты. Елена сол қолын астына баса жығылғанын енді білді. Басы зыркылдап, құлағына біреу қонырау соққандай, денесі мылжа-мылжа, жаны жоқ тәрізді. Көзі әлсін-әлсін карауытып бойын жыйып ала алмады. Бағана солдат мылтығының астында кетіп бара жатқан анасы көз алдына келді, қолын суырып алғысы келеді. Аунап та жатпақ болалы, бірақ халы жоқ. Тамағы құрғап шөлдеді. Ол әрқашан да суға толып тұратын есік жақтағы шкап ішіндегі шыны сауытты есіне түсірді. Қласқа дежур оқушы сол сауытты ылғый суға



толтырып отыратын. Ол зорға дегенде бұрылып қарап еді. Біреу шкаптың ішінде өліп жатқан сықылданып көрінді. Жүрегі мұздап ката қалды. Шошып кетті. Жаланаяқ, үстіндегі ақ көйлегінің жауырыны қан.

— Бұл кім? — деді ақырын ғана, бірақ ешбір дыбыс жоқ. Қозғалып жыбыр еткенде жүрегі жарылып кетіп жаздады. Аз қыйыстап қарап, шыныдан өзінің адам көргісіз өңін көрді.

Өзін-өзі жатқа да жоруының себебі бар екен, анадай бұрышта қанға батып жырым-жырым болған саржібек көйлегі жатыр. Костюмі жоқ. Туфлиден де айрылыпты тек іш көйлекпен қалғанын енді ғана білді.

Елена өзінің балалық өмірінің сырын білетін класо партасына және күн мен айдың нұрын өткізген терезеге «үндемедің сен, осы сырыңды жасырдың» деп кіналағандай қарайды. Олар әлі де жым-жырт, сырды өзінен күткендей болады. Үй ішінде ала көлеңке қоюланып тегіс мүлгиді.

Бір кезде тарсылдатып немістер келіп кірді. Елена көзін жұмды. Офицер аяғымен қозғап:

— Ей! — деді қырылдап, — бір қысқанға өлетін шыбын ба едің?

Оқытушы отыратын орындыққа отырып сигарын сұырды. Бір солдат әкеліп шам жақты.

— Мә, комсомолдық билетің.

Комсомол атын атағанда Елена қадала қарап еді, офицер билетті ашып жіберді де ішіндегі суретке көзі түсті. Біресе жарыққа тақап көзін сығырайтыңқырап қарады. Қатпар басқан бетін тыжырайта күлімсіреді. Жұп-жұқа қабағы қабыршықтанады. Суретке қараған бетінде көзін жұма түсті.

Билетті енді бір ашқанда күндіз бақша ішінде алған жапырақты көрді де қасқыр көрген иттей бет-аузы шәбелене қалды. Бағана, Елена неге екені белгісіз, осы жапырақты әйтеуір қыймай, жерге тастамай қастерлеп билетінің арасына салып еді. Офицер үңіліп-үңіліп зажигалкасын жағып өртеп жіберді. Алғашқыда жұқа алтын ба деп те қалып барып, ойлағаны болмағаннан кейін ашуланып кетті.

Елена үндемеген қалпында ыза мен кектің отын ішіне жыя түсті. Офицер сигарын тарта түсіп, енді Еленаға бұрылды.

— Жаксылап жөніңді айтсаң, біз сенің қолыңды



Мюнхенге жеткіземіз, онда ұлы дәрежелі герман халқы тұрады. Алтыны бар адамдарды айт.

Елена демін жиі-жиі алып тесіле түсіп еді, офицер суретке қайта-қайта карап қойып:

— Онда ұлы Германияның бақытты адамдары тұрады, Берлинді білемісің?

Елена үндемеді, жатысын да өзгертпеді. Жүруге жараса ол бағанадан бері кұтылып та кеткен болар еді. Деревняның адамдары қайда екендерін, анасын, әкесін есіне түсірді. Григорий қайда? Осылардың бәрі көз алдына тізбектеле беріп, тұрған неміс офицеріне келіп тірелді.

— Шыныңды айтсаң болғаны, біз енді қолыңды бақытқа жеткіземіз. Өзің өмірді сүйе білсең, жоғыңды біз тауып береміз. Ал, біздің сұрағанымызға бөгелмей жауап бер. Қызыл әскерлер бұл маңда көп пе?

Елена селт етіп козғалмады. Офицердің көзі солдаттың қолындағы жас шыбыққа түсті. Сөйлеуге ыңғайланғандай төменгі ерні жыбырлап, күрек тістері көрініп кетіп еді, көзі қыз суретіне тағы да қадалып, тағы да жымыңдады.

— Мұнда отырғыз! — деді офицер.

Солдат қапсыра көтергенде, денесі катты ауырса да Елена тілін тістеп дымын шығармады. Бірінші қатардағы өзінің партасына отыруға ұмтылды.

Еленаның қаны қашып, көкшіл тартқан беті, далап жаққандай офицерге суреттегісінен де сұлу көрінді.

— Бара тұр, — деді ол солдатқа. Солдат шығып кеткеннен кейін жақындап, — қатар келіп отырды. Елена офицердің демінен сарымсақтың сасық иісін есіне түсірді.

— Әскерлер кару-жарақты қайда үйіп жатыр? Штабтары қайда орналасты?

Елена шамға сұрланып караған бетін бұрмады. Офицердің немісше, орысша сөйлеген сөздерінің соңынан оқ дәрінің исі шығады. Зорлау мен дүре елестейді. Қалай сөйлесе олай сөйлесін, ол кісі өлгіруші фашистің жендеті еді. Мойнына асылуға төніп келе жатқан оның қолын қағып жіберді.

— Сен ашуланба, қашсаң да кұтылмайсың, көнбесең, шыныңды айтпасаң — деп тоқтады да: Сен әлде орыс қызы емес шығарсың? — деді офицер.

— Орыстың қызымын! Елена бұл сөзін кеудесін көте-

ре, даусын шығара, бір түрлі жігерлі үнмен айтты. Офицер тағы да жақындай түсті:

— Саған жаным ашыйды, айт шыныңды.

Елена үндемеген қалпында қалды.

Бұрын осы кабинетте ол қолын дамылсыз көтеруші еді. Оқытушысы рұксат етпесе ренжіп қалатын. Айт десе бөгеліп көрген емес-ті, міне бүгін айт, дейді. Не үшін?

Сұрап отырған кім? Бәрі де түсінікті. Білетін сырын айтса не жақсылық табады, көрер сыйлығы не, өзі кім болмақ, оны да жақсы біледі. Адам мен кісі өлгірушінің сөйлесуі, жыланның қарлығаш балапанын арбауынан айырмасы жоқ екенін жақсы таныйды. Жаралы басын жаңғырықтырып сөйлеу өзімді-өзім қоса қыйнағандық дейді. Ол үндемейді. Оның көзінің оты жарқ ете түсті. Тамағынан офицердің суық қолы шап етті. Тістене қысып тұрып барып босатты. Елена құлап кетті.

Ол столды тықылдатып солдатты шақырып алды. Аз-дан соң шыбық шыпылдап еді.

— ...Он бес, тоқта! — деді — Комсомоооолл! Ак көйлекті шыбық жұлым-жұлым етіп дал-дал қылды. Жосыған қан тақтай үстіне уйып-уйып қалды. Елена қыбыр етпеді, дауысы да шықпады, сұлқ жатты.

— Комсомоооолл!

— Бұлар біраздан соң тағы сұрамақ, шынын айтқызбақ, жазасын да тартқызбақ болып есіктен шықты.

Қараңғы үйде тек тырсылдаған қан тамшылары ғана көпке шейін естіліп тұрды.

## VII

Күздің суық түні, жұлдыз жарық. Ит тұмсығы өтпейтін орман іші жым-жырт. Бұлар аяқтарын аңдап басады. Сонда да сылдырлаған қу жапырақ, сылған шөмшек аяқ астынан атылған пистолет даусынан бір кәм емес. Каскаларын ағаш бұтақтары дамылсыз қағады. Тұра қалып тың тыңдайды. Жоғарыдағы ағаш бастарын жел әлсіз қозғап тербетеді. Бағанағы әзірде дамылсыз тоқылдатқан тоқылдақтың да жағы енді қарысыпты. Көтерілген дымқыл тұман тұр. Біреуі ең алдында басқаларынан бірнеше қадам оқшау жүріп келеді. Басқалары ол жүрсе жүреді, тұрса тұрады.

Шыққандарына үш сағаттан аса уақыт өтті. Жететін мерзімі де болған сықылды. Бірақ алдынан әлі деревня



кездеспейді. Шытырманнан-шытырман. Талай майдан малтығып, талай суларды да жалдап кешіп келеді.

Адастық ба деп ойлайды. Жексен картасы мен компасын салғастырады, 217° гiр өзгермейді. Тағы да ілгерілейді, әлден соң бір ызындаған дыбыс алдарынан естілгендей болды. Бірақ, қай жақтан шыққанын айырып болмады.

Енді аяқтарын санап басты. Аз жүргеннен кейін дыбыс тағы да бір екі естілді де, біржолата жоғалып кетті.

Жексен неге ұқсатарын білмеді. Ол өлі анасының омырауындағы емшегін еме алмай жылаған жас баланың да дауысын, баласынан айрылып, үй мүлкі өртке түсіп, қайғы-қасірет тартқан ананың аныраған ызалы үнін де естіген. Өзі үнін білетін кустарды да есіне түсірді. Әлде жаралы жауынгер ме? Бәріне де ұқсамайды.

Не болса да тез жетуі керек болды. Тындай түсіп жүріп келеді.

— От! — деді Жексен. Оның жүрегінің соғуы өзіне дүбірлеп тұрып естіледі. Бәрінің де көздері, жылт етіп көрінбей кеткен жарық жаққа қадалып қалды.

— Бұл не, көрінбей кетті ғой?

— Үндемендер, аздап жылжылық та қоршап ала-лық.

Жаққан от сөнуге айналған. Қалған шаласы андасанда лап беріп жанып, жалп беріп сөнеді. Біреулер айнала бұйлығып жатқан тәрізді. Бірі қатты ыңкылдап, біреуі булығып жөтеліп қысылып жылайды.

— Тұрындар, — деді Жексен.

Шу ете түсті де, бәрі бет-бетіне қаша жөнелді, кейі көйлекшең, жалаңаяқ кейінің шаштары дудырап, безіп барады. От басында екі бала шырылдап жатыр. Бір-екеуі сүйретіліп тұра алмайды. Жан ұшырған олар да қашып кұтылудан үміт еткендей.

— Қорықпаңыздар біз өздерінбіз,— деді Жексен қарсы алдындағы әйелге. Әйел жылап отыра кетті.

— Улдарым!— деді ол. Сүйтті де өксіп-өксіп жіберді.

Жексен әйелді қолтықтап от басына әкелді. Оты Досполов жағып та жіберді. Бәрі де қартаң тартқан әйелдер екен, естерін жыйды.

— Ал сіздерге не болды?

— От басына сүйеп отырғызған әйелден жөн сұрап, көрген, білгендерін баяндауды өтінді. Әйел өксігін көпке



шейін баса алмады. Маңдайы жарылған. Ақ шашына қан томарылып қатыпты. Бір көзі жұмулы, кеседей боп көгеріп тұр. Жасы алпыстарға таман келген екен. Тамырлары адырайған, арық қолы әлсіз дірілдейді. Аздан соң барып көргендерін баян етті.

Бұл Еленаның шешесі болатын.

Немістер кеп қалғанда Елена шешесін жетектеп көппен бірге тоғайға тартқан. Содан ары ол ағасына хабар бермекші де еді.

Арт жақта мылтық даусы шықты. Алдыңғы жақта екі әйел бірдей кұлап қалды. Марияның басы айланып, көзі карауытып кетті. Еленаның бөгелгісі келген жоқ. Өкшесі жерге тарс-тұрс тиіп жүгіріп атып, айқайлаған солдатқа карамады.

Мария ере алмады, өкпесі аузына тығылып, ілгері басқан аяғы кейін кетті. Қуып жеткен солдат еналдымен ананы мылтықтың дүмімен ұрып жіберіп еді. Марияның аппақ шашы дудырап, басымен жерді сүзе екі бүктеліп түскен болатын. Анасы жығылған соң Елена солдатқа ұмтылғанда, оның шашына солдаттың жуан қолы жабыса кетті.

Сүйреп, тепкілеп қайтадан алып жүрді.

Немістер келісімен қолға түскен адамдарды түгелдей әрбір үйге қамап жатыр еді.

Бұларды да монша алдындағы сарайға алып келді.

Осы жерге келгенде офицер Еленаны мектепке алып баруға бұйырды, зорлап сүйрей жөнелгенде:

— Апа-апа!—деді шырылдап. Мария өзін ұстап тұрған солдатты ауыздан бір қойып, ұмтылғанын ғана білетін. Кеш батқан соң немістер үй-үйді тіміскілеп өз-өзімен болды. Сарайдың артын бұзып кашқандар Марияны да тастамай алып кеткен.

— Есімді енді жыйған сықылдымын,—деді ана.—Енді не боп жатқанын білмеймін. Баламның шырылдаған даусы кұлағымнан бір кетпей тұр, тез жетіндер ұлдарым.

— Кұтқарындар, құтқарындар!—деп, шулап жылаған дауыстар Жексеннің кұлағына көпке шейін естіліп тұрғандай болды.

\* \*  
\*

Жексен деревняға жақындаған соң өзі бастап екі адаммен барлау жұмысын жүргізді. Олар клубта көп

адамдардың қамауда екенін байқады. Жаудың күзеттегі екі солдаты дамылсыз шырқ айналады.

Мектеп алдында да караушылар көрінеді. Басқа неміс солдаттары мектептің бір бөлмесіне жыйналған.

Жексен бір отделениесін клуб маңына орналастырды. Ең алдымен мектепті қоршап, күзетшісін қолға түсіруді керек деп тапты. Жаудың қолындағы адамдардың да аман қалу жағдайын ойластырды. Командирлерін жыйнап, жағдайды түсіндіріп қысқа-қысқа міндеттер артты.

Жау көзіне сезіліп қалмау қатты ескертілді.

Түн бұлт. Тек таң атқанша тездету керек болды. Әр үйлерде, көшелерде де күзетшілердің мықты екеніне Жексеннің көзі жеткен. Жексен еңбектеп отырып егілген ағаштардың түбімен есікке жақындады. Енді ілгерілеуге болмады. Тырп етпестен жатыр. Қараңғы түндегі солдаттардың денесі кесек көрінеді, терезеден сөйлеген сөз, есіктердің ашылып, жабылғандары да естіледі. Сыртқы есік шалкасынан жатыр.

Неміс солдаты табалдырыктан аттап, есіктің алдында біраз тұрды да қайта шықты. Мойнын созып терезеден қарады. Тағы да біраз мелшиіп тұрды, есікке барып тыңдайды. Оған да шыдай алмады. Қайта шығып терезе алдына келді. Иығында мылтығы байқалады. Ұзақ уақыт арлы-берлі жүріп ағаштарды жағалап, бері тартты. Жексен демін ішіне тартып, екі алақанын жерге тіреп, оң аяғы жыюлы кадала қалды.

Шапшуға ыңғайланып, салмағын қолына түсіре көгеріле бергенде фриц қайта қайтты. Енді жақындап маңайламады, ұзақ күтті. Көптен кейін фриц ағаштың саясындағы орындыққа отырып темекі тартуға кірісті.

Жексеннің күткен минуті де осы еді. Ол атылып келіп көк желкеден ұрып жіберді.

— Я, сәт!—деп дайын жатқан Қадыр да әлсіз қарсылықпен құлап кеткен солдаттың кеудесіне мініп алды. Жексен часовойлық қызметті біреуіне тапсырды да, осы жердегі адамдарын екіге бөліп, бірін есік жаққа орналастырды. Есік, терезені нысанаға берді. Өзі бірнеше жолдастарымен сыртқы терезеге келді.

Үй ішіндегі жарықтан бәрін көріп тұр. Жаралы киік секілді бір қыз бет-аузы ісік пен қанға батқан, бір жанбастап шынтақтай түсіп жерде жатыр, кескілеген бұрымы дудырап көзіне түседі, анда-санда сұрланған жүзін терезеге қадайды.



Столға сүйеніп, шакша бас офицер екі аяғын бір-біріне айқастырып, қолын жанқалтасына салып, сигарын дамылсыз сорып түтінді, тұрпатсыз қайқы ерінінің астынан гуілдетіп будақтадады. Стол үстінде ұзын, ақ қанжар жатыр.

Елена есін жыйғаннан кейін офицер тағы да келді. Ол көп уақыт жауап сұрады. Бір де сыр ала алмады. Одан соң орыс қыздарының сұлу екенін, оны сүйетінін айтты.

Бірнеше рет асылуға келе жатқан қолын қағып, маңына жолатпап еді, офицер ашу шақырды. Қанжарын жалаңаштап үстел үстіне қойды, оның ең бірінші сұрайтыны алтын, үйткені әйелінің мұндай елден одан басқаны алма деген аманаты бар.

Бүгін тездегпесе ертең артқы көп армия келгенде есетимейтіні өзіне аян. Полк командирі де өзін қатты сыйлайтын. Осы жолы «Темір Крест» беруге ұсынбақ Франциядан да, Польшадан да осындай десанттар группасында болып, оған тартулар берген. Бұл жолғы күтпеген жерден өзінің тағайындалуы, командир полканың қаққан қабағы да талайды аңғартады. Оларға не деп жауап беру керек?

— Енді қайырым жасамаймын! — деді, қырылдай түсіп, қолын Еленаның бетіне таман апара беріп. Еленаның бұл жолғы сермеген жұдырығы оның аузына тиді. Офицер қанжарды үстел үстінен жұлып алып қызға тап берген кезде, терезеден ішке қарғып түскен Жексен оның білегінен шап беріп ұстай алды да қайырып кеп тастады.

Офицер қанжарға қол созғанда, ажалға қарсы Елена да бар күшін жыйып оң қолын қайқайта лақтырып жіберіп еді. Снарядтай бар денесі де от алып кетті.

Екпінімен тисе офицерді жоқ қылатындай салмақ Жексеннің құшағына топ ете түсті. Жексен құшақтай алғанда, жатқа жорыған ол бұлқынып қалды.

— Сіз енді өлімнен құтылдыңыз! — деген дауыс өзін-өзіне тез келтірді. Көзі қарауытып қалай ыршып түскенін де білген жоқ. Қайдан кеп қалған адамдар екенін де аңғармады. Бәрі де өз адамдары.

Жексеннің көзіне-көзі түсіп кетіп еді — ол телміре карап барып жүзін тайдырып, кеудесін қолымен баса қымсынып орындыққа отыра берді. Тыста автоматтар топ-тобымен жарыса жөнелді.



Таң атты. Аспанда түсі суық, өркештенген ызғарлы ақ бұлттар, шығыстан батысқа қарай бірін-бірі кимелеп асыға қозғалады. Суық жел қу жапырақтарды домалзта үйіріп, топтап алып аспанға атып ұшырып та жатыр. Жеті қабат қар жауса да жұтамайды дейтін сауысқан да жерлей ұшып тоғайға тартады. Дабылды ызғарды алдына өңгеріп, төніп келе жатқан қыс та быйыл ерте түсетін сықылды, ол да:

— Мен де келе жатырмын,—дегендей болады. Деревнядағы жағдай бүгін тағы өзгерді.

Қайла, лом, күректерін алып, бейітке таман бара жатқандар да көрінеді. Оны-мұныларын арқалап, орманнан келушілер де байқалды. Ағаш шапқан балтаның, шегені қаққан балғаның да даусы солқылдайды. Әр жерде әтеш те шақырып, ит те үреді. Мұржалардан шыққан түтіндер бұлтпен ұштасып мұнарланады.

Жау қолынан құтқарылғандар машиналармен кейін жөнелтіліп те жатыр. Жаудың тылға өткен группаларының бәрі де тегіс талқандалып еді. Жексен взводы жауынгерлік тапсырманы ойдағыдай аяқтап жүруге дайындалды. Пленге түскен немістің он солдаты мен офицері бәрі де желбегей, жауынгерлермен деревня адамдарының алдында тұр. Бастарын көтермейді. Көздерінің қыйығымен қарай қойып, еңселері кетіп мүләйімсиді. Қуанышты адамдардың жарқын жүздерінен мейірімандық, достық, ырзалықтың нұрлары төгіледі. Өздерін жаудан құтқарушыларға алғыстарын жолдап, дәм-тұздарын ұсынады. Бір топ балалар да бірі көгершін құшақтап, бірі немістерге ызалана үрген күшіктерін жіберіп тартады.

Мектептегі жыйылған бұйымдарды әркімдер танып, әкетіп жатыр. Тұтқындалған адамдардың бүгін өздерін маскаралауы неміс солдаттарының өздеріне де жиркенішті көрінген-ді. Осы деревняға келгенде олар жыйырма бір еді. Оның кейбіреуі ызғарлы аспанға да көз жіберіп, екі иығын көтере демін алып күрсінеді. Кейбірі қылмыстары естеріне түсіп, тірі тұрғандарына да шүкірлік еткендей.

Балам деген дауыс Жексенді жалт қаратты. Бұл түнде орман ішінде кездескен ана болатын.

Мария Яковлевна жаудан құтқарған, өлімнен қызын айырған адамдарға шын көңілінен алғыс айтуға келді.

— Көп рақмет, жолдарың болсын, балаларым,—деді де үйіне таман бүкшендей жөнелді. Жексен неге тұра жүгіргеніне де түсінбеді. Бұл кезде Қадыр «олжаларды» қарап байқауда болды. Плендерді алып жүруге бастық етіп тағайындалған өзі болатын. Ол ең алдына өзі қолға түсірген қатыгез, қалқан құлақ солдатты қойыпты, еңбегімен табылғандықтан да оны ерекше есепке алған тәрізді.

— Енді қарсылық жасамаңдар!—дейді офицері өзгелеріне налып.

Қадыр сөйлеген сайын офицер дір-дір етеді. Басқалары жерге қарап, жаурындарын сұғылыстырыңқырап қозғайды.

Аздан соң ана қайта оралды. Жан-жағына да қарамайды. Ауыр ойға шомған қалпында қадам басып келеді. Жауынгерлер де жыйналған жұрт та аңтарылып қалды. Сөзіне түсінбесе де, әрекеттерімен сырлас болып қалған қарияға солдаттардың кейі қырындап, кейі көзінің астымен, кейбірі түксиіп оқты көзімен ата қарайды. Ширақ жүріс бір сырды ақтаратын сыяқты. Жауынгерлердің алдына келді де үн-түнсіз тұрды. Әлі де ешкімге бұрылып қараған жоқ. Бәрі де жым-жырт. Бір кезде селк етіп ойынан сейіліп кетті. Жарқ етіп бір жаңа нысананы көздегендей көсіліп барып түйіліп алды. Аздаған діріл пайда болған төменгі негі де жабысып қатпарлы қабағы кең ашылып, әлі де жанары қайтпаған өткір көзі ойына келген бір түйінге шаншылып тесіп өтіп бара жатқан сықылды еді. Желбегей салынған халаттың ілгерілі-кейінді серпілген өңірлері байқатпайды. Алжапқыштың қайырылып байланған бауына қыстырылулы қанжарды қынабынан жалт еткізіп суырып алғанда немістер бір-біріне жалтақтап үрпиісіп, үймелеген балалар жол береберді.

Қанжардың жүзіне қадала қарады.

Кірпігін де қакпады. Төңкерілген қару жүзінің бір жағына жауынгердің, бір жағына жүзі қара жыртқыштардың суреті түсіп тұрды. Сұрғылт түске боялған өз өңін де көрді. Жүзді аудара түсіп тесіледі. Не бір шартты айтқандай, не бір үміт еткендей де боп қалады. Сырына жанып, шындыққа шыңдап тілеуіне суғарып тұрғандай.

Жексен де ананың жүзіне тесіліп жазылған сырын тегіс оқып, ұғып қанғандай болып еді. Ол қаруды төңкеріп тастап, сарт еткізіп қынабына салды. Сарт еткен дыбыс ұқтыңдар ғой дегендей болды. Қынабы ескілеу



жетесіне жез жалатқан, екі жүзді ескі кішкене қанжар еді. Жексенге ұсына берді.

Мария Яковлевнаның бірге туған ағасының азамат соғысына катысқан ерлігі үшін осы қанжарды командирі сыйға берген-ді.

Ағасы өлгеннен кейін ескерткіш қанжар тығулы жататын.

— Міне балам, тартқан сыйым. Жоғалтпай ұста. Сендей менің де балам ұрыста жүр. Мүмкін кездесесіңдер, аға лейтенант Григорий Максимович Чайковский аты жөнін ұмыт па?

— Кім дейсіз, шеше?—деп Жексен ананың қолын ұстай алды.

— Аға лейтенант Чайковскийді білемін, ана. Ол бізде рота командирі болды. Жақында жараланып госпитальға кетті. Григорий Максимовичтің жараланған хабарын үйіші әлі естімеп еді.

Мария Жексенді кұшағына алып қатты қысты да:

— Жараланды!—деді ақырын ғана ойлана түсіп. Содан кейін үйіне қарай жетектеп жөнелді. Ісіп жұмылған көзінен сығылысып шыққан жас Жексеннің өз анасын есіне түсіріп жас балаша елжіреп жүріп кетті.

Ана орнынан тұра алмай қалған қызына бұлардың Григорийдің жолдасы екенін естірту үшін асықты.

Жараланды деген сөзді естігенде күткен үміті жоққа шыққандай болып, енді... енді деген ойлар қабаттасып қай жерінен жараланғанын да сұрай алмады. Жараланды деген суық сөз оның жүрегіне қанжарша қадалды. Енді бұлар Максим Федоровичті тоса алмайтын болды. «Терең өзек» ұрыс шебіне айналып, тылға жүргелі жатқан-ды.

Ананың дегбірі ұшып, аяғын жеделдеп басады.

— Елена, Елена! — деп барып, даусын қайтадан көтереді. Гриша... Гриша! Жараланыпты. Бұл не деген қыйыншылық!

Бұлар үйге кіріп келгенде, Елена екі қолын жерге тіреп басын көтере берді.

— Гришаның жолдасы бұл, Елена жаным... Қызын кұшақтаған ана енді бастан-аяқ айт дегендей Жексенге қарап еді.

Жексен болған жағдайды қысқа баяндап Чайковскийдің жарасы туралы сөйледі. Үйге толып кеткен

адамдарға Мария Яковлевна өзі қайтадан Григорийдің жаралануын айтып жатты.

Елена жүзін Жексеннің көзінен әлсін-әлсін аулақтатты. Орнынан тұра алмай бір нәрсе іздегендей тыйышсызданып та кетті.

— Аға лейтенант, сізді көп айтушы еді, — деді Жексен амалсыздан кетуге асығып. — Сіз келіп жүргендеріңізде мен бір де кездеспедім.

— Енді, қош болыңыз.

Неге екенін өзі де білген жоқ. Елена осы сөзден қысылып кеткендей болды. Қозғала түсіп барып, Жексенге өтіне қарады.

— Сіз маған адресіңізді беріңіз. Мен сізге хат жазып тұрайын. Осы сөзден Жексеннің бойына бір қызу сезім пайда болып, жүрегін шарпып өткендей болды.

— Умытып кетесіз ғой.

— Жоқ, мен сізді ешуақытта да ұмытпаймын. «Жоқ» — деген сөзінің ақырғы буынында бір сарынды толқын жатты. Басын әлсіз шайқап тұра қарап, сендіріп айтты.

Жексен сумкасын ашып жіберіп, көтеріңкі тұрған газеттің шетін айырып еді. Қыйсық, дөңгелектеніп жүлініп кетті. Түрегеп тұрған бетінде аз еңкейіп сумкасын астына төседі. Бекмұханов Жексенге.

Адресті ұсына бергенде Жексеннің бетінен дұдамалдануды байқаған Елена:

— Сіз жауап жазасыз ба? — деп еді.

— Жазамын, — деді Жексен, қолын ұсына б. Олардың уағдасы осы болды.

«Енді тартыңдар, жөн-жөндеріңе» дегендей ызғарлы жел алыстан келе жатқан неміс самолетінің гүрілін де қағып алып, үрейлі жар тартқандай болды.

## IX

Алғашқы қар шығыстан жапалақтап тұрып жауса да, жер әлсін-әлсін бетін сүртіп тастап жатты. Кейде долдана түсіп ұйтқып бұрқақтайды. Күн көзін сығырайтып қарайды да, қайтадан бұркене қалады. Жексеннің каскасының шетіне іркілген тамшылар қатып, мөлдіреп жылтырайды.

Бұлыңғыр уақытта бекініс үстінде көтерілген неміс самолеттері тиеген бомбаларын ұстауға да үлгірместен қайта қашып еді. Ұзақ уақыт ашық окоптан тоңазып,



Жексен блиндажға тартты. Алғашқы агакалары талқандалғаннан кейін немістер бірнеше рет ұмтылса да, «Терең өзектен» өте алмады.

Шабуылдары сол жерде талқандалып, жойылып жіберіліп отырылды. Жексен блиндаждың ішіне келіп кіргенде, политрук Денисов жауынгерлерге майдан газетін үлестіріп болып, Москва түбіндегі немістердің жағдайын айтып тұр еді.

— Олардың көздегені Москва ғой, — деді Қадыр нардың<sup>1</sup> астына темекінің қалдығын тастап. — Ит жемес асынан дәметеді — деген осы.

Өр кеуделі, кең иықты Досполовтың өсіп кеткен қадау-қадау мұрты ығы-жығы болып селдірейді. Өткір қара көзінің алдыңғы қатпарына самайдан түскен ажым қос көз жасайды. Суық сорған бетінің ұшы жылтырайды.

Политрук қағылып Жексенге өзі орын беріп, жанына отырғызды да, Москва түбіндегі қатты ұрыстар жазылған «Красный Звезданы» ұсынды.

Күнде есітіп, оқып біліп отырған хал Жексенге де түсінікті. Оралдан Еділге беттеп Москва мен Сталинградтың байланысын кесіп тастамақ болған жау планын да көрді. Бұның бәрінің ауыздарындағы сөзін тағы да Қадыр қағып әкетіп, кесіп, пішіп тастағандай болды.

— Жолдас политрук, Москва, Москва болады да қалады. Өйткені онда Сталин бар.

— Дұрыс! — деді, Денисов. — Онда Сталин!

Политрук кетісімен Жексен взводтың бекіністегі халын рапортқа жаза бастады. Өзі Шабановтың орнына біржолата взвод командирі болып бекітілген-ді. Жігіттердің әредік уақыттағы әңгімесіне оның араласы да аз болатын. Газеттен бас алмай отырған Новиковтың малақайын Қадыр көзіне түсіре еңкейтіп қалды.

— Жұрт көзіне саяси білімін көтергіш адам бола қалуын бұның, жетеді енді. Мұғалім боламын ғой деп отырмысын, соғысты бітіріп қайтқаннан кейін де сен шашалғыштыққа, менің бригадирлікке жарауым айдан анық.

Никита қолынан жеңіл жараланып еді. Санбатқа емделіп жазылып, таяуда үйірге қайта қосылған болатын. Малақайын қайтадан көтеріп адырая қарады да:

---

<sup>1</sup> Нар — ағаштан жасалған биік сәкі, әскерлер жататын төсек ағаш.

— Сен жанжалдан басқа ешнәрсені де түсінбейсін, — деді газетіне қайтадан үңіле беріп. Онан да фашистердің не деп даурығып жатқанын естісеңші.

— Мен солардың былшылдарын тіпті де естігім келмейді. Онан да санбатта неге кешіккеніңді айт. Сенін жараңа қарап, мен бұдан ерте келер деп мөлшерлен едім.

Новиков мұның бетіне бұрылмастан:

— Сен барсаң ерте келетін бе едің? — деп сұрады.

— Ой тіліңе шоқ түссін Никита, менің орныма капуста егуші ме едің. Сендей жеңіл жаралансам бір қолыммен мен де носилкені көтеріп, не біреуді сүйемелдесуге жарамаймын ба. Өзіңнің ыза болып газетке тесілгенің жаман, санбаттың бір де қызы саған пысқырып та қарамаған екен. Бәсе сені неғылсын, ол жерде бір интенданттардың өзіне-ақ көзің тұнжырайды.

— Тілеуің берсін, Қадыр біраз маза берші.

— Ендеше оқығаныңнан маған ұққаныңды айт. Нарды сықыр еткізіп Новиков оған аударыла түсті.

— Ана жылы француздар Парижды да тастап кейін шегініп бара жатырмыз деген деп фашистің бір даурықпашысы жазыпты. Бізді де француздардың аяғын кұша-сыңдар дегендей, түсінесін бе енді?

Қадыр біраз ойланып қалды. Никитаның көзі өзіне қарап тесіліп қапты. — Ал не дейсін деп тұр.

— Жауға жүрегін беріп шегінгені үшін оларға нендей жаза берсең де обалы жоқ. Жүрегіңнен анау күні оқ өтіп кетсе, бүгін менімен таласып отырар ма едің. Жүректің бәрі — бір жүрек емес пе?

Новиков үндемеді. Өзіне дұрыс көрінген бұл сөзге командир қалай қарайды екен дегендей Жексенге бұрылған-ды.

Одан сөздерін естіп отырғандық ешбір белгі таба алмады да:

— Солай, сен осы жолы тауып айттың, — деді, — жүректі жауға беруге болмайды.

Блиндаждың төбесі берік болса да жан-жағында қазып көлбей шығарылған терезелері бар еді. Жүгіре басқан бір адамның жүрісі білінді. Бұл келген взводтың өз хабаршы жігіті екен. Жексенге конверттеулі хатты ұсына берді. Қадыр Новиковты бүйірден түртін кеп қалып жалт қаратты. Никита жұдырығын түйіп еді.

— Құлағыңды әкеші, сыбырлайын, — деп Қадыр өзі-



не таман өңмендеген соң амалсыздан, не екенін естуге тағы да жақындады.

— Мүмкін, осы хат сол Чайковскийдің қарындасынан келген болар.

Қадыр Новиковке Елена туралы бірқатар көргендерін айтқан. Кейінгі кезде почташыға Жексеннің құлағын өте жиі түретінін аңғарған болатын.

Новиков Чайковскиді өз қолынан эвакогоспитальға аттандырып салған болатын. Олар орындарында аңтарылып қарасып қалды.

Жексен хатты арлы-берлі аударыстырып қарай берді. Неге екені белгісіз. Конвертті өте қуанышпен ашса да өңі жабыңқы тартып кетті.

— Хатыңыз қайдан келген екен? — деді Қадыр.

— Елден, тәтемнен келген екен, сен таниймысың мына жазуды, — деп ұсына берді. Қадыр өзінің танийтын, танымайтынын да есептеген жоқ, аз кідіріп асықпаған кісідей бір қақырынып алды. Алшандай басып, каскасын қолтығына қысып хатты алып көзін қабағының астына жасырыңқырап арлы-берлі аударыстырып үңілді.

Жексен танийтын болар деп күлімдей түсіп рақаттанып тұрып естуге құмартқандай. Новиков олардын екеуіне кезек қарап үйлерінен келген хатты танымай жатуларына таңқалғандай малақайының астына қолын тығып, шашының арасына бармақтарын бір сүңгітіп Қадырға ентелей түсті.

— Не депті? — деді Жексен.

Қадыр оған көзін бір төңкеріп тастап тамсанып басын шайқады.

— Өзі арапшаның да арапшасы, бірінің үстіне бірі мініп артылып қапты. Сөзі қазақша болғанмен, жазуы құрандікі сыяқты қошқар мүйіз, сымпыс құйрық, ылғый имек аяқ бірдеме, оң-терісін таба алмадым. Не болса, о болсын әйтеуір аяғында сіздің шешеніздің аты тұр, амандық туралы жазған болар, Талжібек депті. Қандай қыйын, нанбасаныз, өзіңіз көріңізші, бір осы сөздің өзінде неше кимешек шәршілі, сәлделі харыптар тұрғанын.

— Бәсе! — деді Никита нарға тірелген қолын жыйнап ала беріп.

— Сенің дау мен жанжалдан басқада неғып жұмысың болсын, тым болмаса үйленген адам болып бір хатты да оқуға жарамадың. Жексен хатты бүктеп қайтадан конвертіне салып Хасановке баруға дайындалды.

Салават Хасеновтың үйінен келген бірнеше арапша жазылған хаттарды көзі шалған болатын. Қадыр қабырғаға сүйенген қалпында, Жексен шығып кеткенше, тапжылған жоқ еді. Енді бір жамбастап нардың үстіне келіп отырды.

— Ей, Никита, сен жаңа, командирдің көзінше не дедің, маған. Әйелім мені оқытты ғой деп отырмысың. Арапшаны танымақ түгіл оның танауына исі де бармайды. О қалай бүйірден соқтыққаның, «үйленген адам болып» дейсің. Іште жатып, молдадан сабақ алды ғой деп отырмысың. Қыйсыны жоқ қайдан білемін. Жаңа арапшаны танушы едім, мынаның өзі тіпті бір түрлі жазу, менде барып естіп қазір келемін. Оған шейін біздің смена келмейді.

— Бара ғой, — деді Никита, — сен жоқта біраз тынымдап алмасам болмас.

Жексен үйінен көптен бері хат алған жоқ болатын. Бұл жолы анасы Талжібек хатты өз қолымен жазыпты. Арапша оқый, жаза білетін адам еді. Оқып беруге бір адам табылар деп есептеді. Өзі жазған хатының баласының қойнында жүргенін дұрыс деп білді. Талжібектің бір ұл, бір қызы бар. Бірақ анасы Жексенді жалғызым дейтін. Баласын алтаудың алыбына бағалап, күндіз-түні тілеуін тілейтін. Бұл жолғы хатын да осы тілеуіне арнаған. Хатты Хасанов оқыды. Қадыр да келіп отырды. Ана елдің аман-есендігін жазыпты. Сол амандықтардың ішінде ана бір түйінді сөз тастапты. «Қауғадан шошыған мал оңбас, жаудан шошыған ер оңбас». Бұл бір анасының сөзі емес. Сол алыста жатқан елдің бәрі бір дауыс, бір үнмен осылайша жар салып тұрғандай көз алдына елестеді. Бір адам емес, хатты көп адам бірлесіп жазғандай. Сол кезде барлық ел адамы анталап Талжібектің маңына топталғандай. Солардың бәрінің жүзі осы хат бетінен көрініп тұрғандай да болады.

Туып, өскен Шыңғыстау да көз алдына көлденең түсіп жата кеткендей, соның басына шығып жан-жағына карап отырған секілденді де. Ананың амандық қуанышы Жексенге әкесін де ойлатты.

— «Көптен бері хат жоқ. Бізге жазбай қойды. Ағаның адресін жібер», — депті. Таң-тамашаға қалды, неге жорырын білмеді. Жаманатқа тіпті де аяғын баспайды. Бекмухан да армия қатарына қолына қару алып кеткенін естіп қуанған. «Әкелі-балалы екеуіміз мүмкін кез-



«есерміз де» деп үміттенуші еді. Жым-жырт боп кеткені ойға қалдырды. Тек, Батыс майданында екенін білетін.

Хатты оқып болғаннан кейін Хасанов:

— Анаңыз қалай жақсы жазатын адам! — деп мақтарап еді.

Қадыр теріс қарап кетті:

— Осындай жазушы адам көрсемші, жазғанын кісі танымайтын! — деді ол ішінен. Өзімен бірдей Хасанов та танымай қалса екен деп тілеп еді.

— Елдің бәрі құранның аятын жатқа айтатын сен сықылды молда деймісің, — деп күңк етіп қалды.

Бұны олардың ешқайсысы да естімеді.

Осы кезде телефон шылдырлады. Шабанов та батальон штабында екен. Капитан Маслов Жексенді шақырыпты. Тығыз бұйрық бүгінгі почтамен оған хат та жаздырмады, тез жетуге асыға бастады.

## Х

Әр жердегі кеңірдектері сорайған күйелі мұржалардың ортасында қабырғасы шұрқ-шұрқ тесілген жалғыз үйдің жұрнағы тұр. Неміс зеңбіректері мен минометтері соны көздеп ата бастады. Жоғарыдағы мәтше релістің үстінде, снаряд тескен қабырғаның жыртығынан екі жігіт алдыңғы жақтағы деревнядан бері шыққан немістерге қарап отыр. Оның бірі қол пулеметінің серіппесін бауға команда күткендей. Ол алдындағы дүрбі ұстаған жолдасына жалт-жалт қарайды.

Бұлыңғыр кештің апақ-сапақ уақытындағы немістердің отыз шамалы автоматчиктерінің атакасы көздеп аатын жерге де жақындады. Қар араласқан тоң балшық та қыйыршық тас боп, оқтай зымырайды.

— Оқ атындар!

Үйдің астынан, окоп-блиндаждардан жауынгерлер қарсылық қыймылды салып еді. Неміс автоматчиктері күзеттегі взводтың (боевое охранение) алдыңғы жағына жете бере, дүрсе қоя берді. Күзеттегі взводқа талайдан бері жасалған атаканың бұл ең қауыптысының бірі болды. Снарядтар бірінен соң бірі қабырғаға тиіп шағылып еді, төменде бір нәрсе күрс етті. Жолдасының ұшып түскенін көрген командирдің өзі енді пулеметтен ата бастады. Жан-жағына үйме-жүйме түсіп жатқан көп снаряд

түтінді де, шанды да басына көтерді. Осындай алай-түлей кезде:

— Жеке-жеке-ай, I отделениені ығыстыруға айналды ғой...

I отделение өртенген үйлердің орындарынан окоп қазып, оң жақ босағада болатын. Бұндағы отделение командирі Новиков. Ол жақында ефрейтор атағын алғаннан кейін осы күзет ауданында командирінің уақытша орнын басқан. «Новиковке не болған?»—демек еді Жексен, бірақ ондағы адамдардың аздығы есіне түсе қалды.

— Телефонистен басқаларың тегіс сонда жетіндер, тез! — деді. Жүгіре жөнелген жігіттердің екі үйдің орнынан өтіп I отделениеге қосылғанын көріп қалған кезде, Жексеннің қолындағы пулеметі ұшып кетті. Қабырға опырылып, релісте басын жерге сылқ еткізіп тастай берді. Жексен мәтшеге жабысып барып аман қалды.

• Шаң, балшық, оқ араласқан қабырғалардың ішінде ажалдың тілі жалаңдап, шүрк-шүрк тесіктерден аузын ашып қайта тартқандай. Тынысын тарылтып жіберді. Адегенде, Жексен көзін аша алмай, өзінен-өзі шырқ айналып барып терезеге ұмтылды. Бірнеше автоматчиктер пулеметтің жағы сенгеннен кейін еңбектеп жүгіріп үйге тақап қапты. Екі гранаттан едел-жедел лақтырып жіберді де, Жексен енді өзінің автоматына ұмтылды.

Хал ауырлады. III—IV отделениені немістер ығыстырып орнын басты. Шегінген екі отделениенің жауынгерлері запас окоптарына орналасып, жанталаса атысып жатыр. Бәрі араласып кеткенге ұқсайды. I отделение катерге ұшырады. Үш жағынан қоршалыпты. II отделение жауынгерлері үйдің сыртқы жағына бір шетін тірей жұлқысады. Бұларды басқадап да бұрын миномет жапыштап барады.

«Терең өзектегі» штабтан көмек сұрап хабарлау керек болды. Бірақ телефонист шақырғанға ешбір дыбыс бермеді.

Жексен оның окопына жақындай беріп, телефон жашігін баурына қысып, шөке түсіп отырып қалған жауынгерін көрді. Арқасын қабырғаға сүйей түсіп аузы мен танауынан топырақ аралас қанды кезек бұрқылдатады. Тек жашігін қушақтай түседі.

Жексеннің даусына да ол көзін ашпап еді.

Өзін сүйеп жатқызып, жашікті тартқанда ғана көзін



акырын ашып, өз командирін танығандай болды. Аузындағы қанның көбігі біртіндеп басыла берді.

Жексен комбатқа ауыр халды баяндап, жалғыз үйден жүз метр алға, елу метр солға зеңбіректің көмегін беруді сұрады.

Жексен еңбектей басып терезенің алдына келгенде, сол жақтан немістер өздерін қоршап кетіпті. II отделениенің бірнеше жауынгерлері бір окоптан бір окопқа жылжып шегініп те қалған еді, оның көзіне жас толып кетті.

Арт жақтан айналып достарына:

— Алға! — деп дауыстап жіберді. Ызалы, ащы айғай жігіттерді қайта серпілтіп, ілгері ұмтылтты.

Жігері, қайраты оның денесін ұшырып жібере жаздады.

Жеңінің ұшымен көзін бір сүртіп жіберіп, автоматын дүркірете қойды.

Немістер оған да қараған жоқ. Атакаға көтерілді. Ажалдың қанжары тамаққа тақалса, кім қарсы ұмтылмас.

— Кім қалды? — деп жолдастарына қарағанда, алты-жеті адам окопгардан гранатасын лақтырып, арпалысуда екенін көзі шалды. Қысылған сол бір минуттегі көзіне шалынған жеті серігі оған жетпіс қолдай көрінді.

Жау енді кіріп кетуге айналғанда:

— Ура-а-а! — деді бар даусымен қарсы ұмтылып. Бұнымен бірге бар жолдастары да штыктарын жалтылдатып, ата-мата қарсы шапты.

— Ура! — деген дауыс әлі басылған жоқ. Жексеннің даусынан желді күнгі тоғай арасындағы қатты гуілдей бір ұшы-қыйыры жоқ жігерлі үн үдей түсті.

Жексенге соқталдай екі немістің штыгі қабат төнді.

Автоматының аузын біресе алдына, біресе артына қаратқан Жексен алдыңғы біріне автоматын атқаннан да, қайқайта сермегені ыңғайы кеп кетті. Солдаттың штыгінен бұның автоматы бұрын тиді. Өкіре құлаған немістің артқысы Жексенді атып жіберуге үлгіре алмай қалған еді.

— Жеке! — деген Қадырдың даусын естіді.

— А, келдің бе, жаным, — деді ол, жан-жағына шырқ айналып кезек ұмтылып. Қадыр бұл жақта хал ауырлап, жаудың дені осылай шұқшыйғаннан кейін көмекке келіп жеткен-ді.

Бұның үстіне «Терең өзектегі» батальоннан қосымша күш те келіп үлгірген болатын. «Ура!» ілгері созыла түскенін Жексен енді ғана түсінді. Қар ұшқындаған кештің ала-көлеңке жарығында біздің зеңбірекшілердің снарядтары қызылды-жасылды от боп жанып, ураны көмкере түсті, ызындаған, гуілдеген, ысқырған, айқайлаған, назаланған тұрпайы дауыстар да естіледі.

Кейін қашқан немістердің артынан қуған, бір аяғын сүйретіп енбектеген жауынгерлерді де Жексен енді байқады.

Урыс аяқталысымен Жексен күзеттегі взводтың ендігі жағдайы туралы жазба түрде батальон командиріне рапорт беруге отырды.

Осыдан он күн бұрын Жексен взводын сапқа тұрғызды. Ваиниковтың бұйрығы бойынша I батальон «Терең өзектің» жау бетіндегі күзетіне бір взвод тағайындады. Оған Жексенге бұйрық берілді.

Күзеттегі взводтың міндеті талай рет қайталанып түсіндірілген, жау бетінде тосқауылшы «Терең өзектегі» батальонмен хабарласып отырады. Взвод сапарға аттанар алдында Капитан Маслов, дегбірсіздене сөйлеген:

— Тез жет, барысымен хабарла, рапорт жаз, подполковникке менің баяндауым керек.

Масловтың жанында тұрған рота командирі Шабанов көзілдірігін қолына алды да сүртіп қайта киді, басын төмен тұқыртыңқырап көзілдірігінің үстінен асыла қарады.

Осы қарағаны оның бәрі түсінікті ме деп сұрағанда көрінген-ді.

— Сенімдеріңізді орындаймын! — деген Жексен.

Ол сол үндемеген қалпында Жексенге қолын ұсыяды да:

— Жолың болсын! — деді.

Осының бәрі сенушіліктің белгісі екені түсінікті болатын.

Әрқашан да, рапорт бергенде осы көрініс көзінің алдына елестейді де тұрады. Бүгін де Жексенді ойға қалдырды. Кешеден бергі адам шығыны қабырғасына қатты батты.

— Біз дайынбыз, жолдас командир, — деген жауынгерлерінің сөзін есіне түсіріп қолы қағаз бетінде жорғалап ала жөнелді.



Рапорт Масловқа жазылды. Ең ақырында — «сені-ніздер» — деп қолын да қойып қалды. Урыстан соң хат-хабарлардың бәрі телефон қатнасы жалғанғанша адамдар арқылы тасылып жатты. Жексен жауынгерлердің түнгі күзетін бақылап аралады да блиндажына келді. Кешеден бері ол әлі көз ілген жоқ еді. Қолын қусырып, басын балшыққа сүйеп үйінен келген анасының хатын есіне түсірді. Әкесі туралы ойлады. Шаршап қалжыраған дене кешікпей ұйқыға шомды. Бірақ сергек көңіл тасұр-тұсыр келіп кірген Қадырдың дыбысымен оянып кетті. Ол қараңғы блиндажда қол фонарын жарқ еткізіп, ұйқтап жатқан командирін көріп, жым-жырт бола қалып еді:

— Неге келдің? — деді Жексен басын көтеріп, Қадыр фонарын қайта жағып жанына таман келді.

Жексеннің денесі жеңілейіп, бойы сергіп қалған екен. Бұрышта телефонның жәшігін баурына қысып жауап күтін отырған телефонистің жанына келді. Оның көзі жылтырап жантая кетсе қор ете түсуге дайын тұрғанын білді де, трубканы өз қолына алды.

— Сіз біраз демалыңыз.

Телефонист малақайын көзіне түсіре, аяғын жыйнап, жантайып қалды. Жексен жатқан жауынгерін көзімен тағы бір шолып өтті де күбірлеп сөйледі.

— Тиштық па?

Қадыр бір тізерлеп отырды да малақайын қолына алып, құлағын қайырып байлап қайта киді.

— Тиштық, сізге жолықпақпын, тілемекпін. Өзім де тілегімді аламын деп келдім, бересіз бе? Уағда болсын ба, Жеке?

Ол малақайын тағы да алып қолына төңкеріп ұстады да қарап қалды. Жексен ешбір жорамал жасаудың ретін таба алмады. — «Нені тілеуі мүмкін?» деп ойлады. Қолқа салған Қадырға бермеймін дейтіндей қыймайтын ешнәрсені де білмеді.

— Я, соншалық неғылған қолқа, — ал.

Қадыр малақайын басына жаба тастап шырт еткізіп бір түкіріп, енді жүгініп отырып жадырай сөйледі.

— Көп рақмет, Жеке. Никитаның айтқанына да болмай тілегімді аламын деп келіп едім. Ешкімнің табасына қалғаным жоқ, айтқанымды орындаттым дейін мен, бір. Қатты таласып едік, бәрін де мен жеңдім енді, оларға естіртейін.

Ол орнынан тұрып кетуге ыңғайланғанда.

— Оларың не еді? — деді Жексен темекісін тұтатып, басын қабырғаға сүйеп жантая беріп.

Қадыр қайтадан бір тізерлеп отырды да кідіріп қалды. Тапқан табысын баяндаған адамдай сонан соң жайлап тұрып нығыздана сөйледі:

— Қоршаудан шыққан үш жауынгер келді.

— Қоршаудан? — деп Жексен тіксіне қарап барып, ойланып қалды. Көптен бері, қоршаудан келеміз, — деген, жай киімдері бар, қарулары жоқ адамдардың талайын ұстаған. Олардың бәрі де қорғап жатқан шептерін тастап жау кеп қалды дегенде кейін зыта жөнелгендер болатын. Олар өз күштерін бағаламай жау күшін артық деп түсінетін. Қадыр мүдіріңкіреп қалды да «әйтеуір тілегімді аламын» дегендей тағы да бастырмадата жөнелді.

— Жеке, күдіктенетін ешнәрсе жоқ. Біреуі қазақ, пулеметчик болып істеген де көрінеді. Көмекшіме алсам деймін. Осындай кісі азда пайдалансақ, батальонға қосылғаннан кейін баратын жерлеріне барар, — деп салды.

— Өзі қазақ, қоршаудан... — деді Жексен бұл сөздерін бөліп-бөліп, даусын да бәсең ұстап айтты. Кірпігін де қақпастан тесірейе түсті.

— Я, қазақ... әйтеуір аман құтылыпты, — деп Қадыр күрсініп жаны ашығандық білдіргендей. Қоршау тіпті сұмдық деп атайды, өзі жырынды, епті, жөн білетіндігімен иненің көзіндей саңлаудан әрең өтіпті.

— Қай облыстыкі екен сұрамадың ба?

— Арқаныкімін — деді.

— Қарулары бар ма?

— Қайдан болсын, біздің блиндажға келіп азар дегенде үн деді.

— Тез мұнда алып кел!

Қадырдың көзі шатынай қалды. «Не дейсіз?»... — деп жауабын қайталағандай — «уағда қайда?» деп сұрағандай аузы ашылыққырап, қалды да өзінің, не істерін де білмеді.

— Мұның сәті түспейді, — деп Жексен сөзін кесіп айтты да:

— Бар! — деді қатуланып.

Болмасқа кеткені Қадырға енді түсінікті, сонда да, үмітін үзбей екі рет көз тастап байқақтап еді командирі телефонның трубкасын құлағына жабыстыра қысып ап-



ты. Бір қолының саусақтарымен жашікті ептеп тықылдатып та қояды.

Батальон командиріне хабарлайтын сықылданып кетті.

Бұлар сөйлесе бастар деп те жорамалдап ыңғайсыз болған жұмыстың жанында тұрғысы келмеді. — Бұлар бізге жолдас болмайды, онан да әуре болма деген, Никита көз алдына келді.

— «Айтпап па едім» дегендей...

Аздан соң «қоршаудан келгендер» блиндажға келіп кірді.

Жексен қол фонарын оларға түсіргенде Қадырдың фонары қосылып блиндажды жап-жарық қылды.

Екеуі кейін шегініңкіреп, бірі алдына таман ұмтылынықырап, бірнеше аттап барып тоқтады да: — «Қарағым!» — деді, біреуі ақырын ғана даусы дірілдеңкіреп.

Бұл сөзді Жексен жаңылыс естідім бе деп қалды да, кімді айтады дегендей үңіле түсіп, ең алдыңғы тұрғанының кір-кір жарылған қолын көзіне апарғанын көріп еді, жүрекке бір суық нәрсе топтала қалып, денесін мұздатып ап кетті. Неден туғанын да түсінбеді. Өз көзіне өзі сенбей тесіледі. «Сол» дегендей байлау жасаған ойына да наразылық білдіргендей, фонарын көтеріңкіреп ұстады. Көз алдындағы жат бейнелі адамды туған өз әкесі Бекмұханға ұқсатқысы келмеді. Одан аулақтатып жатқа жоруға тырысса да. — Мен, «Бекмұхан!» — дегендей болды. Анық Бекмұхан.

— Қара басқыр! — деді ішінен.

Бекмұханды адам танымастай еді. Алдыңғы өңірлері жамаулы ала пальтосінің жағасын көтеріп апты. Омырауынан қайырма жағалы қара көйлектің ақ түймелері жалтырайды. Басындағы қалпағының маңдайы сынып, екі бүктетіліп сүйретіліп тұр. Сақал-мұрты өскен, ұзын балақты кең шалбардың балағынан томарылып балшық қатқан ботинкасы көрінеді. Өз кінасын мойындағандай басын төмен тұқырта түседі. Сағынып күткен әкесі тар қамауға салды. Жексенге ауа жетпеген тәрізденді. Блиндаждың қабырғалары өкпесінен қысқандай, тынысы тарылып кетті. Көзінен жалын лапылдағандай, жүзінде ызаның оты лаулайды. Қалпын өзгертпеуге тырысса да, ыза еңсесін көтертпей езіп бара жатқандай қысылып кетті. Не дерін білмеді. Аузына сөз де түспеді. «Мынаны менің әкем екенін білсе не болдым» — деді ішінен. Іші

жылынып шүйіркелесіп сөзге келетін ешбір белгі таба алмады. Жексеннің мұндай қалпын жолдастары ешқашан да көрген емес-ті.

Новиков пен Қадыр да тырп етпей тұр.

Орёлдің түбінде немістер қатты шабуыл жасағанда, бұл үшеуі үрейленіп бекінісін тастап, кейін жөнелген болатын. Содан деревнямен тарта берді.

— Қайдан келесіңдер, қайда барасыңдар? — деді Жексен.

Бекмұханда үн жоқ, басын да көтермеді.

— Қоршаудан, — деді артқының біреуі — некен-саяқтай қашып кұтылдық, енді өзіміздің адамдарға қосыла мақпыз.

— Қоршау дегендерің қаштық деген сөз, өз адамдарың кейін қалды, қаштыңдар.

— Самолеттері де көріп қойды — деді сөзге араласпай тұрған артқының бірі.

— Қарсы оқ атылмады ма?

— Біз кетіп жатқандарды байқадық.

— Қадыр байқамай қала жаздапты, — деді Новиков.

Қадырда үн жоқ. Ешкімге де қарамастан отыр. Жексен өзіне ұрсып отырғандай көрінеді. «Кімді жолдас етпексің, мыналарды қалайша тілейсің?» дегендей.

— Қап! — деп өкініп те отыр — көрген жерде-ақ алдыма салып осында әкелмеген екенмін.

— Жолдас командир, — деді артқы екеуі жарыса сөйлеп. — Бізді осында қалдырыңыз, айтқан жеріңізден шабылалық, ұрысқа қазір жіберсеңіз де дайынбыз. Екі күнге қалдырып сынаңыз. Содан кейін қайда жіберсеңіз де ырзамыз.

— Балаларың бар ма? — еді деді Новиков.

Жексен қысылып кетті. Бекмұхан көзінің астымен Жексенді бір байқап, ауыр күрсініп төмен қарады.

— Бар — деді артқы екеуі.

Қадыр Бекмұханға төніп.

— Үп-үлкен адамсыз, бірақ ұялуды ұмытқансыз, — деді.

Қадырдың сөзі Жексенге тиді.

— Кіналымын, — деді Бекмұхан.

— Өз сорыңнан көрмесең, қайт дейсің енді, — деді Қадыр күңк етті.

— Тоқтат! — деді Жексен. Ол сырын ешкімге де білдірмек емес. Бұл жұмыстың аяғы немен тынатынына



көзі жетпеді. Бекмұханға карағысы келмесе де соған айтылып жатқандай сыр ақтарылды. Алыста жатқан ел естісе не дейді? Сегіз жасар қарындасы Ғайный, анасы Талжібек, туған-туысқандар да көз алдында тұр, тірі адам, өлі аруақ саған разы емес дегендей бәрі де налыды. Жаралы ел, өртке күйген жер алдында кіналысыв қалай ақтар екен деп бір-бірінен сұрағандай жабырқағав көңілдер Жексеннің үстінен баса түсті.

Көп назарын алыстан естігендей болса да өз ақылына салып қағып-соғып екшеді. — Өз кінасын өзі тартсыв деп қорытындыға келді де:

— Штабқа жеткіздір — деді.

— Қадыр бармаса, — деді Новиков.

Жолшыбай сырласып кете ме деген ой туды, Жексенге. Өз сырын білдірмеуге тырысты.

— Басқа біреуді жібер.

— Жолдас командир, бізден кателік өтті, кешіріңіз.

Қандай командир болса да болаттай берік, сенімді тірек жауынгерлер тобына бұларды алмас еді.

Қадыр шыдамсызданып, біресе түрегелді, біресе отырды. «Кіналарын осында өтесе болмай ма, бұлар да өзіміздің адамдар емес пе» дегендей.

«Сенен бір қайырым болмаса...» — деп олар да үміттеніп жалтақтайды.

Новиковқа: — жөнелтіңіз, — деді Жексен — егер де біреуі жолшыбай қашса, сол жерде атып тастауға бұйрық беремін.

Мейрімділікті Жексеннен көрмегеннен кейін — өзіміз баралық деп өтінді. Бұл тілектері де қабыл болмады.

Не көрсем де өзім көрейін деді ме, әлде қайтты, Бекмұхан өзінің кім екенін сездірмеді. Блиндаждан шыға беріп артына ақтық рет бұрылды. Оның баласына кош айтқаны да, кешірім сұрағаны да осы еді...

## XI

Темір пеш жер үйді тез қыздырып еді. Киімшен ұйқтаған Шабанов ыстықтап оянып кетті. Басын көтеріп жанынан көзілдірігін алып қоңырқай орамалымен бетін сүртті. Аздан соң көзілдірігін киіп, сағатын алды да бір қарап қайта салды. Содан кейін барып тонының түймелерін ағытты. Желпіне есінеп көзін сүртті.

Тонының сырт қалтасынан конверттеулі бір хатты алып оқыды да, көзін пештің қызарған қолтығына қадап, кірпігін де қақпай қалды. Аздан кейін стол үстіндегі темір сауытынан бір папиросын алып, сіренкесін бірекі салдырлатып барып ашып, шылымын шекті.

Тұтанған темекіні құшырлана сорып — папиросын еме түсіп, тонын шешіп ілді.

Пештің аузын ашып, алдында жатқан кесінді ағаштардың бір нешеуін тоғытып, тұншықтыра бұрап аузын жауып тастады.

Осы кезде ауыз бөлмеде өзін сұраған таныс адамның даусын естіді де, есікті ашты.

— Жексен Бекмұханович келіңіз, кіріңіз, — деп шегініп қағыла берді. Шабанов өзінің қызмет бабындағы жолдастарының оңаша жерде қалтылдап, қатып тұрғанын тіпті жаратпайтын. Оған тағы да лейтенант атағы беріліп, Жексен старшина атағын алған болатын. Оңаша жерде жолдас лейтенант деуден аты-жөнін атауды қымбат көретін.

— Бұныңыз не, жолдас лейтенант? — деп жолдастары сұрайтын, сонда ол:

— Бұл ат маған өмірлік тағылған ат емес, ертең аудитория адамымын, дейтін. Бұл сырын Жексен білетін.

— Жолдас Борис Тарасович, үйіңіз неткен жылы еді, — деді. Ол екі қолын ыңғайлап «сырт киімінді шешіп, маған бер» дегендей ишарат етіп тұр.

— Мен сендерше есік, терезесі жоқ үйде тұрам ба, бір минут болса да мүмкіндікті пайдаланамын.

Жексен сыртқы тонын шешіп, Шабановке беріп, малақайын өзі іліп қойды. Шашы малақайдың астында бір-біріне байланып қапты. Кей жері бұйраланып, кей жері қошқар мүйізденіп желбірейді.

Кеудесі жұмырлана, нығы көтеріңкі, саусақтары барбайыңқы толық көрінеді. Фуфайкасының қырыс-тырысын жазып, Жексен жанынан қол орамалын алды.

— Бүгін есік, терезе орнаттым, енді біздің взводқа жиі келуіңізге болады.

Шабанов кесінді, тақтайлардан жасалған орындықты Жексеннің астына қойды да, өзі ағаш койканың аяқ жағына отырып, тағы темекісін алып, сауытын оның алдына таман ысырды.

Папиросын бармағымен шыйыршықтай түсіп, Жексенге көзілдірігінің үстінен сүзіле қарады. Бетінен бір



белгіні іздегендей тесіледі. Қайтадан үн-түнсіз папиросына қарап ойлана түсіп, көзін сығырайтыңқырап, кірпігін жыпылықтатады.

Жексеннің күзеттегі взводы мерзімді уақытынан кейін көп кешікпеді, бекініс орыны тағы да «Терең өзекке» ауысты. Москвадан қуылғаннан кейін немістер енді, Сталинград дейтін болды. Төніп келе жатқан неміс күшінің тосқауылды жері осы, сағат сайын ұрыс жүріп, анду, бақылау бір де тоқтамайтын, бұл талай қырғын мен сүргіннің бір толастаған кезі еді.

Шабанов сіренкені шағып, Жексеннің темекісін тұтатты да, қарлыққан даусын ашпақшы болып, әлденеше рет қақырынып, тамағын қолымен басып бір-екі жұтынды.

— Бүгін капитан монша жағуға бұйырды. Әр рота өз адамдарын өз алдына түсіретін болды. Ертең өзіміз моншаға қолайлаған үйге от жақтырып, батальонның командирі кімнің моншасы бұрын бітсе соған түсемін деді, Хасанов! — деп қырылдай түсіп дауыстаңқырады.

Аяғын тездете басып жеңілтектенген Салават есіктен келді.

— Шайың дайын болса, тездетіп әкел.

Көп кешікпей Салават стол үстін тамаққа толтырды. Жуан шұжықтар, ашылмаған консервалар, қолбаса мен астарланған картопия табада шыжылдайды.

Столға іір-іір тоқаштар да қатарланды.

Салават екі нығынан демін алғызып, терлеп-тепшіп, самауырды алып жетіп келгенде, Жексен бір түрлі көңілденіп кетті.

Орындықта шалқайып отырыңқырап көптен бері көрген осы рақатына сүйсіне түсті.

— Бізше тұрасыңдар ма деді? — көзілдірігі жарқылдап Шабанов.

— Жоқ, — деді күмілжіп қалған Жексен, — шай ішіп отыра аламыз ба?

— Несі бар, ұрыс кезінде болмаса да, мұндай уақытта жайланып баптанып тұрып, ішуге болады. Капитан Масловтың өзі Салаваттың қайнатқан шайын қатты унатып ішкен болатын. Салават, — деді Жексенге бұрылып, бір езуінен мырс етті де, — бағанағы болымсыз қымбаттыны беріп едім ғой.

Шабанов Салават берген баклачканың ауызын бұрап ашып, үш стаканға бірдейлеп құйды да:

— Сендер де бұл бар ма еді, деді біреуін алдына қойып жатып.

— Жок, — деді Жексен. — Көптен бері жүзін көріп отырғаным осы.

— Ал, Отан үшін алып қойдық! — деді стаканын қолына алып, олар ә деп тегіс көтерісіп жіберді. Ал Хасановтың жұқа құлағы самауырға жақын отырғандықтан ба тез қызарып кетті.

Тамақ желіне бастады. Салават шайды қызылкүрен қылып Жексенге баса құйды.

— Епташ, сен екеумізге сүттің болмағанын қарашы, құрыс-тырыстарымызды бір жазатын едік.

— Оқасы жок, — деді Жексен — тәтем өте шайшыл адам еді (ол шешесін тәте дейтін). Сүт шайды жеңіп кетеді деп аз қосуды жақтыртатын, мен де солай үйрендім. Борис Тарасович біздің халықтың бір сүйікті тамағы бес бармақ пен қымыздан соңғы осы шай болады.

— Жаздыгүні шілдеде көкорай шалғын жайлауда шаңырқап шайды ішсеңіз қандай жақсы.

— Мен қазақ халқының әдетін, салт-санасын жақсы білемін. Чокан Чингисовичтің көптеген жазғандарын оқыдым. Орыстың империялық географиялық қоғамының сан рет мағлұматтарымен танысқанмын, — деп тоқтады Шабанов.

Ол сәл үнсіз отырды да,

— Үйіңнен хат алып тұрасың ба? — деп сұрады.

Бұл сөз Жексенді, қатты тіксіндірді. Не үшін сұрап отырғандығы қобалжытты. Өзінен кеткеннен бері сыбыс болмаған Бекмұхан туралы бір хабар бар екен деп күдіктенді. Өзінен-өзі қысылды. Осы жасалып жатқан құрметтің өзі де оған тегін сықылданып көрінбей, әлденеден көңіліне сезік туды. Қойылған сұрақ ауыр тиді. Жауап бере алмай сасып та қалды. Бетіне ду етіп бір жасырын сезім шыға келді.

Көтеріліңкіреп темекісін ұмтылып тұтатты. Тұтқы-ғылға еніп жол таба алмай сасқалақтап әрі-бері жүгірген сықылды. Темекінің түтінін танауынан атып-атып жіберіп барып көсілді.

— Көп болды хабар алмаймын. Қарындасым әлі жас, төртінші класта оқыйды. Тәтемнің арапша хаты мүлдем доғарылды. Әкесі туралы Жексен ауызын да ашқан жок, көптен айтылып жүрген хабар жок деген сөз бар-ды.



Борис Тарасович темекісінің күлін сұқ саусағымен шертіп түсіріп, көзілдірігінің үстінен тесіле қарап, ойлана қалды, қайта серпіліп, темекісін үздіксіз еміп, отырды да арақты стакандарға бөліп кұйды.

— Біз жақсылық хабарды да, ренішті жағдайларды да басымыздан көп кештік, соғыс адамды шыңдады. Қорқынышқа төздіріп, ерлікке баулыды, адамның бойы осыған үйренеді, әдеттенеді. Жайшылықта адам ескі қабырдан да сескенеді. Ал, соғыста жаныңдағы жолдасың өліп жатқанда сен жаумен арпалысып жатасың. Жау қолынан өлген жолдасың саған тірі күндегідей сен одан сескенбейсің, саған ес, дұшпанға жаулықтыра түседі. Финляндиямен болған ұрысқа қатысқан бір жігіт әйелім өліпті деп үш күн бойына тамақ ішпей, өзін-өзі қатырғанда, сол кезде ол бәрімізге де аянышты көрінгендей болып еді. Енді бүгін ойлап қарасам... Солай Жексен Бекмұханович, үйіңнен мен хабар алдым, анаңыз еңбек майданында жүріп науқастанып қайтыс болыпты. Жергілікті үкімет біздің саған естіртуімізді өтінеді.

Жексен, а дегенде Шабановтың не айтып отырғанында аңғармағандай еді. Соғысқа жүрерде, машинаға мінгелі жатқан кездегі анасының келбеті көз алдына келді.

Машинаның дөңгелегіне аяғын сала бергенде «жалғызым!» деген Талжібек, мотордың гуіліне қарамастан, анасын қыймай, Жексен артына қайта бұрылған еді.

Ана екі емшегін омырауынан бірдей шығарып тұр екен. Күлімдеп өңі өте ажарлы көрінеді, көзінде бірде тамшы жас көрінбейді, құшағын жайып «келші жаным» деп тұр, Жексеннің өнбойы балқып кетті.

Құшағын жаза ұмтылып, екі емшегін кезек-кезек сорып жіберді. Емшегін емерде, көзін жұмып еді. Енді ашса көзіндегі жас көрініп қалатын болғандықтан ешкімге бұрылмастан машинаға жармасқанды. Енді бір қарағанда шешесі кимешегінің ұшымен көзін сүртіп тұр еді.

— Қоштасқан екен ғой, тәте жаным, — деп Жексеннің өнбойы елжіреп, көзінен жас домалап кетті. Ана үшін кім егілмес, кім жыламас, көз алдында міне, ана қос емшегін шығарып ақтық сапарға жүргелі тұрған тәрізді. Өз дауысы! «жалғызым!» деп тұрған сықылды. Ғайныйдың шырылдаған дауысы да құлағына келгендей Жексен аға, тәтемнен айырылдым, — деп жас баланың шырқырағаны естілгендей егілте түсті. Анасы: «келші

сәулем, бетіңнен сүйейін», — деп тұрған да тәрізденеді. Біресе хал үстінде жатқан жүдеу келбеті, біресе бейіт басындағы атты, жаяулы көп адам жаңа қабыр да көрініп кетті.

Ғайныйдың көзінің жасын көріп те отырғандай. Үн-түнсіз отырған оның көзінен жас егіле берді.

Шабанов хатты жаңғалтасынан алып оның алдына қойды.

— Алаң болмауыңды өтініпті, қарындасыңды қамқорлықтарына алғанын айтыпты, — деді. Хасанов қолындағы пышағын столдың қырына естір-естімес тықылдата қадап отыр. Оның әкесі де, шешесі де жас кезінде өліп қалған болатын. Анасы есіне түскен ол да қыйналып, аяушылық жанын жаңғырықтырып, есіркейді.

Бір аздан кейін Шабанов:

— Менің үйім қайда Жексен, білемісің? — деп ауыр бір күрсінді. Көзілдірігін алып стол үстіне қойды. Шалқайыңқырап отырып екі қолымен столдың шетін жапқан газетті ернеуіне бүктеп қаттайды.

— Мінекей ай болды, олар немістердің қолында... Мен болсам мұнда отырмын, өлі-тірісіне көзім де жетпейді. Сенің анаңның не арманы бар, өз елінде адамның өлігі де ардақты. Әрине, ана жолы қымбат сондай, іштен шыққан бала жолы да қымбат... Шабанов бұдан әрі үндемей қалды.

Оның көз алдына үш жасар қызы мен сүйген жары елестеді... «Менің басыма қайғының бұлты шөккен екен, — деп ойлады Жексен.— Әкемді, көз алдымда тұрса да, аға дей алмадым, ол мені балам демеді. Мүмкін тәтем осы жаманатты естіген болар. Шыдай алмай өзін өлімге қыйған да болар. Ғайный жаным, сәулетайым, әке деген сөз екеуімізге жат болды-ау!..»

Жексенді қыйнаған анасының өлімі ғана емес, беріш болып байланған әке дерті әбден қапаландырып бітірді. Ішқұса болып көңіл шері тарқамады. Бүгін бір қайғыны коңырсып жатқан ыза қозғады.

Әкесінің қыянатын ана өліміне шаққандай да болды. Айтарын айтып шерін тарқатқандай болды да, көзін сүртіп темекісін тұтатып, хатты ашып көрді. Рота командиріне жазылған екен.

— Өзіміз қандай боламыз Жексен Бекмұханович, оны да естен шығармалық — деді Шабанов стаканды тағы да қолына алып.



Осы ақырғы сөз бұларды қатты ойлаңдырды. Бұның аяғы командирлер әңгімесіне айналды. Ұзақ уақыт бекініс туралы, болып жатқан халықаралық жағдай туралы, ең ақырында монша жағып, таза киімдер кию туралы әңгімелесіп еді.

## XII

...Арада біраз уақыт өткен соң ротаның старшинасы Жексеннің блиндажына келіп кірді, ол фонардың жарығында Жексеннің ұйқтап жатқанын көрді.

Оятуға қыймады, жанынан конверттеулі хатты алды да сыртқы қалтасына ептеп салып, ақырын ғана шығып кетті.

Старшина қызметін атқаратын сержант кетісімен бірнеше снаряд үйдек-түйдек блиндаждың маңайына түсіп жарылды, сергек көңіл Жексенді орнынан атып тұрғызды. Түн өте қараңғы екен. Тағы да жел тұрып борап бастады. Жауынгерлердің окоптарын аралап, күзетшілерін бақылап, ол өз орнына қайта келіп темекі тартпақ болып қолын қалтасына салып еді, кисетімен бірге конверт шыға келді. Жанындағы не конверт екенін түсінбеді. Қол фонарын жағып ж беріп қарап еді, хат екен. Елена Чайковская депті. Еленаның атын көрді, өшіп қалған фонарын да аңғарған жоқ, блиндаждың іші күндізгідей жап-жарық болып кеткен сыяқты болды.

Елена өзінің заводқа жұмысқа кіргенін, анасының да қызметке орналасқанын толық жазыпты. Григорийден хабар білмейтінін айтып, «Жексен, — депті, — біз майданнан алыстамыз, урыс жағдайын майданның өз адамынан есітуге құмармыз. Мүмкін сіз мені ұмытқан да шығарсыз. Ұмытпасаңыз есіңізге саламақпын. Менің уағдам әлі есімде, ұмытуыңыз мүмкін емес. Ағайымнан хат жоқ, сағыныштымыз. Сағынышты көңілімізді бөліп хат жазуыңызды тілеймін».

Хатты бір емес, әлденеше рет оқыды. «Қымбатты Жексен» деген сөзін ой талқысына салды. «Қымбатты» деп әркім хат жазғанда айта береді, ол көпке ортақ сықылды. Оның көңілінде көптің біріндей ғана сақтаулы екемін дейді. Хатты қолына ұстап отырып-отырып өзіне тән меншіктенетін сөздерді іздеді, «сүйдім» не «сүйіктім» деген бір де сөзді кездестірмеді. Конверттің ішіне де үңілді, «сүйіктісі сен емессің» дегендей де жүрек толқыйды. «Бірақ, ұмытпауы тегін емес» деп, өз көңілін

көтеріп сүйіспеншілігін арттыра түсуді ұнатады. Еленаны ойынан шығармағысы келеді. Хатқа көп қарап, көп үңіліп «сағынышты көңілімізді» деген сөзге келіп тіреліп қалды.

Осы «сағынышты» деген сөз «өзіне ғана арналып айтылған» дегендей көңіл сенім жасап, сыр ағытады. Сүйседі сені деп тіпті байлау айтып, алыстан тартып көз алдыға келтіріп сендіреді. Еленаның қазір өзі келіп: «Менен күдерінді үз» десе де нанбастай бір берік сезім жүрекке келіп тірелді.

Жексен ертеңіне хат жазды.

Бұл да «Қымбатты Елена!» — деп бастады. — «Майдан жағдайы сізді кұмартса, бізді тылдың жағдайы кұмартады.

Сіздің хатыңызды мен көп күттім. Кешіктіріп жаздыңыз, мүмкін нем кетеді деп жаза салған боларсыз. Ұмытқан да шығарсыз. Бірақ мен де сіз арқылы елдің жағдайын біліп тұрсам деймін». Жексен Григорийден хат алғанын жазып, адресін жіберді. Немістердің, алыстан қоршап Сталинградқа төніп келе жатқанын айтты да, ұлы күрес тағдыры әлі алда екенін ескертті. «Елена, — деді Жексен тағы да, — майдандағы адам әрбір кішкентай нәрсені ұлы іске бағалап отырады. Сізден хат алмақ түгіл, хабар күтіп жүргенімнің өзін үлкенге бағалаймын. Өз сырымды айтсам сіз нанбассыз. Өйткені сіздің жағдайыңыз да маған қараңғы. Көңілімде сағынышым көп болса да, арнап айтуға батпаймын. Сенімім сізге зор болса да, сіздің алды-артыңызға алаңдаймын.

Кешіктірмей хат жазып, амандығыңызды білдіріп тұрыңыз». Ол адресін де жазып, «Жексен Бекмұханов» деп қол қойды. Ішкі сырын астарлай айтып жазғанын әлденеше рет оқыды да, почтаға салды.

Осыдан бастап, Елена оған ең жақын адам болып көрінді. Сағынышын асырып, көнілін көтере түсті. Почтаны асығыспен күтетін болды. Күніне әлденеше, омырау қалтасынан Еленаның хатын суырады. Сонда Елена оған:

— Жок, мен сізді ешуақытта ұмытпаймын, — дегендей болады да тұрады.

\* \*

«Терең өзек» бекінісінен ауысқанға көп уақыт өтті. Немістер Москваның түбінде талқандалып, Тихвиннен



сокқы жеп, Волховта жеңіле бастағаннан кейін Сталинград бағытына жол ашудың кілті деп танылатын ірі пункттің бірі «Майскийге» мол күштерін төгіп еді. Неше күнге созылған қырғын ұрыстардан соң «Майскийден» сырт, оң жақ қанаттағы III батальон және II батальоның 5—6 роталары жау қоршауында қалды. Енді бір ғана полк үшін ауыр жағдай болған жоқ. «Майскийдің» ғылмен байланысын ұзу қаупы да күшті болатын.

Урыс даласынан подполковник Ванниковпен батальондық комиссар Лобов кеш қайтты. Олар өз күштерін есептеп жау бекінісінің әрбір пунктіне тіреді. Қызыл қарындаштар карта бетінде дамылсыз жүгіріп сен рет ұшталды.

Байлау былай болды: бар күшті қайта ұйымдастырып жаудың планын бұзу, батальон роталарды қоршаудан кутқару. Ол үшін оларға адам жіберу. Оң жақ флангмен байланысты қалпына келтіріп, полкты ауыр халден алып шығу еді.

Бірлі-жарым адамдардың неміс бекінісінен өтуі де қауыпты еді. Ванников Масловқа телефон соқты да, Жексенді жіберуді тапсырды. Есік қағылды, рұқсат беріліп, Жексен келіп кірді. Келгендігін баяндады.

Ванников пен комиссарға Жексеннің бойы үйреніп қалған-ды. Ең алғаш он шакты немісті пленге алып, көп адамды өлімнен кутқаратын жолы әдейі келіп Жексенді көрген. Бірақ ештеңе деп сыртына сырып шығарған жоқ. Оқыйғаның қалай болғанын бастан-аяқ сурап қанғанды. Одан кейін де бірнеше кездесті, кездескен сайын жағдайының егжей-тегжейін тегіс сұрайтын-ды.

— Қалай Бекмұханов, — деді ол бұл жолы да — халың жақсы ма, жауынгерлерің немісті соға білуді жақсы үйренді ме?

— Үйренді, жолдас подполковник.

Жексен енді байқады: Ванников сол қолын оң қолымен демеп көтереді. Саусақтарын бір-біріне үйкелеп қыбырлатады.

Қозғалған сайын пығын төмен түсіріпкіреп, аурықсынады. Урыс даласында ол осы жолы жараланып келіп еді.

— Онда өте жақсы, — деді бурыл тартқан шашын кейін бір серпіп тастап, — бурын парашютпен қарғып көрдің бе?

— Талай рет Смоленскінің түбінде десанттар тобын-

да болдым, бұрын да парашют мұнарасынан қарғып үйренгемін.

— Филип Данилович, мұнысы өте жақсы емес пе?

Салмағын столға сала, Жексенге қарап отырған комиссар кеудесін көтере түсті де:

— Жақсы болғанда қандай! — деді.

— Сізді — деді подполковник қызыл сызықпен қоршаулы картадағы аумақты көрсетіп, — бүгін түнде осы жерге самолёт парашютпен түсіріп кетеді. Бұл жерде біздің қоршаудағы III батальон мен 5 — 6 роталар бар. Түсінесіз бе? — деп қадала қарады да қайтадан картасына үңіле түсті.

Ол көрнекі қызыл нокатты қарындашының ұшымен түртіп:

— Бұрын батальон штабы осы орман жиегінде болатын. Олар бұл орындарынан бұйрықпен сол жақтарына қарай шегінді. Осы ауданға орналасты, — деп қарындашын бұрап тұрды да, — бұл ауданның бекінісі өте берік еді, — деп ойлана қалды. Қайтадан картасына тесіліп, ортан қолымен төбеден түскен ұсақ қоқымдарды сырып тастап комиссарға қарады.

— Филип Данилович, мен оларда басқа ой болады деп ойлаймын, сіз қалай ойлайсыз?

Лобов екі қолын айқастыра салып, карта бетіндегі подполковниктің қарындашының ұшымен өзі де бірге қалмай ілесіп жүріп отырғандай болды. Жай ғана Ванниковқа бұрылып, оның сұрағын енді түсінгендей:

— Чайковскийдің батальоны берік камал, — деді.

Чайковскийдің аты аталғанда Жексен жалт қарады. Бойында жасырынып жатқандай болған бір әсерлі күш тағы да тұтанып кетті.

Еленадан көптен бері хат жоқ еді. Мүмкін ағасына жазған болар деп ойлады. Сүйікті адамның ағасы да оған сондай ыстық көрінеді. Денесін қуаныш билей түсіп, бұл сапарға тез аттануға құмартып кетті. Еленаға бара жатқандай көрінді. Жексен Чайковскийдің госпитальдан жазылып келіпті дегеннен басқа хабарын естімеп еді. Оның III батальонда командир екенін енді білді.

— Солай, — деді подполковник, қарындашын нокатан-нокатқа жүгіртіп, олардың арасын бір-бірімен қосып, бір жерге стрелкаларды түйістіріп.

— Міне жолдас комиссар, қараңызшы — олар мына



запас траншейлерге орналасты. Бұдан неміс танкілері өте алмайды. Өткізбеуге міне зеңбіректері дайын тұр.

Қартаның бетіндегі орман белгісін қарындашпен айнала көмескі етіп қоршады.

— Арттарында тыныстары кең емес пе? Менің сенімім зор.

— Мүмкін емес! — деп осы бір ойды комиссар кесіп тастады.

— Жолдас Бекмұханов, ұғып алыңыз. Мына азимут, градустарды жазып алыңыз.

Немістер қанша ілгеріледі, батальон, роталар орыншама, жоқ па ол белгісіз еді.

— Булар сізге өте қажет болады. Бұл жер 127 аудан болып белгіленеді. Бұл аудан қазір немістердің қолында, бүгін түн біз осында шабуыл жасаймыз.

Чайковский де батальонмен түнгі сағат екіде шабуылға шығуы қажет.

— Осы бұйрықты жеткізесіз. Кешіге беру бізге зыян. Солай емес пе, Филип Данилович?

— Осылай, күшін бытыратып алмауың қажет, коммунистер, комсомолдар алда бастасын.

— Бәрі де алға, — деді подполковник. «Алға» дегенде оның өңі сұрғылт тартып, қабағы қатпарланып, көзі кең ашылып ұрыс даласы көз алдына келді. Ол қарындашын стол үстіне тастап папиросын алып еді, комиссар оған сіренке тартты. Подполковник темекісіп тістеп, анда-санда бір сорып кнопканы басты.

Аздан соң есік қағылды. Үстінде былғары қара тоны бар, тері малақайының маңдайында көзілдірігі жарқырап, аяғына жүні сыртына қараған байпақ киген ұшқыш келіп кірді. Ол шынтағына жеткізіп, түймеленетін тері қолқабын орындықтың үстіне тастап, бір бетінен ішіндегі қағазы көрінген сумкасын ашып картасын алды да столға жақындады.

— Белгілерін жасадың ба? — деді Ванников. Ол неше түрлі сызықтарға толы картасын ұсынды. Комиссар да картаға түрегеле түсіп, қарап қалды. Картасын бүктеп ұшқышқа қайта ұсынып жатып:

— Сізге де бәрі түсінікті шығар, жолдас лейтенант? — деді.

Ұшқыш орнынан ұшып тұрды:

— Түсінікті, жолдас подполковник!

— Апаратын адамыңыз мына отырған старшина Бекмұханов.

Ушқыш күліп қолын ұсынды. Жексен де орнына тұрды. Бірінің бас-аяғына бірі қарап, бір-бірлеріне көңілдері толғандай, қолдарын қатты қысысып барып отырды.

Ваиников комиссарға қарап:

Сіздің айтарыңыз жоқ па дегендей болып еді, Лобов ешбір белгі бермегеннен кейін орнынан тұрды. Жексеннің қолын ұстап тұрып:

— Біз сенеміз, — деп комиссарға бұрылды, ол да қолын созды.

### XIII

Самолет қараңғы түнде зырқырап келеді. Кейде төмен құлап кетіп, қайта қалықтап жүйігиді. Жексен парашютын киіп ушқыштың арт жағында отыр. Бір моторлы соғыс самолетінде бұлардан басқа ешкім жоқ. Мотор даусы құлақты тас бітірді. Ушқыштан әр нәрсені сұрағысы келсе де амалы жоқ. Енді самолет тура ұшудан қалды. Толқындағы қайықтай жоғарылы-төмен, кейде ырғығандай болады. Анда-санда қабырғалап төмен түсіп снарядтай көкке атылып та кетеді. Ушар алдында бұлар бір-біріне түсінікті белгілерді айтысты.

— Өзіңе қарап үш рет басымды изеуім — «дайындал», ал фонарды бір өшіріп бір жағуым — «тоқтаусыз қарғы дегенім».

Олар кенеттен неміс самолетіне кездесіп, болмаса басқадай қауіпті жағдай туса, не болса да самолетпен бірге көрмек болды. Қоршаудағы батальон турасымен жақын болса да айланып ұшпаса болмайтын-ды. Олар алдымен тылға ұшты. Қайта оралғанда кем дегенде елу километр бұрыс ұшатынын, орман үстінен өлгенше биік көтерілмейтінін ушқыш түсіндірген.

Самолеттің әр түрлі ұшуын Жексен жолдың ыңғайы деп түсінген-ді, әлден уақытта кабине жап-жарық болып кетіп еді: маңайда дүрс-дүрс снарядтар жарылды. Машина төмен құлап кеп кетіп, мотор даусы да тына қалды. Самолеттің мотор даусы да тына қалуымен бірге Жексеннің жүрегінің соғуы да біткендей болды. Демін ішіне тартып, иегін-иегіне қыса түсіп, жарығы сөнген кабина-



де көзін де, тарс жұмды. Екі қолымен орындығының арқалығынан мықтап ұстап, көктен құлап келе жатып осыған жармасқандай жанталасып жабыса түсті.

Ушқыштан не болды деп сұрауға да мұршасы келген жоқ. Парашютпен қарғып құтылуды да ойлаған жоқ. «Енді қош айтбайсын ба» дегендей бір тұңғыйық сұқтанды. Сүйткенше болмады, мотор даусы «құтылды» дегендей барабанын қағып жіберді.

Кезін ашып алып: «— я сәт!» — деді ол жүрек қабы жарылып кете жаздап. Ушқыш баяғысындай рульдө отыр, қарсы алдындағы дөңгелек әйнекті аспаптың қызарған жарық бетіндегі көрсеткіш стрелкалар дамылсыз қозғалады. Жексен ауаны қапсыра жұтып уһ деп, демін алып еді, өнбойы дір-дір етіп қалтырап кетті.

Ушқыш ызалы пішінде Жексенге қарады да басын шайқады.

Прожектор жағылғанда байқап қалған неміс зениткаларының атып қалғанын, бұл халден тез шығу үшін, самолетті төмен құлдыратып жіберіп адастырып алдап кеткенін Жексен енді түсінді.

— Не істегенін білдің бе? — дегендей ушқыш Жексенге қарап әлсін-әлсін басын шайқайды.

Бір кезде самолет айналып ушқандай болды. Ушқыш дайындал деген белгі берді. Жексен есіктің алдына келіп, сол қолымен парашютының ашатын белдігінен ұстап еді. Бір өшіп бір жанған фонарь жарығында ушқыштын — «ал достым!» — деген көзі жарқ етті.

Жексен оның жүзінен қорықпа деп, қайрат берген белгісін де, өзіміздің адамдарға кездесе алмай ма деген толқымалы ойдан туған «қош» деген сөзді де естіп, байқағандай еді, оның осы көзқарастан бойына нар тәуекел деген қайрат толып кетті. Ары-бері жылжып тұрған жүрек те сап болып тына қалды.

Есік ашылып кеткенде ызғарлы үскірік беттен салып жіберді. Төмен қараса тұңғыйықтан жүрек шайлығын болғандықтан, самолет қабырғалап жантая бергенде, бар денесін бір уыс етіп жыйнап, көзін тарс жұмып, снарядтай зулап атылып кетті. Жер жақын еді, ілешала парашютты жазып жіберді, қараңғылықта еркін көсілген дүлей үскірік ашуын шақыра, ақырып ышқына тартып, жұтып жібергенде Жексен саулаған қалпында сара тіліп түсетін де еді, «Алдияр тақсыр» дегендей парашют шап беріп ұстай алды.

Ызалы Жексен бұлқынды. Парашютты сүйретіп анда бір, мұнда бір барды. Ақырында бір қалыппен көлбей теңселіп жерге келіп түсті. Ауаның толқыны үйіріп-үйіріп төңкере тастады. Жексеннің басы айналып кетті. Жердің өзі бір жаққа үрке көшіп жөнелгендей.

Орнынан енді тұра бергенде біреу көк желкеден табандап ұрып жіберді. Басының айналғаны, жүрегінің айнығаны әп-сәтте басылып, көңілге суық ой жүгіре жөнелді. Бір сұмдықтың болғанын енді білді. Сырғанай еңбектеп ойпаң жерге түсіп түрегеліп кетті.

Шыркөбелек айналып қолымен қармап жағаласа берді.

— Халт! — деді ақырын айтылған дөрекі, суық сөз. Сыпырылмаған парашют оралып, тізеден сазға кіргендей, нықтан тартқан белдіктер жүк көтерген адамдай белін майыстырып жаныштай түсті. Автомат нағанын да алдыртпады.

Қоян-қолтық, шартта-шұрт, бірі допша түсіп, бірі дөңгелеп барып, жоқ боп жатыр. Жан-жақтан кезек ұрып мегдетіп бара жатты. Мылтық даусы әлі шыққан жоқ. Не мезетте барып қана қолы қанжарына жетті. Күбір еткен сөз де естілмейді.

Алдына келген екеуін екі шайқап жіберді де өзі де құлап түсті. Әбден шаршап, қалжырап дымы құрып жығылды.

Алғашқы кезде аспан жүзінен бірен-саран жұлдыздарды да көрген сықылды еді. Аздан соң батпандай бір ауыр қол соның бәрін сыпырып әкеткендей болды.

#### XIV

Тастаған листовкаларын жел ұшырып, әр шұқанақ жыраға нығыздап толтырғанша, немістер оқ атпады. Қоршаудағы жауынгерлердің қарсылығы бәсеңдеген жоқ, қайта сағат санап үдей түсті.

Мылжаласа-мылжаласа бүгін де күн батты. Григорий Максимович столдың жанына отырып, бос орындықты жақындатып, сол аяғын үстіне салып көсілді. Қол фонарын жарық қылып рота командирлерінен түскен рапорттарды қараумен болды. Оның екі ұрты суалыңқырап, бетінде ажым дақтары айқын білінеді. Өңі сұрғылт тартыпты.



Урысқа алғашқы келген кездерінде карта бетінде қолы шабандау қыймылдап бір нүкте мен екінші нүктені қосқанда дірілдеп те қалушы еді. Қазір ол белгінің бірі де байқалмайды. Сыртынан тамырлары білінген қолының нәзік саусақтары жылдам, батыл, ықшамды қыймылдайды. Өткір көзі бұрынғысынан да жарқырап, қабағын сирек қағады. Қысқа қылып алдырған шашы жұп-жұмыр болып бұйраланып тұр.

Қылтанақтап тағы да өсіп қалған сақал, мұрт та отыздың ортасынан асқан деуге кепіл болғандай. Чайковский осы қыста 29 жасқа қадам басты дегенге ешкім де сенбейтін сықылды.

Ол госпитальдан шығысымен өзінің полкына келді де III батальонға командир болып тағайындалды. Капитан атағы берілді.

Алғашқы күндерден бастап бұл батальонға немістердің соққысы қатты тиді. Көп адамдары саптан шықты. Бекініс шебі аса жауапты болғандықтан да Чайковскийді тағайындауға Ванников ұсыныс жасап дивизия командирінен оны бекітуді тіледі. Батальонды қолына алған кезде:

— Енді бір қыймылдалық! — деген Ванников.

Бірақ арада бірнеше күн өтісімен батальон неміс қоршауында қалды. Оған бүгін үшінші күн.

Чайковский сол қолымен маңдайын тіреп, біраз тесілді де, селк етіп басын жұлып алып, екі алақанымен бет-аузын уқалап-уқалап жіберді. Оның бозарған беті қызарып құлпырып кетті. Қарындашын найза етіп әр нүктені түйреп тастап барып, өз ойын өзі бекітті.

Оған қатты батқан жағдай жауынгерлердің қолындағы оқ, гранаталарының шағындалуы болды. Көп ойлап, толғанып, тыйышсыздандырған да осы жай.

— Жолдас лейтенант, — деді ол. — Фонарының жарығын жерде жатқан жаралы штаб бастығына түсіріп.

Басы ақ марлымен шандылған, беті ісік лейтенант мылтығына сүйеніп, стол жанына келді. Ісіп дүрдиген ерні қозғалмайды, көмекейінен міңгірлеп сөйлейді.

— Жолдас капитан, барлық күш батальонды толықтыруға жетпейді, әсіресе жаралылар туралы өте қыйын, кейбірінің жараланғанына он күннен асты. Дәрі-дәрмек таусылды. Бұйрығыңызды орындап, старшина қолындағы іш киімдерді санитарларға, марлы орнына пайдалануға бергіздім.

— Жаралыларды әлі бір жерге жыйнатпадыңыз ба?  
— Батальон пунктіне баруға бастартады. Не кәрсекте бір көреміз, — дейді.

Чайковский орман ішіндегі жаралылар жатқан пункті есіне түсірді. Бірі қолдан, бірі аяқтан айрылған көп адам әртүрлі үнмен ыңқылдайды. Кейбірі сазарып үн-түнсіз жатыр. Үш блиндаж толы адамды күтуші екі санитар, бір хирург, әркімге әртүрлі жауап қатып зыр жүгіріп, шырқ айналады.

Кейбіреуін операция бөлмесіне қарай ала да жөнеледі. Астарынан сыз өтпес үшін қалың етіп ағаштың бүрлерін салып, үстіне матрацтар жайыпты. Көпшілігі шинельдеріне оранып үн-түнсіз жатыр. Кейбіреуі екі құлақтан бірдей айрылып, әркімнің аузына бір қарап мелшиеді. Тізесінің үстінде қағаз, қарындашы көрінеді.

— Жолдас капитан, қоршаудан қашан шығамыз?

— Майданнан неңдей хабар бар? Бұл сұраулармен бірге, темекі туралы да сұрақтар болған. Осы жаралылардың үміті кім, кімге сеніп отыр. Күтқарушы кім деп біледі?

Чайковский екі күннен бері сау адамдарға тамақ мөлшерін азайттырып, жаралылар үшін үнемдеттіргенді.

Көз алдында осы жағдайлардың бәрі де тізбектеліп жатты.

Енді немістер шабуыл жасаса, не істеу керек, қоршаудан қалай шығу керек, ойы осыған бөлінді.

Осыдан үш күн бұрын немістер танкінің мол күшімен шепті бұзып өтті. Негізгі күштен қол үзгеннен кейін, Чайковскийдің бөлімшесі сол жағын ала шегініп дұшпанның қоршауына ырық бермеді, қатты ұрыстар жүргізе отырып келіп, бір жағын қалың тоғайға тіреп бекінді. Немістер бұл қоршауында қалған аз топ бір жаққа барады деп ойлаған жоқ. Жан-жағынан қысқаннан кейін өздері де қаруын тастайды деп қорытып, бар күштерін дивизияға жұмсады.

Алғашқы күн күнібойы бұларға немістің батальондық көп күші шабуыл жасаса да тойтарылды. Автоматчиктерінің атакасы да сәтсіздікке ұшырады. Қаруын тез тастай қоймағаннан кейін, немістер зеңбіректермен тынымсыз атқылап, кейде қатты бомбалады да, мықтап бекінген жауынгерлер тырп етпестен қасарып жатып алды. Әлсіремеді, қайта шыңдала түсіп, түйіле берді. Бәрінің де ойындағы тоқтам—өз үйірлеріне қосылу еді.



Чайковский колда барды жыйнақтады.

Сағатын алып карады да, дөңгелек көз әйнегін үлкен бармағымен сыйпап алдына қойды.

Сағат түнгі он екі. Плащ-палатка жабылған блиндаждың есігін жел анда-санда бір көтеріп тастағанда, ызғарлы суық лап беріп кіріп, жалт беріп қайта серпіледі.

— Барлаушылардың кеткеніне бес сағат болды. Келетін уақытынан бір сағат асты, — деді капитан, — сүйтті де қорытындысын жасады: — Барлаушылар әкелген мағлұматтарды ескере отырып, қоршауды бұзып өтуіміз керек, ертеңгіге қалуға бөлмайды.

Адам күші, оқ-дәрі, тамақ бәрі де азайды. Енді кешіксе жаудың шабуылға шығуға мүмкіндік тауып кету қауыпы да бар. Полк, дивизиялар қатты ұрыс жүргізіп бұл батальонға көп күш бөліне алмай жатқанды. Осындай кезеңді тез пайдалану керек болды. Топталып тұрған күшті жаудың осал жеріне әкеп салып жіберу қажет деп табылды.

— Осы түнде деп ойлайсыз ба?

— Осы түннің өзінде.

Штаб бастығы капитанға жалт карады, оның екі айтпайтын қаталдығын жүзінен таныды да сағатқа көз жіберді. Он екіден де асып барады. Осы түнде деген оған асығыстау көрінсе де ешбір сөз айта алған жоқ. Тек: «жаралылар туралы не істейміз» деп сұрады.

Чайковский әлі де оның бетіне бұрылып қараған жоқ, картаға үңіліп: ойланған күйінде жауап беріп отыр.

— Бірін де тастамай алып өтеміз. Лейтенант жаралыларды алып жүруге қанша күш керектігін есептеді. Бір ротадай адам, — деді ішінен.

Капитан полкке қосылуға жақын, тез бұзып өтуге қолайлы бағытты іздеді. Жауынгерлерінің бір тілекте екеніне ол сенеді. Ал қаншасын аман өткізе алады, бұл ой оған ауыр тиеді. Тағы да бір басқыш іздегендей болады. Полктың не халде екені де белгісіз. Олардан бір хабар бола ма дей-дей, уақытты да өткізіңкіреп алғандай, полк командирі оның көз алдынан бір кетпейді. — «Тез бұзып өт!» — деп бұйырғандай болады да тұрады.

— Шешім сол, жолдас, лейтенант, — деді орындықтың үстіндегі көсулі аяғын тартып алып.

Лейтенант орындауға бұйрық берілгендей мылтығына

сүйеніп тік тұра беріп еді. Ақ халатты денелі жауынгер келіп кірді, көптен күткен барлаушылар тобының бастығын Чайковский көтеріңкі көңілмен қарсы алды. Жауынгер болған жағдайды баяндай бастады.

...Самолет неміс бекіністерінің төбесінен бір айналып қайта кетті. Одан басқа біз ешнәрсені де көрген жоқпыз.

Тамақ, болмаса оқ-дәрі тастаған неміс самолеті деп ойладық. Әлден уақытта көктен біреу түсіп келеді. Сезіп қалған немістер де автоматтарының бір-бір дискаларын босатты.

Кім болса да тірі ұстап алуды мақұл дестік. Ол бізге қатты қарсылық жасады. Менің етіме қанжары аз дарымады, деп сара тіліп түскен шинелін көрсетті.

Біреуді аяймын деп өзім мерт бола жаздадым. Жұдырығының өзі де әжептеуір бар екен. Ал, егер қаруы қолында болса... — деп тоқырап қалды.

— Сонша бәріне не болған? — деп капитан қатулана сөйледі:—Атты ма? —

— Жоқ, жолдас капитан, қанжардың өзімен...

— Тілдеспедіндер ме?

— Жолдас капитан, дабырласуға бола ма, — тап-таяу жерде немістер жатыр. Айқайласа дауысының қайда кетерін кім білсін. Аузына бір орамалды тығып, байлап тастадық.

— Белгісі сол автоматы біздікі, наганы бар, мінекей қанжары...

Ол үстел үстіне ескілеу қабы бар кішкене қанжарды қойды.

Капитан қанжарды қынабынан суырып алып біресе жауынгерге, біресе қанжарға көз жіберді. Арлы-берлі аударыстырып тұрып қарады.

— Қайдан алдым дейсің? — деп қайта сұрады.

— Көктен түскен адамнан.

Капитанның өңі күп-қу болып кетті. Біресе отырды, біресе тұрды. Фонарын жарық қыла түсіп үңілді. Қек, ыза да бетінде арпалысып ойлана түсіп не екенін біле алмады. Біресе сасқандай жан-жағына жалтақтап үндеместен әр нәрсеге бір қарайды. Қайтадан жауынгер мен қанжарға кезек көз сүзіп аңырады. Әлден соң даусы дірілдеңкіреп әр сөзін бөле сөйледі.

— Мынау біздің үйдегі тығулы қанжар. Анамның сақтауындағы нағашымның қанжары. Міне жолдаста-



рым, көріндерші, мына «Г» деген харыпты мен ойып жазғамын.

Чайковский қанжардың жүзін жарқылдатып аударып жіберді. Кейде тең тартысып, кейде бірінің үстіне бірі шығып аударылып, төңкеріліскен екі ой умар-жумар тай-таласты.

Әлі күнге үйінен ешбір хабар ала алған жоқ-ты. Госпитальдың бірінен екіншісіне тез ауысып, үйішінің жау қолынан кутылғанын да білген жоқ еді.

Осы қанжар түңілгендей болған көп ойды да тас-талқан қылып аршып, ашып бергендей болды.

Біресе өртке күйген үйдің мұржасы сорайып, көз алдына келуі, кейде жалыны да лапылдағандай, біресе айналасында жанармай бутылкалары бар немістер жүргендей де болып кетеді. Аңыраған өксіген ана даусы шыққандай да ызыңдайды.

Кекті адам, кісі өлтіргіш қанішер, тонаушыны жауапқа тартса, кегі бітіп көңілі тынар ма еді? Жоқ, оның бірі ғана жауапты емес жаралы ел, қан сіңген жер алдында бәрі де сазайын тартуға тиіс деп, көп қамалап шуылдап тілек еткендей. Ақыры Чайковский бір биік мұнараның басына шығып кеткендей жан-жағын тегіс көрді. Әлденеше рет қадағалап тұрып қарағандай. Сөзі аузынан атылып түсті.

— Тез жеткіз білелік, — деді.

Чайковский тақат қып орнында отыра алмады. Қартасын жыйнап, сумкасына салды, фонарын бір өшіріп, бір жақты. Лейтенант бір қолымен столдың шетінен ұстап, бір қолтығына мылтығын сүйеп, көзі шатынап марлының астында жылтырайды. Халатының омырау түймелері салусыз, малақайының құлағы селтип, аузы ашылып қалған барлаушыға:

— «Бұл не сұмдығың еді?» дегендей. Аянышты көрінген хал оны да дел-сал етті. Әлі де сөзге араласып бір жорамал жасаған жоқ. Не деудің де ретін таппады. Ауыр хал өзінің басына келіп төнгендей ешқайда бұл-тара алмай қолға түсіп, сол салмақты төбесімен көтергендей еді.

Барлаушы шыға жөнелді. Чайковский арлы-берлі жүріп, штаб бастығы мелшиіп тұрып қалды. Қатты жел блиндаждың есігіндегі плащ-палатканы дамылсыз сілкіп сартылдатты да тұрды. Суық жел үйіре түсіп, ұсақ қарды әлсін-әлсін бетке сеуіп те кетеді. Қараңғы блин-

даж, тыста көшіп-қонып жатқан тұңғыйық үскірік, түнектей басқан ауыр ой — бәрі кезек-кезек түймештеп соғып жатты.

Сүйткенше болмады, тұс-тұстан фонарь жанып блиндаж іші жап-жарық болды. Көктен түскен адамды екі қолын артына байлап, екі жауынгер сүйемелдеп кіргізді. Әркім өзінше жорамал жасады.

— Дәудің бірі екен.

— Полковниктен кіші болмас.

— Жердің жарығын жамайтынның дәл өзі, бір керемет.

— Өзі де соқталдай екен, қаптып қолға түсіргенсіндер.

— Бір өзі он солдатқа татыр.

Бұл сөздер блиндаждың ішінде ереуілдеп кетті. Әлі де кім екенін біліп болмады. Чайковскийдің денесінде діріл пайда болды. Ол өзін-өзі қаталдығына жеңдіріп, түнеріп төніп тұрды.

Көктен түскен адам кеудесін кере демін де алды. Екі көзі көгеріп жұмылып кетіпті. Бір жақ бетінің терісі түгел сыдырылып, халатын қанға бояпты. А дегенде оны ешкім де танымай қалды.

— Жолдас капитан, — деді ол ұмтыла беріп.

Онбойын бір суық күш жеңіп, қатып қалған Чайковский:

— Бекмұханов! Қымбатты Бекмұханов!

Олар құшақтасып қалды.

Блиндаждың ішінде көңілді қозғалыс ду ете түсті.

Бағанадан бері осылардың не істеп жатқанын да түсінбеген Бекмұхан баласының алдына кимелеп жетіп келді.

Бекмұханды әскер трибуналы жұмысын қарап ұрыс жүргізіп жатқан ротаға жіберуге ұйғарған-ды. Ол Чайковскийдің батальонында «Ерлік үшін медаль» мен наградтауға ұсынылған еді. Ол баласын жаңа таныды. Артынан келіп құшақтай алды. Аңыраған даусы шығып кетті.

— Жалғызым, жалғызым! Күнім, жарығым, есенбісің, қалқам. Оның мұртына қатқан мұз үстінен көзінің жасы да жылтырап көрінді. Қинасына кешу сұрап сағынғандық, балаға деген жүрек даусын сонша үнді етіп, сай-сүйегін сырқыратты.

Жексен әкесін енді таныды.



— Аға! Аға-тайым, есенбісіз! — деп кұшағына еніп, мойнына асыла түсті. Жексен де енді кешірдім дегендей еді. Әкелі-балалы екеуі осылай кездесті.

Чайковский үйінің бар хабарын естіді. Жексенді Бекмұхан екеуі ортаға алды, әр нәрсені кезек сұрап айналып толғанады.

Жексен тек Еленадан хат аламын деуге ретін де таппады. Онан да Еленаға хат жазып адресін жіберуді дұрыс деп ойлады. Осы түнде бұлар қоршауды бұзып өту үшін шабуылға көшіп еді...

## XV

Таң ата Чайковскийдің қоршаудағы батальон роталары негізгі күшке келіп қосылды. 127 ауданға бірдей жасалған түнгі атаканы немістер тоқтата алмады. Чайковский ауыр жаралы жауынгерлерді тайпақ шаналарымен кей жерлерде носилкалармен тасытты. Бұлардың маңын тек қана автоматтармен қаруланған батыл жігіттердің тобы қорғады. Шепті бұзып жол салу үшін түнгі ұрысқа тәжірибелері мол саперлерді салып, зеңбірек, миномет, пулемет ұяларын талқандауға ең сенімді адамдарын бөлді.

Күтпеген жерден атака жасап, қауырт қыймыл істеу үшін автомат, пулемет күштерін бөліп-бөліп әр топты тең қаруландырды. Бұлар дұшпанның күштерін жырым-жырым етіп, әр біреуі өздерін мен мұнда лап, бірі ана, бірі мына жерден жігерлі екпінмен қыймылдап, немістерге бір айбынды мол күш болып та көрінді. Бытыраңқы орналасқан немістердің блиндаж, окоп, траншейлері оларға бөгет бола алмады. Түнгі қатты үскірік боранда күтпеген ауданнан кеп килігіп, жаудың белін сындырып, ойып түсті.

Ванников пен Лобов та бұл түнде тыным көрген жоқ. Олар тек түсіріп кеткені болмаса ұшқыштан өзге хабар біле алмағандықтан «Жексеннің кейінгі халы қандай болар екен» деп ойланды.

Дивизия командирінің бұйрығы бойынша бұлардың бөлімі көрші полктың көмегімен шабуылға көшкенді. Неміс шебінің бұзылуы дивизияның халін де жақсартты. «Майский» жаудың қысымынан құтылды.

Таң атып, алдыңғы роталар бір-біріне түйіскенде

Ванниковтың өзі ІІ батальонға басшылық етіп, алдыңғы шепте болған еді. Чайковский көрді де, ол орнында тоқтап қалды, сонан кейін қарсы жүріп барып, кұшағын жайды.

Чайковский әкесіне ұмтылған балаша қадам басты.

Ванников кұшағына қысып барып босатты. Ол өте жақсы көрген адамына осылайша кұрмет көрсетіп, әкелік мейірім түсіруші еді. Чайковскийдің әкесі көз алдына елестеп кетті. Жексен бұлардың үстіне кез келді.

Ванников оның рапортын қабылдады.

— Жолдас подполковник, бұйрығыңыз орындалды. Ол рапортты тапжылмастан қабылдады да қозғалмай тұрған Жексеннің жанына келді. Ырзалық сездіріп, Жексеннің иығынан қақты да Чайковскийге бұрылды.

— Сіз Бекмұхановты жақсы білетін боларсыз?

— Ол полктың ескі адамының бірі, — деді Чайковский.

— Енді барып демінді ал, — деп Ванников Жексенге рұқсат етті. Жексен өзінің достарына асыға басып, тез жетуді ойлады.

Бұл кезде взводтың жауынгерлері бекінуге бұйрықты алысымен окоптарын казуда болатын. Жексен келіп жеткенше жерге сіңіп кетпеген жігіттердің бірі де болмады. Сырғанаған жаяу боран әлі басылған жоқ. Жұмыс істеп кара терге түскен жігіттер тоңазый бастапты. Қадыр жүресінен отырып, төрт бұрышты дорбадағы жылытқышқа (грелка) қарды аузына салып ерітіп, кішкене тесігінен кұйып, қатты-қатты уқалап отыр еді, кіріп келген Жексенге тұра ұмтылып мойнына асыла кетті.

— Жеке, аман келдіңіз бе, ал маған шүйіншіге не бересіз?

— Қалағаныңды ал, — деді Жексен бойына бір қуанышты сезім жүгіре түсіп. Қадыр қалтасынан Еленаның хатын алып берді. Жексен орнығып отырып оқый бастады.

«Қадырлы Жексен, сіздің жазған хатыңызды алдым. Хатыңыз алыстағы сізді көз алдыма алып келіп, тағы да жүзіңізді көрсеткендей болды. Мүмкін менің мұным сіз үшін өлгенше қадырлы, қымбатты болып көрінбес те. Бірақ мен осы хатыңызды алып, жас жүрегімнің жалынды сәлемін жолдағым келді.

Жексен, сіз, мүмкін менің хатымды онша кұмартып оқымассыз да, — көптің бірінің хатындай деп білерсіз.



Ойыңызда өлгенше сақталмауым да мүмкін. Өйткені сіз маған тұрмыс жағдайыңызды әлі жазған жоқсыз. Тұрмыс жағдайыңызды неге сұрадыңыз деп айып етпеңіз. Сіздің туып-өскен ел-жұртыңызды білгім келеді. Бұл кұмарлығым емес, шын сырым. Алдыңызға тартып, адал жүрегім тілек тілейді. Неткен жан, жармасып жабысады деп ойламаңыз. Сіз жау колынан құтқармағанда мен қайда жүретін едім. Өмірімде ең тұңғыш рет көрген қорлығымды, ауыр азабымды, таяқ таңбасын, аққан қанды, жаралы жүрегімді селт еткізіп ойға салған адамсыз. Ушықыр қыялым, жасты көзім, жас жүрегім сізді көріп тоқтап еді.

Білмеймін Жексен, өзімнің нендей халге кездескенімді — осының жауабын сіз айтсаңыз қайтеді? Келешектен үміт етіп тілегімді білдірген менікі қате ме, айтыңызшы Жексен, көптің бірі адаммын, мені неге осынша өзіңізге тартасыз деп ойлайсыз ба? Ойларсыз.

Менің мұнымнан ойыңызға ешнәрсе де келмесін. Өзіңізді жақсы көрген адамды кіналы деп білмессіз. Біреудің ойындағы сағынышына қой деп айта алмассыз.

Жексен, айтыңызшы: сіз мен жөнінде ойлайсыз ба? Умыттыңыз ба? Онда менің өкпем жоқ. Хат жазғанымды қояйын.

Айтпауға тіпті де шыдай алмаймын. Сағынамын. Бір көргім келеді, айтыңызшы сіздің де менімен кездескініз келе ме, әлде не үшін деп ойлайсыз ба? Бірақ солай да шығар. Егер де жанымда отырсаңыз сонда сенер едіңіз...»

Будан соң, Елена әкесі мен ағасынан ешбір хат алмайтынын жазыпты. Қала халқының жағдайы, өзінің тұрмысы туралы қалай тұратындықтарын айта келіп: «Жексен, — дейді. — Осы хатымды алысымен тез жауап жазыңыз.

Асыққан көңіл, сағынышты жүрекпен жауап күтемін».

Ең ақырында «Елена» деп тоқыралты. Қалжырап шаршаған Жексен тыңайып кетті. Тоңазып бастаған дене жалындай түсті. Блиндажға келіп кіргенде көзге тығылған ұйқы безіп, жоқ болды. Ол екі аяғын көсіліп жіберіп, автоматын тізесінің үстіне қойып, малақайын көтеріңкіреді. Көзін болжаусыз бір нысанаға қадап, жымжырт отырып қалды. Біресе Елена жанына келіп сөйлесіп, жүрек сырын жайып салғандай. Иығына басып сү-

іп, кейде «не айтасың» деп, бетіне жалт қараған да сәкілденеді.

Еленаның жанында отырғандай-ақ «жаным», — деді ол, бұл сөзін құшағында отырған адамға арнағандай өте ақырын айтты, әлсіз айтылған сөз жүрегін елжірететіліп түсті. Жексен жауап жазып көңілдегісін айтпаса тіпті тынысы тарылғандай көрінді.

Еленаға енді бойы үйренгендей, бар сырын алдына төңкерсе салуға бекінді:

Еленаны сіз деуге енді қыймады. Сіз деген сөз жат сөз деп білді. Сен деген сөз сондай жақын, әсерлі, жүрекке жайлы, көңілге тоқ, құлаққа жағымды, айтуға сүйкімді көрініп кетті.

«Елена, сен хатыңа көп сөз жазыпсың. Бәрі де маған жақын, жүрегімді елжіретеді, тербетеді, ойлаймын, толғаймын, осы жазғандарыңа кепіл табу да мені шошытады. Айтшы, Елена жаным, сырыңды шын жазып, маған шын сүйіспеншілікпен айттың ба, жоқ болмаса жау қолынан құтылуды қарыз деп санайсың ба?»

Сені мен Чайковскийдің қарындасы деп те білгем жоқ. Ойламаған, күтпеген жерден кездестік. Қыйуасыздан таныстығымыз басталды. Сен болсаң майданнан мыңдаған шақырым алыста тұрасың.

Ол жерде өліп жатқан адам, жаралы жанның аянышты даусы естілмейді. Сондықтан көп нәрселерді басқаша ойлауың мүмкін. Елена жан маған осы жазғаның шын болса, мен армансыз жанның бірі болар едім. Жаумен жағаласып жүрген жігітке, шын сүйген жан болса, одан хат алып, хабар білу де бақыт қой деп білемін.

Жалынды жас жүрегіңнің сәлемін сен жолдайсың. Соғыстың жазылмайтын жарасы басыма түссе не айтасың?

Елена! Менің жанымдай көруіме қолымдағы қаруым қуа. Айнымайды, айнымаймын. Сен ұмытып кетерсің? Ай өтер, жыл өтер, айтылған сөз де ескіріп, өкінішке батырып жүрмей ме?»

Осы сөздерін жазды да, Жексен ойланып отырып қалды.

«Жоқ, — деді тағы да, — өкінбеймін», «Келші сәулем» дегендей болып кетті, хатын жаза берді. Жүректеті сезім келешекке нанымын күшейтті.

«Алғашқы көргеннен бастап көңліме өшпейтін сәуле қалдырдың. Неге сені ұмытамын. Мен сенен де көп ой-



лаймын. Оқ астында қан кешіп ерлікпен қаза тапқан жолдастарымның жанында жатсам да көкірегім, көңілім сенің атыңды айттыратын болды, — деп, одан әрі өзінің үй-іші туралы жазып келді де: — Қазақ ССР-ы, Семей облысы. Шыңғыстауды карта бетінен қарасаңыз көресіз, Улы ақын Абай Құнанбаевтың жерлесімін», — деді. Оның Еленаға арналған сағынышы туып-өскен елі мен жеріне барып ұштасты.

Жексен Еленаға Григорий Чайковский туралы да жазды. Ең ақырында:

«Қош жаным, Елена, — деді — сүйемін сені, сүйгендіктен сағынамын. Өзің де ұмытып кетпей, үзбей хат жазып тұр. Өлтірем деп жау шапса, сырттан аяз қысып, үскірік соққанда, жанға сая, дертке шипа, шапқанда ақыл, қайрат берерліктей бол, тілеймін жаным, — Жексенің».

Жексен хатын жазып болып, почтаға табыс ету үшін шығып еді. Оған қарсы Новиков пен Қадыр кездесті. Олар старшинадан отделениелеріне берілген нан, шұжық, темекілерін алған екен. Ыстық тамақ ұрыс жағдайының салдарынан бірнеше күннен бері жауынгерлерге берілген жоқ-ты.

Новиков жақында кіші сержант атағын алған болатын. Окоптарындағы адамдарына сыбағаларын үлестіріп беріп өз орындарына келді.

Новиков малақайының құлағын көтеріп байлап алыпты. Кіші сержанттың белгісі тағылған жағасын әлсін-әлсін көзінің қыңғығымен бір шолады. Шинеліне жабысқан топырақты да қағып қояды.

\* \*  
\*

Қадыр тонының жағасын көтеріңкіреп апты, жылытқышты беліне басып отыр.

— Сен білемісің, — деді әлден соң Новиков — осы, қатты да не қатты? Мен неше бір тәжірибе жасадым.

— Менің тәжірибем сол, — деді Қадыр нанды көмейлеп асай түсіп. — Пулеметімнің оғы өтпейтіннің бәрі қатты.

— Сен сонымен тәжірибені ұнатпайды екенсің ғой.

Жайық бойынан келген Қадыр күле түсіп басын шайқады:

— Соғыста жүріп мұның тәжірибешілін, сен Никита біздің «Алғабастағы» ісік көз агроном сықылды екенсің. «Алғабас» үлкен колхоз болатын. Ол күніне егістің әр-бір басының дәнін өлшеймін деп менің басымды қатыратын, «бригадир өлшеуішінді алып жүр, егін басына барамыз, дейтін. Барсам еркіңе қоймайды. Еріксіз ертіп жүреді. Бір метр жерді айнала өлшеп алып, қағазына жазады да отырады. Біраздан соң маған ұғып ал деп сөйлей жөнеледі. Вильямс, Мичурин әдісі деп бірнеше сағат сөйлеуден жалықпайтын. Сонда менің тіпті ұйқым да келіп кететін. Кейде ұйқтап та қап жүрдім. Оянғаныма ол әлі де сөйлеп отырады. Сөзі ылғый «тәжірибе жасаймыздан» басталады.

Сона, маса талап оның көзі ылғый ісіп жүруші еді, содан егін звеносының қыздары «ісік көз агроном» деп қалжыңдайтын. Ақыры жорамалдары теріс кетпеді, көзіне формалин тамып, бір көзі ауруға шалдыққан-ды. Өзіне соғыс жаққан адам тәжірибе жасамаса, мен өз басымды ондайдан аман сақтау үшін алысудамын.

— Саған соғыстың жақпағаны қайсы, екі орден алдың?

— Мені қалай көтермелесең де соғыс маған жақпайды. Өзің тәжірибенді айта бересің, құр қол қалдым, иіне, жібіңді бере тұр, түймелерімді қадап алайын.

Новиков Қадырға малақайының сыртына түйреулі иіне, жібін алып берді де, шекесінен шертіп қалды.

— Сенің осы басыңда тұрған не нәрсе екенін білмей-ақ қойдым. Бәрі мый дейін десем, оның ретін таппаймын. Әйтеуір жанжалға біткен болар. Өзінен, сірә, жөпшөнді оқ та өтпес.

Қытықтайма деп сезіктеніп қалған Қадыр орнынан жылжып кетті.

— Менің басымның неге толып тұрғанында шаруаң болмасын, онан да өзің әлгі тәжірибенді айтшы.

— Мен кешегі бір болған оқыйғаны, окоптан шықпай қарсыласқан немісті айтам. Өзіне менің жаным ашып, пленге алайын деп жүрсем болар емес, штықтың басына ілініп кете барды. Сен мұны қалай деп ойлайсың?

— Әрине, өлгісі келген деп білемін.

— Қаттылардың қаттысы дұшпандық па деп білдім. Міне менің тәжірибем. Сенің басың үлкен болғанмен мұн-



дай кішкене нәрселер ішіңе кіріп кетсе, қайта шыға алмай жоғалып кетеді ғой деймін.

— Біз қазір ұрысып жатырмыз ба? — деді Қадыр. — Меніңше ұрыстың әкесі әлі алда болады.

— Әрине алда, — деді Новиков. ІІ майданның кілті де Сталинград.

— Әкел қолыңды, — деді Қадыр бір тізелеп отыра қалып. Новиков те күле түсіп қолын ұсынды.

— Никита Никитыч болғалы айтқан сөзіңнің сүбелісі осы болды. Ал, енді немістердің бекінісін сен қалай деп білесің?

Новиков автоматының затворын сүрте түсіп, жайланып сөйледі.

— Немістерге окоп қазу қыйынға түседі білем. Олар барды жоқ қылуға дағдыланған жоқ. Енді бұлардың екеуі бірдей қыза сөйлеп кетті.

— Жоқ, қате айтасың, — деді Қадыр, — өткен күзді-гүні олардың бір блиндажын батальондық миномет дәл төбесінен бес ұрып азар ішіне түсірді. Окопының төбесін атып көргенімде оғым өтпеген.

— Сен былтырғы көргеніңнен, әлі айрылмай жүрсің. Ал анада бір блиндажын екі гранатпен-ақ талқанын шығардым. Окоптарының бірінің үстінен жүремін деп, ішіне түсіп кетіп, екі күн аяғымды баса алмай қалғанымды өзін білесің.

Қадыр оған қолын бір сілтеп, жантая кетіп сөйледі:

— Сенің көрген окопың мен менің қыйратқан танкім де бір қолдан шыққан екен.

Қадырдың бұл сөзінің шешуі былай болған еді:

Осыдан аз күн бұрын неміс танкілері бекініске шабуыл жасаған. Қадырға да танкілермен жеке күресуге тура келді. Ол өз окопында отырып, төніп келе жатқан танкіні тапжылмай күтті.

Жағдай да қыйын, ақырғы бекіністің ақырғы окоптары еді.

Не өлудің, не өлтірудің бірі екені өзіне түсінікті болатын.

— Жастығымды ала кетейін, — деп ойлады да ол байлаулы граната тобын танкінің астына тастап кеп жіберді.

Әдетте қыйраған танкі жүре алмай тұмсығы қайрылып, не дөңгелегі бүлініп, не өртке шалынушы еді. Бұл жолы олай болмады.

Танкінің сүйек-саяғы көкте бұлғаңдап бара жатты. Танк деп білгендері танкінің кебінін киген машина, жан-жағына фонар тақтайдан танкінің бейнесін жасап тастаған. Ішінде пулемет, автоматтармен қаруланған, жанын жалдаған солдаттар отыр. Қашанғы қыйратқанынан бұрын Қадырдың өзі де ұялып окопының түбіне бұғып кетті.

Қадыр осы оқыйғаны есіне алғанда, Новиков өзінің отделение командирі екенін, ол Досполовтың пулеметчик екенін есінде қатты ұстап, үстемдеу сөйлейді:

— Жолдас Досполов, сен алғашқы келе жатқанда жасанды танкінің әрекетін кәдімгі танкіден айыра алған жоқсың. Олай болса бұл дұрыс бақылай алмағаның. Бір оқпен жұмысы бітетін тақтай үшін гранатты жұмсадың.

Қадыр бұл сөзге таласа жауап бермек еді, осы кезде капитан Масловтан хабаршы келіп, бұл екеуінің әңгімесін бөліп кетті.

— Старшина Бекмұханов керек! — деді хабаршы. Екеуі бірден бір тығыз бұйрықтың тағы да келіп қалғанын аңғарды.

— Ол кісінің мен бірінші орынбасарымын, жолдас жауынгер, — деді Новиков. Хабар тасушы тағы да жан-жағына жалтақтай түсіп:

— Капитан оқуға баратын адамды тез жеткізуге бұйырды, — деді.

— Біз ешқандай хабар білмейміз, естігеміз жоқ, тоса тұрыңыз, ол қайдағы оқу, кімді жібермек екен?

Хабар тасушы оқ толған жәшікке отырып темекілік қағазды сұқ қолына кигізіп бұрап, үшкірлеп ішін қуыстады да, темекіге толтырып, ортан белінен сындырып, аузына қайқайта тістеді. Біресе Новиковқа, біресе тізесінің үстіне қойып отырған темекі сауытына қарай түсті.

— Кәдімгі оқытушысы бар оқу, оған маңдайы жарылып тұрған бақытты адам барады. Не оқу екенін білгенім жоқ. Урыстың көбін оқумен бітіреді.

Осы кезде Жексен келді. Ол рота пунктінде болып Шабановқа жолықты, капитанның бұйрығы бойынша 6 айлық кіші лейтенанттық курсқа Новиков тағайындалған екен. Олар да дұрыс деп мақұлдады. Іштей Жексен үйреніскен жолдасын жіберуге қыймады. Бірақ оның ко-дандир болып шығуын да қажет көрді.

— Бара беріңіз.



Хабаршы жігіт шығып кеткеннен кейін Жексен Новиковтың жанына отырып темекісін тартты. Содан кейін олардың сөздеріне жауап берді.

— Никита сен оқуға баратын болдың, дайындал. Одан басқа ештеңе де деген жоқ, оның бетіне де қарамады. Астына жәшікті қойып, оң аяғын сол тізесіне салып, шынтағын сүйеп, темекісін қайта-қайта сорды. Біресе көзін сығырайтыңқырап, біресе алыстағы бір нысананы болжай түсіп, ерні жыбырлап тіл қатқандай болды. Оқуға бара жатқан жолдасы, тылға барады. Ол жақта Жексеннің сағынышты адамдары бар. Туып, өскен елжұрты да көз алдына тізбектеледі. Дәл Еленаның жанына кетіп бара жатқан адамдай өте ыстық көрініп тұр.

Жолдасы кетсе тіпті жалғызсырап, оны өгейситін сықылды. Тіпті орны толмайтындай көрінеді. Сүйікті жолдасының ұзақ уақыт қол үзісіп кетуіне іші елжіреді. Майдандағы ауыр күн мен түндер көз алдында сырғанап түседі. Енді өзі ғана қалып жалғызсырайтын да сықылданып амбразурадан сыртқа көз жіберді.

Ол шығыстан көтеріліп келе жатқан тұңғыйық бұлттарға тесіледі. Кейінгі кезде қарыққан көзіне жаппалы көзілдірік киіп жүр еді. Ызғарлы суықтан әлсін-әлсін әйнегін сүрте түсті. Сол шығыстағы жиектен жаңа ғана көтерілген бұлт аумақталып қоршап келеді. Ол бұлт та жау көзінен жасырып талай сырды, талай күшті әкеле жатқан сықылды. Алтынды Алтайдың, қаһарлы Тарбағатайдың, мәңгі-бақыт басына қыс түнеп, баурына бұлт шөккен Алатаудың сәлемін әкеле жатқандай. Осы бұлтты сол таулардың төсінде талай көрген сықылды. Көзге де жылшырайды, солмын дегендей. Арналы Ертіс те ашулы кегін буғып ұшырып аттандырған секілді. Бәлкім туып-өскен Шыңғыстауды да баса өткен шығар. Сары Арқаны сыпыра басып үдере көшіп өткендей. Елжұртын сағынған Жексен сол бұлттар қар боп жауса деп тілейді.

Оны қымыздай жұтып сусындап, мейірі қанып, аунап, қунап, жамылып оранып, жау көзінен жасырынар да еді.

Түнекті дүлей соқса жау денесі қалтырап, үсік қамап, жауынгердің автоматы сартылдар еді. Осы ой Жексенді ерлендіріп көңілін тасыта түскендей болды.

Новиковтың бетіне бір қызғылтым қызу жүгірген сы-

қылды. Майдандас достарын қыймағандық байқалады, Жексен мен Қадырға кезек жалтақтайды да автоматына үңіледі.

Қадыр оның жанында теріс қарай қапты.

Енисей мен Жайықтан келген екі жігіт сырларын кабақтарынан таныйтын.

— Неге отырсың, дайындал, — деді Жексен. Новиков Қадырға бұрылды да ауыр күрсінді. Малақайындағы ине, жібін мешогіндегі котелогін алып Қадырдың сумкасына салып алдына қойып еді, ол бұрылмастан қайта өзіне лақтырып тастады.

Жексен шығуға айналғанда Новиков қолын ұсынып еді, Қадыр алмады. Никита көп тұрып-тұрып барып үндеместен тысқа шығып, жауынгерлерімен тегіс амандасып, батальон штабына таман тартты.

Арғына жалтақтап Қадырды тоса түскен Новиковты Жексен ертіп, тездете аяңдап еді, әбден ұзап кеткеннен кейін дүрсілдетіп біреу жүгіріп келіп қосылды. Бұл Қадыр еді. Ол жалғыз аяқ жолда, ең артта келе жатты. Әлі бірауыз жауап та қатқан жоқ. Батальон штабының блиндажына олар тұтас кірді, капитан Маслов бұрынғысынан да көзге кішірейіп көрінді. Құлағы қалқыйып, басы шақшалана түсіпті. Арық қолының сырты жарылып, жарғақтаныпты. Саусақтарын қозғаған сайын сырты тұтас қозғалып қатпарланады.

Кішкене көзін шатыната түсіп:

Жолдас старшина, мен үшін подполковникке жауапты сіз бересіз бе, бұйрықты неге кешіктіресіз?—деді. Сүйтті де печаттап тасталған конвертті Новиковқа берді. Жақсы, оқып қайт. Мынаны полк штабына тапсырарсыз.

Олар капитаннан рұқсат алып сыртқа шыққанда:

— «Жолдас кіші сержант!» деген адьюганттың даусы естілді.

— Мына жолдастармен бірге жүріңіз, бүгін кешке штаб полктан дивизияға машина жүреді. Жолдастарыңыздан қалсаңыз қыйын болады.

Новиковтың көзінен жас шығып кетті. Қолын берген Жексенді құшақтай алды. Жексен оның бетінен сүйді де, кірпігін қақпастан теріс айнала берді. Новиков Қадырға қолын ұсынып еді, қолын бір рет қағып жіберді. Даусы дірілденкіреп сөзін бөле сөйледі:

— Бізді тастап кеттің бе, бар.



Осы кезде бірнеше шанаға тиелген зеңбірекшілер көлденеңдей берді.

— Қадыр! — деді Новиков көзінің жасын сүрте түсіп. Екі дос ұзақ уақыт құшақтасып сүйісіп тұрды.

— Оқуды бітірісіңмен осында келетін бол! — деді Жексен.

— Бізден елге сәлем айт! — деді Қадыр.

Новиков шанаға отырып ойға түсіп көрінбей кеткенше, бұл екеуі орындарынан тырп етпеді.

## XVI

Алды-артын жыйып бекініске көшкен «Майскийдегі» полкке немістер неше күннен бері зеңбірек, минометтерден көз аштырмастан атып, неше рет қатты шабуыл жасады. Шабуылдың негізгі салмағы бірінші батальонға қатты батты. Түске жақын немістер батальонды еріксіз шегіндіріп, кейін сырып, тылмен байланыс жасап отырған жолды кесіп тастап еді, кеш бола батальонның роталары шабуылға көтерілді.

Декабрьдің ақырғы күндерінің кеші тіпті шақырайып кетті. Жарылған снарядтар тас үстіне түскендей шакете қалып, құлақты тарс бітірді, рикашета берген оқтар ысқырып, зуылдай түсті. Қар үсті қара кожалақтанып, жер беті жұлым-жұлым болды.

Сол жақтағы орман күңгірттеу тартып, батыс жақ жарқырап, көк үстінде үлбіреген бұлттар ғана қызғылтым тартады.

Оқ пен от араласқан, аяз туншығып зілдей салмак болып баса түседі. Зеңбірек, минометтер жауынгерлерді оқтарымен жетектеп, жау бекінісінің жан жеріне таман жақындата түсті. Бірінші рота ортасында 2 — 3 роталар, екі жақтан қанаттасып немістің бекінісіне төніп еді. Жау аянбай жағаға жармасты, әр шұқанақ зеңбіректен, әр дөңес пулеметтердің оғымен аянбай атылды. Жексен өз взводы мен ротаның ортасын ала ілгеріледі. Бір жауынгер екіншісінің алға жылжуына көмектесті, алдын белжап қорғай түсті. Ротаның алдында көлденең біткен ұзыншақ төмпешік бар еді, Жексен взводын содан асыра құлатты. Шабанов осы взводтың сол жағын ала Жексен екеуі жауынгерлер мен қатарласа ілгерілеп келеді. Бекініске тақаған кезде оқ тіпті қайшыласты.

— Бекмұханович, — деді бір кезде Шабанов. Ол басын тұқырта түсіп дамылсыз ілгерілейді. Көзілдірігі аязданып ағарып кетіпті. Шет-шетіне ұсақ қарлар да сіңіп, айнала дөңгелектеніпті.

— Я, — деді Жексен автоматын басып-басып жіберіп. Шабанов бұның даусын естіді де тағы да алдыңғы бекініске жақындап, жылжып түсті. Жексеннің халатының омырауына мұз қатып, сауыс болып кеткен еді. Иегін қажап, басын көтеруге бөгет жасаған соң ішіне қайыра тастап, еркін көсілді. Осы кезде бірнеше снаряд айналада үйме-жүйме, тапырлап жарылды. Құлағы шын ете түсіп барып басылды.

Басы мең-зең болып, зырқылдап құлағы күңгірледі. «Жараланып қалдым ба?» — деп, алға ілгерілей түскен ол, ешбір жерінің ауырғанын сезбеді. Снаряд тағы да түсіп, жарыла ма деген сезікпен орын ауыстырып еді, қардың әр жері шұрқылдап, кей жері қопарыла аспанға ұшады. Ол, жалаңбас, басынан аққан қан халатының алдын түгел бояған Масловтың бір тұрып, бір жығылып алға ұмтылғанын көрді.

— Борис Тарасович, жолдас лейтенант, — деді артына жедел-жедел бұрылып. Шабанов алдыңғы жатқан орнында көрінбейді. Алға жүгіре жөнелді. Ол барып тыныстайтын тасаны таппады. Жолдасын байқай алмады.

— Борис Тарасович, — деді тағы да алдыңғы жақтағы біреуге қарап. Ол адам да ешқандай дыбыс бермеді.

Шабанов снарядтар зуылдай бастаған кезде сол жағына, Жексеннің артын ала жүгіріп, бір-екі гранатын лақтырып барып құлаған еді. Екі қолын жаза шалқасынан жатыпты, көзілдірігі де киюлі, жарқырайды. Жексен оның жанына келіп, топ ете түсті, кеудесінен құшақтап, қозғап, басын көтермекші болды. Шабанов ешбір қыймылсыз, ұйқыда жатқандай, бет ажары да сол тірі күніндегідей, сол ұрты аз жыюлы, бірнеше маңдай тістері көрінеді.

— Жолдас лейтенант, жолдас лейтенант! Бірақ ол тірліктен ешбір белгі бермеді. Елі үшін тапқан қазаға еркімен кеткен секілді, жаңа қош айтысып көзін жұмғандай, айтқан сөзді әлі де естіп ойға түсіп жатқан тәрізденеді. Жексен оның омырауына қолын салып еді, қанға батырып алды. Саусақтарының арасында қызылқұрең қан баттасып шұбатылды. Батып бара жатқан кеш-



кі сәулемен көзілдірігі күңгірттене жарқырап көрінді.

Жексеннің денесін бір суық жігер билеп ұшырып жібере жаздады. Көзіне жас та келмеді. Оған оқ та, доп та өтпейтіндей кек пен ыза, қайраттың болат сауытын үстіне кигізді. Қолынан ұстады. Тістері айқасып, автоматына қолы жабыса түсті. Шабанов қолындағы автоматын баса жығылған екен.

Ақтық рет қоштасу, оның қолын ұстап, сүйкімді жүзіне қарағаны болды. Немістердің нысанасының астында жата беру—шабуылдың ең қауыпты жері, орнынан атып тұрып:

— Ура-а! — деді. Ол автоматын сабалап ілгері ұмтылғанда уралаған дауыс ду ете түсті. Жігерлі үн, жеңілмейтін рух жауынгерлерді неміс бекінісіне лап еткізді. Төбелері жабылған окоп, блиндаждарға тасқынды күш сау ете түсті. Рота бір адамдай атакаға көтеріліп кеткенде, ура дамып өсіп, батальонды тегіс қамтыды. Неміс бекінісінің талқаны шығып, кейін шегініп еді.

Рота командирі Шабановтың міндетін атқарушы политрук Денисов келді.

Ол Санниковтың бұйрығы бойынша шабуыл жасап жатқан «Майскийдің» батысындағы 102 ауданға тез жетіп, жау бекінісінің артын орауы қажет екенін айтты да, бұйрықты орындауды Жексенге тапсырды. Енді тездету керек болды. Жексен өз взводын толықтырып алып, тартып берді.

## XVII

Капитан Чайковскийдің III батальоны түнгі сағат он бірден шабуылға көшті. Батальон кеш бата атака бастаған кезде Чайковский барлық зеңбірек, миномет, станокті пулеметтерін немістердің бекініс нүктелерін жоюға көмектестірді, I батальонның атакасына қатты дем берді. Барлық батальондар да бір мезгілде бас көтеруге мүмкіндік болмады. Егер де бірінші батальон бұйрықты орындап, немістерді талжандай отырып ілгері жылжып «Майскийдегі» бұрынғы орнына бекініп алса, онда III батальонның түнгі шабуылына жақсы көмек бере алып, полктың біртұтас «Майскийге» қайта орналасып, дұшпанға тойтарыс беру де күшеймек. Алысқа ататын зеңбіректер күні бұрын жерді сілкіндіре ұрып жатқанды.

Таяудағы 102 аудан деп аталатын неміс бекіністерінің бір күшті тылында бірнеше жол тораптары бар. Бұл жол тораптарын тартып алса, жау інінің шығар аузы бітелмек.

Чайковский 45 миллиметрліктердің бірнешеуін шабуылға, жауынгерлермен бірге тура алдыңғы шепке тартқыздырды. Қар үстінде көліксіз сүйретіп алып жүруге ең қолайлы жеңіл зеңбірек осы еді. Бұны сақтау үшін жаудың күдікті деп танылған жерлерін батальондық миномет арқылы дамылсыз асты-үстіне шығаруда болды.

Жауынгерлер талмау жерге жеткенше даусын шығармады, бұлардың арасы неміс бекінісімен мың метрдей артық емес-ті. Тек саяз өзекшелері бар екі қырка араларын бөліп тұратын. Үш жүз метр жерге шейін взвод, отделениелер араларын бір-бірінен аулақтатып қырап ілгеріледі. Үздіксіз атылған ракета жарығы шаптырған аязда мұнарты.

Аспанда теңгедей де бұлт болмаса да, жұлдыздар алыста, әлсіз жылтырап, кейі барып-барып өшіп кетті. Қараңғылық тұңғыықтанып, қою тартты.

Кегін ішіне жыйнап зілденген түн, күрсінген сайын үскірік жалап, қысып, буындырып ап кетіп барады. Аяқты басқан сайын өзін-өзі жұлып қатыр-құтыр шайнайды. Демің мұз боп атылып, танауыңның ішін тіліп түседі. Суықты шағындап жұтқан жауынгерлер тез ентігіп, омыраулары сауыс болып қатып қалды.

Бекініске тақаған кезде немістің пулемет, автоматтары тегіс айқайлап қоя берді. Дауысқа-дауыс, айқайға-айқай ұштасты. Әртүрлі ракеталар күңгірттеніп мұнарта мойнын соза түсті. Жауынгерлер жүгіре тоқтап, дамылсыз ілгерілеп еді.

Немістер алдын бөгеп кесіп тастады. Ракета жарығын қайшы алыстырып, пулеметтерінің жағы сенбеді.

Енді Чайковский 45 миллиметрліктермен атыс уяларын атып берді. Екі пулеметі қатардан шыққаннан кейін немістердің екі жақ босағасы әлсіз тартып, жігіттер бекініске еңкейіп төне түсті.

Оң жақтан шабуыл жасаған 7 рота көп ұзамай қатты қарсылыққа кездесті. Жауынгерлер ілгерілей алмады. Тапжылмастан орындарында жатып қалып, аздан соң бері ығыстырылды. Бір рота екіншісінің үстіне төгіліп, үйме-жүйме болып топтала берді. Бұл бір жерге жыйналу — батальон үшін өте қауыпты жағдай, бірнеше снарядтардың жоқ қылып жіберуі де мүмкін-ді.



Полкпен арадағы байланыс та артта қалмай ілесулі болатын, Чайковский зеңбірекшілерге бекіністің алдыңғы шебін қатты талқандауды тапсырды. Немістер қарсылықты үдете отырып, шабуылды минометтермен өршітуді күшейтті.

Гранатамен қаруланған бірнеше жігіт жол ашпақта болып ілгерілеп еді. Оның бірі де қайтпады. Жағдай қыйындап кетті. Алдыңғы ротадағы станокті екі пулемет саптан шықты.

Енді Чайковский минометчиктерге атуды үдеттіріп нысаналарын белгілеп бергеннен кейін, 45 миллиметрлікке команданы өзі беріп, ата түсті. Арада бір сағаттай өткеннен кейін зеңбіректің бір жақ дөңгелегін снаряд жұлып ап кетті.

Зеңбіректің оң жағында снаряд түсіп жарылған шұқанақта жатқан Чайковскийдің үстіне қар аралас топырақ та сауылдады. Қыйраған 45 миллиметрліктің орнына, батальондық минометті орналастырып соға түсті.

Дәл осы кезде полк штабының блиндажында Ванников жалғыз еді. Бірінші батальоннан жаудың артын орап, желкесінен келіп соққы беруге аттандырылған взводтың кеткен хабарын білді. III батальондағы шабуылдың қатты қарсылыққа ұшырап жатқанын естіп қыйналды да өзі бармақ болды.

Ол дивизиямен сөйлесіп, зеңбірек күшін төге түсуді өтінді. Алысқа ұратын кең ауыздылар да оқты күшейтті.

Майскийдің батысындағы 102 аудандағы неміс бекінісінің ені онша ұзын болмағанмен тылы мықты, айналасы минамен көмкерілген-ді. Сондықтан, Ванников оған бір ғана батальонды атакаға көшіріп, оған көмекті күшейткен-ді. Адамдарды сақтаудың да негізгі әдісі осы еді. Аттанар алдында подполковник радио арқылы тағы да тығыз бұйрық қабылдады. Мұнда Сталинград бағыты — Қызыл Октябрь қаласына жаудың көп күш төгіп жатқандығы айтылып, дұшпанның тылына барлау жүргізумен бірге арнаулы тапсырмалар мен адамдар жіберу қажетті.

Бұл бұйрық Ванниковты ойландырды. Полктағы барлаушылар взводының командирі кеше жау оғынан қаза тауып еді. Оның орнына кімді тағайындау керектігін қарастырды.

Бұл адамды жіберуді өзі іріктеп, ыңғайламақ болды.

Атыс подполковник келген кезде, тіпті дәуірлеп кеткен-ді.

Ванниковтын ұрыс даласына келгені де бірден-бірге тез тарады. Жігерленген әрбір жігіт күндізгідей қыймылдады.

Түнімен бір де тынбастан қарсылық жасаған немістердің сол жақ босағасы тез әлсіреп ығыса бастады. Бірнеше автомат, пулемет дауыстары тыныс алды. Әлден соң жаппай атылған автомат үні шықты. Жау сыртына жіберілген взводтың келіп жеткені Ванниковқа түсінікті еді.

— Жолдас капитан, алға! — деді.

Чайковский команда берді. Тасқындаған көп дауыстар түн жүрегін қақ айырып кетті. «Ура!» — деп ешкім айғайламаса да, жүгірген дүбір, атыс, алыс бір-біріне ұштасты.

Көп кешікпеді, шығыс жақ бозарыңқы тартып тұрып-тұрып, көк жиек үстіндегі бұлттар қоңыр күрең түске енді. Шығыстан таңның суық желі де ызындай түсті.

Таң атқанда Жексеннің автоматчиктері Чайковскийдің батальонымен қанаттасып қосылды. Немістер «Майскийдің» батысындағы бекінісін тастап, кейін қашты. Негізгі жол торабына келіп жеткен взводта Чайковскийдің өзі бар еді. Немістің ақырғы блиндажын Жексен взводы кеп алғанда, бұлар да келіп жетті. Олар бірін-бірі байқамай қалды.

— Немістер қашқан соң адымдарын көсілді ғой, ақыры бірімізді атып аларсыңдар, — деп дауыстап Қадыр блиндаждың амбразурасының алдына кеп тоқтады.

— Жеке, — деді ол жанына келген командиріне, — осы блиндажда біраз демалатын болармыз.

Осы кезде бір жігіттер келе жатты, Чайковский бұл взводты кімнің басқаратынын білмейтін еді. Жексен, оны, тез танып ұмтылды.

— Жолдас капитан!

Олар қол алысып амандасты.

— Рыйзамын саған, — деді Чайковский.

Ұзақ түн еңбектеумен жау тылына өтіп желкесінен келіп тұтқыйыл атака жасаған Жексен өте қалжырап еді. Чайковскийдің кездесуі оны тыңайтып жіберді. Еленаны көргендей болды. Барлық жазғандары есіне түсті. Еленаның келбеті тағы да көз алдына келіп, көтеріңкі сезім денесін билеп кетті. Кездесіп сөйлесіп тұрғандай,



ушқыр қыял, албырт жастық аударып-төңкерді. Еленаның ағасымен сөйлесіп, дидарласу да сондай ыстық көрінді.

Қарындасыңыздан хат алдым деуге батпады. Үйі туралы сұрайын деп оқталып барып тоқталды. Бетінде ұят оты дуылдап сөйлеудің өзіне де сондай қысылатын сықылданды.

Көп ұзамай Ванников келіп жетті. Әлі де түсіп жарылып жатқан снарядтар бар еді. Окоп-блиндаждарға орналаса бастаған жауынгерлер подполковникті орындарынан тұрып қарсы алып жатты. Олардың кеуделері көтеріңкі: — «Жолдас подполковник, бұл мен!» дегендей болды. Немісті талқандап «Майскийден» алыстатып қуып тастағанына бәрі де қуанышты, көңілді еді. Подполковник әлі де әр жерде жүріп жатқан атысқа, түсіп жатқан снарядтарға да көңіл аудармады. Ақ халатының етегін жел көтеріп, әр жерге тоқтай түсіп тартып келеді. Чайковскиймен бірге Жексен де Ванниковқа қарсы жүрді.

— Жолдас Чайковский, — деді подполковник, — бекініске тез орналасумен бірге, зеңбірек, минометтерді тез орналастырыңыз. Танкіге қарсы атылатын қаруларды күдікті жол тораптарының аузына орналастырыңыз.

— Орындаймын, жолдас подполковник, — деді Чайковский. Сөз арасы аз үзіле қалған кезде Жексен рапорт берді.

— Жолдас подполковник, I батальоннан, автоматчиктер взводының командирі Бекмұханов!

Ванников жалт бұрылды. Күлімдей түсіп аз үндемей қалды да:

— Бекмұханович, — деді, — автоматчиктер жақсы ұрысты. Олар бұйрықты дер кезінде орындады.

Жексен тыри етпестен әлі тұр. Ванников аз ойланып, шешім байлауын тез жасады.

— Бекмұханович, мен сізді ұзақ сапарға жұмсаймын, жаудың тылына барасың. Жанды жерлеріне күтпеген жерден соққы бер, жолын бөге, бұнымен бірге барлау жұмысын да қамтыйтын боласың. Қазір қайтып демдеріңді алыңдар, кешке аттанасын, — деді.

Подполковниктің байыппен айтылған қысқа сөзінде сенімнің үні сезіліп тұрды. Жексеннің көз алдына қараң-

ғы түн, қатты боран, дүлей үскірік, ну орман елестеп, ұзын жол көлденеңдеп түсе кетті. Бір топ жауынгерлерімен қақ жарып жол салып бара жатқан сықылданды.

— Жолдас подполковник, дайындалуға ұрықсат етіңіз!

Жексеннің мұндай зор бұйрықты орындауға топтың ішінен таңдалғандығы бойына қуат, күш бітірді. Ардақталғандығына көзі жетті.

Подполковникті жанындай жақсы, нанымын қасиетті көрді. Жанына кімдерді ерту керектігі де ойына сап ете түсті.

— Мүмкін, онда партизандармен ушырасарсыңдар, — деді Чайковский — біздің әкей сол жақта болса керек еді, хабар жоқ.

— Мүмкін, жолдас капитан...

Мүмкін дегенде Чайковский тоқырап қалды. Оған Жексен бар сырын білетін адамдай болып көрінді. Бір хабардың сарынын құлағы шалғандай артынан кешке шейін көз айырмады...

---





## ІІ ТАРАУ

### *Қызырда*

Анна Ивановна сыртқы есікті ашпастан бұрын жуынды күйылған шелегін кейінірек қойып, екі иығын тонына сұғылыстырыңқырап түймесін салды. Содан кейін ғана сңалдымен есіктің бұрауын жазып, жібін шешті. Маңдайша мен табалдырыққа жеткенше салынған жуан-жуан ілгектерді есікті тартып тұрып, сартылдатпай ағытты. Құлағын салып аз тыңдай қалды. Артқы көшеде ғана жүрген дыбыс естіледі. Бері келе жатқан сықылданады. Әлден соң сырт жақта терезе қағылып айқайлаған дауыс естілді.

Анна есікті ашты да бөгелместен жуынды төгетін орынға қарай аяңдады.

«Қызыл Октябрьдің» осы шығыс жағында екі жүз метрдей жерде қалың орман бар еді. Бұтақтарына шейін үлпілдек қар жамылып, үн-түнсіз мүлгиді. Ағаш түптері әр жерде бұйраланып томпыяды. Астында біреулер жасырынып, бүркеніп жатқандай, кей жерлерден қарайғандар көрініп, адам сықылданып тесіліп карап тұрған сықылды. Күн тұман. Шығыс жақ тіпті қоюланып келе жатыр. Жуындысын төгіп қайта оралғанда қаланың көп көшелерінің ұзын бойына көз жіберді. Көп үйлердің жанында березент жабулы зеңбіректерді де көзі шалды. Бүгін неміс солдагтары күндегіден көбейіп кетіпті.

«Қызыл Октябрь» станциясы кішкене қала болса да тоғыз жолдың торабы. Немістердің ең бір тіректі пункті болып тұрған-ды. Қала ішіндегі күндегі жоқ қару-жарақтардың бәрі осы түнде сан эшелон болып төгіліп тасталынып еді. Осы күштің бәрі Сталинград бағытын көздейтінін Анна жақсы білетін. Ол қадағалап көз жіберді.

Жаңа атқан таңда ызыңдаған аз жел бар. Тұман кей жерге қырғыстанып, жақпарлана шөгіп түнеп қапты. Кей жерлерде аз көтеріліп, астынаи тесік тауып, жел көтере үрлеп тұрған тәрізді. Қала қардың астында, мойнына шейін көміліпті. Мұржасы құлаған көп үйлердің аңкыйған терезелері қарды күндіз-түні жұтса да үңірейіп аржағынан сәуле көрінеді. Орталық көшенің көп үйлерінен көтерілген түтінді тұман тоқтаусыз жұтып та жатыр.

Сол жақтағы иесіз үйлердің шатырында қыйраған тақтайдың даусы шекеге дәл тигендей, басты зырк еткізіп айналдырып жібере жаздайды. Анна есік алдына келгенде бұрыштан атышулы Рейхнау шыға келді. Ол күніне бірнеше рет жүріп көшенің күндізгі-түнгі күзеттерін аралайтын. Үй-үйдің адамдарын түгелдей біліп тұратын. Аннаны көрді де:

— Неге шықпайсың? — деп ары бұрылып жүре берді.

Анна тапжылмастан оның артынан карап тұрды. Шелектің бауын қыса түсті. Тонының түймелерін тегіс салды.

Жақтары бір-біріне жабысып, тістері қайралып тез-тез демін алды. Тесіле қадалған сайын қабағы кең ашылып, баса ораған қара шәлісінің шетінен бірнеше маңдай шаштары сусып шығып тұрды. Рейхнау екінші үйдің терезесін қаққанда басын қыйсайта түсіп тындап барып, үйіне кірді.

Төргі үйде пеш үстінде жатқан анасының:

— Анна, Анна! — деген әлсіз қырылданқы дауысы естіледі. Шелегін орнына қойып, төргі үйге кіргенде анасы ескі ала көрпесінен тарамыстары адырайған арык аяғын төмен салбыратып жіберіпті. Саусақтары бунақ-бунақ, ұзарып кетіпті, тобығы домаланып, жіліншігінің терісі қуырылып сыйдйып, тізесі алжа-алжа боп бәрі бөлек қалыпты. Омырауы ашылып, тамағының шұңқыры ішіне түсіп, төс сүйегі қозғалып кетсе опырылып кететін сықылды. Төменгі негі салбырап, аузы ашылып



дірілдейді. Екі ұрты ішіне кіріп бүктетіліпті. Самай шаштары шұңқырға шыққан тақырауыттың шебіндей әрі құп-қу әрі сирек, төбесінің көп жерінде шашы түсіп қалыпты.

Тек қатпарлардың астында жатқан көзі ғана сыртқа теуіп адырая қалыпты.

— Тағы да терезенің көзін сындырып кетті, бірдеменен тығында, ол сұмпайы қуаяқ неге келді?

— Оның келіп кеткені жақсы болды.

Шешесі үндемеген қалпында киініп болып, ауызғы бөлмеге шықты да төсектегі жатқан жиенінің жанына келді.

Анианың күйеуі финляндиямен болған ұрыста қаза тапқан-ды, өзінің екі ағасы майданда, туған шешесімен бірге жүріп жататын. Бес жасар баласы ауырғалы бірталай күн болды. Дәрігер де, дәрі-дәрмек те жоқ. Ауруға беретін бір ғана картопияның суы, одан басқа қорек те қалған жоқ-ты.

Ана жатқан баланың бетіне қарады да отырды. Бала екі нығынан демін тез-тез алды да, әжесіне көз салып ыңырсып жыламақшы болды. Бетінің терілері кейін жыйырылып, еті қашқан тістерінің арасы үңірейін ақсыяды. Шидей қолын көтеріп еді, саусақтары жыйылмады, үзіліп түсіп қалатын сықылды. Тек сілкіп қалса, саудырап ұшып кеткелі тұрған секілді. Тұлабойындағы үлкен жері—басы. Басын кеудесі көтере алатын да көрінбейді. Жұлындарына ғана ілініп тұрған мойын зорға дегенде аударып, төңкеріп жылжытады.

— Әже нан,—деді бала. Беті, қолын жуып болған Анна пештің аузын ашты да піскен бір үлкен картопияның сыртын орамалмен сүртіп пышақпен ортасынан бөліп, ұсақ тұздан ептеп септі, қайтадан қолымен беттестіріп біріктірді де, әкелін баланың қолына ұстатты. Бала шетінен бір тістеп алды да, тез-тез шайнады. Еріндері қағып ұстай алмай, бір ұртынан үгітіліп түсіп жатты. Бала сүйсініп жемеді. Ол зорға жұтынды. Бар денесі әлсіреді. Суық өтіп ауырған бала еңсесі көтерілмеді. Картопияны жақтырмаған пішінде әжесіне қарап қыңқылдады да тамсануын қойып көзін жұмды, қайта ашты. Содан кейін барып кеудесі сырылдай түсіп, тыныстап жатты. Ана баланың басы аунамайтын етіп жан-жағын түйықтады да көрпесін кеудесіне жеткізе көтеріп қойды.

Екі қолымен тізесін басып, баланың әлсіреп барып жұмылған көз жанарына қарап отырды. Білегінен ұстап, бармағымен тамырын басты. Жүрегінің соғуы тіпті жиі, ал денесі салқын. Бұл әлсіздігінен болар деп ойлады.

— Сен енді бөгелме,—деді ана, сүйтті де баланың бетіне қарап қайтадан қызына қайрат бере өктем сөйледі:

— Бар-бар балам, хабарсыз болмасын, сырларын жеткіз. Өзің істескен жұмыстың тетігін, өзің білетін боласың.

Анна шешесіне қайырып жауап та берген жоқ. Сырты шоқпыт, іші жылы шалбарын киді. Бояуы кетіп ақшыл тартқан, жағасы мен қолтығының асты әлі де қап-қара қысқа тонын да киді.

— Бар!—деді ана тағы да зілді дауыспен. Анна төсектің аяқ жағына келіп жатқан баласына біраз қарап тұрып еңкейіп төңді. Содан кейін барып мандайынан сүйді де, тік түрегеліп түзу тұрды. Қолқабын біресе киді, біресе шешті де, адымдай басып есіктен шықты. Бодамдағы қысқа кендір арқанын беліне мықтап буды, сыртқы есікті ашарда жүрегі дүрсілдеп, біреу шап беріп ұстай алатындай көрінді.

Табалдырықтан аттағанда бір ысып, бір суыған дене тас болып қата қалды да, бетке тиген суық жел желпіндіргендей рух берді. Анна тоғай арасымен отын әкелуге аттанды. Бұл негізгі мақсаттың басқышы болып саналатын-ды.

Ол енді артына қарамады. Жеделдей басты.

— Қайда кетіп барасың, қайт—деп, солдаттар ақырып мылтықтарын кезеп жатқандай да көрініп кетті.

Айғай-шу бәрі құлағына дабырласып жамырады. Бірақ осының бәрі көңілге көрінген елес қана болатын. Әлі де арттан жат дауыс естілмеді, тек «қайда барар екен» деп бұрыштан баспағып тұрғандар бар секілді. Аяғын ілгері басқан сайын есікті жабардағы:

— Жолың болсын, қарағым!—деген ана сөзі қайталап айтылып, қайратқа жігерлендіріп тұрғандай.

«Тез, тез» деп шақырғандай орманға кіріп, жүрегі орнына түсіп еді. Біреу басына киімді жаба салып жерге алып ұрды. Абайсызда жығылып кеткен Аннаның қолы оның иығына тиіп, өзімен бірге ала түсті. Олардың екеуі де көбік қарға жоқ боп кетіп, жүзіп шығып қайта жағаласты.



Тұншықтыра басқан жуан қол Аннаны мегдетті, басы төмен тұқырып астына айналып еді, Аннаның да қолы жан-дәрмен оның алқымына жабысқанда ол сылқылдап күліп жата кетті.

Кімге жорырын білмеген Аннаның жанында барлаушы партизан Михайл Львович жатыр.

— Зәрең ұшқан-ақ шығар! Қорқып үйрен,—дейді.

Ентігін басып, басын шайқаған Анна күлімдей түсіп, оған қолын ұсынды.

## II

Қаланың ортасындағы көрнекті қоңыр шатырлы үйдің алдында қарулы неміс солдаты тұр. Оның жанында егде тартқан үш әйел қарды күреп тазалап жатыр. Қар екінші үймен барып жалғасқан екен. Әйелдер қарды омырып-омырып бір жерге төбе етіп үйді де, ағашқа байланған кендір арқанды екеуі мойнына ілді. Бірі артқы тік ағаштан ұстап итерді. А деп қозғап жібергенде артқы әйелдің аяғы тайып кетіп, ағаштан ұстай алмай, етпетінен күрс ете түсті.

Бар салмағымен қатты жығылған оның аузы тақтайдың қырына тиіп, күрек тісін омырып, төменгі ернін жаншып алды. Қан саулап қар үстіне ұйып-ұйып қалды. Шұбатыла аққан қан оның жүрегін тіксіндірді. Өз қанына өзінің қарағысы келмеді, жатқан бетінде көзін жұмып, қарды ұыстап алып аузына басып еді, аздан соң қар, қанмен бірге еріп кетті.

Жатып қалған жолдасын көрген екі әйел жалма-жан, мойындарындағы бұғалықтарын сыпырып тастап, оны екі жақтан қолтығынан көтеріп тұрғызып еді. Дірілдеп бұыншын баса алмады. Сынған тіс қақсап, суық тиген сыйын басты зырқыратып ап кетіп барады.

— Аз отыра тұрайыншы,—деді әйел, жолдастары қайта-қайта қар басса да, бірақ қан тоқтамады. Аға берді, көп аққан қан үңгіп жерге сіңіп те жатты. Оның басы айнала берді. Көзі қарауытты, әлсіз дене тіпті ауырлап қалды. Жанындағы әйелдің бірі басына тартқан орамалдың шетінен айырып алды да, аузын баса таңып желкесінен байлап еді.

— Әй қаншықтар, бірінді-бірің жалағанша тұрындар!—деп солдат шығынан алып кезеп ұстаған бетін дө

жүріп келеді. Солдат бұлардың жанына жеткенше ақырып, балағаттап келе жатты.

— Ол төбет келеді де талайды,—деді, арқан тартқан әйелдің бірі. — Бұған қазір қылышың өтпейді, жүріндер.

Солдат жанына келгенше аузы, басы қан-қан болған әйелдің денесі селкілдей түсіп, жалаңаш қолымен қарды уыстап қысып, саусақтарының арасынан суды тамшылатып, екі аяғын бүгіп, шынтағын кейін серпе түсіп, ызаланып барып, жолдастарының сөзімен тоқталып қалды. Қадала қарап барып, ағашынан ұстады. Тағы да олардың бастары жерге аз-ақ жетпей мықшыйып тартты.

— Сова! — деді де, солдат қарқылдап тұрып күлді.

Ол әйелдердің аяқтары тайғанап, шамалары жетпей, бақайшақтары майысып мойындарын арқан қыйғанын мазақ етіп күлді. Қорлап, кемітіп күлді. Немістер өздері тұратын үйдің маңына қар жатқыздыртпай тазалатып отырады. Бір ол емес, көшелердің арасындағы қарларды да аударыстырып, төңкерістіріп блиндаж да жасаттырды.

Олар партизан шабуылынан қатты қорқады. Сондықтан күні бұрын сақтанып, маңайларын алаң-ашық етіп, кедір-бұдыр тастамайды. Солдат сигарын тартып қайтадан есік алдына келгенде, есіктердің сартылдап ашылып, жабылғаны білінді.

Күзетші солдат сасып қалды, өзінің күзет орны, үйдің бұрышына таман ұмғылды. Ол үлгіре алмай қалды. Шинелін бос жамылып, кителінің түймелері салусыз майор Борман шыға келді.

Солдат амандасқанша болған жоқ, ол өзіне шақырды.

— Сен орыстың есігінің күзетшісі емессің, істет!—деді майда қолын шинелінің ішінен сапыдай суырып алып, қарды тазалап жатқан әйелдерді нұсқап.—Тез бітіріт істемегінін, осы қардың арасына біріне-бірін көмдірт.

Солдат тездете басып әйелдердің қасына келді де:

— Бір сағатта бітірмесеңдер өздерің жататын жерлерінді де қаздыртамын,—деді. Әйелдердің ешкімі де қайта жауап қайырған жоқ. Үсті-бастары қарға батып, қолқаптары су болып қақыйып қатты. Ескі жыртық пималары қарға толды. Мандайларынан тер акты. Тандайлары қапқан сайын қарды домалақтап алып ауыздарына тастап, қар суын жұтты.



Беттерінің тері бұрқырап, әлсін-әлсін қырауытқандай болады. Олардың әрқайсысы солдатқа кезек бұрылып қарасады. Тістерін қайрап, жұмырықтарын түйеді. Іштегі кек алқымдарына тығылып өздерін буындырып жібере жаздайды.

Әйелдер қарды әбден тазалап болған кезде солдат сменасынан ауысты. Бұл да осы маңайдың бәріне өзінің қанішерлігімен майор Борман қандай белгілі болса, сондай белгілі еді. Борман өзі бармайтын жердің бәріне де осы Рейхнауды жібереді.

Бұл оның айтқанын екі есе етіп орындайды. Шаш алатын жерде бас алып, бұйрығынан бұрын мылтығы жүретін.

Ерсілі-қарсылы үш үйдің ең төрінде Борман тұрушы еді. Рейхнау түнде түнімен сыртқы күзетте өзі жүріп, болған өзгерістің бәрін таңертең кеп баяндайтын. Тығыз бұйрықтарға құлақ түріп, сұрап білетін. Осы бүгінгі келуіне себеп болып кеткен бір жағдай аяқ астынан шықты. Кухняда Борманға дайындалып жатқан тамақтың исі танауын жарып барады. Ол көптен бері мал еті түгіл, тауық етін де жеп көрген жоқ. Үй-үйлерден тінтіп тауып алынған құс етін Борманның өзі ғана істетіп жейтін еді. Ыстық сорпа Рейхнаудың кенезесін кептірді, күні бұрын тамсанды, ішермін деп ойлады.

Майға қуырған картоп пен еттің исі тіпті сілекейін шұбыртып жіберді. Солдаттар бөлмесінен шығып, ауызғы үйде тапжылмастан тұрды. Сүйірленіп біткен қонқақ танауы таңғы тамақтың жақсы иістерін тегіс жыйнап алды. Аузына жыйналған сілекейін дамылсыз толғап жұтты. Қарсы есіктегі пісіріліп жатқан тамақ шыжылдай түсіп, оны шақырып тұрған сықылды еді. Борманның бөлмесінде жүрген тықыры есікке келе жатқандай көрінді. Рейхнау сасып қалды да өкшесін еденге тигізбей, аяғын ұшынан басып, тездетіп кеп есікті тек сұқ қолының сыртқы буынымен ғана ақырын тықылдатты.

Борманның ұрықсат еткен даусы шыққан кезде есікті ашып кірді де:

— Майор мырза, не бұйырасыз, сіздің ұлы дәрежеңіз үшін әзірмін!— деді. Рейхнаудың сөйлегенде екі езуі ілгерілі-кейінді ашылып-жабылып, түсіп қалған оң жақтағы үстінгі азу тісінің орны үңірейіп тұрды. Пышак жанығандай құп-қу жағының құрысқан терілері аумақтала жыйырылады. Аузы жұмылғанда төменгі ерні жалақта-

нып жарылып, астарын көрсетіп тұратын. Танауының ішіне шыққан түктері тіпті сояулап, далада болса мұзды мұртымен сүйірлеп қатырып аздан соң демалуды үзілді-кесілді тыятын. Мыңғырлай сөйлейтін. Басы сопақша келген ұзын, екі беті жүкті әйелдердей тарғылданып, секпілденіп жүретін.

Сақал-мұртын күніне қырып-тұқылдарын жұлып тастайтын.

Тек танауының ішінен шығып тұратын түктерін қасиетті көріп, қолын тигізбейтін. Ашуланғанда танауы кең ашылып, жыртқыштар паналайтын, қыйын шатқалды еске түсіретін. Көз бітісі дөңгелек емес, ұзыншақ, қабағы жабылып, ашылғанда бір ұшы құлағына шейін созылған қыртыс бірге жыбырлап қозғалушы еді. Ұзын бойлы кеудесі еңкіш біткен, бірақ белі жіңішке, тек басын ұлы жыландай шалқақ ұстайтын.

«Қанішер, жыртқыш, барып тұрған зәлім»—дейтін оны.

Ол осыдан бірнеше күн бұрын той жерден блиндаж қазып, түске шейін бітірмегендігі үшін бірнеше әйелдердің балаларын әкеліп ішіне тастап жіберді.

— Балаларың осының ішінен кетпейді. Өлмесін десеңдер: блиндажды 2 метр етіп тереңдетіндер, — деді. Өзі, мылтығын ұстап жанында отырды. Сол күні, үш бала үсіп өлді. Рейхнау осы бұйрықтың бәрін Борманнан алса да асырып орындайтын.

Далаға жаңа шығып келген Борман кителін шешіп, сақал, мұртын алып, шар айнаның алдында отыр. Рейхнауды алдындағы айнадан көрді де, артына бұрылған жоқ.

— Отыр, — деді.

Үй іші айнала диван, кресло, салулы төсек, ортадағы стол үстіндегі радионың жанында телефоншы отыр, оның басқа ешкім де жұмысы жоқ. Төбесін баса құлағына радиосын киіп алыпты. Алдындағы аппараттың кнопкасын анда-санда бір басып көзін аз жұмыңқырап тұрады да, қайтадан ашып өзімен-өзі болып отыр.

Борманның шашы өте ұзын, артына қарай тарап тастапты.

Екі щекесі кушық, көзі маңдайына тақау біткен, қабағы өте жұқа, көзінің қозғалғанын білуге болады.

Танауы өте үшкір, әрі ұзын, маңдайынан тура түскен тамыр бір де жасырынбайды, көкшіл тартып көрі-



неді де тұрады. Еріндері жұқа, еті қашып терісі ғана қалған сықылды. Бет сүйегі, алқымы ешқашан да жұмырланып көрген емес. Семіріп, арықтағанын да біліп болмайды. Мұртын жіберіп барып, үстінен қайшымен қырқып тұкылдап тастайды. Бірақ мұрты өзіне жараспайды. Сары аузына шыққан бір ыңғайсыз түк тәрізде-неді. Шұнақ құлағының ішіне шыққан жүндері ереуілдеп барып бүктетіліпті.

Ашық майкасының омырауынан: төсінің шұңқырына шыққан түгі бұршақ соққан шалғындай бей-берекеті кетіпті.

Тұрпатсыз, денесі суық, адамдық сезіну, ойлау кейіптері сыйып тұрарлық жерді қарастырған жанның өзі де сезіктеніп түңілер еді. Борман төменгі ернінің астындағы шұңқырға толып, өсіп қалған қылтанақтарды отап тастады да, бетін орамалмен сүртіп-сүртіп шашын тарады.

Ол соғыс басталғалы майдан шебіне жақын тылда коменданттық қызмет атқарып келеді. Бір ғана онымен жұмысы біткен емес, жай халықты еріксіз бағындырып, тәртібін орнату, майдандағы әскерге тамақ, киім тауып беру болды.

Майданның алдыңғы шебіне әкеліп жатқан әскерлерге жолды тазартып береді. Жолдың қауыпсыз екендігі үшін күман беріп, аттандырып салып қайтады. Борман осы қызметімен талай мемлекеттерде болды. Чехословакия мен Польшаны, Болғарияның жазықсыз көп халқын қан қақсатты. Бірақ, зұлым, қанішер бір жерде тұрақтап көп тұрмайды. Тұрғызбайды да, көшпелі кісі өлтіргіш ұмытылмас қазаны үйіп төгеді де тайып тұрады. Оның көптен бергі сырлас досы Рейхнау, бұл екеуі Брест қаласында, бірі Шығыс Пруссиядан, бірі Чехословакиядан келіп, түйісіп, жұптары әлі жазылмай келе жатыр еді.

Борманның сөзін Рейхнау қостай жөнелді.

— Ұлы мәртебелі майор мырза, сіздің сәулеңіздің арқасында әлі ешбір кемшілік көрген емеспін. Әлі де көп күтетін жақсылығым алдымда ғой деп білемін.

Офицердің бір жағы мақтанды, көтермелеуді сүйетінін алаяқ Рейхнау жақсы білетін.

Майор кителін киіп, погонын сүртіп жалтырата түсті де сигарын тартты. Жұқа еріндері майысып, сигарды дірілдете түсіп қысады.

— Осыдан біз Сталинградка барып орналасатын боламыз. Генералдың айтуына қарағанда сондағы құрылатын коменданттың мен бір мүшесі болып бекітілдім.

Кейін шегініп барып диванға отырған Рейхнау орнынан ұшып тұрып келіп Борманның қолын ұстап кеудесіне басты.

— Сіздің мәртебеңіз Сталинградка менің де қолымды жеткізетін болар деп сенемін. Ал біз онда кашан болмақпыз, күн мөлшері кашан?

— Енді алпыс күн дегенде заводтарының ең болмағанда түтінін көретін болармыз.

— Түтінін көрсек Сталинградты алдық емес пе, майор мырза?

Борман сигарын тартып өз креслосына барып екі аяғын көсіліп жіберіп айқастыра салып, шірене түсті.

Ол Москва түбіндегі неміс армиясының жеңілгенін, Тихвин, Калининнің азат етіліп, ол майдандардағы күрделі жеңілістерге ұшырағанын бір ыңғайсыздықтан болған деп біледі.

Неміс армиясы жеңіледі деп көңіліне де алмайды. Оған өзінің сенімі жетеді. Ондағы ой жалғыз өз мәртебесі болатын. Біраздан бергі оған бекіп қатқан ой Сталинградты алған күні соның комендатурасының қатарында қызмет істеу. Борман Рейхнаудың сөзіне бас изеп ишарат етті де:

— Сталинградты алсақ Россияны түрегелтіп тұрып бауыздағанымыз, — деп тоқтады. Бағанадан ешбір сөзге құлақ қоймай отырған радист солдатты Сталинградты алу ойландырды. Ол осы өткен жазда Смоленск, Ельня түбіндегі ұрыстарға қатнасып жараланып жазылып майданға тікелей жарамай тыл қызметіне қалдырылған болатын. Ол зеңбірек даусын естісе денесі қарадай дірілдеп, Ельня түбіндегі Қызыл Армия жауынгерлерінің берген соққысы есіне түседі. Москва түбіндегі ұрыс хабарлары тек еміс-еміс кана естіледі. Көп ұрыстардың куасы болған ол өз қолына әлі мылтық ұстап атакаға бір кіріп көрмеген мыналардың әңгімесіне не дерін білмеді. Ұрыстың өзін жетпіс күнде бітеді деп бір естіп еді, оған қанша уақыт өтті... Ол ойланды, тіпті ойлай берсе жүрегі айныйды. Үйінде болмағанның өзіне алты жылдан асты. Алпыс күн де алыс болмас еді. Түтіні түгіл, үйлерінің терезелерін көріп отырмыз деген Москва қайда? Ол алпысқа алпысты қосты, май айын



тудырды және алпысты қосып көріп еді, алты ай болды.

Радист алтыдан әрі бармады. Жер астында болса қазып, жер үстінде болса жетерміз деп ойлады. Бірақ бұл жорамалын Борманға айтуға батпады. Тек қайта-қайта жаутандап еріні жыбырлай түсіп, екеуіне кезек жалтақтады.

Дәл бүгін арманына жетіп Сталинградта отырғандай болып, Борман екі қолын креслодан салактатып көзін сығырайта түсті де аяғын тез жыйнап алды. Сырт еткізіп, бір аяғын екінші аяғының үстіне лақтырып тастады.

Осы кезде таңғы тамақтың дайын болғандық хабары келіп жетіп офицердің ұрықсаты бойынша осында әкелінді.

Тамақты бір әйел жасайды. Оның жанынан күндіз-түні бір күзетші де кетпейтін-ді.

Майға қуырылған картоп пен құстың еті қойылғанда радист үйден шығып кетті. Тек Рейхнау екі аяғына кезек қарап, ана-мынаны шұқылап отыра берді.

Әдетте Борман тамақты ылғый жалғыз ішеді. Онда солдаттар да отырмайды.

— Рейхнау-ау-ау! — деді табаға иегі аз тимей көзін шалқайта қадап. Оның алдына бір-екі бөлек ет пен нан-ды сырғытып қоя салды. Екі стаканға ортан белінен арақ құйды да бірін оның алдына қойды.

Рейхнау орынан атып тұрды да:

— Майор мырза, сіздің мәртебеңіздің биік болуын тілеймін!—деп келіп орындыққа отырды.

Аңсары ауған тамаққа аузының тигеніне ол да қарты көңілденді. Ұзын саусақтары бірнеше бүктетіліп шанышқыны алды. Кенезесі кеуіп, жалмап жатты.

Рейхнаудың қоққақ мұрнына Борманның көзі түсті. Ол бүгін ғана байқады,—тіпті өрескел биік. көлеңкесіз ұзын екен. Және шайнаңдағанда екі шекесі бірдей тыным таппай селкілдеп, қалшылдап тұр.

Борман бұған таңданғандай қарады да сұрай бастады:

— Сен бүгін неге өңсіз отырсың.

Офицердің көзі өзінің бетіне қадалғаннан бір нәрсе сұрайтынын Рейхнау да аңғарған еді.

— Майор мырза, сіздің мәртебеңізден, үміт күтемін.

Осы кезде есікті қағып күзетші солдаттың бірі келіп жірді де:

— Анна жок,—деп баяндады. Аннаны қар аршу жү-

мысына шақыртқан Рейхнау болатын-ды. Бағана ол деревня адамдары түгел деп Борманға баяндап еді. Енді қысылып кетті.

Көзі шатынап стаканды уысына қыса түсті. Борманның екі ұрты біртіндеп жыбырлай түсіп, толып кетті. Жұқа еріні ашылып, жабылды. Көзі қанталап аларып, жасаурай қалды. Арақ күйюлы стаканды алды да бір езулеп тарта салды. Не тамсанып, не ашырқанып жұтынған да жоқ, тек шеке тамырлары адырая түсіп, беті көкшіл тартты. Екі білегінің де қарын столға тіреп еді, саусақтары селкілден төмен түсіп жұмылып, жұдырығы түйіліп қалды. Рейхнау сазырайған қалпында стаканды босатып, тағы да, ілгерілетіп қойды да:

— Жок... — деді даусын соза түсіп, төменгі негі дірілдеп. Борманның көзі шарасынан шығып, Рейхнауға қадалып қалды.

### III

Күн батар алдында Ефросинья Ниловна пешке от жақпақ болып ауызғы бодамға шықты. Бодамның іші ала көлеңке, есіктің оң жағындағы қырау басқан терезенің алдынан жүзі бірнеше жерден кетілген, ұзын жіңішке пышақты қолына алды. Терезенің жарығына ұстап жүзіне бас бармағын жүгіртті де есікке келіп құлағын түрді. Біресе терезеден көтеріліп қарамақ та болды. Бірақ ешбір дыбыс білінбеді. Ешнәрсені көре де алмады. Ол Аннаның кешіккеніне тынышсызданды. Келе ме дей-дей, әбден зарықты да аландай түсіп от жақпақ болды. Отын жаруға балта да жоқ болатын. Ондай суық қарулардың бәрін де немістер жыйнап алған-ды. Отынның қу, тез жататынын да сыпырып әкеткен-ді. Талай жылдан бері жатқан жуан бөрененің бірнеше кесінділері бар еді. Ефраксиня қолына пышағы мен қысқалау бір жуан білік темірді алып ағаштың жанына келді де тұрды. Қай шетінен бастап жару керектігін ойластырды. Пышағына бір, жұқа қолқабынан суығы өтіп, қарып бара жатқан білік темірге бір қарай түсті. Екі тізесін баса ағаштың үстіне отырды да, ең шетін ала пышағының жүзін қадады. Үстінен темірмен ұрды.

Дамылсыз қыймылдап жұмыс істеген ананың арық қолы тез қалжырады. Мандайынан тер де шықты. Аздан соң бар денесі бусанып, жауырынының ортасына дымхыл тартқан көйлегі біресе сұп-суық болып, біресе қызу-



мен баттаса арқасына иленді. Кезек-кезек жеңімен маңдайын сүрте түсті. Кірі сауыс болып қатқан жеңі қатпарлы бетіне мұздай тиді. Суық тер аққан бетін тырнап, сыйпап, сыдырып өткенде, маңдайынан жел салып қалгандай болып денесін тітіркентті.

Біраздан кейін қолы әбден талып, діңгек темірді зорға көтерді. Пышақтың кейде сыртын салып жүзін ұрып жапырып та алды. Өнбойы қалжырап тоңазый бастады. Аяғын қонышы жоқ ескі пимасының басы қысқандай болды. Содан кейін барып жарғандарын алды да бүкшеңдей түсіп үйге кірді. Ескі оны-мұны тығылған терезенің көздерінен қатқан мұздың жұдырығы шығып, рамаларын сауыс болып қаптап, баттастырыпты. Жоғарғы көздерден еріп аққан тамшы терезенің алдына көлденең салған ескі киімін жылмайта қатырыпты. Ана сіріңкені үнемдеп күндіз пештен оттың шалаларын үзбеуші еді. Жуықпанда тұтана қоймады.

Усақ жаңқаларды салып үрлеп көріп еді, аузынын желі быт-шыт болып күлді бет-аузына қаптатты. Көзіне де түсіп кетті. Омырауына оттың ұшқындары шашырады. Ана «уһ»—деп демін алды да бір аяғын астына баса түсіп шалқайды. Аннаның келуін күтіп ол картоп та пісірген жоқ еді.

Әр нәрсені үнемдеуді ойлап тамақты бірге ішуге әзірлемекші еді, сыртта есік қағылды. Ефросинья селік етіп құлағын түре қалды. Анна келіп қалған екен деп бір тізерлеп қабырғаға сүйеніп орнынан тұра беріп еді. әлдекімдердің есікті жұлқылап, тарсылдата ұрып, дабырласып кеткенін естіді.

Ана бір қолы есіктің топсасында тапжылмастан тұрып қалды. Езуінен аққан сілекейді жеңімен бір сүртіп жіберді де кірпігін жиі қағып, кім екенін енді білді.

— Қанішер!—деді ақырын ғана. Сүйтті де тез-тез фуфайкасының түймелерін салып, есікті барып ашты.

Борман мен Рейхнау Аннаны сенімсіз адам деп, ең алдымен үйіндегі барын сыпырып алу керек деп үкім жасады. Тамағы мол дейтін үй де осы болатын. Аштан қатса саясат пен қыяңқылықтан безеді деп білді. Сол үшін Борман үкімін жүргізді. Рейхнаудың қолында асыл тартатын найза темір. Пистолеттің құлағын қайырып Ефросинья кеуденді аш деп бұйырды. Еріндері дамылсыз жазылып, жымырылып, кірпігі мүлдем жоғалып, қабағының астында жасырынып қапты. Үшкір негі ді-

рілдеп сол қолын артына қайырып тастап нысана көздеп тұрғандай оқталды. Солдаттар иненің көзінде де жер тастамай сығалап қарап, құлағын салып тыңдап, найзамен біресе піспектеп, біресе тепкілеп ақтарып, төңкеріп, шапқылап, қопарып, қыйратып бүлдіре бастады. Ана қысылмады. Фуфайкасының түймесін ағытып кеудесін де ашқан жоқ. Бойына бір жігерлі күш пайда болды. Өлім қауыпынан қорқуды да ұмытты. Анна болса үйде жоқ ендігі жүк өзінде қалып тұрған сықылды. Рейхнаудың пистолетінің аузы кеп тірелген кеудесі көңіліне сондай қатайып, оқ өтпейтіндей болып көрінді. Батылдығы үстеп, кек пен ыза құрыштай түсті.

— Атсаң ат!—деді зілденген ана, екі қолымен қайта-қайта кеудесін кейін кере түсіп.—Жетпістегі менің кәрі денемнен оғың өтпес деймісің, керек етсең турамышылап қуырып же, жас уыз ет іздесең әне!—деп төсекте жатқан баланы нұсқап көрсетіп қолын созып еді, Рейхнау қолдың қарынан салып жібергенде, қолы салбырап жерге түсті. Ана екінші қолымен оның жағасына жармасуға айналған еді, қолының сыртынан көтере қағып қалғанда, сыртқы терісі түгел сыдырылып қан сау ете қалды.

— Тырп етпе!—деп ақырды Рейхнау. Ана оған қарамады, жағаласты. Солдаттар тінтіп, тіміскілеп жүріп тауып алған төргі үйдің қабырғасының астынан қазылған шұңқырдағы картопты, бір пұттай ұн мен тұзды біреуі күлміңдей түсіп сыртқа шығарып жатыр еді. Қыйдаласып жағаласқан Ефросиньяға көңіл де аударған жоқ.

Төсекте жатқан баланы оны-мұнысымен бірге аударып кеп тастады. Тактайға сылқ етіп құлап кеткен баланың, жантәсілім берген белгісіндей, бір болымсыз қыңқ еткені естілді. Бірқатарға шейін дыбысы жоқ бои кетіп барып, тағы да үзіліп-үзіліп қыйналған жанының аянышты үні құлаққа келді. Көмекке шақырады, өлдім деп құтқаруды тілегендей белгі береді. Ұмтыл ана, құтқар, ұмтыл деп біреулер айқайлағандай болып кетті. Солдаттар картопияны қаптап, ұнды сыртқа сүйреп алып шыққанда ананың көзіне үйдің іші түгел өртеніп бара жатқандай көрінді. Көз алдында жалын лапылдап тегіс жалмап ап кетіп барады. Осы үйдегі ауруға ем, ашка тамақ, дертке шипа, көңілге ток, жауға құрал; тілекке тоқтау—жау қолына түсіп жұтылып барады.



— Анна-а-а! — деп дауыстады, бірақ ешкім жауап бермеді. Тапқан олжаларын сүйрелеп бері есікке ұмтылды.

Ефросиньяның қолы Рейхнаудың жағасына мықтап тұрып жабысты. Осы кезде Рейхнаудың жуан саусақтары ананың қурап тұрған шашына да байланды, бір уысын жұлып ала жөнелді.

Ефросиньяның қолы әлі де Рейхнаудың жағасында байланып кетіп барады, жұлқыса, тартыса сыртқа шығар ауызға да жетті.

— Анна-а-а!

Табалдырықтан түсе бере Рейхнау ананы пистолетінің дүмімен дәл шекеден бір салып еді, Ефросинья екі бүктетіліп табалдырықтан қар үстіне құлап түсті...

#### IV

Ұзақ күнге тұман ашылмады. Қайта кеш бата қоюланып шөге түсті. Желдің әлсіз үрлегені де біржолата тыйылған. Тек бетке ұсақ, дымқыл ұшқындардың тигені сезіледі. Сындырып алған қу шөпшектерін арқалап, қарды омбылаған Анна қаланың шетіне кіре аяғын жеделдей басты. Ойындағысын орындап қайтқанына көңіл хоштанып, енді алдында қауып жоқ сықылданып көрінеді.

Анна өзінің темір жол бойында қызмет істейтін достарынан жасырын естіді де, осы түнде оқ-дәрі тиеген жау эшелоны келетінін партизандарға хабар етті. Қалаға төгілген жау күшінің мөлшерін баяндады. Бәрін де айтты. Өз қуанышын шешесіне жеткізуге асықты. Анна жанжағына бұрылған да жоқ, жеделдей басты. Оның көз алдына хал үстінде жатқан баласы елестеді. Бөбегі әрқашан да өзі бір жақтан келгенде, қыңқылдап жыламақшы да болатын. Еркелеген белгі беріп, қолын шешесінің мойнына салып, емшегін аймалап мауқын басатын. Содан соң тағы да көзін бір ашып, бір жұмып, сұлық жатушы еді. Ефросинья Ниловна сыртқы есіктің табалдырығы үстінде күтіп тұрып, есіктің бар ілгектерін түгел салып болып:

— Шаршадың-ау, қарағым, — деп үйдің есігін өзі ашып, енгізуші еді.

Үйді түгел тонап, Ефросиньяны ұрып жығып кеткен Рейхнау оларды сыртынан бақылауға солдат қойды. Солдат Анна келгенше ешкімді жолатпады. Көмекке келген адам болса, ұстап алып жазаға тартуды бұйырған.

Анна әдеттегісінше үйіне асыға келді. Бүгін күндегідей емес. Бір-екі үйден көрінген қария адамдар Аннаға есіркеген кейіп білдірді. Бәрі де тесіле қарап үндемей тұрғанның өзінде де бір жат хабардың белгісін бергендей. Кейбіреуі есігін жаба, басын қылқыйта, қарайды да жан-жағына жалтақтай түсіп, тез жыт дегендей болады. Қолын сермеп, жүздерінен кейістік төгеді. Анна сезбеді. Алдын қыйыстап өтіп солдат кетіп бара жатты. Жемтікті торыған қасқырдай анадай барып жан-жағына қарап тұрды. Анна тездете басты. Оның денесі бірысып, бір суып көзі қарауытқандай болды. Құлағына баласының жылаған әлсіз дауысы келіп, шесесі: «Анна-а-а!» деп шақырып тұрған тәрізді. Өз үйінің бұрышын жалдап түскен қар бар еді. Соған шыға келгенде төменгі топсасы шығып, шалқасынан жатқан есігін көрді. Жоғарғы жағы үңірейіп, жүрекке суық сезім салды. Сыртқы табалдырықпен жарыса, құлап жатқан анасының аяғын көргенде, «апа» деп отынын тастай ұмтылып еді. Қатып қалған пимасы тайып кетіп омақаса жығылды, домалап барып, қайта түзеліп анасының жанына кеп жетті.

— Апа-а-а! Апатайым! — Басын алдына салып бауырына басып құшақтай түсті. Қар үстінде екі сағаттан аса жатқан ана, ең алғаш жылжығанда талып, көп уақытқа шейін есін білген жоқ. Өзін-өзі енді-енді болжай бастаған кезде ғана қызы келіп үлгірді. Басын жерге қандай құлаған еді, шашы жұлынған, төбесіне қар араласқан қатып, шашымен араласып байланысып қапты. Шалысы жауырынынан түсіп, астыңғы беті қарды ерітіп, мұздақсыған таңбасын қалдырыпты. Жастана жатқан құлағының шет-шетін үсік шалып ақ жұлықтапты. Сол көзі шекесімен түгел жұмылып, ісіп кетіпті. Анна анасын көргенде алқымынан біреу буындырып, көзінен жас шығарып жібергендей болды. Буын-буыны дірілдеп қалтырай түсті. Айналасы біресе қып-қызыл боп канталап, біресе қап-қараңғы түнек басқандай. Үсіп, жаурап бара жатқандай денесі қалтырап, иегі-иегіне тимей кетті. Тұманды күннің кешкі сәулесінде айналаны тіпті анық көрді ол. Бәрі де бадырайып мен мұндалап тұр. Көңілге қорғаушы күштің дүбірі алыстан естілген сықылданады. Орман, тіпті, жақындап тұрып көрінді. Сапта тұрған солдаттай команда күткендей анталап тұр.

Әуелде шошып қалған Анна, аздан соң ойын жый-



нап, анасын сүйемелдеп үйге кіргізді. Апыр-топыр бірінің үстіне бірі шығып жатқан үйдің іші, бәрі де астанкестен. Балтаның жүзі тиген үй қабырғасының сыланған топырақтары үгітіліп жерге түсіп, іргелерді көміп шөменіп қалыпты.

Анасын өз төсегіне жатқызып, төңкерулі бала жатқан төсекке келді. Киіммен бүркелмеген басы жеңіл ғана жабылғандай, бір қолы ашық, тоңып қалыпты. Тырнақтарының қызылы қашып, саусақтары өте бозарыңқы тартады. Баланы төсегіне қайтадан жатқызды. Кеудесі сырылдай түсіп, тізелері тіпті жазудан қалыпты, кезерген ерні қуарып, жұқа-жұқа қабыршақтар пайда болып, екі езуінде болымсыз ақжем болған белгі бар. Маңдай тістері ақсыйып, арасының еттері суға салған өкпедей бозарып, қаны қашыпты. Анна пиаласы жоқ кішкене шамның түтінін будақтата түсіп, баласының бетіне қарады да отырды. Көптен кейін, бала көзін сығырайтын ашып шешесінің бетіне тесіле түсті.

— Володя, мен, мен! — деді Анна. Бала танығандай болды да бір ыңырсып, еріндерін жұмбастан тағы да көзін жұмды.

Анна баланың жастығын көтере түсіп, іргесін тұйықтамақ болып еді, көзінің бір тамшы жасы баланың қабағының үстіне домалап кеп, жалп беріп жазылды. Бала біраздан кейін көзін ашып шамға қарағанда жаңағы ана көзінің тамшы жасы сорғалап келіп оның көзіне құйылып кетті. Бала көзіне дәрі тамғандай кеңінен ашып, кірпігін жыпылықтата түсіп, сұлық жатты. Тағы да шешесіне қарап, оның ренішін жақтыртпағандай суық жүзбен бетін ірге жаққа бұрып, кеудесі сырылдай түсті.

Анна от жағып, есін жыйған анасының қасына келді. Басының жарасын байлады.

Үйдегі бар тамақтан немістердің көзіне шалынбай қалған іргедегі бөлек қуыстың біріндегі орта қаптай ғана картоп болатын. Анна содан аздап картоп алды да кішкене ғана чугуанның ішін толтырып отқа қойды.

Ефросинья Ниловна қызына болған жағдайды әлсіреп әрең естіртті. Көзіне жас та алған жоқ. Босаңсыған қызына қарай беріп, ұрсып тастады:

— Көздің жасы сені немістердің тепкісінен кұтқармайды. Жолыңды, жөніңді тап.

Ефросинья осы сөздерін Аннаға күңгірт тартқан шам жарығында қадалып айтты. Тіксініп, кет деп айтты. Ана

жүрегі әділ жүрек, ақылы сенімді тірекке сүйеніп отырғандай салмақты, орынды топшыланады. Осыдан кейін Ефросинья үндеген жоқ. Тіпті соққы жемеген адамдай бойын тез ширата түсті, тіксініп кетті. Төсегінен тез тұрып, ауыз бөлмеге жарықты ала келді де ортадағы кішкене столдың үстіне әкеп қойды. Ананың денесі дал-дал, тіпті жүруге шамасы әзер келіп, аурықсынса да жатпады. Басын көтерудің өзін қызына қайрат деп түсінді. Ешнәрсені көріп, білмегендей, күндегі кешкі дағдысындай кішкене жиенінің жанына келіп отырды.

Күндегі орнына отырса да, бір қолымен төсекке сүйеніп, демін жиі-жиі алып, басын жастыққа сала жантайып жатты. Өзінің ыңқылдағанын қызына естіртпеуге тырысып, төменгі ернін қызыл иегімен қыса түсті. Жарасын қолымен басып, солқылдаған сайын көзін тарс жұмды. Енді не істеу керектігін де ойластырды. Анна піскен картопты мыжып араластырып ботқа жасап әкеліп, ортаға қойды. Ефросинья бір кішкене табаққа оны бөліп салды да, күндегі әдеті бойынша жиен немересіне алып келіп еді. Басы тіпті көтертпеді, қолы дірілдеді, қасық пен тарелканы ұстауға әлі жетпейтін сықылданды. Екі өкпесі қысылып, тынысы тарыла бастады. Тарелканы қайтадан стол үстіне қойды. Бала анда-санда ыңқылдай түсіп әлі көзін ашқан жоқ еді.

— Анна-а мені орныма жатқызшы — деді.

— Мынадан... — деп барып қолындағы қасығын тастай салып шешесін қолтығынан сүйеп төргі үйдегі пештің үстіне әкеп жатқызды. Аннаның жүрегіне картопия батпады. Баласының жанына отырып құлағын оның кеудесіне салды. Сырыл тіпті молайып кеткен екен.

— Володя, Володя! — деп бірнеше рет дыбыстап еді, ешбір белгі бермеді. Аузына кішкене темір қасықпен су тамызып еді, қыйнала түсіп, бірнеше шыйқылдап қалып барып зорға жұтты. Бір мезгілде көзін ашты да шамға қадалды. Сол жарықтан бейне бір үміттің көзін көргендей талмай ұзақ уақыт көз салды.

— Қалқатайым, сәулежан, — деп Анна бір қыдыру уақыт дыбыс беріп еді, бала тіпті көңіл аударып, бұрылмады. Шүңірейген кішкене көзінің қабағын біртіндеп кішірейте түсті, қайтадан ептеп ашып, сығырайып қарады да, ұзын кірпіктерін төмендете берді.

Бала ұйқыға кеткендей басын бір жағына бұрды. Ан-



да-санда ғана жөтелген сықылданып кеудесі қатты-қатты күркілдеді.

Тыста жел үдеп кеткен тәрізді, терезені дамылсыз түймештеп тықылдатады. Кейде ызаланып өз жағасын өзі жұлып долданып тепсінеді. Демін ішіне ышқына тартып алып, тұрып-тұрып тұра ұмтылып өксігін тыя алмағандай болады. Біресе неміс солдаттары келіп сығалап тұрған тәрізденеді. Біреулер шатырды да сықырлатып дүрсілдеткендей болады, адамның басқан аяғының жүрісі сезілгендей. Анна жан-жағына алаңдай түсіп, құлағын түрді де бір-екі басып төргі үйге кірді. Ауыз үйдегі болымсыз сәуледен түскен жарықта қараңғы бұрыштарды да үйреншікті көз жақсы болжайтын. Екі терезе аппақ қыйраған жапқыштың сыртқы жақтауы дамылсыз сартылдайды. Суық леп бетіне тигендей болады. Жансыздап шешесінің қасына келіп пешке сүйеніп тұрды. Алақанымен қабырғаны басып көрді. Сұп-суық, тек болымсыз жылылықтың жұқанасы ғана бар секілденеді. Ефросинья Ниловна жым-жырт ұйқтап, тынымдап жатыр. Анна, оятып жағдайын сұрағысы келді де тағы да қыймады. Көрпесін ақырын тартып, кеудесін жабыңқырады да, аяғын қымтап, ауыз бөлмеге баласының жанына келді. Бала әлі де жатқан қалпын өзгертпепті. Тек кеудесін басқан көрпесін сырғытыңқырап тастаған екен, салмағын түсірмей астын қуыстаңқырап жапты да, маңдайына түсіре қол сүртіп жүрген орамалын қалқан етті.

Пиаласыз шам жалпылдай түсті. Арлы-берлі ұйтқыды, тіпті жалпая түсіп шалқыды, жалынын бір езулеп қана шығарып, созылып қалды. Ауызғы есіктің топсасының шегелері мұзға оранып жалтырайды. Тактайдың ара-арасынан суық аңырап қыраулы түкпен жасырынады. Сыртта тағы да есік қағылғандай болды. Бірнеше рет қағып қалып тоқтай түсіп ырғайды. Дүбір де естіліп кеткендей, сықырлаған дыбыс молайып еді. Анна орнынан атып тұрды да, жігерлене қуанып:

— Келді білем,—деді өзіне-өзі, сүйтті де жалма-жан тонын киіп төменгі екі түймесін салды да есіктің алдына барып тұра қалды. Аздан соң құлағын түріп тыңдай түсті. Дүниені дүрліктіріп үрей салып тұрған жел сықылды. Кейде тіпті шыдамсызданып, шегесі шыққан шатырдың қаңылтырын да сілкілейді.

— Келмек еді ғой, келетін мезеттері де болды. Неге кешікті? — деп, тынымсыздана түсіп тоқтады. Түн орта-

сы ауған шығар деп, мөлшерлейді де, дегбірсізденеді. Ол есікті ептеп ашып еді, суық пен қараңғылық үйге лап беріп кіріп шамды өшіріп тастады. Жүрегі біресе суынып, біресе қуанышқа кездесетіндей қызынып тең тартыс қобалжыды. Біреу шап беріп ұстай алатындай көрінді. Есіктің алдында тұрып, жүрегін аз тоқтатып, қолын жан-жағына сермеді. Ол қараңғылықты қармағанда қолына ілінген нәрсені қысып жіберсе жанын шығаратындай болып көрінді. Бірақ ұысына ешбір нәрсе ілінбеді. Айналып келіп есіктің босағасына тие берді.

Сол жақ босағаны жағалап, ең түкпір бұрыштағы дағдылы орынға келді де сипалап, түйменің үлкендігіндей ғана сыртқа шығып тұратын іші қуыс таяқшаны тартты да суырып алып, түпкі кішкене қақпағын ашып еді, қолына бір қағаз ілінді. Қуанудан ба әлденеден жүрегі дүрсілдеп соғып қоя берді. Қағазды қай жеріне тығып аларын да білмей екі жаңқалтасына кезек қолын салды.

Қайтадан есікті мықтап тығындап, қараңғылап жапты да шамын жақты. Баласының бас жағын қымтай түсті де, қалтасындағы қағазды алды. «Тізімге алыныппыз» деген ғана жазу бар еді. «Тізімге» алыну туралы Анна өз достарына көптен айтып жүретін. Маңайдағы көрші деревнялардың көбінің жас қыз-келіншектерін бір түнде Германияға жөнелтіп жібергені естілген-ді. Осының болатынын өздері де сезетін-ді. Осы кеште Рейхнау ішіп алған, мас бірқатар үйді кіріп аралаған, Аннаның досының үйіне кіріп келген жерде ол құшақтай алды. Сол әйелдің итеріп қалған ызалы күші оның аузына күштілік сөз түсірген. «Сазайынды тартқызғанда менің кім екенімді сонда білерсің, енді үш күнде баратын жеріңе өзің де баратын боласың» — деп қалған. Бұл хабар да бірден-бірге тамыр қуып тез жайылып кетті. Бірақ бұл сөз де Аннаға сонша қорқынышты болып көрінбеді. Күнде өздері айтысып жорамалдасып жүргендіктен бойы үйреніп қалғандық ба, әйтеуір Анна бұл мәселеге назарын онша аударып, түпкі сырына үңіле қараған жоқ.

— Апырым-ай, неғып кешікті? — деп күткен адамдарына көңілі жарым бола берді. Уағда бойынша хабарласса керек еді. Әлденеге ұшырады?.. Анна біресе төргі үйдегі шешесінің, біресе ауыз үйдегі баласының жанына келді. Уағдалы түннің уағдалы мерзімі де өтіп бара жатқан-ды. Дегбірі қашқандай болды. Анна тағы да орны-



нан тұрып есік жаққа барды. Тұрып-тұрып құлағын салды. Жел тіпті дәуірлеп алған ба қалай? Маза таппай өзін-өзі ұрып-соғып, кейде сілкіп, кейде ышқынып ұлыды, күңірене түсіп талықсыйды. Үй ішінде соққыға жығылып жатқан ананың қайғы-қасіретін мұң етіп шерте ме, өлім үстіндегі жас балаға ақтық рет тіршіліктің тартқан сыйы ма? Кім білсін...

Сырттағы қатты боран үй ішіндегі Аннаның бірден-бір осы түнде дамылсыз көңілін аударып сыр күттірген серігі сықылданады. Боранның соққанына дамылсыз құлағын түріп, соның ішінен біреулерді күтеді. Осы жел, оларды жау көзінен жасырып, жетектеп алып келе жатқандай болады да тұрады.

Аннаның күткен адамы дәл осы сағатта, «қызыл Октябрь» станциясына кіреберіс темір жол маңында еді. Шамасы жыйырма шақты адам темір жолдан бес жүз метрдей қашықтағы қалың қардың жан-жағынан окоп қазып, бекініп алған. Олардың еңалдында жүз метрдей жердегі қардан қазылған окопта басын тұқырта түсіп екі адам қатар отыр. Қарлы боран ұйтқый соғып, бетке кеп ұрады. Олар көп уақытқа шейін тырп етіп қозғалмады. Бір ғана бастарынан басқа денелері қар астына бүркелді. Беттерін әлсін-әлсін қатты-қатты уқалайды. Біріне-бірі бір ауыз тіл де қатпайды.

Әлден уақытта — міне кетіп барады дегендей, боран бір, алаң-бұлаң ете қалған-ды. Сол мезетте олар бірінің артынан бірі ұстап, бір-біріне ұйлығып қактығып қарға омбылап, жүгіре басып барып тоқталған, бір жат жүрісті тоқты көрді.

— Жолдас командир атайын ба? — деді біреуі.

— Жоқ, — деді. — Үндеме, өтіп кетсін.

Немістер ұзақ кеткеннен кейін командир жолдасын кейінгі адамдарына жіберді де, бәрін өз маңайына топтады.

— Бәріңізге де түсінікті ме? — деді ол бұрынғы айтқанын олардың есіне салып. Олар «түсінікті» дегендей ишарат білдірді.

Әркім күн бұрын белгіленген орнына жедел кеткеннен кейін командир жанына үш жолдасын ертіп, ілгері тартты. Араларын бірін-бірі көре алатындай қашықтықта ұстады да тез еңбектеп ілгеріледі. Командир алдында тұрған немістің күзетші солдатын тез байқады. Солдат темір жолдың үстінен төмен түсіп, ықтасынға панала-

мақ та болады. Бір отырып, қайта жүріп кетті. Бір-екі тайғанап жол үстіне шықты, да автоматпен бір дискасы таусылғанша беталды баса берді. Қызылды-жасылды оқ ұйтқыған боран ішінде ызындап ысқырып ала жөнелді. Неміс солдат ешкімді де көріп атқан жоқ, әдетінше өзі үрейленіп атты. Бұл жау күзетшілерінің бірінің ғана емес, бәрінің әдеті болатын. Оқ ешкімге де дарыған жоқ, бетінше кетті. Келесі атқанына шейін тез қолға түсіру керек болды. Командир енді тездете ілгерілеп жақындап еді. Солдат өзіне қарсы келе жатты. Автоматтың дүмін қолтығына қысып, аузын білегінен төмен түсіріңкіреп келеді.

Қарама-қарсы еңбектеп келе жатқан біздің командир неғыларын білмей сасып қалды. Не болса да гәуекел қылып екі қолын жерге тіреп, аяғын жыйнап ала бергенде, боран түтеп, бірін-біріне көрсетпей, екеуінің арасын бүркеп қойды. Ол көзін бір сыйпап жіберіп еңсесін сала үңіле, боранның арасынан сығалап еді, солдат қайта айналып желге сыртын беріп ығысып барады екен. Енді ұмтылмаса, көзге түсіп қалатын сықылданды. Командир орнынан секіріп кеп желкеден шап етті. Аралары қашаңдап кеткендіктен автоматының дүмі әлсіз тиді. Солдат қолындағы қаруы жерге түсіп кеткенмен жығылмады, бұрылып алып, алыса түсті. Командир оны жақтан екі ұрып жіберіп, буындыра тамағынан алып еді, неміс солдаты шегіне беріп, омбыға батып жығылғанда бұл оның үстінен аса құлап түсті. Осы кезде басқа партизандар ұшып келіп, солдаттың дымын шығармастан езгілеп, қарға батыра берді. Біраздан соң оны біржолата осы орыннан қозғалмайтын етті.

Бұлар жалма-жан жолдың гайкаларын сұырып рельстің бірнеше бөлегін, өз қалпынан тайдырып жіберіп еді.

— Максим Федорович, Максим Федорович!— деді жолдасының бірі, бір үлкен минді командирінің қолына ұстата беріп.— Поезд келе жатыр.

— Тегіс кейін шегініндер!— деп бұйрық берді де, командир шпалдың астын қуыстап, минді сұғылыстыра берді, күзетші часовойлар поезд жолы, таза!— деген жартысы қызыл, жартысы көк қол фонармен белгі беретін.

Әр күзетшілердің арасы төрт жүз метрден артық болмайтын. Олардың сигнал фонарларының жарығы бір-біріне жететін. Содан барып қана семафор ашылушы



еді. Алдыңғы жақтағы күзетшілер фонарларын жарқылдата бастады. Боранның саңлауынан бұл ишарат кейде көрініп те қалады. Егер де бір жердегі сигнал дұрыс берілмесе поезд тоқтайтын. Максим Федорович Чайковский өзінің тәртібімен фонарды жарқылдатып, алды-артына—жолы таза деді ме, немесе мені көрдіндер ме деді ме, әйтеуір көрсетіп салды. Алдыңғы часовойға паровоз келіп ілінді сол жерде бұларда тездете басып кейін сытылып берді.

Поезда ешбір жарық сәуле көрінбейді. Тек кана көп дөңгелек қатты желден дүрсілдей түсіп, жерді солқылдатады. Дүрілдетіп қараңғылықты қақ жарып, тепсіне зырқылдайды.

Екі паровоз ендіге түсіп, кезек пысылдайды. Поезд өте ұзын сықылды. Құлаққа естілген сарынның бір ұшы әлі сонау арттағы жолдың айналмасында, иірімі жана жазыла бастаған-ды. Бұл поезд өлім мен өрт тиіп келе жатыр. Анда-санда жалын ұшқындары байқалып, дөңгелек астында жарқылдайды. Әр дөңгелек қайралып, бас кесетін канжардай, жүзінен суық лепті қылпылдатады.

Максим Федорович Чайковский жолдастарына жетпестен қар басқан окоптың біріне түсті де, автоматын ыңғайлап, тоқтала қалды.

— Енді, енді—деп мөлшерлі жерге жетіп қалғанда поездың құлауын күтті. Алдыңғы екі паровоз бір-біріне соғысылып шақ ете қалды. Өте қатты соқтығысқан дыбыстан оның екі құлағы шың ете түсіп, басы зырқылдап кетті. Қараңғы түн қатты боранда ең алғаш қатты соғылған дыбыс біртіндеп өрби берді.

Бір-біріне соғылған көк темірлер нажағайдай күркіреді. Вагондар бірінің үстіне бірі шығып сатырлап күйреп жатыр, снаряд, мина, гранат, оқтар лап ете жарылып сұрапыл, жойқын өрт лаулады.

Бірнеше жүздеген снарядтар қатарынан ұшып жарылды. Жанғыш мина мен снарядтар маңайды от құшағына алып, жарқыратып та жіберді.

Көк темірлер зіркілдеп аспанға атылса, тактайлар от боп жанып, жерде лапылдап жатыр. Бірнеше минутке жетпей бірінің үстіне бірі шығып қаусап біткен состав күйреп құлап ойран-топырға айналды. Ұйтқыи түскен боран барынша дәуірлеп, жалынды өздерімен бірге сүйреп дедектетіп әкетіп те жатыр. Жол бойындағы күзетшілердің бәрі де жым-жылас, қайда кеткені

белгісіз. Жол үстінде бір тірі дененің тіршілік хабары байқалған да жоқ.

— Сүйікті Еленам үшін! — Мария Яковлевна үшін, Отан үшін! — деп жалындаған демін алды. — Максим Федорович.

Мұндай, ызалылар, мұнда көп еді. Аннаның айтуымен оқ-дәрі тиелген поезды қармаққа іліндірген Максим Федорович жолдастарын жыйнады да тездетіп орын ауыстырды. Уағдалы орынға келгеннен кейін, автоматтынан үш рет қысқа очередь берді.

Осы кезде «Қызыл Октябрь» жақтан маңайды ата бастаған зеңбірек, пулемет дауыстары көбейіп кетті.

Қараңғы түн, қатты боран жау көзін бітеп адастыра түсті.

Таң атуға тақаған мезгіл болатын. Ұзақ түнді біресе шешесінің, біресе баласының жанында өткізген Анна жантайып жатып талып ұйқтап кетіп еді. Бір суық қол білегінен шап беріп ұстай алды. Мұндай қол білегінен жармасқанда шошып оянған Анна, қолды қағып жіберді де, орнынан атып тұрды. Білегінен суық қол әлі жібермей тұрғандай, ұстаған жерінің жаны кетіп қалған тәрізденді. Суық білегінен біртіндеп өнбойына жайылып, денесі дірілдеңкіреп те кетті. Үйдің іші қараңғы, сығырайған шам сөніп қалыпты. Жел әлі де терезені талмай са- балап тұрған сықылды.

Сыртқы, ішкі есік те мықтап бекітілген еді, қалай кірген? «Сындырған болар» — деп ойлады да, Борман, Рейхнау екеуінің біреуіне жорыды. Денесі мұздап, үнінде қатты шығарып жіберді.

— Апа! — ... Апа-а-а!

— Ол не, не болды? — деді Ефросинья көтеріңкі дауыспен.

Оның орнынан тұрып сіренке тартқалы жатқаны қыймылынан естілді.

Анна түрегелген бетінде, әлі тұр. Қолын созып еді, ешнәрсеге де ілінбеді, ешкім дыбыс бере қоймағаннан кейін, қолым темір төсектің басына тиіп содан оянған боламын ба деп те қалып еді. Киген тоны мұз боп сірескен біреу сол сәтте шап беріп кұшақтай алды. Аннаның да қолы оның иығына тиді.

— Тез болыңыз, міне жат адам, ұстап тұрмын.

— Шығарма, үнінді, өлтіремін! — деді ақырын қырылдаған дөрекі дауыс. Рейхнаудың даусынан бір де айыр-



машылығы жоқ. Ол Аннаны бірнеше сілкіп көтеріп тастады. Рейхнау болар деп білген Анна да аянған жоқ. Осы кезде пеш үстінен жерге түскен Ефросинья Ниловна да асып-сасқан бетінде сіренкені тартып жіберіп еді, белгісіз адам күліп отыра кетті.

— Амансыз ба, Ефросинья Ниловна, мына Аннанын әбден зәресін ұшырдым білем, қорқып үйренгені бұған теріс болмайды. Анна кейін шегініп барып, төсегінің үстіне отырды. Күлерін де, ұрсарын да білмеді. Шамды жаққан Ефросинья Ниловна тіпті тыңайып кеткендей, құжындай түсті. Басының айналып мең-зең болғанын да тындаған жоқ. Бар қуанышты ісік астындағы сығырайған көз жанары жыйнап алыпты.

— Қарағым Михаил, неге кешіктіңдер, Чайковскийдің дені сау ма? — деді.

Сығырайған шам жарығында Михаил үй ішінің тасталқанының шыққанын көрді, Ефросиньяның аянышты зәбір көрген түрі оның жүрегін шымшып алды.

Оны жау жан-жағынан қоршап алғандай көрініп, орнынан атып тұрды да автоматының аузын бұрыш-бұрықша қадап барып отырды. Ефросиньяның білегінен ұстап отыра берді. Оның әр сөзінен кектің жалыны ұшқындап, қабағы түйіліп, жау нысанасын көздеген дейді.

— Қымбатты Ниловна, сізге не болған?

Ефросинья, катты солқылдап ауырған басын қолымен басып барып, даусы дірілдеп оған тесіле сөйледі:

— Тона-а-п кетті-і-і... ойран салды...

Михаилды ыза буып әкетті:

— Жауыздар!.. — деп есікке тесіле қарап қалды.

Михаил Львович Дикушин көрші деревнядағы бұрыннан жақсы таныс адам. Ол бұрын колхоздағы бастауыш партия ұйымының секретары еді. Соғыстың алғашқы күндерінде ауданға жау төнген кезде өз еркімен партизандар қатарына кетті. Келіп кірген күндерінің өзінде-ақ фашистік жендеттер оның әйелін, екі баласымен бірге азаптап өлтірді. Партизан жорықтарында Чайковскийге кездесіп бір отрядте қызметті жұп жазбастап бірге атқарысып келеді. Бұл Чайковскийдің ең сенімді, ең батыл жауынгер досының бірі болатын. Майданға оқ-дәрі тиіп келе жатқан неміс поезын талқандап қайтқан соң Чайковский мұны Аннаға әдейі жіберді. Ол әр жерден алынған мәліметтер бойынша Германияға тағы да адамдар

жіберуге дайындық жүріп жатқанын есітіп, Аннаға осы соңғы хабарын да жетуін, оның қамсыз болмауын, осы түннің өзінде-ақ жаудың қол астынан тез кетуді айт деп, Михаил Львовичке тапсырған. Көшелерде күнде күзет өте қатты болушы еді. Түтеп соққан боран бүгін күзетшілерді әр үйдің бұрышына, ықтаған ешкідей, айдап тыққан-ды. Келгендер үш адам болатын. Оның бірі — үйдің арғы сыртындағы көше жақты бақылауына алды. Екіншісі — үйдің шатырына орналасып, Михаилды үйдің алдыңғы коридорының төбесіне көтерілген сәкімен түсірген. Аяздан қайқайыңқыраған есік қатты-қатты ырғағанда, ішкі ілгегі атып кеткен-ді.

Олар бір-бірінен болып жатқан жағдайдың бәрін де естіді. Жакқан шамды Михаил Львович тез өшіріп тастады.

— Жағдай осы, — деді ол, — енді бұл жерді қыймағандарыңызбен зұлым жаудың тырнағында кетесіздер. тез кұтылудың жолы—күрес жолы.

Қараңғы үй ішінде бұдан соң көпке шейін сөз болмады. Тек әлі де тіршіліктен сыбағасын алып бітпеген жас баланың ақырғы демі кеудесінің сырылдаған дыбысы естіледі. Ефросинья Ниловна да анда-санда бір ыңқылдап қалып, басын басып қояды. Аннада үн жоқ, тіпті демі де тоқтап біткен тәрізді, орнынан қозғалмайды да. Шам сөнерде шынтағын төсектің аяқ жақ арқалығына аса жақын таянып қалып еді, сол қалпын өзгертпей отыр.

— Не отырыс бар, кешікпеңдер, текке—деді Ефросинья—Анна қарағым, сенің осы жолға аттанғаның жөн. Не көрсенде осылармен бірге көр. Асығып күткеніміз де осылар болатын. Ал менің аянатыным жоқ. Туып-өскен үйімнен, мекенімнен кетпеймін. Жау қолына тастамаймын. Бұл үйде әкемнің әкесі туған, өз балалық шағым өткен. Осы қалада қызықты күндерім өтті. Тұрмысқа шықтым. Сені таптым. Енді қозғалуымның қыйсыны жоқ сықылды. Өлігім де осы үйден шығуы керек, деп ойлаймын. Әр босағаға қағылған шеге бәрі де аталарымның маңдай терімен табылған, мен мына немереммен осы үйді күзетіп отырамын. Бұл баланы енді қайда апарып тастауға болады, осының ақырын күтемін. Менің мұнда болғаным өздеріңе де жақсы.

— Неміс сіздің дүниеңізді түгел сыпырып алды, енді сіздерді арықтата бермес,—деді Михаил.



— Білемін, білсем де қозғалмаймын. Өздеріңнің жолдарың болсын, барындар.

Әлі күнге үндемей отырған Аннаның сөзі анасына арналды:

— Бір болалық, ана жан!

Жалғыз шешесінен айрылу, ондай жерде кімге оңай. Жау қолына анасын тастап, өз басын қайда алып қашады...

Қараңғы үй ішінде күндізгідей жап-жарық болып, Аннаның көз алдына екі жол қатарынан тартыла кетті.

Бірі — қыйыншылық михнат, қорлық өмір мен өлім жолы.

Екінші жол — бақытқа бастайтын күрес жолы. Аннаның ойына басқа ешнәрсе келмеді. Тек анасы ғана жүрегін биледі. Миллиондаған халық кетіп бара жатқан жолға тесіліп қарай түсті. Қараңғы үй ішіндегі шешенің сөзін естіді.

— Жок балам, — деді Ефросинья Ниловна — сенің аттанғаның жөн. Менің азаматым сен. Тіпті бұларға ергің келмесе, жерден кет деп зорлайын ба, бірақ обалыма шешем қалды демессің, мына Миша естіп отыр. Түбінде сенің аман болғаның жақсы. Сендер бізді құтқаруға жарайсыңдар. Ал немістерге мен қажет болсам, керегіне жарата берсін, аянарым жоқ. Етімнен айрылдым, сүйегім қалды. Шаштан айрылдым, құйқасы қалды, көзден айрылып жас ақты. Ал айтқаныма көнбесең, сендер жауды қууға міндеттісіңдер...

— Сөз бітті, — деді Михаил Львович — Ефросинья Ниловна айтарың айтты. Анна, мен жүремін. Енді кешік-сек болмайды. Жау зұлым екенін естен шығармалық.

— Шеше, ризалығыңызды шын бердіңіз бе? — деді орнынан тұрған Анна. — Сізден менің күткенім де осы болатын.

Ефросинья да орнынан тұрып қызына қарсы жүрді. Бойын катуланғандық, жауға мейрімсіздік билеп кетті.

— Шыным осы балам, жолың болсын.

Ол қызын құшақтап екі бетінен кезек сүйгенде, көзінің жасы Аннаның бетіне ып-ыстық болып тиіп еді. Бірақ ана жылап жібергенін қызына сездірмеуге тырысты.

Сіренке тартуға енді сезіктенді. Аннаның, баласының жанына барып еңкейгендігі жүріс-тұрысынан анық естіліп байқалып тұрды. «Володя күнім!» — деген де, даусы

дірілдеңкіреп, демінің ақыры босаңсып қоя берді. Бала ешбір жатысын өзгерткен жоқ. Дыбыс та берген жоқ.

— Володя, күнім, кеткелі тұрмын! — деп қош айтып, баланың бетінен сүйгені де естілді.

Михаил Львович қараңғы үйдің ішінде отырса да жүрегімен осы аянышты көріністі сезіп тұрды. Ефросинья Аннаның бетінен тағы да бір сүйді де:

— Бізді ұмытпаңдар! — деді.

Михаил Аннаның енді шығуға ыңғайланғанын біліп орнынан атып тұрды. Анна да енді босаңсымады, шыйрай жөнелді. Ол сыртқы есіктің табалдырығынан аттанған кезде үскірік боран ызасын өршіте түскендей болды. Михаил Аннаға қатарласа, аяғын шапшаң баса жөнелді.

— Жолдарың болсын, жолдарың болсын!,—деп, Ефросинья шешей, ашылған есіктен өршелене соққан боранға қарсы қарап, ұзақ тұрды.

## V

Партизандардың поезд құлатқанын естігенде Борман екі құлағын қолымен тарс басып, көзі алақ-жұлақ етіп диванға отыра кетті. Көптен бергі естілген қорқынышты апат осы еді. Партизандардың дабылы алыстап еміс-еміс қана естіліп тұратын кезде мұндай қауып жоқ болатын. Енді бүгін дәл желкесінен келіп балтамен шауып жібергеннен бір де кем тиген жоқ. Біразға дейін орнынан тұра алмай, буын-буынын баса алмай қалтырап, көзіне орман ішін паналайтын адамдар елестеп, сигарын созған қолы да дірілдеді. Телефонист—солдат өзінен-өзі қорқып, алынған жасырын хабардан осы жер енді пана болмайтын сықылданып көрінді.

Рейхнау есік жақ бұрыштағы креслода отырды да, орнынан тұрып қолын шекесіне апарды да:

— Майор мырза, партизан солдат емес, жабайы адамдар емес пе? Далада жүрген адамдарға поезд құлаттыру?.. онда күзеттің мықты болмағаны емес пе?— деді Борман сигарын дамылсыз сора түсті де, екі аяғын кезек-кезек ербеңдете берді:

— Күзет мықты болмаған!

Борманға Рейхнау жақындай түсті. Көзін бадырайта күлімдеп сөзін бастырмалата түсті:

— Сіздің мәртебеңіз үшін, майор мырза, бүгінгі түн-



де мен тек қана күзетшілерді ауыстырып, шолумен болдым. Өзіңіз бүгін ауырып отырғаннан амансыз ба?

— Үйді тез жылытып, отты үзгізбе, суық тиді,—деді Борман.

— Орындаймын, майор мырза, басқа не бұйырасыз?

Борман үндемей біраз отырды да орнынан көтеріліп арлы-берлі жүрді. Бір мезетте екі қолын артына бірдей ұстап тоқтап қалды да:

— Түнгі күзет басталар алдында барлық орыстар бір-ақ үйге қамалып күзетілетін болсын. Тізімге алынғандарын бүгін кешке жөнелтіруге бұйрық келді, қазірден бастап дайындық жұмыстарды бітіре бастандар. Олардың, Берлиннің өзіне барасың деп, ең тәуір киімдерін таптырып алдырындар да былай шыққаннан кейін...,—деп үндемей қалды. «Тартып алдырт» дегенін айтпай түсіндірді. Рейхнаудың аяқ-қолы бірдей сартылдап шығуға айналғанда, есік қағып кіріп келген күзетші ефрейторге қақтығып қала жаздады.

Күзетші ефрейтор адамдарды күндегідей жол аршытуға апаруға жыйналғанда Анна жоқ болып шықты. Күннің бораны әлі де басылған жоқ-ты. Оның түк басқан бет-аузына жыйналған қарлар еріп тамшылап жосылып қоя берді. Танауы қусырылып, өңі қашып басындағы малақайын екі қолдап алып, кеудесін басып рұқсат сұрады.

— Офицер мырза, ұлы мәртебелі офицер мырза, мен сіздің мәртебеңізбен жұмыс істеп жүргенімде, Анна жоқ...

— Не дейсің? — деді Борман.

Оның екі көзі қосауыздың аузындай қатарынан от шашты. Оның басқа офицерлерден бір өзгешілігі ашуданғанда құлағы кызармай, аязда үсінгендей бозарып кететін. Екі беті тартылып шұңқырланатын. Екі иығын кезек көтеріп тастап жер тепкілеп тепсінетін. Әдетіне басты. Тақтайды теуіп-теуіп жібергенде ефрейтордың есі шығып, кеудедегі қолы салдырап төмен түсіп қалды. Басын да көтере алған жоқ, шашы жоқ төбесінің жалтыр құйқалары қатпарланып тұрды. Борман пистолетін ұстаған бойында оның жанына келді де, иегінен көтере қағып жіберіп ақырды:

— Көтер басынды, айт жөніңді! Қайда қашып кеткен?

Борманның қолы тигенде Рейхнаудың көзі тұнып кетті. Ол ефрейторды ұруға бет алды.

Борман ұрма деген белгі берді. Ефрейтор бірнеше оқталып сөзін айта алмай, тілі күрмеліп қалды. Тез сөйлемегенінің өзі шыдамсыз Борманды қылқындырып, езіп тастағалы бара жатқан сықылданды. Ол ефрейторды тағы да негінен көтсе қағып қалғанда танауынан қан бүрк ете түсті.

Тұра қаратып қойып сөйлетті.

— Қашып кетіпті, қайда кеткенін біле алмадым. Шешесі айтпайды. Тартқызыңыз жазасын,—деді. Ефрейтор аққан қанын жерге тамызбады. Бәрі де етегіне тосып алып тұр. Енді кұйып беруге ыдыс сұрап тұрған тәрізденді, Борман бұрынғысынан да жаман назаланды, кемпірді тез алып келуге бұйырды. Поезд құлаған түнде бұл жерден Аннаның жоқ боп шығуы—күндіздің өзінде жан-жағына алаңдатты.

Өз бөлмесінде жалғыз қалған Борман енді бір жерде тұрақтап отыра алмады. Есік пен төрге кезек барып, сенделіп жүрді. Өзінің не ойлап, не қойғанын да болжай алмады. Көңілі анда бір, мында бір кетті. Поезд қоршап жүрген адамдар осы қаланы да қоршап, есіктен кіріп келетін сықылданады да тұрады.

Ол осы қауыпты көңілінен айдап шығарғысы келді. Үмітін күшейтіп күтіп тұрған үлкен дәреже үрейді әрең ұмыттырды. Сталинград комендатурасының бір мүшесі болу қандай абырой, қандай бакыт деп кеуделене түсті. Бір штатты билегеннен де оның комендатурасында отыру әлдеқайда зор мәртебе емес пе деді. Тез жетсем деп асығады. Қалайша жету керек, ойлана қалды. Борманның көтеріңкі көңілінің дәл ортасын ойып, іштен жайлап жеп жүрген сұрақ та осы болатын.

— Жетемін. Жетемін тілегіме, — деп қалды.

## VI

Үркер төбеден ауып барады. Суықтың қаттылығынан түн шатынап жарылып кеткелі тұрған тәрізді. Қалың орман ішінде үскірік ызындайды. Омбы қарды оппалай басып жауынгерлер келеді. Олар қарлы боранды кеуделерімен қағып, үздіксіз қозғалып, ілгерілеп келеді. Жол бастаған Жексен ұзақ жүрістен соң алаң-ашылық бір жазыққа келіп тірелді.

— Шықырлайды, ат пысқырады...

Бұл Жексен тобы еді, олар іздеп келе жатқан «Қы-



зыл Октябрьге» кеп тірелді. Бұйрық бойынша, берілген маршрутты айналып шығу, кезенді жерлерде хабар беріп отыру жұмысы да оған тапсырылған-ды. Оның іріктеп алған он адамы бұрын ысылған, жылпос, ержүрек жігіттер еді. Бұлардың бірі жараланып, үшеуі әртүрлі хабарлармен кейін қайтарылды. Бірі қаза тапты. Жексен азтың тыңдап алды да, басқаларын қалдырып, бір жолдасын ертіп қала-шетіне жақындады. Бұлар қаланың шығыс жағынан келіп бақылады—қар жамылған қаланың төбелері ғана ағарып көрінеді. Көшеден дабыр-дұбыр сөздерді де естіді. Ілгері ұмтылыққырап еді, қарсы алдарында кішкене қарайған бірдеме қардың шұңқырында жатқан сықылданады. Жексен тесіле түсіп, сол қарайғанға келіп тірелді. Сыртын қолымен басып қалып еді, бірдеме былқ ете түсті. Жүрегі тіксініп қолын тартып алып, қайтадан ұмтылыққырап, көтерілген көрпенің шетін тартып қалғанда сопаң етіп баланың басы шыға келді. Мұздаған жүрек тас боп қатты. Денесінің қатаймағандығынан әлі тірі ме деп үміттенеді. Қолқабын шешіп жіберіп қолын сескенбестен кеудесіне салып жіберді. Кеуде де әлі қызу бар сықылданып жылы тартты. Жексен баланы орауымен тартып кейін шегініп жолдасына жетті.

— Қадыр мына бала тірі сықылды, кейін апарып тоныңа ора, мен тағы бір шолып келейін

Жексен қайта еңбектеп үйге жақындады. Үйдің сырт жағынан келіп қараса есік алдында котелогін алдына алып, тамақ ішіп отырған бір солдат көрінді. Жарық шыққан терезелерден қараңдаған көлеңкелерін де байқады. Көше ортасында үлкен тобыр көрінеді. Осы үйден онша қашық емес жерде тұмсығын көкке көтерген зеңбіректер тұрған сықылды. Оның соңында әр жерде қарайғандар байқалады. Қаланың үйінің көбі жым-жырт, үңірейіп тұр. Сынған тақтайдың даусы, ағаш кескен пышқының сырылы естіледі. Жексен көп бөгелмеді. Қадырдың жанына келді.

— Жеке,—деді ол сыбырлап сөйлеп,—мүмкін мұның да әкесі біздей бір жерде жүрген шығар, баланы ала кетіп көмелік, денесі тас болып бара жатыр.

— Қап,—деді Жексен,—сәл ертерек келсек, аман алып қалатын ба едік?..

Бала Аннаның баласы. Ефросинья Ниловнаны Рейхнау әкеткен түнгі қалпында төсекте қалып еді. Үйге ор-

наласқан неміс солдаттары баланы осыдан бірнеше минут бұрын тысқа шығарып тастаған болатын.

Жексен мен Қадыр кейінгі жолдастарына келіп қосылды. Жексен барлауға керекті материалды алғаннан кейін, енді жүруге дайындалып жатқан неміс солдаттарына бүлік салалық деген қортындыға келді. Ол жау өтетін жол үстіне күні бұрын жолдастарын орналастырды. Жігіттер қар астында автоматтарын кезей түсті. Бірақ жау кемеліне келмей жылы жерден тез шыға қоймады.

Біраз уақыттан кейін тастақ жолдың үстінде темір шегелі солдат етіктерінің тырсылы да көбейді. Көп күтіп көздері талған бес жігіттің автоматқа қолдары жабыса кетті. Немістің дөрекі айқайлары да естілді. Жексендер автоматтан оқ жаудыра бастады. Аңқау, дабырлы топты қапелімде ыдыратып кетіп, Жексендер бой тасалап жөнелді. Немістердің бөлшектеген топтары бұлардың соңынан түсіп, оқ жаудырады... Партизан отряды қаланың батыс жағына кеп орналасты. Жау қашан аттанып кеткенше олар орындарынан тырп еткен жоқ. Ең ақырғы шаналар да қаладан ұзап, енді қайта айналмас деген кезде партизан отрядтарының командирі комендант орналасқан төрт үйді тегіс айнала қоршап алды да, пулемет, автоматтарына атыс пункттерін бөліп беріп болған кезде, жаңағы аттанған неміс колоннасы атыса бастады. зеңбірек даусы естілді. Енді кешігуге болмайтын еді. Чайковский Михаил Львовичпен радио аппарат орнатылған үйге жақындады. Тез қыймылдау керек болды. Сырттағы сымды қыйып жіберіп Максим Федорович Анна нұсқаған терезелерге граната лақтырды. Бір емес бірнеше граната радио аппараты орнаған бөлмеге тасталды. Атыс қаланы басына көшірді.

Осыдан бірнеше минут бұрын Борман Ефросинья Ниловна жатқан үйге тағы да келді. Ол бағана ананы тұтқындатып, жеке үйге қаматқан еді.

Ефросинья тапжылған жоқ. Бір жамбастап жатқан қалпын өзгерткен де жоқ, үндемеді. Борман бүгін Германияға жөнелтілмек адамдарды біржолата аттандырған. Бірақ олар қатты күзетпен көрші деревняға жөнелтілді. Ертең маңайдағылармен тұтас поезға салынбақ-ты. Бұл жағдайды да Максим Федорович естіді. Енді радио аппараттың көзін жоғалту еңалдымен қажет болды. Келіп түскен әскерлер түнде кетпейді делініп әр



үйдің адамдарын Борман жыйнап каматқан жоқ еді. Рейхнауға күзетті тапсырып, Ефросинья жатқан «өлім бөлмесіне» келген-ді.

Ефросинья Ниловнаны Борман күні бойы тысқа бір-неше рет шығартып қойды. Әбден тоңған кезде шақырып жөн сұрады. Бәрінде де ана сыр білдірген жоқ.

Ақтық рет кешке таман тағы да қар үстінде көйлекшең жүргізіп алып келіп еді. Көп әскер аттанып кетісімен Ефросиньядан хабар білмекші болды. Қысымға алды. Ана есін жөнді білмеді. Жауап та қатқан жоқ. сүлқ жатты. Саперлердің мылтығының басына кигізген электрлі істікті салып алды. Санынан тиген электр күйдіріп жібергенде, әнбойын бырыстырып қуырды. Сол кезде ана барып көзін ашты. Тағы да Борман табанына тигізді.

Ефросиньяның шыңғырған даусы шығып кетті. Басын көтеріп екі тізесін бауырына қысып, жұлым-жұлым болған көйлегінің иығынан құрысып домбыққан еті көрінеді. Бірақ, көзінен жас шыққан жоқ. Борман қолындағы фонарын бір жағып, бір сөндіре түсіп кемпірдің емшегінің ұшына істікті жалғады. Күйген омырау үсік домбығумен ұштасты. Ефросинья Ниловна басын тақтайға соғып аяғын тыпырлатып қолын сермеп еді. Ешкім қармағына ілінбеді. Өз шашын өзі жұлып айқайлады. Өткен күнгі ұрудан бір көзі біржолата жұмылып кеткенді. Фонарь бір жарқ еткенде Борманды көзі шалып қалып солай ұмтылғандай еді.

Істік тағы да омырауына кадалды.

— Анна-а-а! Анна-а-а! — деп қараңғы үйде дауыстады, үні өшіп жоқ болды. Тағы да қайта бір оралмақ болып өз бөлмесіне келген Борманның қарсы алдында екі граната қабат жарылып ауыр жараланып барып жығылып қалды. Көшеде атыс молайып, қаладан сырттағы көп дауысқа ұштасты.

Карт—Чайковский неміс колоннасына атака жасалғанын білді. Бірақ қай жақтан келген адамдар екенін білмеді. Партизан отрядтарының бірі ме деп те топшылаған-ды.

Радио аппарат орнаған үйге граната тасталысымен-ақ сыртқы есік жақ терезені бузып кірген Анна жаралы Борманға кез келді. Аннаны көрген жерде ол сүйретіліп кейін шегіне берді. Терезенің жақтауынан бастап үй жаңа бастады. Қарға шағылған өрт жарығымен Анна мыл-

тығын оның дәл қыртыстанып тайпыйған маңдайынан көздеді.

Аннаның тісі шықырлап, бойындағы бар кек, ыза келіп, алқымына тығылып, осы жерде төгілгендей, колы мылтығына жабыса түсті. Атып жібергенде Борманның басы тактайға соғылып, жым-жырт қалды. Үй ішінде жалын мен түтін молайып, көзді аштырмады. Дем алуға тынысты да тарылтты. Бұл кезде сыртта жел қатайып өртті дәуірлете көтерген-ді. Үйден жүгіре шыққан Анна тар коридорда біреуді көтеріп келе жатқан Максим Федоровичке тап болды. Бұл өзінің анасы екенін Анна енді білді.

Апа, апа-а-а, апа, жаным — деді, бірақ Ефросинья Ниловна алдақашан жантәсілім берген-ді. Жан-жақта түгел атыс басталды. Аннаның өз үйі де өрт көмейіне түсіп, сатұр-күтір жұтылып бара жатты.

Жанталас ұрыс ішінде ол өз баласының табытын да кездестіре алмады. Өлі, тірі екенін де біле алмады.

Радио аппаратты қыйратып, немістердің айналамен хабарласып отырған бір ұясын талқандап Максим Федорович енді кетуге бұйрық берді...

Максим Федоровичтен бұл жолы да шығын болған ешкім жоқ. Бірақ, Аннаның шешесінің өлімі сай-сүйегін сырқыратты. Қазаға қаза қосылып, жүректегі шерін шиеленістіре түсті. Ызалы пішінді тобымен ол омбыны есіп ілгері тартты, қар жамылып жоқ боп кетті...

## VII

Бұл арадағы орман ағашы сирек еді, кей аралықтар бомба түсіп өртеніп те кеткен, жадағай алаң еді. Алаңдармен сирек, шалғай тұрған ағаш аралықтарынан боран кұтыра ұйтқып тұрды. Сидан шыршаларды суырып әкетерліктей жұлқына сілкінді. Қалың аппақ түнек айдаланы кебінге орағандай; Жексен өз тобымен жылысып отырып осы бір маңға жеткен еді, қапелімде бүлік тастап бей-берекет етілген жау колоннасының қуғыншылары көз жазып қалған-ды.

Аппақ түтек көз аштырмады, өздерін де домалатып әкетерліктей, қойын-қоныш қарға толып, денені де мұздата бастады. Жексен қарды үңгірлеп қазуға бұйырды.

Өзі бас боп күрегін қарға көме салды. Жауынгерлер



калақша күректерімен қалың қарды бүйірлей бастады. Боранмен бәрі арпалысқа түсті.

Күректі олар қалай салып, қайыра лақтырса да, боран жана қармен үдеп бітей берді. Не қазып, не қойып жатқандарын да білмеді. Істеген жұмыстары өнбеді. Блиндажды қаздырмайтынын Жексен білді. Білсе де жолдастарын аман сақтау үшін осылай істеу қажет дейді. Егер де бір жерде ұйлығып ешнәрсе істемей отырса, қалжырап әбден шаршап жүрген адамдар ұйқтап кетеді. Кейбірінің аяғы су, біреулерінің шалбарларының тізелері сауыс, суықта тас боп қатуы сөзсіз. Жатып қалған жігіттердің үсінуі мүмкін еді. Сондықтан да Жексен жолдастарына блиндажды қаздыра берді. Сондарына түскен немістердің қайда қалғанын да білген жоқ. Дүлей боран оларды адастырып жіберді. Жексен қазір жаумен жағаласуды тілеп те тұрған жоқ. Бесеуінің ортасында жыйырма шамалы оқ қалды. Берілген маршрутты аяқтап, бөлімге қайта оралатын күн де жетті. «Қызыл Октябрь» қаласының маңындағы көп деревняларға барлау жұмысымен бірге кенеттен кездескен колонналарға оқ жаудырып, жаудың талай пландарын бұзды. Азық-түлік тиеген машиналарды қыйратты. Жау колонналарына әлсін-әлсін айқасулар жасады. Осы боран басылысымен қайтуға бет түземек. Бұлар бір күн, бір түн қармен алысып, келесі сәскеде күннің жақсы айыққан шағына да жетті. Жексен енді кешігуді дұрыс көрмеді. Үш жолдасын қардан блиндаж қаздыруға қалдырып, өзі Қадырмен жан-жақты шолуға аттанды. Ол көп ұзамай бір жолға кездесті. Жолдың әр жерінен ағаштар қыйылып, үстіне құлатылып бөгеулер жасалған екен. Қар үстінде жаңа жүрген екі адамның ізі көрінді. Бір ізде етіктің табанындағы темір шегелердің батқан табасы анық байқалады. Екінші пима киген. Немістер екені айқын болды. Ізге тесіле қараған Жексен еңкейіп жүріп жолдан басқа белгі таппады. Қайтқан ізі жоқ боп шықты. Етік кигені бір ағаштың түбінде тұрып темекі тартыпты. Темекінің қалдығы жатыр. Тістеген жері мұздақсып қана қатыпты. Түскен күлін де әлі жел ұшырып, не қылау баспапты. Бұл кезде екіншісі, бір ағаштың басына шығып түскенде, жығылып түрегеліпті. Қолындағы қаруы сонадай ұшып түстіпті. Қаруының бауынан басқа затвордың үстінде жіңішке бір белдіктің қар үстінде болымсыз сүйретіндісі жатыр, тұра беріп аяғы

тайып, тізесі жерге тиіпті. Қолқап саусақтары қаруын көтергенде таңба қалдырыпты, жүгіре жөнеліп, бір ағаштың қалқасында тұрып жолдасын тосыпты. Пимасының басы кейінгі жаққа қарап тұрғандығын анықтайды. Ағаштың жанында тұрып, екеуі жолдың жағасымен адымдай, ілгері жүгіргендері байқалады.

Жексен оларды бізді көріп қойған жаудың барлаушылары деп білді. Енді бой тасалап алдамаса қапы кететінін де сезгендей-ді. Қадырға «жат» деп қолың нұсқады да, бір қарағайдан екіншісіне жүгіруін өзі де доғарды. Тасада жатып жансыздап көз жібере бастады. Бір орыннан, бір орынға еңбектеп ілгеріледі. Сөйткенше болмады алдынан оқ бұрқ ете қалды. Бірақ орнынан қозғалмады. Автомат қайта атылмады. Неміс мергені скені білінді. Ағаштың бастарына, қарайған түптерінің бәріне де көз тасалады. Ешбір белгі көрінбеді. Ілгері жүруге, тұруға қауып туды. Жексен енді әдіс қылып, жаудың жатқан тұсын білуді дұрыс көрді. Шұңқырда жатты да малақайын басынан алып, жағаға қоя қойды да өзі шегініңкіреп, бақылап қалды.

Автомат екі-үш қысқа очередьпен сырылдады. Малақайының жан-жағына оқ топталып түсіп жатты. Қозғалмаған малақайды кісі деп білген жау «өлді» деп ойлап қалса, керек. Қозғалып кеткенде жарыққа шағылысқан қолындағы қаруы жалт ете қалды. Ақ халатты неміс көпке шейін нысанаға ілінбеді. Жексен атуға ынғайланып кезенді де жатты. Әлден соң тағы бір белгі берген кезде көсіп жіберді. Неміс ағаштың бүрлерін жапырамапыра, салдыр-күлдір қолбаң етіп ұшып түсті. Екінші солдат та ағаштың басында отыр екен. Ол қашып құтылды. Өлі немістің қалғасынан ешнәрсе де табылмады. Қашканының соңына түскен бұлар, бекініс окоп қазып жатқан немістердің үстіне кеп тап болды. Түнде өтуге қолайлы деп білген Жексеннің жолы осы еді.

Көп кешігіп бұлар кейін қайтып келсе, жолдастары да іздеп шығуға дайындалып жатыр екен. Қатты қуанысып көңілдері жай тапты. Сөнген от қайта жағылды. Қадыр күрегімен блиндаждың қабырғасының қарын омырып алып, асылған котелдерге салды. Оттың қызуымен қабырғадағы қардың беті қабыршықтанып, арқа сүйеген сайын үгітіліп қалып тұр. Жалаңдаған от тілін салып алғанда котелок шыр-шыр етеді. Плащ-палатка жамыл-



ған блиндаждың төбесінен тамшы тырсылдап ала жөнелді.

Жексен жолдастарына болған оқыйғаны түгел баяндаған. Әр жолдасының көңіл күйін байқай түсіп ойланады. Актық азық концентрат палаудың қалдығы котелокке тасталды. Тамақ ішіп болып жолдастарымен ақылдасып, не істейтіндігін шешпек болды.

Жексен баскалардан бұрын тамақ ішіп болды.

— Алды-артымыз тегіс жау, ептілікті, ерлікті көрсететін жер, енді келді,— деді. Ол оң қолының саусақтарын жазып көрді, сүйтті де жұмырығын катты түйді.

— Сіздер маған караңыздаршы,—деп жолдастарының назарын өзіне аударды.—Бес саусағымды жазып көріп едім, жеке күйінде әлсіз бала да бұрап сындыра алатын сықылды.

Мықты жұдырықпен талмау жерден ұрсаң, адам өліп те кетеді. Танаудан отырғызсаң қанға батып, есінен адасады.

Осы жұдырық бізге тәжірибе көрсететін сықылды. Қалай ойлайсындар достарым? Бөлінгенімізді бөрі, жарылғанымызды жау алсын ба? Болмаса жұмылып кетіп, жаудың аузын бұзып аман өтелік пе?

— Менің де ойымның дәл төбесінен түстіңіз,—деді Қадыр—нар тәуекел.

Жігіттер бір адамдай болып бекінді. Актық рет қағыстырылып жағылған от қызарып күннің кеш батқандығын анықтайды.

— Сөз байланды,—деді Жексен, сумкасын мойнына асып орнынан тұрып. Аздан соң беті ашық блиндаждың ішіне бораған қар сырғып түсе бастады.

## VIII

Қар астында олардың көздері ғана жылтырайды. Ракеталар көтерілген сайын немістің пулемет, автоматшкігері бір-бір диска оғының таусылғанын ғана білетін еді. Айналасы орманмен көмкерілген екі деревняның арасы бір километрден артық емес-ті. Екі ортада орман сүйірленіп, бұрыш жасап, арасынан қатнас жол өтеді. Деревняның басқа жақтары мин даласы—түнгі күзетшілермен бақыланатын. Солдат бекіністері байқалмады. Сол жақтағы деревнядан бері шығып қарға малтығып қалған

жүк машинасының жарығы бір сөніп, бір жанып, моторы әлі күжілдеп жатыр. Мандайында он шақты неміс солдаты байқалады. Жауынгерлер төрт жүз метрдей ашық жерді ракета жарықтарының арасымен еңбектеп өтулері керек болды.

Ракета сөнісімен еңалдымен Қадыр, екі жігітпен арасын 15 метрдей қашаңдатып, бірінен соң бірі жүгіре жөнелді. Жексен де өз жолдасымен қозғалып еді. Ракета жарқ ете қалды. Алғашқы үшеуі тең ортадан асып қалған екен. Кейінгі екеуі жата қалды. Алдыңғы жақ босағадан автомат даусы шықты. Ракеталар тұс-тұсынан жарық қылып, бір дауыс бір дауысты оятты. Енді жүгіруге ыңғайланып, орнынан тұра бергенде сол жақ жамбасынан оқ сарт ете түсті. Қыйраң етіп қайта жата қалды. Бірнеше аттап барып жығылған жолдасы да бір қолын астына ала шалқасынан құлапты. Сөйткенше болмады жақын кеп жарылған бір снаряд Жексенді аударып кетті. Қар аралас топырақ үстін жауып, оның есі ауып қалды. Әлден соң барып есін жыйды. Қойны толған қан, ауырған кеудесінде жып-жылы боп жылжыды. Басын қаншама көтерсе де, әлі алғашқы орнынан қозғалмады. Ағаш қойнауында немістерге оқ атып жағқан Қадырды көрген де жоқ. Үстін басқан топырақты уыстап жерге алып тастайды да, астыңғы ернін тістеп, көзін жұмып, бар күшімен қозғалады. Қайтадан үстін жеңілдетеді. Әлден уақытта ол орнынан зорға дегенде қозғалып, орманға таман жылжыды. Кейін қайтқанын білсе де түннің бар қараңғылығын ішіне тартып, тұңғыйық боп көрінген қарағай іші оған бұзылмас қамал, досындай серік болып көрінді.

Жан-жағында болып жатқан күшті атыстың не екенін де білмеді. Қар үстінде қонышынан шұбағылып аққан қаның да байқамады. Бар күшін жыйып, оң қолын созып саусақтарын қарға батырып алып тартады. Өзі дамылсыз ілгерілеп келе жатырмын деп ойласа да, әлсіз ғана жылжып сүйретіледі. Жаны қыйналса да шыдап қозғала-қозғала ағаш қойнауына жетті. Снаряд жарылған бір шұқанақ қазылған окоптан кем болмады. Енді ілгері жылжуға да әлі бітті.

Қозғалған сайын жаралы аяқ қансырап қақсап шыдамын кетіре бастады.

— Қадыр-р-р!—деді. Бұл сөзі өзіне дауыстағандай болып естілсе де сыртқа шықпады. Ракета жарығында



бірнеше карағайлардың түбірімен қопарылып, кейбірі ортан белінен сынып жатқанын байқады.

— Қадыр-р-р! Салава-а-а-т, қайдасындар, досгарым!

Бұл сөздерінде де ешбір дыбыс болмады. Атыс үсті-үстіне көбейіп кетті. Жаудан қайтпайтын жүрегі денесінен аққан қаннан, әл шамадан айрылғандықтан айныды. Автоматын ыңғайлап жанына қойды. Аузын өзіне қаратты. Жаудың да, достың да өзіне жақындағаны сезілмеді. Көз алдына жат бейнелі немістер елестеді. Олар жақындап шулап кеп қалды. Елес шындықтай боп көрініп өзін-өзі атып тастай жаздады.

Немістерге тірідей қолға түсу есіне түскенде, оның зәресі ұшып кетті. Басы айналып денесі мұздай бастады. Госпитальға кеткен әкесі Бекмұхан, марқұм анасы Талжібек қол бұлғап шақырған сықылданады. Құлағына Ғайныйдың шырылдаған даусы естіліп, үстіне келіп төнгендей де болады.

Еленаны тағы бір көруге кұмартады. Ол есіне түскенде жаралы дене жарқ етіп ашылып, күндей сәуләсі жараға ораған торқадай қанды тосатын секілді. Осындай елестер ғана болмаса жолдастарынан хабар болмады. Мылтық даусы да басылмады.

Шақырғанына майдандас достарының бірі де келмеді.

Ол жан-жағына назалана қарап, қозғалып та көрді. Ауыр жарадан қыймылдай алмады, үскірік аяз қалшылдатып, қаһарлы әлдиге алды. Оның көз алдына үміт пен ажал қатарласа төнді...

## IX

Жалғыз аяқ жол қатпарлы орманның қойнына сүңгі түсті. Жаңада жүрген адам іздерін қар әлі де басқан жоқ. Сүңгісі түскен бұталары сорайып қалыпты. Үлпілдек ақ қар жамылған тоғай үн-түнсіз мүлгіп тұр. Иреңдеген жолдың асулы белдері де жоталы өрлері де сатылап өтетін жыралары да кездесті. Ұзаққа созылған жол алакөлеңке сәуле берген алқапқа тіреліп еді. Көптеген шалаштардың ортасындағы жер үйдің мұржасынан көтерілген түтін алқаптың ішін тұмандатқан тәрізді. Бұлардың айналасындағы қазулы окоптар мек кұрулы миномет уяларын үйреншікті көздің өзі де зорға байқай-

ды. Пештің алдында малақайын баса киіп Максим Федорович отыр. Оның қаба сақалына қатқан мұз, оттың қызуымен еріп, алдына тырс-тырс тамады. Қатпарлы беті кара қожалақтанып, үсік мұжыған мұрнының ұшынан қан шығады.

Плитаның үстіндегі су котелдан тасып төгілген сайын жалын будақ-будақ атылады. Есік қарсысындағы сүйеулі тұрған мылтықтардың магазин, штыктары: әлі де аппак, ұстаған аязы сорғымапты. Оң жақтағы кішкене стол үстіндегі қағаздар көрінеді. Төрдегі нарда екі адам ұйқтап жатыр. Пималарының табандарына қатқан қарлары жаңа-жаңа ери бастапты. Осындай көріністің кезінде есікті ақырын ашып келіп кірген орта жастағы кетік тіс адамға Максим Федорович жалт қарады.

— Мінекейіңіз — деді ол ақырын сөйлеп, аяғын ептеп басып, бір уыс қағазды ұсынып жатып, — жаралы жауынгердің жанынан табылды. Кім, қай бөлімдікі екенін документтерінен көрмесеңіз, әлі есін жыятын емес.

Ол шығысымен қарт қағаздарды ақтарып отырып, жазылған бір хатқа үңіле түсті. Алыстатып та, жақындатып та, біресе көзін сығырайтыңқырап, біресе ашыңқырап қарады. Пештің жарығына да ұстап төнді. Өз көзіне өзі сенбеді. Таныс жазу, баспадай түскен харыптар көрген жерден-ақ сол дегізгендей жүректі тебіренгеді. «Сол» «жоқ» деген екі сөз қарттың үмітін бірі ары, бірі бері тартты. Максим Федорович жаңқалтасынан көзілдірігін алып киді де қушырлана хатты оқуға кірісті. Хатты оқыған сайын таныс дауыс саңкылдап тұрып естілгендей. Енді көзге таныс жазу ғана көрініп қоймай, оқыған сөз селт еткізді. Үйішінен айырылып қатқан дене, әлдеқайдан ескен үміт желмен балқып селге айналғандай, нені күтеді, нендей қуаныш, әлде де ой толқыйды. Шешім байлау таппайды. Хаттың бір жерінде «жас жүрегімнің жалынды сәлемін жаным саған жолдаймын» депті. Енді бір жерінде—«неміс жыртқыштары біздің жерімізге қанды тырнағын сала бастағанда жолаушы жүріп еді, содан бері әкемнің өлі, тірі екенін де білмейміз. Мүмкін партизандардың қатарында сіздер жақта жүрген болар». Хат бетінде жазылған, туып-өскен өз облысы емес, алыстағы қаладан. «Елена Максимовна» деп қол қойыпты. Елена деген өзінің сүйікті қызының аты. Үзілгендей болған үміт жасаңсытады. Өлгеннің тіріліп, өшкеннің жануына да сенім білдіріп, келіп табу да шо-



шытады. Осы хаттан пайда болған үмітін бекітіп, қуанышын жандырарлықтай белгілерді тағы да іздестірген қарт, сыртын бірнеше орап қабаттап тастаған фотокарточканы тауып алды. Ең басына «Жексенге», суреттің ашық жеріне «Еленадан» деп жазған екен. Суретке көзі түскен қарттың даусы да шығып кетті.

— Менің Еленам, менің алтыным! Тірі екен, Павел, Михаил Львович, Никита, Анна жүгіріңдер, міне бақыт, міне қуаныш, келіндер, көріндер, сеніңдер!—деп суретті бетіне басып кеңкілдеп отыра кетті.

Қорыққандық та, қуанғандық та жүректеріне толы адамдардың терезеден жүгіріп өтіп жатқандары тез байқалды. Салдыр да, күлдір де, дүрсіл де қоңыраулатты. Шырт ұйқыда жатқандар «а» деген де мылтықтарына ұмтылысып барып қартқа бұрылды, олар қызарған көздерін қайта-қайта уқалап, денелері дірілдеп те енгеледі.

— Максим Федорович, сізге не болды?

— Жолдас командир.

— Максим!..—деген дауыстар естілді.

Чайковский немістер деревняға келіп жетпес бұрын аудан орталығына барды. Онда өзі тіленген партизандардың қатарына қосылып, жолға аттанды. Дер кезінде өз үйіне келіп жете алмады. Төніп келіп қалған жыртқыш жау ойындағысын орындатпады. Кешігіп келген бұл өз деревнясының өртенген орнын ғана көрді. Әйелі мен жалғыз қызы Еленаны немістер өлтірді деген суық хабарды да естіді. Қарт ақтық қайратын сарқып жаудан кек алуға бекінген. Оған міне қанша уақыт!

Толып кеткен адамдар блиндажды бастарына көтеріп кете жаздады.

Бірін-бірі кимелеп тез білуге асығысады.

— Жөніңізді айтыңызшы, Максим Федорович! — деген жолдастарын ол кезек-кезек қушақтап, беттерінен сүйе берді.

— Сүйікті достарым бақыттан үміт үзбендер, бәрімізді тосып тұр екен,—деп қолындағы фотокарточканы көрсетіп:

— Мынау менің Еленам! Бақытым тірі екен!—деді елжіреп. Ол бар жолдастарын артынан шұбатқан бөлімде екінші бөлмеге келіп есін жыймаған жаралы жауынгерді бассалып қушақтады. Он айналып, он толғанды. Бірақ жауынгердің қалпы өзгермеді. Хат пен фотокарточканы қолдан-қолға жүгірткен партизандар бәрінің де

жоқтарынан, айрылған туыстарынан тіршілік хабар келгендей серпіліп қалды.

## Х

Жексен сөткеден аса уақыттан кейін өзін-өзі білерлік халге әрең жетті.

— Қадыр-р-р, Сала-а-аватт қайдасындар-р-р достатарым, — деп ыңыранған секілді.

Ешкім тіл қатып жауап бермеді. Өнебойы қозғалуға мұршасын келтірмеді. Ауырған жара, сырқыраған дене дал-дал, суырып әкетіп барады. Оң жанбасына аунап жатпақ болып көріп еді, шалқасынан тас кып зілдей күш байлаған сықылды. Дененің қатты әлсіреуі ме, көзіне жиіркенішті ауыр суреттер елестеп кетті. Атыс үдей түскен сықылды. Жараланып жолдастарынан жырылып қалғаны есінде. Жан-жағын немістер қоршап алды. Дұшпанның сақтаулы сыбағасын тартып, ақтық оғын өзіне жұмсамақ болып, жанындағы автоматын алуға қолын созған сықылды еді, бір нәрсе жерге түсіп күл-күд болып кеткендей болды.

Күңгірлеген құлаққа снаряд түсіп жарылғандай естілді. Жексен селк етіп көзін ашып алды. Бір тыйыштықтағы рақат дүниеге тап бола кетті. Есігіне көрпе ұстап тастапты. Оң жақта жерге аяқтарын қазып орнатқан столдың үсті дәрі-дәрмекке сыймайды. Оның жоғарғы қабырғасында ұлы Сталиннің суреті тұр еді, жүректе қуаныш сезімі жарқ ете түсті. Басқан күңгірт ой тарқап кетті. Төр алдында екі ағаш көйкенің бірі бос, ақ простынямен жабулы. Екіншісінде өзі жатыр. Ортада төбеден іліп қойған жетінші пыялалы шам жанып тұр. Үстіндегі бұрынғы өз киімінің бірі де жоқ. Бәрі таза, әрі жаңа. Үйдің іші жылы, пештің қызуынан тез жылынатын сықылды. Тынысы тар. Орта бойлы адам ғана түзу жүре алатындай. Үйде басқа ешкім де жоқ. «Қайда жатырмын» деп ойлады ол. Бірақ ойын топшылап қорыта алмады. Бар қуанышы сол өз адамдарының қолында. Дала госпитальдарының бірі болар деп те ойлайды, бір үйде жалғыз жатқандығы оған кепіл бола алмады.

— Қайда жатырмын? — деп өзінен-өзі сұрағандай болды да, байлау тоқтамды бірақ жасады: «өзіміздің адамдар». Өзінің полькінен шыққаннан бергі күндер көз алдына тағы да шумақталып келіп жетті.

Ақырғы түнгі неміс ракетасының жарығындағы көрі-



ніс. Жараланып жалғыз қалғаны. Мүмкін жолдастарының өздері осы жерге әкеп тапсырып кеткен болар, неғып олар мені тастап кетеді? Мүмкін олар да қыйыншылық халге ұшыраған болар. Онда қалай?.. Әйтеуір өзіміздің адамдар. Оның тандайы кеберсіді. Тілі үлкейіп аузына сыймаған сықылды, көмекейін тіреді. Түкірігін жыйнап жұтпақшы да болып екі ұртын сұғылыстырып қайшыластырып жұтынды. Бірақ сілекейі де шықпады.

Екі шекесі көмейімен бірге ауырып, ішпен қосылып тырп еткізер емес. Дене ыстығы күйдіріп әкетіп бара жатты. Қайта-қайта төменгі ерніне тілін бір көсіп алып қорек тапқан секілденеді. Мойнын ақырын ғана бұрып еді, жұлыны үзіліп кете жаздап, жаны мұрнының ұшына келіп, көзі қарауытып, басы зырқылдап шырқобелек айналды. Көзін жұмды да қайтадан тез ашты. Құлағы шыңылдап, көзі бұлдырап кетті.

Осы кезде есікті ақырын ғана ашып кірген Анна, мылтығын еппен босағаға сүйеп, тонын шешіп ілді. Сөйтті де ақ халатының құрысқан жеңін, етегін жазып, төсектің жанына келді де демін тоқтата қойып, жатқан жаралының демалыс тынысын бақылады. Орындық үстінде су құюлы қалған стаканның сынығын таң-тамашаға жорыды.

— Есін жыйған екен. Содан су ішемін деп сындырған болар,—деп қуанды.

— Максим Федорович келгенше жөнін айтуға жараса жарар еді. Бұл менің жауды жеңуге қосқан бір үлесім болар еді-ау.

Кешке жақын жорыққа аттанар алдында. Максим Федорович Чайковский жаралының халін біліп, әлі есін жыя алмай жатқанына қатты кейіді. Тамырының соғуы өте нашар. Градус тартпайды, деген сөз оны қыйналтты. Аннаның медициналық білімі болмаса да күйеуі бұрын фельдшер болып көп істеген адам болатын. Содан көзі қанған, жараны таңуға белгілі-белгілі дәрілерді де қалай ұстаудың керектігін білетін. Санитарка жорыққа кетіп, Аннаны Максим Федорович жаралының жанында қалдырған-ды.

— Анна! — деді кетерінде, — сен бүгін түнгі жорыққа бармайсың, жаралы жауынгердің жанында боласың. Көмегің болса жасарсың, жараларын қайта таң. Сүйт шырағым. Күт. Біз немістердің азық-түлік тиеген көп кер-

уенінің «Қызыл Октябрьге» келе жатқандығы туралы барлаушылардың мағлұматтарынан қорытынды жасауға аттанамыз.

Әрі әкесіндей үлкен адам, әрі партизан отрядтарының командирі Чайковскийдің тапсырмасын Анна бұлжытқан жоқ. Бірнеше рет дәрілер берді.

Жараларын қайта танды. Спиртпен денелерін сүртті. Үйді жақсылап жылытты. Өз білетін көмегін аяп қалған жоқ. Жаралы бір-екі рет жөтеліп жіберді де, кеудесін кере бір рет дем алғандай болды. Анна орындыққа келіп отырып көңілі сергек сықылданған жауынгерге көзі түсті. Екі алақанын орындыққа тіреңкіреп еңкейді.

— Қалайсыз, тәуірсіз бе? — деді, ақырын ғана көзге ау сала сөйлеп.

Жексен енді демін шыйрақ алды. Біріне-бірі жабысып қалған еріндерін жазып тілімен бірнеше рет сүртіп тастады. Көзін сығырайта ашып, қайтадан кішірейте жұмыңқырады. Көзін ашуға қаншама тырысса да қабағын көтеруге шамасы жетпеді.

Екі шекесінен бірдей найзаның ұшы түйреулі тұрғандай удай ашып сыздады, тамырында соғып тұрған қан емес, кеулеп кеткен ірің секілденеді. Айтылған сөз құлаққа шапқан аттың дүбіріндей тасырлап естіліп барып, автомат даусындай тарсылдап тына қалды. Жексен жанында адамның отырғанын білді. Оған қаншама қарағысы келсе де көзін аша алмады. Ашса жүрегі айнып лоблып, құсатын сықылданды.

— Бұл қай жер, мен қайда жатырмын? — деді.

Бұл сөздерінің арасын бөліп әрбір буынына тоқтап, дем алып барып үзіп-үзіп зорға айтты.

— Сіз жау қолында жатқан жоқсыз. Өзіңіз қандайсыз?

Бұл сөздерді Жексен ұқты. Анна баяу айтса да құлаққа жағымды әрі ыстық болып тиді.

«Жақсымын» дегендей белгі беріп, төменгі ернін бір көтеріп: ым...шы...м» деп ауыр ыңкылдап біраз жымжырт жатты.

Өкпесі жыбырлағанда ол аузынан ғана қысылып дем шығарды: зорлаңқырап жөтелді, арыдан тартса өңеші жырттылып, не үзіліп кететіндей көрінеді. Анна бір порошок сульфидінді езіп стаканмен алып келді де:

— Мына дәріні ішіңізші, өкпеңізге жақсы болады — деді.



Анна стаканды еңкейтіп, ернеуін Жексеннің ерніне тигізді.

— Ішіңіз — деді.

Жексен біразға шейін көзін ашпады. Әлден уақытта жас балаша тамсанып алып, сорып әрең жұтты. Біраздан кейін Жексен жым-жырт жатып тынымдап қалды.

Бұл жолы үш сағаттай тиштталып ұйқтап оянды. Анна оның маңайынан кетпеді. Бетіне топырақ түсе ме деп, төбеге қағаздарды қабаттап ұстап тастады. Тағы да жаралының оянғанын біліп жанына келіп отырып тамырын ұстады. Еті онша ыстық емес, салқын тартады. Жүрегінің соғуы өте жиі көрінді. Ыстықтың сыртқа теппей жатқандығын әлсіздік деп жорыды да сұрап білгісі келді.

— Кандайсыз, тәуірсіз бе?

Жексен оның бетіне карады. Бұрынғысындай емес, енді болжап караған сықылданады. Естуі жақсарып қалған тәрізді. Кірпік қағуы да сылбыр емес, жыйнақы. Көзін аударып, төңкергенде бір қуатты күштің сарынды демесіні сезілгендей болады. Бозарып тұрған бетінің ұшы қызғылтым тартады. Еріні де тезірек қозғалады. Аннаға болжай карап барып қабағын төмендетіп ақырын жауап берді.

— Жақсымын, — деген сөзінің артын тығыздатып тұрған дем алысы созылыңқырап жөтелге ұштасты.

— Енді тамақ ішіңіз, — деді Анна біраздан кейін. Ол пештің үстінде күні бұрын пісірулі тұрған манный кашаны, анда-санда шүмегінен жалын бүріккен көк шайнекті әкелді.

Биіктігі төсекшемен бірдей бір кісілік столды тақап, үстіне ақ жауып тамақ әзірледі. Манный кашаны кішкене тарелкаға салып, ақ наннан да турап, стаканға сүтін денірек қылып шай кұйып сапырды. Жексен шалқасынан ғана тынымдап жата алатын. Оң жамбасты ала тиген оқ оны тырп еткізіп қозғалтпады. Қозғалайын десе сынған сүйектер бір-біріне қажалды. Жаралы аяғының басында әлі де жан жоқ, саусақтарының май табандарын үсік шалып та жіберген-ді. Біріне-бірі қосылған екі үлкен жара қатты сырқырап, солқылдап сыздайтын.

Анна оның басын аз көтеріңкіремек болып еді, Жексеннің көзінің оты жарқ ете түсіп, бұрқ етіп ыстық жаста шыға келді. Тілін қатты тістеп дыбысын шығармауға тырысып, көзін тарс жұмды. Басын көтертпеді, жасты-

ғын қайтадан төменірек салғызды. Анна кішкене қалайы қасықпен маннай кашаны Жексеннің аузына әкелді. Ісік кеудеден жоғары шапшып мойынды тұтас қамтып жаққа да әсерін тигізіп еді. Аузын кең ашуға тамағынан тасқып буынтып, ісікті өзіне тартқан көмей жағын да қасатып, негін төмен жаздырмады. Жақ сүйектерінің бәрі де сыздады. Тістеріне ыстықты, не суықты тигіздіретін де емес. Жексен тамақ ішуге бойындағы бар қайратын жыйып, аузын ашудың өзіне де шеберлік жасауға тырысты.

Тамағына тығылып, қақалып қала да жаздады. Аңдып дайын отырған Анна жылы шім-шім шайды кішкене қасықпен аузына тамызып жіберді.

«Болдым» деген сөзді аузына келген қасықты қайта қайырып білдірді: осы кезде сыртта біреу жүгіріп келе жатты. Сықырлата басып есік алдына келді. Құлағын түріп тындап қалған Анна тұрған орнынан тапжылған жоқ.

— Анна, — деді бір жуан дауыс. Жексен қасындағы әйелдің атының кім екенін енді ғана аңғарды.

— Мен, қазір келемін, — деп Анна тонын киіп, мылтығын алып есіктен шықты да, арада жарты сағаттай уақыт өткізіп қайта оралды. Асығып күткен Жексен өзіне таныс партизанкамен бірге бөтен бір әйелдің келіп кіргенін көрді. Ол қалтасынан екі шыны сүтті жерге алып қойып, Жексеннің алдындағы жыйналмай тұрған тамақтарды көрді де: Аннаға:

— Тамақ ішетін болды ма? — деп күңк етті.

— Жаңа ғана аздаған қорек алды, жақсы, сөйлейтін болды. Ендігі келгенінде амандасып, сөйлесерсің, қазір әлі жоқ.

Өзімнің де көп отыруға уақытым жоқ, Борман өлтіріліп, шабуыл жасалғаннан кейін хал өте ауырлай түсті. Күзетшілер құдықтан су алғызбайтын болды. Ешкімді деревнядан шығармайды да, келтірмейді де, олардың заңы әр солдаттың қолында ғой, таң атып кетеді, жөнелейін.

Бұл әйел Аннаның досы, бұрын «Қызыл Октябрьден» таныс болатын. Партизандар шабуыл жасағаннан кейін немістер көп көшелерді, кварталдарды түк қалдырмай өртеп жіберді.

Тұрғын адамдар блиндаждарға, көрші деревняларға паналаған-ды. Көбі әлі күнге қардан қазылған окоптар-



ға түнеп те жүрген еді. Бұл да сондай қуғыншылық халде жүрген адамның бірі болатын.

— Ал, тез кет, сездіріп алып жүрерсің.

— Бір ретін табармын. Рейхнаудан ешбір хабар жоқ. Өлімтігі де табылмады. Ал, бір хабар орман қойнауында бір кішкене жас қабырды көрген адам бар. Ол жерге қойылды деуге тағы да қыйсыны жоқ. Бұрын бейіт болған емес. Анна сенімді адамдарға баласының жағдайын айтып тапсырып қойған-ды.

— Сол ұрыс кезінде ғана пайда болыпты.

— Жас қабыр дейсің бе? — деп Анна оның білегінен ұстай алып қадала қарады да, қабағын жабыңқырай түсіп ойланып қалды. Бұдан екі күн бұрын партизандар «Қызыл Октябрьге» тағы да барлау жүргізген, тұрғын адамдардың, кімнің қайда барып тұруы жөнінде де жасырын хабар таратып кеңес берген, онда Анна баласы туралы ешбір хабар білмеді. Өртке жанғанын, не атылғанын, не өзінің өлгенін анықтай алмады. Ойлана түсіп күрсінеді. Баласының кеудесінің сырылы әлі күнге құлағынан бір кетпей көзі жұмұлы, өні қашқан калпында көз алдына елестейді.

— Оның анығын біз білеміз,—деді әлгі әйел,—хабарын беремін. Ол кетіп бара жатып қайта бұрылып тоқтай қалды.

— Анна, айтқандай ұмытып барады екенмін ғой. Максим Федоровичке айтарсың, анадағы көмдірген мина қардың астында қалды. Өзіміздің адамдардың бірі түсіп қалып жүре ме, алып басқа жерге көмдірсе деймін. Деревнядағы екі сыйырдың бірін кеше немістер сойып алды. Бүгін, сондықтан да, сүт аз болды. Ой, не қыласын сыйырдың иесі сорлы кемпір еді. Сойып ал дегенімізде болмай, енді ақырында өзіне де бұйырмады. Кемпірдің үнемі де қалмапты. Үйіндегі солдаттар бір тонна картопиясын да күндіз-түні былапыттап тауысты.

— Сендер көмектесе тұрыңдар!

— Бізде болса өлмес еді-ау,—деп әйел ауыр күрсініп Аннаға қарады да—ал кетейін, елден не хабар бар?..

— Хабар жақсылық, Калинин майданында Ржев, Сычевсканы бүгін-ертең біздің әскерлер алу керек.

— Ой Анна жан, шүйінші неге сұрамайсың. Енді мен айттым бәрін де қуантады екенмін. Ленинград не халде екен?

— Өте қуанышты, ал кеттім. Бұлар ақырын сөйлесе де Жексен әңгіменің бәрін де естіп жатты. Жаңағы әйелмен бірге кеткен Анна бірталай уақытқа дейін тыстан қайта қоймады. Талығып барып Жексен қатты уйқтап кетті, бұдан кейін ешнәрсені де білген жоқ.

## ХІ

Жексен оянса таң атыпты. Төрт көзі бар терезе үйдің ішіне жап-жарық сәуле беріп тұр. Терезені үйден қазып шығарыпты. Анна стол жанында бір нәрселерді күйбендеп жөндеп жүрген сықылды еді.

Жөтелген Жексенге жалт қарап, бері жүрді.

Қалай, тәуірсіз бе? Бұл сөзін Анна даусын көтере, бір түрлі көңілді, құлаққа жағымды етіп айтып еді. Жексен әйелді анықтап енді көрді. Орта бойлы, жасы отызға әлі жете қоймаған жас келіншек екен. Өткір көз жанары сұлу өңіне жарасып келген. Денесі ықшам, көрер көзге де, тегін адам емес деп, бір көрген жан лайық тапқандай-ды.

— Жақсымын.

— Онда тіпті жақсы болды. Сіздің қуанышыңызға біз де ортақпыз. Енді өлім қауыпынан құтылдыңыз.

Ол термометрді әкеліп тағы да Жексеннің қолтығына салды да:

— Жексен,—деді.—Сіз Максим Федоровичті білесіз бе? Жексен атын білгеніне таңданған жоқ. Документтерім осылардың қолында екен деп ойлады. Өзі білетін адамдарын ойлады да:

— Жоқ, білмеймін,—деді ақырын.

Аннаның жүзі нұрлана түсіп бір сырды күткендей тесіледі. Сол сырдың анығына жетуге асығатын адам сықылды. Жексен ойлана қалды. Бәрін де есіне түсірді.

— Біздің жауынгерлердің арасында ондай адам болған емес, неге сұрадыңыз, Максим Федорович сіздің қандайлық жақын адамыңыз еді? Хат-хабар алмағаныңызға қанша уақыт болды?

— Ол адам менің әкем болмаса да әкемдей адам, осындағы партизан отрядінің командирі.

Жексен оның сөзінен бір тұтқыйылға қамала қалды. Сасып та қалғандай болды. Мойнын аз бұрыңқырап оған қарады да:



— О кісі мұнда болса, менің білетін орайым да жоқ кой,—деді.

Аннаның көзі бір төңкеріліп жалт бұрылды да қайтадан төмен түсті:

— Мүмкін білетін де шығарсыз.

Жексен тіпті таң-тамашаға қалды. Ешбір жорамалдың, тұспалдаудың ретін таппады. Мына әйел тіпті қарадай мойындатып әкетіп барады. Білмеймін дегенге де қоятын емес.

— Партизан отрядында болып көрген емеспін. Өзіммен бірге болған, бірге жортқан жолдастарымда Максим Федорович деген кісі кездескен емес.

— Өзін көрмесеңіз де атын естіген боларсыз. Ойлана түссеңіз табарсыз, ойланыңызшы. Таныс адамдарыңыздың бәрін де есіңізге бір-бірлеп түсіріңізші.

Анна күлімдейді. Бұрын үсік шалып жазылған екі бетінің ұшы қызғылтым тартып, толқыған әсерлі жүзінде ұялудың нышаны бар секілді еді. Жексен амалсыз ойға кетті. Анна стаканға біраз ыстық су құйды да стол жаққа барып тағы да бір порошок сульфидинді езіп, бері жақындады. Жексенге анда-санда кірпігін бір көтеріп тастап, «айтпадың ба?» дегендей болады. Ақырын басып қалайы қасықпен дәріні араластырып та келеді. Орындыққа отырып стакандағы дәріні оның аузына дәлдеп тұрып сырғанатып жіберді.

Сыртта адам жүрістері молайып, сақұр-сұқыр көбейіп кетті.

— Келді,—деді Анна, сәл тоқтап тұра қалды да, тысқа тұра ұмтылды,—қуантайын.

Жексен бұл әйелде не сырдың жатқанын түсінбеді. Аннаның жұмбақ сөздері әлдекімге жорамалдайды? Кім деп біледі? Максим Федоровичы кім?

Есік ашылғанда бурыл шашты, каска бас қарттын көзі Жексенге жұлдыздай жарқ ете түсті. Ол, алдымен Жексеннің, простынядан сәл ғана көтерілген қолын алды да, еңкейіп бетінен сүйді. Сұп-суық ерні, қырауы еріген сакалынан Жексеннің бетіне дымқыл тиді.

— Сен де менің баламсың,—деді қарт, оның қатпар басқан көзінің жылғаларымен бірнеше тамшы жас төмен жылжып кетті. Бұрын көрмеген адамның әкелік ықласы оның тал бойын ерітіп, қанын шымырлатып, жүрегін елжіретті.

Сағынып күткен баласына кездескен жандай қуа

ныштан көзіне жас келеді. Ол оның босаңдығынан емес, әкенің балаға деген тілегі көңілдегі арманның түйінін шешкен жеріндегі көрінеді. Бірнеше адам екеуін қоршап алды. Бәрінде де қуанышты жандардың жүздері жарқылдайды.

Қарт жан-жағындағы жолдастарына көзін бір жүгіртіп, Жексеннің сау қолын ұстап отырған бетінде топ көзінше сөз бастады:

— Елена Максимовна, менің қызым еді, ұлым, алшын сырынды айтып бізді қуантшы, — дегенде Жексен бірақ білді.

Бұл Жексеннің ойында тіпті де жоқ болатын. Еленаның әкесі екенін енді білді. Жорамалдың, түспалдаудың бәрін де енді түсініп екі бетінің оты ду ете түсті.

— Білмейтінің қайда?—дегендей Анна да көз айырмай қадала қарап қалып еді...

## XII

Жолдастарының қанша жүргенін де білген жоқ. «Жексен!» деген дауыстан кілт оянып кетті. Терлеп қалған екен, қайрылып қалған пакеттің аузынан суық жел түршіктіреді. Айнала қалың ағаш, жұдырық өтпес деп аталатын ну орман. Омбы қарға белшесінен батқан Михаил Львович жатқан шананы шірене сүйреп келеді.

Малақайын маңдайына көтере сырып қойған Анна бір қолын шананың үстіне арта түсіп отыр. Ендігі бір жолдасы екі аяғын шешіп, пимасының ішіне түскен қарды қағып қайта киді. Екі күннен бергі жүріс бәрін де қалжыратып тыйықтатқан тәрізді. «Бізден қайтып өтесіңдер», дегендей омбы қар басқан орман үн-түнсіз тұнжырайды. Күннің көзі көрінбейді. Көктің жүзін тұманданған қою бұлт басыпты. Тек кейбір алашабыр жерлері ағарыңқы тартады. Бұлт қоюланып кеткен кезде орман іші күңгірт тартып мүлгиді. Биіктегі бұтақтарды оранған қылау әлі де міңгесіп жабысады. Жолдастары демалуға тоқтаған жерде ғана Жексен олардың көз қарастарынан алдағы қыйыншылықтың ауыр екенін таныды.

Жексен партизандардың қолында оннан аса күн жатты. Жолдастарынан айрылып жараланған түні Германияға әкететін көп адамды станцияға апара жатқан



жолда партизандар тосып алып, немістерді ауыр шығынға ұшыратып, көп әйелдерді жаудың қолынан құтқарып, кейін қайтты. Осы сапарда Максим Федорович жаралы Жексенге кез келді. Сол маңдағы қатты атысты да естіді. Басқа ешкімді кездестіре алмады. Жексен есін жыйғаннан кейін Қадырларды іздетті, бірақ ешбір сыбыс алған жоқ. Партизандар қолында Жексен көп жатп бермеді. Күн асса күн, түн асса түн жара әбден тынышын алды.

Максим Федорович әскер құрамаларының біріне табыс етуді дұрыс деп тапқан. Жексенді апарысып салуға тіленгеннің бірі Анна болды. Ол баласының мәйітін жау қолынан құтқарғандығы үшін шексіз алғыс айтулы еді. Бір адам үшін жеңіл етіп жасалған шананы бұлар осы жерге кезек сүйретіп, қыйыншылықтарды жеңіп келіп жетті.

Біртіндеп майдан шебіне жақындағандықтан жол-жолдың бәріне немістер қожалық жасады. Бөгеу жасалған жолдардың өзімен жүру қауыпты, мин көмілген еді.

Партизан отрядтары бұрын осы жердегі армиялардан күш-көмек, дәрі-дәрмек, газет, журнал, ок-дәрі де алып отыратын. Біраздан бері бұл аудан немістердің қолына көшті де партизандардың қатнасы үзіліп қалды. Бұрынғы шептері ауысқаннан бері партизандардан әскер штабтарына қатнасушы ешкім болған жоқ. Талай рет келіп қайтқан Михаил Львович те бұдан былай жол бастауға күдіктенеді. Шыққаннан бері ешкімнің ақылыңсыз келе жатқан ол бүгін ақылдасалық, қорыталық, шешіп алалық деген сөздерді жиі естіртетін болды.

— Демалып күйленіп ап кешке бірақ қыймылдамақ—деді Михаил Львович. Жексеннің полктан алып шыққан картасы әлі де сақтаулы еді. Картасын Аннаға ашқызып қарады да Михаилдың сөзін бекітті. Әлі де он шақырымнан артық тоғайды кесіп өту керек еді. Жау орналасқан майдан шебінің ені де белгісіз ұзақ жүрістен соң тынығу да қажет болды.

Бораусыз қалың түскен ұлпілдек қардың асты су, саз болып кездесті. Ағаштың ықтасын түбінде шалаш жасап, үстін бүрлерімен жауып, қар шашып, көрінбейтіндей етіп ағартып тастады. Шалаштың астына ағаш қыйып, үстіне бүр төсеіп сыз өтпейтіндей гып жұмсақ етті. Айналасы бітелген шалаштың іші тез жылынып

кетті. Жабылған ағаш бүрлерінің арасынан жылжып аққан тамшы көздері де байқалды. Көлденең ағашқа ілінген котелдағы ботқаны араластырып Михаил Львович қасығын ернеуіне дамылсыз тықылдатады.

Оттың жанына жатқызылған Жексен тамақ піскенше ұйқтап тынымдады. Шана үстінде ол қатты қыйналса да шыдап еді.

Ол тамақ әбден піскен кезде ғана оянып, ауыр күрсінді. Тынымдаған сайын кеудедегі жара қысып, аяғы солқылдап сыздап қақсады.

Беті отқа қызған сайын күйіп-жанып, ыстығы көтерілді.

Біраздан бері не ішсе де көңілі шабушы еді. Енді аузының дәмі қайтадан кірмеді. Сілекейлері таусылып еріні кеберсіді. Құрғаған таңдайына қайта-қайта түкірігін жыйнап тілімен жаға түсті.

Тамағына бір нәрсе тығылып тұрғандай болып, әлсін-әлсін жұтына-жұтына тамағы ауырды. Бір жара емес, бар денесі еңсесін көтертпеді. Жексеннің бұл халын көрген Михаил Львович тез тамақтанып кетуді дұрыс деп білді.

Жексен ботқаны жей алмады. Екі стакан шайды суытып жұтты да жым-жырт жатты.

Жексен жайсыз болғаннан кейін жолдастары сүйсініп тамақтана алмады. От, күн қарауытқан сайын қызғылтым сәуле шалаш ішін жеңе бастады. Тыс күнгірт тартып, орманды қараңғылық жаба түсті.

Бұлар бұл жерден жылжығанда әбден түн болды.

Қою орман тағы да бір-ақ жұтып тартып ап кетті. Енді шананы сүйретіп жүре алмай кезектесіп арқалады. Жүріс бұрынғыдан да ауырлады. Аспан ашық, жұлдыз жарық. Қағты аяз тынысты да тарылтты. Мұрттарына қайта-қайта мұз сауыс болып қатты. Алған демдері беттерін шарпып, қарып жібере жаздайды.

Терлерін қатырмас үшін, түнді пайдаланып жау шебінен өту үшін бұлар талмай жүріп, таң атпай-ақ орманнан өтіп шықты.

Екі-үш күннен бері мылтық даусын естімеген бұлар біржолата соғысты ұмытқандай-ды. Прожекторлардың жарығы да көк жүзінде көрінеді. Айналада алыста көк жиек әлденеше рет ашылып-жабылып жарқылдады. Станоктегі пулеметтер кейде алыстан, кейде тіпті бүйірден естілетін сықылды. Зеңбіректер жөтелгендей айнала гүр етіп барып жаңғырығының өзі көпке шейін басыл-



май, біртіндеп барып-барып жоғалады. Осылардың бәрі алыста емес, осы бір қырканың астында ғана болып жатқандай. Бұлар тағы да біраз жүргеннен кейін Михаил Львович Дикушин көп жүріп алдын шолып келді. Неміс шептерінің жақын екені анықталды. Енді тездегіп таң атқанша жау бекіністерінен өту керек болды.

Жексеннің шанасы түгелдей ақ халатпен оралды. Михаил Львович шананы еңбектеп алға қарай тартып берді. Сықырларын білдіргіпеге тырысты. Автомат даусы осы кезде тіпті сақылдап тұрған-ды.

Жексен басын ашқыздыртып бұрылып қарап та жатыр. Жолдастарының аяқтары жерге сүйретіліп, тізелері қар үстінде балпылдайды.

Карта бетінде осы таяуда бір деревня бар екені белгілі болатын. Оған соқпай терістік жағын ала ойлы-қырлы далаға шығып кетпек-ті. Жерден бастарын көтермей бұлар ұзақ уақыт еңбектеді. Немістердің пулемет, автомат нысаналары өтіп ашық тастаған жерлерден өтіп кеттік бе деп те қалған-ды. Аяқ астынан ракета атылып, әуені айнадай жерді тебінгідей етті. Атылған ракета доға жасап міне мұнда дегендей дәл төбелеріне түйіліп түсе бере, ұшқындап тарап, сөніп қалды. Осыдан басқаны Жексен байқай алмаған-ды. Снаряд айналаны үйме-жүйме етіп басып қалды, шана көтеріліп барып жерге қайта сылқ ете түсті. Шана төңкеріліп етпетінен түскен Жексеннің де көзінің оты жарқ етті. Жығылғанның үстіне жұдырықтады. Беті қарға тиіп, танауы мен аузына қоңырсық исі бар топырақ аралас қар тығылды. Жып-жылы беті қарды ерітіп, астыңғы самайында дымқыл пайда болды. Айнала тарс-тұрс, шым-шытырық дірілдеп солқылдайды. Есі түзу бұл жолы жараланудан аман сықылды. Жайлы күйінен айрылған қозғалуға дәрмен аз, сынған сүйек қажалғанда ешнәрсені де білмей қорқуды да есінен шығарды. Сонда да ол тырмысып қозғалмақшы болды. Сау аяғын да қозғады. Қаншама ұмтылса да жаралы аяғын суырып ала алатын емес. Жанын көзіне көрсетіп аяғы үзіліп барады.

— Михаил Львович!—деді.

Осы кезде алдыңғы жақта ыңырсыған Михаилдың даусы естілді. Жексен қысылып кетті.

— Жексен — Жексен! — деп Анна оны сүйемелдей берді. Ол жалма-жан пакеттің байланған белдіктерін кыйып, жіберіп, жан-дәрмен арқалап ілгері тартты.

Ракета тағы да көтерілді. Пулемет, автоматтар да текіректен берді. Кейі асып, алдыңғы қарға сіңіп жанғыш оқтар зуылдап ысқырды. Бір аяғын снаряд үзіп кеткен Михаил Львовичті жолдасы демеп ілгерілей берді. Шананың оқ бір жағын тұтас жұлып ап кеткенді.

Автоматтың оқтары соған байланып қалғандай қызылды-жасылды жарық қайта-қайта жалғанады.

— Токта!—деді бұлардың алдынан шыққан айбынды дауыс.—Пропуск. Сөйткенше болмады, бірнеше жауынгерлер жүгіріп келе жатты. Үздіксіз көтерілген ракета жарығында бұлардың өз жауынгерлеріміз екені анық танылып, жүрекке қуаныш кірісе кетті. Алдыңғы шептегі күзетші дозорлар жаралыларды қолдасып ала жөнелді.

### XIII

Айнала әбден жарық болды. Носилканың алдын Анна, артын бір жауынгер көтеріпті. Михаил Львовичті де екі жауынгер алысып келе жатыр. Жексен көріп келеді, жартысы жоқ деревняның шетіне кеп ілінді, өртенген үйлердің мұржалары ғана сарайып, әлі күнге қозданып түтін бықсыйды. Әр жерлерде шала жанған бөренелер, тақтайлар, қар үстін қара қожалақтапты. Кейбір үйлерді бомба түсіп қыйратқан, айналасына шашырап ұшқан ағаштары жатыр. Кейбір сау қалған үйлерден шинелін жамылып, қолын мойнына асынғандар, балдаққа артылғандар көрінеді. Кей жерлерден деревняның тұрған адамдары да көрініп еді, Жексеннің көзіне жай халық біртүрлі ыстық, сағынышты болып көрінді.

Бейбітшілік өмірді сағынғандықтан ба, ол солардан көзін айырмады, жақындаса солармен тілдескісі де келді. Басын бура түсіп қарайды. Носилка көтергендерді бастаушы деревняның ортасын қақ жара отырып, шеткі бір сарайдың алдына келіп тоқтады.

Көп кешіккен жоқ, есік ашылды. Екі носилка сарайға кіргізілді, сарай іші ылғый жаралылар екен, Жексен мен Михаил да солардың қатарына қосылды. Жаралының кейбіреуі жөтеліп, зорға қақырынады. Ыңқылдай түсіп ауыр күрсініп санитарларды шақырады. Әртүрлі аянышты үн Жексенді де тартып ап кетті. «Ым-м» деп қозғалған сайын тістене түсті. Осы көрініс күніне қай-



талаумен арада жеті күн өтті. Сарайдың ішіндегі алғашқы көрініс өзгерді. Көп адамдардың киімдеріне жүкқан қандары қоңыр күрең тартты. Сарайдың қабырғалары от жағылғанда буланып қырау ұстайтын болым алды. Мандайшаның төбесінде тамшыдан өскен мұздар, найзаның ұшындай түйіледі. Екі пештің айналасында шекесі марлымен таңылғандар, таяғына сүйеніп отырғандар, топ-топ. Темекінің қалдығы бірден-бірге зыр жүгірді. Михаил Львович аяғының астына биік етіш шөп төсетіп темекісіз трубкасын аузынан бір тастамай әлсін-әлсін сорады. Бұдан аз күн бұрын жаудың шебінен алыс делінген деревня алдыңғы ұрыс шебі болды. Немістер жақындады. Жаралыларды алып кетуге де мүмкіндік болмай, әржақтан жыйнаған жаралыларды осы араға орналастырған. Өз жарақатын ауырсынып жүрген Жексен алғашқы бетте түрлі мүгедек болып қалғандарды көргенде сескеніп, үрейленіп қалып еді, бір жеті өткен соң бұл көрініске де үйреніп кетті. Деревня әйелдері жаралыларды күтісіп олардың киімдерін тазартып беріп отыратын. Бүгін сол әйелдермен бірге бір жауынгер ере келді де, бір күшак қағазды пешке әкелтігіп жіберді.

«Бұлар не істемек, қағаздары не?» деп Жексен Михаил Львовичтің көрші адамынан сұрады.

— Немістің листовкалары екен,—деді ол—отқа жағып бізді бір жылытпақ, содан кейін пешпен қоштасын болыппыз.

Жағдайды ешкім айтпаса да, жауынгерлерге де түсінікті болатын. Бір лейтенант келіп кірді.

— Жолдастар, достар, ұрықсат па?—деді ол. Жаралылардың ыңқылы да, сөздері де басыла қалды.

— Сауымызға да, жаралымызға да жау төнді. Жүруге жарайтындар жүріп, ал қалғандар өздерін қорғайтын хал туды.

Сарайдың ішінде кекті толқын ду ете түсті. Жараларына карамастан әркім киініп, буынып-түйіне бастады. Жатқандар да кеудесін көтеріп, түймелерін салды. Ауыр жараны ызалы кек басып кетті. Көппен бірге бұлар да жан қармап көтерілді. Жексен мен Михаил Львовичке бір мылтық төрт граната тиді. Бұлар шеткі үйдің бірінің астынан қазылған блиндажға орналасты. Оларға тағы да екі жаралы жауынгер қаруланып қосылды. Қелесі күн таң ата жау деревняға төнді. Немістің жіберген он

шакты танкі көшелерге кіре, біздің танкімен кездесе қалды. Соқтығысқан гүрсіл мен лапыл от деревняны жалынға орады. Үйлер жанып, күйретіліп, құлап жатты. Атыс ұлғайды. Деревняға кіреберіс окоптардан өткен неміс автоматчиктерін Жексен тез байқады. Зеңбіректер әрбір пұшпақтан дүрсе атылып, гүрс-гүрс етіп жатты.


— Өлетін де, тірілетін де күніміз бүгін,— деді Жексен. Ол сыртқа қарап еді, біздің таніктер жау танкілерімен қыян-кескі атысқа түскен екен. Ал белестен неміс автоматчиктері шартылдап төніп келіп қалды. Артта жаяу жауынгерлер де оқ атып жатыр. Жексен жарадарлығын ұмытып, жолбарысша ышқынып жігерленіп кетті. Жұлқына қыймылдап блиндаж асғындағы жаралыларға да айбаттана команда берді. Мылтықты оң қолымен демеп сол қолымен атты. Мұның оғы тиді ме, жоқ басқаның оғы тиді ме, көздеген екі неміс етпетінен түсіп бұғып қалды. Дәл осы кезде үйге снаряд түсіп, айналары солқылдатып жіберды. Блиндаждың іші түтінге толып, көзді аштырмады. Ыстық жалын да келіп жетті.

Оқ ататын амбразураның бір жағы бітеліп қалды. Сыртта не болып жатқаны да белгісіз. Жер шайқалып теңселеді. Жалын молайып, ашты түтін көзді аштырмады. Тыныс тарылды. Жексеннің қолынан мылтық та түсті. Жанындағы жолдастарынан ешбір дыбыс естілмеді. Аузы мен танауынан кірген жалын ішін өртеп барады. Басын оқ ататын тесікке тыға түседі. Сырттағы атыс молайып кетті. Жексеннің есі әлі де тұзу еді. Танауынан жып-жылы бір нәрсе аға бастады. Қараңғыда жылымсыған канды ол сезген де жоқ. Тек тынысы үзіліп бітетін сықылданды. Өмірдің соңғы минуты соғар шаққа жаңа жеткендей болды. Жексен жанұшыра жан-жағына қарады.

Бағанадан бері тіршіліктен ешбір белгі бермеген Михаил Львович «Интернационалды» бастады. Жексен ақырғы дәрменімен қазақша қосылып көтерө түсті. «Интернационал» бәсең шыққан жоқ. Барлық ауыртпалықты көтеріп жібергендей болды. Біткен тыныс ашылып, үндері жалыннан да асып жарқылдағандай болып, күңіренге соқты. Сыртта уралаған дауыстар шығып, біреулері амбразураны тас-талқан қылып қазып дүрсілдетіп дабырласады. Сөйткенше болмады жарық көрінді. Шапшаң қыймылды адамдар блиндажға секіре түсіп жатты.



Бұл сәтте Жексен шыйрап кетті. Жарық сәулемен, жылы жүзді жауынгерлермен бірге кеуделерінде жана дем, жігер жарқ ете қалды. Жексен танымайтын біреуді беттен сүйіп алды да бар дәрменімен ырғып жер бетіне шықты. Жау дүркіретіліп қуылып барады. Атыс әлі басылмаған екен. Күш жыйнап адымдай бергенде қасындағы Михаил Львовичтің әлсіреп құлап түскенін бірақ білді. Досының азалы денесіне қарап, ол ұзақ бағиді. Кешікпей,—жаралылар, поезға!—деген бұйрық естілді де, Жексен санитар поездбен жөнеліп те кетті...



### ІІІ ТАРАУ

#### А Қ И Қ А Т

Терезеден бетіне түскен күн сәулесі Жексенді оятып жіберді. Ол жараланғаннан бері мұндай тыныш ұйқтап көрген жоқ. Мамық жастық, ақ простыня, пружиналы төсек — күндақтағы баланы көз алдына елестетеді. Аяқ жақта ілулі ақ жағалы халат, тапочка, зор үміттің нышанына батырып қуанышты жүруді сағынғандықтан ба, әлденеден көңілі алып ұшады.

— Тілеуімді тілеп тұрғанын қарашы асық па, таянып жүретін болармын. Есік жақ бұрыштағы қос балдақ оны селк еткізді. Мені көрдің бе, деп бар үмітті жоқ қылып жібергендей болып кетті.

— Шынымен аяғымды кесіп тастағаны ма?!

Суық қорқыныш сезімі бойды басып жіберді.

— Өтінбеп пе едім, шіркіндерден. Ол аяғын ақырын қозғап көріп еді, аяғы кесілмепті, бақайлары жыбырлайды. Танды-таңға қосқан қақсау, шағып сыздаудың бәрі де басылған. Қатты дауылдан соңғы тамаша ашық күндей терезеден түскен күн сәулесі сүйкімді сезім тудырады. Ойы үй ішіне бөлінді. Палаткада үш-ақ адам жатыр. Ортада ақ жабулы стол үстінде гүл, су құюлы графин, газет, шахмат байқалады. Өзімен қатар төсекте шашын кейін қайырған, жастау келген сары жігіт оқып жатқан газетін қойып;

— Амансыз ба? — деді.



— Өзіңіз де жақсысыз ба?

Қарсыда көлденең төсекте жатқан орта жас шамасындағы секпіл шұбар, үлкен мұрынды жаралы да жалт бұрылды.

— Қай майдандікісіз?

— Воронеж, Сталинград бағытындағы ұрыстарға қатнастым.

— Онда майдандас екенбіз ғой.

— Жараланғаныңызға көп болды ма?

— Көп уақыт болды. Көлденең төсекте жатқан жаралы ақырын ғана жөтеліп еді. Тамағы қырылдап қалды. Даусы тұншығып шығып бір қолымен көрпесінің сыртынан кеудесін басты.

— Виктор Владимирович, газетіңіз не айтады?

Сар жігіт бір қақырынып қатты-қатты жөтелді. Жөтелгенде оның бетінен қаны атып кете жаздады. Газетін қайтадан қолына алып аудара түсіп қарады да:

— Ленинград үшін аянып жатқан немістер жоқ. Бізге жасаған шабуылдарының бәрі де сәтсіздікке ұшырады, — деді.

— Бүгін не айтар екен, — деп ол қолын созып бас жағындағы радионың сымын жалғады. Музыка шың ете түсті. Отан соғысының әні еді.

Осы кезде есік ашылып жұқа өнді, орташа бойлы ақ халатты, қолында шайнегі мен легені бар бір әйел келіп кірді.

— Амансыздар ма?

Ол бұрын көрмеген жаралыға қарап қалды да, кірпігін әлденеше ашып-жауып ойлана түскендей-ді.

— Сіз қашан келдіңіз?

— Бұл госпитальға келгеніме екінші күн болады.

— А-а-а! — деді жүре түсіп. Көзінде таптым деген ой сезімінің қортындысы да байқалды, — операция бөлмесінде болған сіз екенсіз ғой.

— Я.

— Онда тіпті жақсы, мына жолдастарыңызбен бірге күтемін. Менің палаткаларыма ылғый жақсы жауынгерлер келіп түседі.

Ол өзінен-өзі қуанғандай-ды.

— Нина Карповна, — деді қарсыда жатқан жаралы, — сіздің көзіңіз ылғый жастарға түседі-ау өзі, — деп төбеден байланған жіпке қолын созып қатты тартты. Со

нан кейін жіпті қолтығының астына салып асыла түсіп отырды.

— Сіз бұрмаламаңыз, — деді, Нина оның жастығын қопсытып, қайта салып жатып, — жаралылардың бәрі бірдей емес. Шыдамды екен деп Федор Федотовичтің өзі айтты. Әй... әй Афанасий Тихонович — ішіңізде жылан жұмыртқалап жатады ғой деймін.

— Бірақ тілімнің уыты жоқ, — деп күлді.

Әйел легенге бет жуғыза бастады, кезек ақырғы жігітке келді.

— Аты-жөніңіз кім болады?

— Жексен Бекмұханов.

Жүруге жарамайтын жаралылар тамақты палаткада ішеді екен. Күтуші Нина бұлардың бәріне де таңғы тамақты әкеп беріп еді, таныс боп үйренісіп қалған фельдшер Зоя келді, оның зор денесіне жуан дауысы өте ұнамды көрінді.

— Операциядан кейін қандайсыз? — деп сұрады ол Жексеннен.

Жексеннің басы әлі де ауырлап аузынан түтін иісті дәрінің дәмі кетпей тұрған-ды. Бұрынғысына қарағанда әлдеқайда жақсы болып, кейде наркоздың исі танауына келгенде жүрегі айнып, диетенің өзін де талғайтын.

Жексен госпитальға келіп түсісімен дәрігерлер операцияны дереу жасауға келісті. Комиссия да екі түрлі көзқарас та болды. Оның бірі аяқты жамбастан кесу керек деді. Бірақ бұған әрі хирург, әрі палатканың дәрігері Федор Федотович қайыспады. Операция жасалды. Жамбасты ала отырған оқты қашады. Госпитальдағы атақты хирург операциядан адам өлтірмейтін, Федор Федотович операцияның қандайын болса да жарты сағаттың ішінде бітіруші еді. Бұл жолы сағаттан аса уақыт кетті. 229 адамнан аман өтіп едім деп састы. Оқты суырып алған жерде хирург балаша қуанған. Зоя жанқалтасынан оқты алды да Жексенге берді.

Жексен оқты қолына алып арлы-берлі аударыстырып тұрып қарады да өңі сұрғылт тартып тесіліп қалды. Қабағын да қақпады, сұқ қолымен бас бармағының арасын да қатты қысты. Жарікшек оқтан оның көзіне қоңқақ танау, жаурыны еңкіш, көзі қанталап адырайып көк шинелді ұзынтұра немістің суреті көрініп тұрған сықылды. Қолға түсіріп, жанын шығарып, кегін алып жат-



қандай тістене түсті. Жараланған түнгі қатты суық, зенбірек даусы, автомат... Ормандағы жалғыз қалғаны бәрі де көз алдына келді.

Қадыр, Салават достарым қайда екенсіңдер деп те ойлады. Одан бері барлық көргендері де тізбектеле түсті. Жексенді Зояның сөзі алыстан өзіне бір-ақ тартып алды.

— Операция еткеннен кейін сізге қан кұйылды. Сіздің қаныңыз II группа екен. Осында келіп жүретін бір қыздың қаны I группа болып жарап шықты. Наркоз астында жатқан Жексен өзіне қан кұйылғанын да енді білді.

Бір ескерткіш болсын деп, оқты сұрап еді, қабырғаға жапсырылып ілінеді деп, Зоя бермеді. Дәрігердің жаралыларды аралайтын уақыты сағат он еді. Зоя мен Нина Карповнаның жүріс-тұрысы өте жиілеп кетті.

Қабағын сирек қағатын, дөңгелек көз, орта жастағы адамның келе жатқан тықыры да білінбей қалады.

Оның көзі еңалдымен Жексенге түсті.

— Қалай жақсы жатырсыз ба?

Ол көрпесін ашкызды да бел мен аяққа тұтас салынған гипсті қолымен шертті, аяққа салынған гипс тас боп қатып қалған-ды. Бірнеше рет шертті де ашық жатқан бақайларын қозғалтуды сұрады.

— Бақайларым қозғалады, Федор Федотович!

Дәрігер басын изеді, трубкасымен Жексеннің кеудесін тыңдады. Қабырғалардан сүйкей тиген оқтың жарасынан қатты қауып та қылатын. Күндегідей болғаннан кейін көңілі орнына түсіп:

— Жақсы, жақсы! — деді. Қолында қағаз-қарындашы бар Зоя, хирургтің әр жаралыға нендей дәрі, болмаса нендей ем жасау керек дегенін жазып тұратын.

Федор Федотович оған ақырын бұрылды да, кеудесін қайта байлауды тапсырды.

— Ал Захаров, сіз қалайсыз?

Оның ақшыл өңіне қызыл қан жүгіріп кетті. Жексенге бір қарап, көрпесін сырып жіберіп, тізеден кесілген аяғын секең еткізіп көтеріп алды. Басына байланған марлысынан ағып қалған қаны көрінеді. Хирург оның санынан ептеп басып көрді де, көрпесін өзі көтеріп жаба берді.

— Жөтелемін, Федор Федотович, — деді Захаров.

— Ушкыштарға бұл бір тән ауру.

Оның да кеудесін тыңдады. Жексен көршісінің ұшқыш екенін білді.

Хирург, енді Афанасий Тихоновичке бұрылған кезде Виктор газетті ұстап теріс қарап жата кетті.

Ушқыш жас жігіттің қайғысына ортақтасқандай Жексен де бұрылып теріс қарап еді.

— Политрук жолдас, кеудеңізді гипс неге қысады? — деген сөзге де құлақ қоймады. Жатқан бетінде ұйқтапты да қалыпты.

## II

Күндер де жылжып өтіп жатты. Кешкі уақыт еді, палаткаға екі қыз келіп кірді. Олар ақ халатты желбегей салып бірі кітап, екіншісі «Крокодилдің» номерін қолтығына қыса келген-ді. Бұның біріншісі денелі, бойшаң, қараторы қыз, екіншісі денелі де емес, кейіпсіз нәзік те емес, орта бойлы, сұлу біткен мүсіні қандай жігіттің сынына болса да толғандай ұзын қара шашты, өткір көзді қыз еді. Бұлар жағалай қол беріп амандасты. Жексенге ұсынылған қыздың қолы тыстан келгендіктен салқын екен, дене ыстығы көтеріп жатқан жүрегін сая тапқыза қалғандай болды. Қайдан көрдім деген ой оған сап ете түсіп, қыздың қолын біраз қысып жібермей қалыпты. Неге қолымды жібермейсіз дегендей қыз жалт қарағанда уялудан ба екі беті ду етті. Жексен қолды босатып жіберді. Қыздың көзіне көзі түсіп кетіп еді, ұштасқан көз жанарлары бір сәулені жарқ еткізгендей болды.

«Қайда көрдім?» деген ой шар тарапқа атылып, кеудесі көтеріліп, қолы созылған қалпымен тапжылмастан қадала қарап қалған еді. Қыздар амандасып болды да орындыққа отырысты.

«Қай жерде кездестім?.. Апырм-ай қайда көрдім?» Жексенді қыял жетектей жөнелді.

«Көрдім, көруім анық, көкейімде сақтаулы келбеті тұрған сықылды!»

«Дәл өзі, сол..., сол!» — деп еді. «Сол» деген ақырғы сөзі қаттырақ шығып кетті. Бұл кезде қыз екінші бір жауынгерге қарап тіл қата бастап еді. Жексен оқтала тағы бір қарап алды да: «Сол, сол! Бірақ сондай сұлу ма еді?» — деп ойланды. Ондағы көргендегісіне ешбір ұқсамайды. Онда ол ісік басқан қан астында еді.



— Елена, — деді Захаров, — не әңгімелерің бар?

Елена деген сөз нұр төгіп жібергендей болды. Тыянақ байлау табылып, туншыққан үміт жазылып, талас-тартыстың түйіні де шешілген сықылды.

«Елена!.. Елена!» — деді ішінен. Сүйкімді, сүйікті ат. Сол Елена ма, жоқ әлде басқа ма? Елена Жексенім деп жазбап па едің, жаным демеп пе едің. Ол Елена деп қала жаздады да, өзінен-өзі қысылып тоқтап қалды. Нендей күштің осы сөзді айтқызбай тоқтатқанын да білген жоқ. Максим Федоровичті, Григорий Максимовичті сұрайын деп те ойлады, бірақ оған батпады.

— Ира, қолыңыздағы не кітап? — деді политрук Горожанин. Бұдан Жексен бағанадан сөзге араласпай отырған зор денелі қыздың атын білді.

— Сіздің тапсырған «Соғыс және бейбітшіліктің» IV кітабы.

Горожанин кітапты қолына алып қуанып қалды.

— Қарындасым мұныға көп рақмет, хатты да салдың ба?

— Сол күні салғамын, мінекиіңіз, — деп квитанциясын ұсынды.

— Елена «Крокодилді» кімге әкелдіңіз?

— Керек етсеңіз оқыңыз, — деп ол журналды Захаровке ұсына беріп, Жексенге де бұрылып еді, қыздың ақшыл жүзі қырындап отырғанда фонардың жарығымен тіпті сұлу болып көрінді.

Жексен енді шыдай алмады, іштегі жалынын шығармаса жанып кететін тәрізденді.

— Сіздердің бір палаткадағы үш адамды алалағандарыңыз не? — деді — жолы үлкен Афанасий Тихоновичтің сыбағасына кітап тиіп, Захаров журналға ие болғанда, менің атаусыз қалғаным қалай?

— Жексен, — деді күліп Горожанин, төбеден байланған жіпке екі қолын аса түсіп, — сіз бұл жолы бұл жолдастарға кіна қоймаңыз. Бұрын біз осында Захаров екеуміз ғана жатып едік. Біздің сұрауымыз бойынша әкелді. Біздің 78-палатканың шефіне алған өндіріс адамдары болады. Жаксы көретін кітап әкеп беруді, хат жазғызып алуға, әңгіме айтқызып, не кітап оқытып тыңдауыңызға сіз де еріктісіз.

Жексен дегенде Елена жалт қарады. Ол алғаш қолын жібермей қалған жерде көзіне жылыушырап сол ма де-

гізіп еді. Бірақ ешбір ретін таба алмай аналардан жасқанып кейін шегіне берді.

Түтқыйылдан ұқсата алмады да, дұдамалданып ұқсас адам бола ма деп еді. Оның көзін айырмағаннан таныды ма деп те, біресе қыз құмардың бірі ме деп те екі ойға қалды.

Анда-санда көзінің қырын бір төңкеріп тастап қайтер екен деп аңдыды. Өткен күздегі қасқасы жалтыраған, өні тотыққан, автоматты жауынгердің келбетін әлсін-әлсін іздеп көз алдына келтіріп салыстырып отырған-ды.

Жексен деген атты естігенде өзінің қадала қарап қалғанын да аңғармаған болар. Майдың жасыл гүліндей түрленген ажары әп-сәтте өзгеріп, қуан тартқандай, күлкі шашырап нұр төгілген көзі бұлдырап құлағына нендей сөздің шалынғанын да қайта естуге құмартқан-ды.

— Бізден бір қателік өтіпті, жаңада кеп түскен Жексен Бекмұхановпен сіздерді таныстырмаппыз, ғапу етіңіздер.

— Жексен, мына жолдастар — Ира Чернышева, Елена Максимовна Чайковская, танысып қойыңыз! — деді Захаров.

— Елена Чайковская!

Еленаның құлағына таныс дауыс саңқ ете түсті. «Хаттағы сөзі сырлы, ынтығы күшті қазақ жігіті — Жексен сенбісің» дегендей мөлдіреп қарады.

Оның Жексенді, құшақтай алғысы келді, жан-жағына қарады. Батылдық жасай алмады. Елена жалындап кетіп, жасқанып қана тоқталды.

«Жексен» — деді ішінен екі көзін айырмай, не істерін білмеді. Сөйлесе жылап жіберетін сықылданды. Тұруға ыңғайланғандай болып қайта отырды.

Екеуі үн-түнсіз қарасады. Көзге көрініп амандаса алмады. Федор Федотовичтің жаралыларды кешкі аралайтын уақыты болып қалды. Елена орнынан азар тұрды. Ол Жексенге сырлы көзбен қарады да, нұрлы жүзінен ықлас білдіріп шығып кетті.

### III

Тысқа шыққан Елена есік алдындағы орындыққа отыра кетті. Көп күтіп, көп зарықтырған адамның күтпеген жерден кездесуі таң-тамашаға қалдырды. Жаңа ғана болып өткен кездесудің көрінісі мен сондағы сөздер әлі де естіліп, көз алдынан тараған жоқ.



Елена есік алдында моторы гүжілдеп жатқан машинаға да көңілін бөлген жоқ еді.

— Елена, жүр-жүр, — деп Ира, машинаға қарай асыға басып, жеделдей сөйледі. — Станциядан түнде келетін жаралыларды тосатын машина, жолдан түсіп қаламыз.

Машинаның үстіндегі санитарлардың әзілді сөздері, қалжың, күлкілерінің бәрі де Еленаны селт еткізе алған жоқ. Машина зырлаған сайын жалтыраған жол үстіне түскен ай сәулесі теңселіп, суық жел ұйытқыды. Екі жақ көшенің босағасында ағаштың жапырақсыз бұталары сыйдыра түсіп төнеді.

Магазиннің үлкен терезелерінің алдына жыйналып қойылған бұйымдар қызылды-жасылды қалаулы тұр. Мылтық асынған күзетшісі ары-бері шырқ айналады. Көп ұзамай машина маңдайшасында екі фонарь жанып тұрған үлкен үш қабат ақ үйдің алдына келіп тоқтап еді.

— Елена, Елена! — деген Ираның даусынан соң секіріп түсті. «Ертеңге шейін есен бол!» деп, қолын былғап, кете барды.

Елена келгенде Мария Яковлевна жатып қалған екен, анасын оятып алмауға тырысты. Ептеп басып өз бөлмесіне кіріп кетті.

Майдан шебінен аттандырылғаннан кейін поезд он төрт сәткеде осы қалаға кеп тоқтағанды. Максим Федоровичтен ешбір хабар-ошар болмай кетті. Еленаны жолшыбай поезд үстіндегі дәрігерлер үнемі емдеп, мұнда келгеннен кейін көп ұзамай бұрынғы қалпына қайта келгенді. Бұлар балқыту зауытында шебер болып қызмет істейтін. Гаврил Адрианович Рагозиннің көршісі болды. Жақсы жабдықталған үй ойлағандарындай кез келді. Бір рет майданға барып жауынгерлерге тарту тартып кайтқан адам ұрыс қыйыншылығын жақсы түсінетін. Ол бұларды құшағын жайып қарсы алды.

Шебер Рагозин Еленаның сұрауы бойынша өзіне шәкірт етіп қызметке орналастырды. Көп ұзамай Елена өз жұмысына мамандалып та алған болатын. Мария Яковлевна да келгеннен кейін көп кешікпей Еленамен ақылдасып, тігін фабрикасына тігінші боп қызметке түсті. Өзімен бірге жасап келе жатқан кара машинаның дөңгелегі қозғалып, қайығы зырылдаса ана да ілгері қарыштап өмірден қалмай келе жатырмын деп түсінетін.

Күнде Елена қыбыр етсе-ақ оянып кететін Мария Яковлевна бүгін шаршаған ба қалай, тыпыр етпеді.

Бөлмесіне келген Елена сырт киімін шешіп ілді де, үйдегі костюмының омырау қалтасындағы шеті көрінген көк жібек орамалды алып жазды. Орамал ішіндегі қыйсық айрылған газеттің шетіндегі «Адресі мен Жексен Бекмұханов» деген жазуды оқыды.

Қағазды бетіне басқанда алақаны ду етіп жанып кететіндей көрінді. Қолын бетінен жұлып алып уһ деп ауыр күрсінді.

— Жексен!—деді. Осы ат өткен күнді көз алдына тартып алып келді. Қоштасеп адресін берер алдындағы Жексеннің келбетті кескіні тұр... Елена адресіті қайта қарағанда «винтовка» деген гана жазу бар екен. Адресіті жүрегіне басып, кеудесін көтере түсіп, қарсы алдындағы айна ішіндегі өз суретін көрді. Бір бұрымы бүктетіліп костюмының жағасының астына түсіпті. Маңдай шаштары қобыраңқырап бірнеше талы маңдайын қақ бөліп тұр.

Ішкі көйлегінің омырауы құрысып-тырысып қалған екен, көз алдында Жексенді көріп отырғандай, өзінің осы тұрысы өзіне ұят көрінді. Жалма-жан ақ жібек кеудешесін ішінен киіп, айна алдында шашын тарап, қайта өрді. Сұлу жүз қайта-қайта толқыды. Фонарьдың жарығы айна бетіне шағылып, май айында күн батар алдындағы көл бетін жарқыратқан сәуледей, Елена сол көлге үңіле қарап жағада отырған табиғаттың бір сәулетіндей көрінді. Фонарьдың лып-лып берген жарығы айна бетінде теңселгендей, өткір жүзде толқығандай бір реңк тудырады. Көптен соң Елена төсегіне келіп жатты. «Бүгін кімді көрді, кіммен кездесті?» Денесі ыстықтап көп уақытқа шейін көзі ұйқыға кетпеді. Өткен өмірінің бәрі көз алдына тізбектеле берді. Ерсілі-қарсылы толқый түсіп, ерекше көрінген бір күн — ол жаудың қолынан азат болуы. Егерде бұлар болмаса әлдеқандай өмірге кез келер еді.

Өлімнен құтқарылған күнін кім ойламас, құтқарушысын неге есіне алмас. Толғана түсіп ойланады. Айрылысар алдындағы көрініс көз алдына келді. Елена нелер жақсыны, нелер жасты көрді. Бірақ соның біріне де көңілі құштар болып, ынтыға есіне алып, сарыла ойлап көрген емес. Сол жігіт жау қолынан сүйгенін әдейі іздеп келіп құтқарып кеткен секілді. Мен қарыздан құтылдым дегендей, әзіл жолдап сыр тастағандай болады. Жаудан



күтқарып кетті де қалды. Еленаның жатқа қыйғысы келмейді. Бір көргеннің өзінде көптен бері сырына қанық жан сықылды болып кетті.

Жылдай көрінген түнді де өткеріп госпитальға жеткен Елена арлы-берлі жүрді. Палаткалардан, не операция бөлмесінен ешкім шықпады. Коридордағы диванға ұзақ уақыт отырды. Жексенмен тілдесуге құмартты. Ол бәрін де айтпақ, бәрін де естімек, бүгін оған шын достық қолын ұсынбақ еді...

Жексен операция бөлмесінде дегенді естіді де үн-түнсіз диванға барып отыра кеткен-ді. Елена диванда ұзақ отыруға да шыдамады. Көрші тұратын Нина:

— Неғып жүрсін? — деп сұрай кетті.

Елена не дерін білмей өзінен-өзі қысылып, қолындағы Жамбылдың «Кавказға саяқатына» карап:

— Ира келмек еді, соны тосып отырмын, Нина Карповна, — деді, — оған жақындай түсіп.

Ира Еленаның ең жақын досы болатын-ды.

— Жексенге операция жасап жатыр ма, жоқ әлде қан құйып жатыр ма?

Бұл хабарды Нина: — білейінші деп кетіп еді, әлі жоқ. Нина Карповна кешіккен сайын Елена тынышсыздана түсті.

Кешіккен сайын дегбірі кетті. Есіктен ақырын тыңдады. Тек күбірлеген ғана сөздер естіледі. Біреу бері есікке келе жатқандай болып еді, қайтадан кейін асыға басып барып тұрды. Тағы да күбірлескен ғана сөздер естіліп, сәлден соң ешбір дыбыс білінбей кетті.

Аздан кейін жүріс молайып бытырағандай болған кезде, аяғының ұшымен басып кейін шегінді. Жуығырақта ешкім шыға қоймады. Бір өзіне коридордың ауасы жетпеген тәрізденді. Операция бөлмесінің қарсысындағы шар айнаға келіп жүдеу тартқан бетін орамалымен сүртті. Шашын тарап, екі бұрымын омырауынан арқасына серпіп тастады. Сарт етіп есік ашылып кеткенде айнада носилкада жатқан Жексеннің көзі жарқ ете түсті. Көзіне көзі түсіп кеткенде, Елена әлденеден уялып, бетін баса қалды.

Сестралардың туфлилері сыртылдап, ұзын коридор бойына кетіп бара жатты. Олар ұзап кеткеннен соң қайта серпіліп жалт бұрылып еді, Нина Карповна иығынан баспа гып, күлімсіреп тұр екен. Уялғандығын білдірмеуге тырысқан Елена оны құшақтай алды.

— Нина Карповна кашан қайтасыз, Ира келмеді ғой, енді кетелік.

— Ендеше біраз тоса тұр, — деп оның кұшағынан Нина сытыла берді.

— Онда сізбен бірге мен де палаткаңызға кіріп шығайын.

— Жоқ, — деп Нина тоқтай қалды. — Федор Федотович 78-палаткаға үш күнге шейін ешкімді жіберме деп тапсырды. Бекмұхановтың жарасы жайсызданып, қайта қарап таңып тастады.

— Өміріне қауып туғызатын ба екен?

— Федор Федотович оның өмірін тағы да аман сақтап қалды. Қанды ірің қабырғаларының арасынан ішіне құйылып кете жаздады.

Елена бұдан ары қазбалап сұрай берудің өзіне де батпады.

— Ал тез шығыңыз, сыртта күтемін.

Ауыр ой басқан Елена енді не істерін білмеді. Үш күнді күту алыс сықылданды. Оған ұстамдылығы да жетпейтін тәрізденді. Бұл сырын кімге айтады? Кім жақын дос болып көмек жасар еді?

«Жоқ, — деді ол өзіне-өзі, — әзір Ираға сездірмеймін. Зоя тіпті де білуге тиісті емес. Менің мұнымды госпитальдың басшылары білсе, Федотович сезсе не дейді, онда маған Жексенге кіретін есік мүлде жабылмай ма? Әлде почтаға хат салсам ба екен? Бұл ойына да басын шайқайды, — онда тіпті оңай сезіледі ғой, өзімді-өзім ұстап бермеймін бе?

— Елена, — деді Нина, — мен сені кетіп қалған екен десем.

— Жоқ, Нина Карповна, тоспай неге кетейін.

Олар қатарласа түсіп госпитальдың сыртқы қорған есігіне беттеді. Нинаның күйеуі майданда, орта жастағы әйел, Еленамен кұрбы сіңлісі және екі жасар Варинька деген жалғыз баласы да бар-ды.

Олар қолтықтасып жарық көшеде келе жатты.

— Нина Карповна, сіз Полинаны жақсы көресіз бе? — деді Елена кенеттен сөз бастап. Ол Нинаның көңілінде сезік тудырмауға тырысып, жай әңгіме түріне айналдырмақшы болды.

Нина ешнәрсені де сезген жоқ.

— Жалғыз сіңлімді неге жақсы көрмейін. Варинькадан оны кем көрмеймін. Ол да мені өте сыйлайды, ал-



дымнан шықпайды, шешеміз ерте өлді де, Полина менің қолымда өсті, тәрбиелеп жеткіздім. Оны неге сұрадың, біреуден бірдеме естідің бе?

— Жок, жай, бір-бірлеріңізге құрметтеріңіздің күштілігін көремін де, таңқаламын. Кей біреулер болады, қанша бірге туысса да, туыскандықтары шамалы боп тұрады.

Елена тоқтап бөгеліп барып сөз кезегін Нинаға бергендей көңіліндегісін, осы сезіммен қоса жеткізіп қалғысы келді.

— Нина Карповна, осы Полина сізден сырын жасыра ма?

Нина Еленаның бетіне күлімсіреп карап еді. Ол ешнәрсені сездірмегісі келіп, бетін бұрған да жоқ, жай басып тура аяндап келе жатты. Нина оның бетінен бір көңілсіздікті аңғарғандай болды.

— Сен немене, күндегіндей ашық, жарқын емессің.

— Жок, әншейін, жұмысымыз осы күні тіпті ауыр ғой, кейде қосымша сменде де қалып жүрмін, соны көтере алмай жүрген болармын.

— Олай болса жөн. Полина сырын неге жасырсын, оның менен бөлек ойы да, жүрегі де болмайды. Сөзден сөз туады-ау енді. Осында бір лейтенант өзі майданда болған екен, хат жазыпты. Айтпағаны болсашы! Сен үшін өртеніп бара жатсамда көмекке ешкімді шақырмас едім, депті. Соны да маған көрсетті. Бұрын үйленбеген жас адам, өзім де көрдім. Тіпті мені де құрметтеді. Қонаққа да келіңіз деп жік-жаппар болды. Асты-үстіңе түсіп сыйлайды. Баралмаймын деуге дәтім шыдамады. Командирлер үйінде болатын ойынға билет әкелген сон бірталай қызық көріп қайтқаным жоқ па!

Елена оның қолын қолтығына қыса жақындай түсті.

— Сол лейтенантқа тұрмысқа шықпақ па?

Нина барынша ашылып, көңілдене сөйледі:

— Сіңлі менікі ғой, Полинаның лейтенанты өте әйбәт, оған шықпасаң өмірінде күйеудің қызығын көрмейсің деп те ұрысқамын.

Осы сөздерім дұрыс емес пе дегендей Еленаның бетіне бір карап қойды да тарта берді.

— Тойын май мерекесіне жасамаққа дайындалып жүрміз, содан кейін майданға екеуі бірге кетпек.

Осы бір майданға бірге кетпек деген сөз Еленаның ішін өртеп, жандырып жібере жаздады. Мұның да

көңіліндегі арманы осы бір сөздің маңында тұсаулы еді.

— Полинаның қолтықтасып бірге жүргенін көріп, — бұл адам кім деп сұрап едім, — театрда танк колоннасына арналған кеште бірге биледік. Содан бері жай таныспыз, — деп еді.

— Біз ешкімге де сырымызды білдірмейміз, — деп Нина көңіл қуанышына көтеріліп шалқый түсті.

Елена оның қолтығындағы қолын өзіне тарта сүйене берді.

— Нина Карповна, айтыңызшы, шыныңызды, — деп тоқтап қалды. Айтпақ сөзін тұпа-тура жайып көрсетіп сала алмады да бөгелді, барлық ойын айтып бітіргендей «айтыңызшы, шыныңызды!» деп салды. Нина оның бетіне таңдана қарады, нені сұрап шыныңызды айт дегеніне түсінбеді.

— Не туралы? — деді.

— Мені де жақсы көресіз бе? — деп сұрамақшы едім, Еленаның осы бір сөзінде дірілдеңкіреп жарықшақтанғандық байқалды.

— Әрине, жақсы көремін. Жарты жылдай уақыт көрші болып келеміз, жақсылығыңды естімесем, жамандығыңды естіген емеспін.

— Нина Карповна сізден...

— Не нәрсе? — деп Нина тоқтай қалды.

Елена ауыр күрсініп төмен қарады да жүзін қайтадан оның бетіне аударды.

— Жоқ, жай, не айтпақ болғанымды да ұмытып қалдым.

— Онда үй арасы жақын ғой, ойыңа түскенде айтарсың. Полина бүгін экзамен тапсырамыз деп кеткен еді, әлі қайтпаған сыяқты. Варинька балалар үйінен әкелінбеген де екен, жарық жоқ көрінеді.

Есікке таман тақаған кезде:

— Айтпақ едім, — деп Елена Нинаға қарсы қарап тұра қалды.

— Бірдеме айтуға батпай келе жатқан сықылдысың ғой, — деп Нина достық жылы жүзін аударып еді. Елена жан-жағына қарап:

— Ой, — деді де, кенеттен Нинаны қушақтай алды.

— Осынша жасырын неткен сыр, — деп Еленаның жүріс-тұрысына көз жіберген Нина нендей жорамал жа-



сауды біле алмады. Елеңдеген бос жүрістерін сезіп те, естіп те көрген жоқ не айтпақ?

— Вариньканың тәтесі, Нина Қарповна, сізге айтпауға шыдамадым. Өйткені көмекті сізден ғана күтемін. Айтқан сырымды өзіңізден басқа, ең жақыныңыз Полинаға білдірсеңіз разы емеспін.

Нина тіпті егіліп кетті:

— Бәсе бірдеме айтпақ сықылдысың, жасырмай айт, қолымнан келген көмегімді аямаймын. Орындай алатын іс болса, өзіндей көр.

— Шын айтасыз ба?

— Осыған уағада болсын ғой.

— Болсын.

Елена Нинаны қатты қысып құшақтап, бетінен сүйіп алды.

#### IV

Жексеннің госпитальға түскеннен бері жараларының қақсамай, күндізгі уақытта көңілді жатқаны бүгін. Оң қолтығы қолын тартып, көтертпейтін, көтерсе қабырғасы мен қолтығы бірге сөгіліп, көзінің отын жарқ еткізетін. Саусақтарын қыбырлатса да жаурыны солқылдап, тез талықсыйтын. Мойнын бұруға да шамасы зорға келетін уақыттар да енді ұмыт болып барады. Тек сол өткен күндердегі ауыр жара еске түскенде жиіркенішті көріністері елестеп кетеді. Жаралы аяқ гипспен бірге ептеп қозғауға да келіп қалды, қолдарын жазып, ептеп көтеруге де мүмкіндік алды. Кеудесін басқан ауыртпалық біртіндеп төмен сырғыған сықылды. Күн сайын жеңілейіп, көңілі өсе түседі. Басының зырқылдап айналып, көзі қарауытатынын қойды. Бұрынғыдай емес газет, журналды да алдырып аздап оқыйтын болды. Ол түскі тамақты ішкеннен кейін тағы да ұйқтап еді, есікті ептеп ашқан Нинаның жүрісінен оянып кетті. Нина Горожаниннің қатты ұйқтап жатқанын көрді. Қолындағы орамалымен стол үстін сүртіп, операция бөлмесіндегі Захаровтың төсегін қағып-сілкіп салды да, Жексеннің аяқ жағына сырғып түскен көрпесін көтеріп қойды.

— Сіз неге ұйқтамай жатырсыз? — деді.

Жексен басына таман жабулы жатқан простынясын кеудесіне сырыңқырай түсті. Салмағын ептеп сол жағына

сала қозғалып, түзеліп жатты. Орындығының үстіндегі орамалын алды да көзін сүртіп, тісін ысқылап жіберді де бірнеше рет тамсанып жұтынды.

— Қанша ұйқтай беруге болады, ұйқыдан келген керді көріп жатырмыз ғой.

— Жастығыңызды қопсытып қайта салайыншы, астыңызға түсіп кеткен екен, — деді Нина.

Екі жастықты қопсытып ауыстырып салды. Тумбочкасының ішін де ашып жөндеп, үстіндегі кітаптарды алып сүртіп тазалады да, сонан кейін барып:

— Үйіңізден хат аласыз ба? — деп сұрады.

— Хабар алмағаныма төрт айдан асты, — деді Жексен, — жалғыз қарындасым бар, әкем майданда.

Нина бір орындықты алды да төсектің жанына таман жылжытып отырды. Еленаның тілегін осы бір жерде орындап, білсем деген ойға келді. Түкті білмейтін адамдай тұспалмен шүйіркелесіп сыр тартып алмақшы.

«Менің кім екенімді қайдан біледі, қалжындасып құрдасы да емеспін, жастардан жасырар сырын менен ірікпес» деп те ойлады ол.

Үйленген жоқ па едіңіз? Нина бұл сөзінен ешбір сезік білдірмеуге тырысты. Шын сырын білуге құмартқан жанашыр сырт адамдай, оның үйішінің қуанышына ортақтасып, ренішін бөлетіндей көрінді. Жексен кенеттен бұл сөзге не дерін білмей қалды да, сұрағын орынсыз көріп, күлді.

— Жоқ, Нина Карповна, реті келмеді.

— Жасырасыз ғой, әскердегілердің бәрі де үйленбеген боп шығады.

«Жасырасыз» — деген сөз Жексенді ойландырып тастады. Ашық жарқын сөйлей салатын адамның әдеті шығар деп білді.

— Өзінің үйішін жоқ-деп жасырған адамның аты кім болмақ, оны білмейсіз бе?

— Білем ғой, білсем де соғыс кезінде..., — деп Нина мырс етіп езу тартты.

— Олай деменіз, ең жақын сүйген жар, әке-шеше, баламызды жасырсақ оның атын атауға арлансақ, онда неге мұндай болып жатырмыз. Намыстың қаншалық керегі бар.

Енді Нинаның аузына сөз түспей қалды. Жексен тамағын бір-екі қырынды да су әперуін өтінді. Графиннен суды стаканға құйып алып келген жерде, Нина әлгі



қамаудан тағы да сып етіп сытылып, бойы кеңіп сала берді.

— Неге ішесіз?

Жексен басының тағы да ауырықсынып, ыстықтап жатқандығын айтты.

— Құйылған қан жайсыз тиген болар?

— Оншасын білмеймін, басым айналады, — деп Жексен маңдайын басты. Нина қалжыңға айналдырып:

— Қанын берген қыз қарғаған болар, — деп салды. Жексен оған селк етіп, жалт бұрылды. Сұп-сұр өңі бір қызарып, бір қуарды, ойлана түсіп жабыса қалды.

— Не дейсіз, Нина Қарповна, қарғап берген болар дейсіз бе, қалайша олай істейді, әлде ол адамнан бірдеме есіттіңіз бе?

Дауысы бірде көтеріліп, бірде баяулап жалынышты түрге енді. Асыға жауап күткендей, жастығын басының астына тығындай түсіп, қолын көрпесінің үстіне шығарып тастады. Нина талмау жерін жаңа таптым деп қуанды да, сол қолын төсектің аяқ жағына сүйеп, жағын таянды.

— Қанын берген қызды білесіз бе? — деп сұрады.

Жексен кімнің қаны құйылғандығын білмейтін. Ол госпитальға келіп түскенде операция жасалды. Завод жастары өз еркімен әрқашан да қандарынан жаралы жауынгерлерге құюға беруші еді. Бұл жолы Жексенге Еленаның қаны дәл келді. Еленаның қанын алып құйған Федор Федотовичтің өзі болатын. Олар бірін-бірі білген де жоқ. Кімнің қаны екенін, қанды кімге бергенін де білісуге реті келген жоқ. Бұны білетін Зоя Жексенге, «сол қанын берген қызбен таныстырамын» деп уағда жасап еді. Біртіндеп ұмыт болып барады. Нина Қарповна бүгін бұны Зоядан естіп өте қатты қуанғанды.

— Жоқ білмеймін, — деді Жексен.

— Көрген боларсыз?

— Шынымды айтам, наныңыз, көргенім жоқ.

— Жасырған деген осы емес пе, көргеніңізді мен білемін, — деп Нина мойындатып бастырмалатты. Күлімдейді. Білетіндігінің қуасы өзі секілді. Соның бәрін қолынан атқарған адамдай бекітіп айтты. Білмеймін деп тансаң да мен тандырмаймын дегендей, бұл сөзге Жексен не дерін білмеді. Тіпті мойындатып бара жатқанына таң қалды. Апырмай көргенімді неге ұмыттым деп қый-

налды. Талай адам келіп, талай адам кетті. Мен канымды саған күйдым деп айтқан бірі де болған емес, естіген де емес.

— Сіз білесіз бе?

— Білемін, — деді Нина оған жақындай түсіп. Жексен басын көтермекші болды да, қайта салды. Жастығын басының астына тығындай берді. Әлі естімегеніне Нинаның енді ғана көзі жетті.

— Нина Карповна, айтыңызшы, маған кімнің қаны күйылып еді?

Нина күлімдеген қабағын әлсін-әлсін желпи түсіп, кірпігінің астынан сығалап та қарайды. Әлі де үндемейді.

— Қанын берген адамға адамгершілік арыммен қарыздармын, — деп жіберді Жексен.

— Сырыңызды сіз жасырғанда мен де білетінімді айтпаймын, — деп күлген Нина қолындағы орамалын бір жазып, бір бүктеп күлімдей берді.

— Нанбасаңыз өзіңіз біліңіз, жасырған сырым жоқ.

Нинаның алғашқы туспалдау сөзінің бәрі де бірінден жоғалды, әңгімелескен сайын құрбы адамындай қалжыңын да араластыра жарқылдады.

— Тіпті бір қыздан хат та алмайсыз ба?

— Бұрын бірге оқыған жолдас қыздардан хат алатын едім, қазір бәрі де жым-жырт.

— Сіз Еленаны білесіз бе?

Жексеннің денесі бір ысып, бір суып кетті.

— Елена, — деді Жексен.

Нинаның сырын әлі де толық білмейтін Жексен бірақ ақтарылып қалмады. Көп аузына түсудің уяты сонша күшті еді. Қалайда, Еленаның сырын білетіндігіне көзін жеткізгісі келді. Сүйікті ат сонша ыстық көрінсе де, өзін-өзі баса берді.

— Елена! Елена, — деп ойлана қалғандай болды да,

— Нина Карповна, — деді — сіз қай Еленаны айтасыз, ол кім, айтыңызшы. Бастан-аяқ баяндаңызшы.

— Қайдан айтамын, өзің тіпті жасырасың.

Нина өкпелеген адамдай енді сөзінен тоқталып, шегініп қалды.

Бұны білген Жексен басын жастығының шетіне таман салып, сол қолын көрпесінен шығарды.

— Жасырмаймын Нина Карповна, ол кім айтыңызшы, өтінемін, өтінемін сізден. Мүмкін мен білетін адам болар.

— Елена Максимовна Чайковская.



Жексен шап беріп Нинаның білегінен ұстай алды.

— Кешіріңіз Нина Карповна, сіз Еленаның сырын білетін қандайлық жақын адамы едіңіз?

Нина оған барлық жағдайды баяндады. Жексен де сырын жасырған жоқ. Еленаның әкесіне, ағасына қалай жолыққандарын да сөз етті. Екеуі бар сыр айтып, бір-біріне ең жақын дос болып кетті.

## V

Сахна өмірін сүйген жас артист қандай болса, өз заводы Еленаға сондай ыстық болып кетті.

Заводта қызметті ең кіші бөлшектен бастаған Елена жеке станокке ендігі жауапкер адамның бірінің дәрежесіне жетті.

Ол ағатын ерітінділердің кубылуына, мүсіндерінің дұрыс жасалуына шеберлігін де арттырды. Станокпен бірге қозғалған Елена бүгін қатты қыймылдап терленкіреді, тіпті өзінің қарқынын да байқаған жоқ, істеп жатқан ісінің әр тетігінен де Жексен елестеді. Ұзақ күнге осы ойды станоктің бетінен бірде ашып ала алмады. Машина сартылдаған сайын түйдектелген ой үйме-жүйме болып ол да зырлады.

— Нина бүгін бәрін де айтар ма екен? Ол не дер екен? Апырмай тындап тұрар ма едім! — деп ойлайды. Қайтадан ойын топшылап өзіне-өзі наразы да болғандай. — Осы әлі амандасуға неге уялдым, деп те өкінеді. Мені ол салған жерден-ақ таныды, ал мен қалайша тосырқадым, неліктен кіналімін. Нинадан жауап күтіп, үйіне тез жетуді аңсаған Елена, аянбай қыймылдап еді.

— Елена!

Ол бұл сөзді естімеді.

— Елена саған не болған? — деді қарсыда жұмыс істеп жатқан досы Ира, тағы да қаттырақ дауыстап. Елена комбинзонның қалтасындағы орамалымен маңдай терін бір сүртіп тастады да:

— Не айтпақсың? — деп сурады.

— Жұмыс артынан комсомолдардың жыйналысы болады деймін.

— Онда бірге баралық.

Көп ұзамай бірінші смена жұмысын аяқтап, Елена станогін тазалап, жұмыс құралдарын реттеді, қабылдау-

шы адамға тез тапсырды да жыйналысқа келді. Жыйналыс партия кабинетінде ашылды.

Алдыңғы орындарға адамдар толып қалған екен, ол ортадағы көлденең қойылған столдан кеп орын алды.

Кабинет қабырғаларының картадан, портреттерден бос жері көрінбейді. Оң жақтағы майдан жағдайын күн-бе-күн көрсетіп отыратын карта бетінде әсіресе Сталинград маңында түсті-түсті стрелкалар молайып, кейбірі түйіліп тұмсығын тіреуге де айналып қалған сықылданып көрінеді.

Москвадан майдан шебі карта бетінде бір қарыстан артық ұзап кетіпті. Кабинеттің төрінде жоғары жапсарына таман «Біздің ісіміз оң, біз жеңеміз» деген ұран қызыл шүберекке үлкен болып жазылыпты.

Ілезде кабинетке адамлық толып завод комитеті орнынан тұрды. Жыйналысты ашушы секретарьдың сөзі қысқа болды.

— Кім сөйлейді? — деген дауыс көп үстінде көтерілді. Қолдарын көтеруші он шақты адам еді.

— Чайковская.

Елена орнынан жып-жылдам тұрды да жан-жағына бір рет жалт беріп көз тастады. Көп көзі оған қадалып не айтар екен десіп қарасты. Топ жарып сөзге көтерілген адамға дүркіреп бұрылысып қарасатын жастар әдеті бүгін де көрінді. Елена көп қарасып жабырласа да жасыған жоқ. Қарсы алдындағы ұран оны жетектеп аузына сөз салып жібергендей болды. Оң қолын столға тіреп, сол қолымен орындығының арқалығынан ұстап айтар уағдасына бекінген де сықылды. Сөз тілінің ұшына келіп айтылар кезде ол завод комитетіне бір бұрылып:

— Жолдастар, — деді. — Бірінші майға арналған социалистік жарысқа түсуге осындағы комсомолдарды түгелдей шақырамын. Өзім нормамды 200 процент орындауға міндеттенемін.

Қол шапалақтау басталмастан орнынан Ира түрегелді.

— Мен нормамды екі есе орындаймын кел, Елена, менімен жарысқа түс, — деп білегін сыбанып, тамағын кенеп те қойды.

— Қелсең кел, — деді Елена.

— Сенен озбасам көрерсің, — деді Ира, — тіпті бір кекесінді адамдай, — менің сөзім дұрыс емес пе, қостайсындар ғой дегендей қатар отырған жолдастарына бұры-



ла түсіп те қарап қояды. Елена орнынан тұрды да сөзін баяу ғана бастады.

— Ира босқа көтерілме, көпшілік алдында сенім беру, Отан алдындағы сөз екенін ұмыт па? Кім озатынын кезінде көрерміз.

— Жолдастар, сөзден де іске көшелік, міндеттемелерің сәтті болсын, ал тағы да кім сөйлейді?..

— Мен, мен! — деген дауыстар тұс-тұстан көтеріліп аңыздап еді... Жыйналыс бітісімен Елена бөгелген жоқ. Заводтың сыртқы есігінен шыққанда оны Ира тосып тұр екен. Екеуі қолтықтасып ағылған көппен бірге трамвай тоқтайтын жерге беттеді.

Трамвай тоқтайтын жермен Еленаның үйінің арасында бір-ақ көше бар еді, жүгіре басып кеп үйінің терезесінен қарады. Өз үйінің терезесінің жарығы бүгін күндегіден де жарық секілді. Арлы-берлі жүрген адамдардың көлеңкесі жиі-жиі байқалады. Нина Карповнаның да терезесінде от бар, жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Тіпті қуанатын секілді. Қуаныш денесін билеп кетті. Жарқыраған терезелер бір сырды аңғартқандай — өз үйіндегі адам көлеңкелерінің мұнша көптігін неге жорырын білмеді. Мезгілсіз уақытта кімдер екенін таба алмады. Көршілер деуге де реті жоқ. Адам көлеңкелері топ-топ, жаманатқа жоруға тіпті зәресі ұшты.

Дабырласып сөйлескен әйел дауыстары естілді. Есікті ашып жібергенде неден екенін өзі де білген жоқ, жүректегі күшті сезім бетін ду еткізді. Ішкі сезім ғана емес, қарсы алдынан қуанышты адамдардың жүздері жаркете қалды.

— Қуанышқа ортақпыз, қуаныштарыңызбен құттықтаймыз! — деген дауыстар тұс-тұстан шығады. Көп әйелдер Еленаны ортаға алып, бірі оның пальтосын іліп, бірі қолтығынан ұстап төргі үйге қарай тартты.

— Мария Яковлевна жасарып қапты, — дейді кейбіреуі.

— Елена көршілерімнің бәрінен де хабар келді, біз қайырлы көрші болдық, тойын өзім жөнелтіп жатырмын, — деді Аксинья. Ажым басқан анасының бетіне ажар жүгіріпті. Еңкіш тартқан белі де жазылып қалған сықылды.

Көршілердің көбі-ақ жыйналған. Стол үстіндегі тағамдар тойдың бастамасы еді. Анасының бұрын кимейтін көйлектерін киюі де қуаныштың сыйпатын елестет-

кендей-ді. Елена әркімге қарап аң-таң болып тұрды да, анасын қушақтай алды:

— Мама, нендей қуаныш, жасалып жатқан қандай той. айтыңызшы, айтыңызшы ана жан!

Оның көзіне жас келіп қалды. Мария Яковлевна қызын бауырына басты да, Максим Федорович та, Григорий де тірі деген анық хабар келді.

— Кім айтыпты ана жан? Неге айтпайсыз тез?

Ана күлімдеп қызының арқасынан қақты да:

— Қандай қуаныш, қандай бақыт жаным балам, қонақтарды күт, бәрін де естірсің.

— Мама бізді қуантқан қандай адам, ол мұнда жоқ па айтыңызшы, неге шақырмайсыз неге рақмет айтпаймыз? Ол адамға құрмет көрсетелік, қарызынан құтылалық. Әкем де... ағам да тірі — қуаныш... қуаныш, келші ана жан қушақтасып қуаналық. Анасының екі бетінен кезек сүйіп, біресе оның төсіне басын тығып, алақанымен бетін сыйпап, секіріп-секіріп түсті.

— Сабыр ет, қызым... ол адам екеумізді өлімнен де құтқарған. Ана қызының күлімдеген бетіне қарады—өзің де білмеуші ме едің? дегендей болды. Ойланшы деп те тұрған секілді.

— Өлімнен? — дейді, Елена ойлана қалып, — кім болуы мүмкін? Көңілінде Жексеннен басқа ешкім де жоқ. Одан басқа бұл хабарды жеткізетін адамның орайы жоқ. Көңілдегі жасырын сырын бүге қойып кім екенін анасының өз аузынан естіп, білуге құмартты.

— Я балам, өлімнен екеумізді де құтқарған. Елена оның атын сұрауды қойып, «қайда, қашан келіпті?» деп қалды.

— Жараланып госпитальға түсіпті—деді де, — Нина, Нина! — деп шақырды. Еленаны, көрген Нинаның жүзі күлкімен гүл-гүл жайнады.

— Нина, бәрін де өзің айтып, Еленаны қуантшы.

— Ол Жексен Бекмұханов! — деді де Нина, төргі үйге қарай қол-аяғын кезек сілкіп, билей жөнелді. Елена үй деп ауыр күрсініп, алдына түскен қос бұрымын иығынан асыра тастап, маңдайын қақ бөлген шашын тарағымен бірнеше рет түзеп қойды.

Тойға жыйналған көршілер тарап кеткеннен кейін Нина Еленаның бөлмесіне келді. Тағы да аяғын тыпырлатып Еленаны қушақтап билеп барып диванға отыра кетті.



Нина кешке жақын қайтарында Еленаға бірнеше рет телефон соғып шақырып ала алмаған еді. Содан кейін Мария Яковлевнаны куантқанша асығып үйге тартқан Нина, Еленаның сөздерін шешесіне сездірмеген. Осындай бір адам әңгімесін айтып отырып, Чайковская Мария Яковлевна дегенді білесіз бе деп сұрады. Мен жөнімді айттым. Ол бастан өткенін сөйлей келіп, менің куантуымды өтінді, деп баяндаған болатын.

— Ал Нина Карповна, болған әңгімені бастан аяқ айтыңызшы.

— Куаныштан да зор қызық әңгіме болды, не қыласын, — дейді Нина баптана, рақаттана сөйлеп.

— Я, айтыңызшы, тәте жан.

— Сенен анада қан алды ғой, — деді.

Елена басын оның нығынан жұлып алып, екі білегінен бірдей ұстап көзін кең ашып ойланып қалды.

— Оны кімге кұйғанын білмеймісің?

— Жоқ білмеймін, оны неге сұрадыңыз? — Еленаның дауысында бір діріл пайда болып, баяулап кетті.

— Өзің шынымен, қаныңды кімге бергеніңді білмеймісің?

— Білсем сізден жасырамын ба? Федор Федотовичтің өзі 250 грамм алды. Сол жауынгермен Зоя таныстырамын деп еді, одан соң кездескенім жоқ.

— Ендеше әңгіме қаннан басталды. Қаныңды Жексеннің дәп өзіне кұйыпты.

— Жексенге дейсіз бе? — деп Елена екі қолыменен де жүрегін басты, кірпігін қайта-қайта желпи түсіп айна бетінде көрген Жексеннің келбетін көз алдына келтірді. Бетін баса қалғаны өзіне енді сөкет көрінді, ілесе жүріп халын неге сұрап қалмадым деп өкінді.

Нина әңгімесін түгел айтты. Бір түрлі жүрек тербете, ырғағына келтіріп сөйледі. Нина үйіне кетердің алдында диванның шетіне ғана отырып, енді тұруға ыңғайланды да, Еленаның қолын ұстап:

— Кетерімде барып едім, «қашан келеді» деп сұрады. Ертең келеді дедім, содан соң ол майданда да Еленаны ұмытқан жоқпын. Ол менімен әрқашан да бірге болды, деді.

Бөлмесінде жалғыз қалған Елена есіктің алдына барды да қайтадан келіп диванға отырды. Қайтадан тұрып шар айнаның алдына барды. Көңілін куанышты сезім шалқытып алдағы өміріне рақаттана көз жіберді.

Ол әкесінің, ағасының суреттерін көрді. Жексеннің барлық жазған хаттарын түгелдей қайта оқып шықты. Бүктелген күйлерінде өз конверттеріне салып қойды. Нина Карповнаның сөздерін есіне түсірді де, талай қыздардан хат аламын дегені қалай: мұның, менен басқа да жақсы көретін қыздары бар екен ғой. Туып-өскен жерінде сүйгені неге болмасын. Мен оның хаттарын жыйнап отырмын. Ол әлдекімнің суретін ұстап сақтап отыр десеңші. Көз алдына талай қыздардың суретін, келбеттерін келтірді. Өзі көрген бірнеше қара шаш, қара қас, қара көз, қараторы қазақ қыздарын есіне алды. Осылардың қайсын Жексен ұнатар еді дегендей болжау да жасайды. Елена ұйқтамай, ұзақ уақыт ойға кетті.

Жексеннің әсіресе әкесімен, ағасымен достығы өздеріне еткен жақсылығы алыс даланың жігітін өзіне бауыр, тіпті сүйкімді ете түсті.

Еленаның түнімен жөнді ұйқтамай шыққанын ана білді де, өзі де аландап шықты. Әкесі мен ағасынан хабар алған бала қуанышы неше түнді ұйқысыз өткізсе де айып-шамы жоқ сықылды еді.

Қызының жұмысқа ерте кететінін ойлап:

— Жатсаңшы, демінді алсаңшы, — деп те айтып көріп еді, болмады. Елена тек таңатар алдында ғана мызғып алды да, сол бетінде қызметіне кетті. Мария Яковлевнаның өзі де бұл түні ұзақ уақыт өткендегілерін есіне түсірумен болды. Максим Федорович, баласы Григорий көз алдынан бірде кетпеді. Солардан айрылғаннан бергі көрген, білгендерін тегіс айтып, өзі де әңгімеге қарық болғандай көңілі өсті. Туған деревня, бақша ішіндегі өзінің үйі, Григоридің еккен ағаштарына шейін көзіне елестей берді.

Кейде қолына кітап ұстап жүрген Гришасын сол ағаштардың арасынан байқап та қалғандай болады. Жақындар, туысқан-ағайынның ең аяғы жас баласына шейін көз алдына келтірді. Жүйрік көңіл соның бәрімен де амандасып, тегіс аралап шықты.

Көп уақыт өзінің туған жерінің алыста екенін де ұмытты. Бірте-бірте ой тарқады, тұратын сағат та жетті, терезеден күн түсіп, үй іші алтын нұрға шомды. Қуанышты көңіл бір істі істеуге тіреді. Кешеден бергі тойдың да, ойдың да бәрі осы тілекті қалағандай болды. Жаралы жауынгерге өзі барып амандасып, жүз көрісуді қасиет көрді. Мария Яковлевна бүгін екінші сменаға



бармакшы еді. Сағат екіге шейін осы бір үлкен ниетті жұмысты орындауды қажет деп санады. Таңғы тамағын тездете ішіп болды да Нина Карповнаға келді.

— Отырыңыз, — деп жік-жаппар болған Нинаның сөзін естімеген адамдай өз шаруасын баяндады.

— Көрші, сен қалай ойлайсың, менің жаралы жауынгерге барып, жолыққым келіп тұр. Саған еріп барсам, кіріп сөйлесе алар ма едім?

— О не дегеніңіз, — деді Нина, — баратын орайыңыз әбден бар. Өз көзіңізбен көріп, алғыс айтсаңыз ол да бір жасап қалады ғой.

Мария Яковлевна барар бетте тіпті біреу қуып келе жатқандай асыға басып Нинаның алдына түсе берді. Анда-санда күбір етіп сөйлеп те қалады. Жаралы жауынгер оған өз баласынан кем көрініп тұрған жоқ. Соған жетіп жүзін көргенше асықты.

Бұлар басқышпен жоғары екінші қабатқа көтеріле бергенде қарсы алдарынан Федор Федотович кездесе қалды да, бұрын көрмеген сырт адамның жағдайын сұрай кетті.

— Бұл шешей қайда барады? — деп Нинадан жауап күтті.

Федор Федотович госпиталь бойынша дежур болғанда тәртіп бұрынғысынан да нығайып күшейе түсуші еді. Нина жалт бұрылып: жағдайыңызды өзіңіз айтсаңызшы дегендей болған-ды. Мария Яковлевна саспастан:

— Балам, — деді, — мені өлімнен кұтқарған, жолдасым мен баламның қуанышты хабарын әкелген жаралы жауынгерге амандасуға келе жатырмын. Оның қарызы көп еді. Шырағым, босатыңыз.

— Аты жөні кім, қашан түскен адам?

— Жексен Бекмұханов, — деді Нина.

— А-а-а жөн екен, жүріңіз, — деп өзі бастады. Есікті Федор Федотовичтің өзі ашты да, анаға жол беріп, өзі соңынан кіріп екі қолын артына ұстап күлімдей түсіп тұрып қалды. Палаткаға кіріп келген Мария Яковлевна:

— Амансыздар ма балаларым, — деді де әркімге бір жалтақтады. Бәрінің де төсек орындары бірдей, өңдеріндегі аз айырмашылықты да абайламады.

— Тәңірім-ай... ой жалған... қарақтарым, менің де Григорийім қайтып жүр екен! Оның даусы баяулай кетті.

«Жексен кайсысы» дегендей ана Нинаға бір карады да оны көз карасынан тез болжады. Мария Яковлевна Жексенге карай жүргенде Федор Федотович оның қолтығындағы нәрсесін алып стол үстіне қойды. Жексен алғашқыда Горожанин мен Захаровтың біріне келген адам ба деп қалып еді. Өзіне таман бұрылғанда өнінен бұрын, қатқыл дауысы тез аңғартып танытты, Еленанын шешесі деген Нинаның жүзіндегі жазуды да оқығандай болды.

Жексен қолын ұсына берді. Мария Яковлевна:

— Балам, — деп еңкейіп, оның бетінен сүйді. Захаров пен Горожанин аң-таң болып қарасады.

— Таниймысың балам, — деді отыра беріп. Жексенге бұл кісі сондай ыстық көрінді. Еленаның өзі жіберген деп те қалды. Екеуінің арасындағы барлық сырды айтпаса да ұққан жандай байқалады. Жексен ұялып тақысылып та қалғандай болды.

— Я, ана — деп сол жамбасына таман сырғып салмағын салды.

— Таниймын, шеше қанжар берген жоқ па едіңіз. Сіз Григорий Максимовичтің анасы емессіз бе?

— Я балам, мен Григорийдің шешесімін. Саған қанжарды бергенмін. Айтшы балам, Григорийдің дені сау ма? Одан айырылғаныңа қанша болды.

Жексен Григорий Максимович пен Максим Федоровичке қалай кездескен жағдайын тегіс баяндады. Мария Яковлевнаға да Жексен баласындай көрінді. Тал бойы иіп еміренді. Оның көрпесін көтеріп, бас жағын биіктеп те қойды.

Аналық мейірімі қатты түсіп, ұзақ уақыт әңгімелесіп жанында отырды. Кетерінде әкелген дәмдерін үшеуіне үлестіріп беріп:

Бәрінде менің баламсындар, — деді Жексеннің мандайынан сүйіп, — шырағым тез жазыл, — деді де ана есікке карай аяндады. Дәл осы сәтте өз анасы келіп кеткендей Жексен өзгеше бір тәтті сезім толқынына шомылды, есіктен шыққан анаға жаутаңдай қарап қалды.

## VI

Бүгін Елена да Жексенге жеткенше асықты. БК(б)П тарихының қысқаша курсың оқып үйрену кружогінен



босағаннан кейін госпитальға тартты. Кешкі сағат сегіз. Дәрігерлердің жаралыларды аралайтын уақыты, сырт адамдардың госпитальға енгізілмейтін кезі. Оның көз алдында Жексен. Бүгін бар сырын айтпақ, армансыз әңгімелеспек, көп уақыт отырып қайтпақшы. Елена Жексенге жолыққанда не айтарын, қандай алғыстар айтып, оның жүрегін ерітерлік сөздерді көп толғана келді.

Елена осы оймен келе жатып госпитальға жеткенін де білмей қалды. Кіреберістегі үлкен айнаға қаранып, түзеліп алды да, күзетші әйелден халат алып киді.

Халатты киісімен жоғары өрлей жөнеліп еді, біреу арт жағынан Чайковская деп шақырды, Елена жалт бұрылып қараса бұл — дәрігер Федор Федотович екен.

— Бері жүріңіз.

Осы кезде қарсыдағы дәрігерлер бөлмесінен бір топ сестра, шеф адамдар шыға келді.

— Келгеніңіз жақсы болды, — деді Федор Федотович, — менің палаткаларымды шефіне алған адамдардың бәрі түгел қатысуы керек. Комиссар жыйналыс ашып, әңгіме өткізеді. Палатка палаткамен, отделение отделениелермен жарысқа түседі. Майға қарсы міндеттеме алыңыз, жарысқа қол қоямыз. Елена бармаймын деп айта алмады, топ ішінде көппен бірге кете барды.

Жыйналыс көпке созылды. Жұрт тарай бастағанда Еленада жоғары көтеріліп палатканың есігіне келіп жетті. Есіктің алдына жетіп келгенде өзінен-өзі денесі дірілдегендей жүрегі дүрсілдей жөнелді.

Фонарьдың жарығы дәл алдынан жарқырап, жүзін далдалап өзіне-өзі келуіне мүмкіндік болмай қалды. Жағасын түзеп, халатын дұрыстап жамылып, дірілдеген қолымен есікті бір-екі тықылдатып тыңдап еді.

— Да, — дейтін Захаровтың күндегі даусы да естілмеді, жым-жырт. Есіктің жоғарғы жағындағы әйнектерден фонарьдың жанып тұрғандығы көрінеді.

Естімей қалды ма деп ойлады да, енді қаттырақ қағып еді. Бұл жолы да дыбыс болмай, көрші палаткадан Нина шыға келді.

— Елена, ой Елена, әлі қайтқан жоқсың ба? Қашан келдің?

Елена ерте келсе де комиссардың кабинетінде жыйналыста отырып қалғандарын айтып еді. Нина оны қолтықтады да диванға келіп отырды.

— Сен не білдің, Елена, бүгін Мария Яковлевна Жексенге келіп кетті.

Бұл сөз Еленаны қатты қуандырды. Анасына разылығы артып, не айтысқандарына тегіс қанды да:

— Жексен мені сұрамай ма? — деді.

— Жок, — деді Нина — бірақ бағана Мария Яковлевна кеткеннен кейін бір келіп едім, шаштаразыны шақырып беруді өтінді. Осы кешке жақын бір түрлі ажарланып жатыр екен. — Нина Карповна, әңгіме айтуыңызды қойдыңыз ғой деп күлді. — Не айт дейсің, айтарымды айттым ғой деп едім. — Е, біз әңгіме тыңдауға жалығамыз ба? — деді.

Бүгін өз бетінше жүре алмайтын жаралыларды бір бөлмеге жыйнап «Амангелді!» картинасын көрсетеді дегенді естіді де тыныштық алып жата алмады. — Нина Карповна мені жеткізе көріңіз, — деп өтінді. Бір түрлі қуанды. Насилкаға өзі жатуға тырмысын ұмтылды. Қазір Жексен сол кинода. Кино қарсы үлкен бөлмеде жүріп жатқан-ды.

Дәл осы кезде, «Сары арқа» күйі күңіреніп кетті. Әсерлі күй қыз жүрегін елжіретті.

Біресе таудан құлап аққан тасқынды мөлдір өзеннің жағасында тұрғандай, тайпалған жорға, шапқан аттың дүбірін де елестетті. Сағынышты жардың тілегі, сүйіскен жастардың жүрегі жиі естіліп, жанды сусындатып құмарлықтың мейрін қандырғандай көрінеді. Дәл өз жүрегін осы бір күй тартып тұр. Келші жарқыным деп. Жексен күй астында құшағын да жазғандай шыдамдылығын тартып алып, ерітіп алып кетті. Жексен әлі де күтіп тұрған сықылды, күй әлі де тартылып жатыр. Елена Нинаның білегінен ұстай ап орнынан ұшып түрегелді.

— Нина жан, жүріңізші, біз де көрелік, — деді.

— Жок, — деді Нина, онда тізе бүгер жер жок. Есікті ішінен бекітіп алыпты.

Елена сол қолымен жүрегін баса, нығынан халаты сырғый түсіп, тұрып қалды.

— Не деген әсем күй еді, Нина Карповна! — деп барып қайтадан отырды. Елена бұрын «Амангелді» киносын көрген болатын. Арбаға таңулы Амангелді, бетін жерге жырта жығылған оның әйелі көз алдында...

— Сіз Нина «Амангелді» картинасын көрдіңіз бе?

— Көріп едім. Бірақ, ұмытыңқырап қалыппын.

— Амангелді Иманов, казак халқының ардақты ба-



тыры. Щорстей бұл да өз халқының құрметтісі. Мен Жамбылдың Амангелдіге жазған өлеңін де білемін.

— Жамбылдың суреті біздің Украинада Тарас Шевченкомен қатар ілулі тұрады. Франкі атындағы театр Қазақстанға көшті деп естідім. Мен Алматыға тіленіп едім, босатпады. Алматы әсем қала дейді ғой, көшені жапқан алма ағаш болса керек. Шіркін Алматының өзінен қызыл алманы үзіп ауызға салсам деп едім, болмады.

— Нина Алматыны дәл бір өз көзімен көріп, айтушылардың әңгімесінен ғана естіген сәнді қаланың көшесінде келе жатқан сықылды. Рақаттанып шалқая отырды.

Елена Нинаның әңгімесін ынтыға тыңдап, Қазақстан жағдайын қызыға айтып, әңгіме ете бергісі келді.

— Нина Карповна, сіз қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңдерін естіп көрдіңіз бе? Осы госпитальдың кітапханасында да кітабы бар.

— Естімедім едім, бір алып оқып көрейінші!

— Ендеше мен заводтың кітапханасынан-ақ әкеліп берейін. 8-гвардия дивизиясын, 28 батыр туралы есіттіңіз бе?

— 28 батыр туралы естідім, жақында Жексеннің «Красная Звезда» дан солардың тізімін оқып жатқанын көрдім де, Жексен де сол 8-дивизиядан ба деп ойлап едім.

— Жоқ, — деді Елена — басқа дивизиядан болса керек.

Нина Еленаның нығынан ұстап көтеріліп отырды да:

— Ол дивизияның адамдарынан бұл госпитальда ешкім жоқ па екен деп ойланып қалды да—естімедім, жоқ болса керек, деп тоқтады.

Сағат түнгі тоғыздан асты, кино әлі біткен жоқ.

— Енді жолыға алмаймын ба? — деді Елена Нинаның дежурда екенін біліп.

— Қайт, бүгін болмайды, кинодан кеш босайды. Онан да келіп кеткенінді айтайын. Босқа тосып уақытыңды өткізбе шаршаған боларсың!

Елена амалсыз көнді.

— Келгенімді айтыңыз — деп, нәзік үн қатты да үйге қайтып жүріп кетті.

Осы күннің ертеңіне Елена Жексеннен хат алды. «Елена! — депті ең басына — сәлемімді қабыл алыңыз. Барлық жағдайды естіп жатырмын. Сіз бір көрініп жоқ

боп кеттіңіз. Бұрын өзінді көрсем, жолығып кездессем деп шөлдеуші едім. Мүмкін сізді шошытып жіберген болармын. Бұл арман емес. Майданда жүргенде жазған хаттарыңызға көп рақмет айтамын. Есен болыңыз.» Хатты Елена қайта-қайта оқыды да Нинаға келді.

— Нина Карповна, — деді Елена оның жанына отыра кетіп, — мен сізді мұндай көрмеуші едім.

— Я не боп қалды? Ол хатты оқып берді.

— Сіз менің келгенімді айтпап па едіңіз?

— Айтқанмын, — деді Нина — бәрін де біледі.

— Онда неге бұлай жазған.

— Мен қайдан білейін. Өкпенің жөні осы деген болар, бәрін айтып хат жаз, ертең өзім айтып тұрып берейін.

Елена өзінің бөлмесіне келгеннен кейін ойындағысын түгел жеткізуге тырысты, — «Жексен сіздің де жағдайларыңызды естіп жатырмын. Госпиталь тәртібі сізге белгілі емес пе еді. Адал жүрегімді кірлегіңіз келмесе, кіна неге қоясыз? Смена ауысып отыратын себепті дер кезінде жолыға алмай да жүрмін. Өтінемін, өтінемін Жексен, өзіңіз біліңіз. Менің ойымда ештеңе де жоқ еді. Кінаізі айнамайтын болса, онда осы бастан ашық айтып жазыңызшы. Жауап күтемін. Елена».

Осылайша жазған хатын конвертке салып Нинаға тапсырды.

Ертеңінде жауап күтумен болды. Нина келді де, бірақ хабар келмеді.

— Ол күні бойы қазақша хат жазумен болды. Барғанымда кетерімде Федор Федотовичпен әңгімелесіп отырды, ештеңе де демеді, — деді. Бұл сөз Еленаға одан ары қыйын тиді. Не істерін білмеді. Жексеннің кешегі хатын оқыды. Өз жазғанын есіне түсірді. — Ол хатты кімге жазды екен, бәсе бір сүйген қызы бар-ау, әйтпесе маған тез жауап жазбас па еді, — деп ойлады.

Осынша мен неге жабыса беремін? Неге оның алдында тізе бүгемін? Шалқайып кісімсінгеннің аяғына бас урып нем бар? Әлде Нина қатты бермеді ме деген күдікте бар-ды. — Жоқ, Нина олай істемейді, мен оған сенемін. Содан кейін тағы да бір рет хат жазып өтіңгісі келді.

«Жексен, деді, тағы да — майданнан келетін хатында мөлшерлі уақыт та қолыма келіп тиюші еді. Енді осында жатқан сізден жауап күтуім зарықтырды. Күн



сайын тәуір болып келе жатқаныңызды, басқа жаққа хат жазуға, кітап оқуға да уақытыңыздың бөлінетіндігін естимін. Бұл хабарды естіп қуанамын.

Ал, енді менің хатымды алмайтыныңызды, алсаңыз да жауап бергіңіз келмейтінін білмеймін. Алдыңызға сырымды ақтарғаннан басқа кінам жоқ болса керек еді. Бір жапырақ қағазға жауап жазғаныңызды көп көрдіңіз бе, тілегім қабыл болмайтын болса ақтық хатым осы, айып етпеңіз. Елена!»

Елена хатты конвертке салып жатқанда анасы келіп қалды.

— Е, хат жазып жатырсың ба, жаз. Григорийдің адресін әкелгемін, соған жаз. Жаралы жауынгер өзі өте жақсы бала екен. Өзінің үш ордені бар болса керек. Жақсы жауынгер болғаны ғой. Әңгімесін ауызба-ауыз естіп көңілім орнына түсті, әлгі дәрігер де кішіпейіл адам екен.

Ол қалтасынан адрес жазылған қағазды алып берді де сөзін соза түсті:

— Хатты жөнелт.

Жексен бұрын Григорий Максимовичтің жағдайын айттып жазған хаттарын Елена алмаған болатын. Адрес қолға тиісімен Мария Яковлевна тез хат жіберуді дұрыс көріп келген еді. Асықтыра сөйледі.

— Тез, хатыңды жаз, менің атымнан жаз. Пochтаға мен өзім қолымнан саламын. Елена адресі кімнен алдыңыз деп сурамады. Анасының Жексенге жолыққандағы әңгімесін түгелдей естіген.

— Ол палатканы сендер шефтеріңе алған екенсіңдер. Әлгі бір қолын асқан жауынгер келмеді деп отырды.

Еленаның екі беті ду етіп қызарып кетті. Бұнысын сездірмеуге тырысып сөз аралатты:

— Біздің қолымыз тимей жүрген жоқ па, қашанғы бара береміз, — деп анасына ренжіген де белгі көрсеткендей болды.

— Хатты жазып, жіберемін ана жан — деді Елена.

— Сүйт қарағым, ертең сен де барып амандасып қайт, өлімнен қутқарып едім, келіп амандасуға да жарамады демей ме? Ой кудай-ай, десеңші, әңгімесін айттып отырса тіпті жаның шошыйды. Тыңдауға шыдамадым да қарағым, айтпашы енді дедім. Қарап отырып өзім шошыдым. — Біраз отырып қалды да өз сөзіне қорғанды жасағандай, — ал жатып демінді ал ерте тұрасың

— деді. Елена шешесі есіктен шыққанша тапжылмастан ойға батып, отырып қалды.

Апрельдің ақырғы күндерінің кеші...

Көптеген көшелер завод алдындағы алаңға келіп тірелуші еді. Екі-екіден қолтықтасқандар, екіден-үштен топталып ағылғандардың ара-арасынан жеке жаяулар асыға өтіп жатыр.

Трамвайдың зырылдаған дөңгелегі, соғылған қоңырауы жиі естіліп, троллейбустың терезесі күнге шағылысып жалтырайды. Иін-тіресіп толған адамдарды төге салып ол да гудок берді.

Оң жақта темір жол өткелінде жолшы стрелочник-гердің сигналдары шырқайды. Үздік-создық бақырған паровоздар ерсілі-қарсылы пысылдай түсіп, вагон табактарын соғылыстырып бір-біріне тіркейді.

Ақ брезентпен жабылған платформалар бір сапқа тұрып қапты.

Сол жақта ерсілі-қарсылы екі состав поезд көрінеді.

Оның біріне көз тартатын жаңа вагондар тіркелген. Екіншісіндегі болат дөңгелектері сорайып өртке күйген, снаряд қыйратқан вагондар. Кейбір өзі жүріп, кейбірін бірін-біріне арқалатыпты. Паровоз биік үйлердің тасына таман кіріп барады. Салдырлаған көп темір бір-біріне соғылып қажалып, зырқылдайды. Завод мұржалары көктеп тілдесіп қарақошқыл қою түтінін будақтатады. Қорған ішіндегі биік үйдің терезелерінен бірін-бірі урып, жаныштап жатқан көп дөңгелектер байқалады. Ара-арасынан адамдар да көрініп қалады. Кей терезенін астынан тырсылдаған, бу атқытқан жіңішке трубалар да көрінеді. Биік үйлер бір-біріне қабаттасып, бірін-бірі қойнына тығып жалғаса түсіпті.

Қайнаған халықтың алыстан ұшқындап шашыраған топтары найзаның ұшындай түйіліп келіп сыртқы есікке шапшылады. Басқа үйлерден де жотасы биік, ортадағы ең үлкен корпусың сол жақ қанатындағы кішкене бөлменің төріндегі столда комбинзон киген адам алдындағы темірді өлшеп, әр жеріне сызып белгі жасайды да, беті айқұш-ұйқыш сызықтарға толы қағазға да үңіліп салғастырады. Басын жоғары көтеріңкіреп ойланады да қалың еріндері ашылып-жабылып, ішінен есептеп отырғандығы көрінеді. Күл салғыш сауытқа сүйелген папирасы тұтағылған күйінде өшіп қапты. Жоғарғы қарсы қабырғада



Лениннің — Сталиннің суреттері тұр. Осы кезде есік қағылды.

— Я, — деді де ол есік ашып кіріп келген адамға басын көтерді. — Елена, не жұмыспен келдің? — деп папиросын аузына тістеп, калтасынан сіренкесін алып тұтатты.

Қоңыр салқын үйде темекінің көк түтіні шыйыршықталып көтерілді. Елена орындықты столға таман жақындатты.

— Гаврил Андриянович, сізден бір тілегім бар, социалистік жарыста мен норма алуға міндеттеніп едім. Осы уағдамды орындауда сізден ақыл-кеңес сұрамақпын. Сіз бір сменада екі жарым норманы қалай орындайсыз?

Гаврил Андриянович Еленаның әрі көршісі, әрі атақты мастер, және оны тәрбиелеген адам. Елена мұнан тәрбие алып үйреніп қызметті өз бетімен станокте істейтін болғаны бізге таныс — шебер Гаврил көзін сығырайтыңқырап циркуліне бір үңілді де темекесінің күлін түсірді, оң шынтағын столға тіреп, папиросын сорды. Алдындағы қағазды сырыңқырап қойды.

Сөйлеуге оқталып барып, көңілі сызықтарға бөлініп ашылған ернін қайта жұмды. Циркулін бұраңқырап темірге тағы бір қарады да қағаздың үстіне қойды.

— Ана бір күн өзің барсын, жастарға арнаған әңгімемді айтқамын. Менің тәжірибем: істеген өз қызметімді үйдегі балаларымдай жақсы көремін. Сүйтіп істеймін. Неғұрлым сапалы жақсы болса екен деймін. Міндетіме тек қара күшімді жұмсамаймын, тілеу-ниетімді қоса жұмсаймын. Онан басқам жоқ.

Елена қадала қарап ойланды.

— Ал, — деді, мастер темекісін күл салғышқа тастап, циркулін нұсқап қалып, — осында өздерің заводта түнеп те жүресіңдер. Мария Яковлевна үйге келме деген жоқ қой. Сені күштеген де ешкім жоқ. Бұл сол тілекпен ниет қой деп ойлаймын.

— Түсіндім, Гаврил Андриянович.

Телефон бірнеше рет қоңырау соқты.

— Рагозин тыңдап тұр... жақсы... жақсы, болады. өзі мұнда отыр, — ол трубканы қоя салып, — Елена құттықтаймын, — деді. Комитет секретары хабарлады: бүгін нормаңызды жүз жетпіс процент орындапсыз, құттықтаймын қарындасым.

Елена қуанып кетті. Қолын Рагозинге ұсына берді.

Кенеттен естілген бұл хабардан аузына сөз де түспей калып еді.

Смена аяқталған уақыт. Жарыстың алғашқы күнгі қортындысына арналған завод жастарының жыйналысы да ашылды...

Трибунаға Елена көтерілгенде ұзақ уақыт қол шапалақталды. Күлімдей түсіп оның жанында завод директоры тұрды. Түткыйыл тар жерде аузына сөз де түспей, бар ойындағысын бір-ақ айта салды.

— Социалистік жарысқа шақырамын!

Жыйналыс митингі ретінде өте қысқа өтіп, бірнеше адамдар ғана сөз сөйлеп, жаңа табысқа шақырған-ды.

Елена жыйналыс біткеннен кейін жолдастарынан азар босады. Заводтың қорған ішіндегі алаңдағы қызыл тақтадан өз атының үлкен әріппен жазылғанын көрді. Екінші боп нормасын 150 процент орындаған Ирина екен.

Елена ертеңінде демалыс күні Жексенге баруға бел байлады. Демалыс — шефтердің баратын күні. Елена бүгін мінсіз дайындалды. Киоскілерден жаңа газеттің номерлерін сатып алды. Жексенге арнап өз қолымен апарып бермек болып жүрген «Кавказға саяқатты» жұқа ақ қағазға орап арасына төрт — бес конверт, ақ қағаздар салып та алды.

Әдетте демалыс күні госпитальға келушілер өте көп болатын. Бұл күндерде шефіне алған әр ұйымның адамдары түгелдей жыйналатын. Елена келгенде қабылдау бөлмесінде бір—екі-ақ адам бар екен. Бөгелместен жоғары көтерілді. Ұзын каридордан Жексендердің палаткасынан шығып келе жатқан Зоя қарсы кездесті. Олар бір-бірімен шұркыраса амандасты.

— Зоя, — деді Елена күлімдеп — осы менің қанымды қай жаралыға бердің? Қан бергенімді ақтайтын адам ба? Жоқ болмаса әлдекім өзі, бір көрсетпей қойдың.

— Пәле-е-е-е мен сенімен таныстырайын — деп едім. өзің көрінбей кеттің деп күлді ол. — Қаныңды басқаға күйғанымыз жоқ, шефіне алған палатканың адамы Бек-мұхановқа күйғамыз. Өзін танушы ма едің?

— Онша жақсы білмеймін алғашқы келген кезінде бір көріп едім, содан соң жолыққан емеспін. Сол адам менің әкеммен де, майданда бірге болыпты деп естідік.

— Онда тіпті жақсы болған екен. Жарасын қайта қарады. Күн сайын оңалып келеді. Өзін Федор Федотович



тіпті қатты сыйлап құрметтейді. Онда сені таныстырайын, — деген Зоя қайта жүрді.

Зояға бұлардың арасындағы сыр қараңғы болатын. Палаткаға кіріп Жексенмен ашық, жарқын сөз бастауға бір сылтау таба алмай келе жатқан Еленаның тілегені алдынан шықты. Зоя есікті қағып та жатқан жоқ, кіре бере ашық дауыспен.

— Жолдас Бекмұханов, — деді, — мен сізге қанын берген қызды ертіп келдім, танысыңыз!

Жексен таңғы тамақтан соң темекісін тартып болып жастығын биіктеңкіретіп газет оқып жатыр еді. Зояның даусымен жалт қарағанда Еленаның көзі жарқ ете түсті. Жексен өз қолын Еленаға қалай шапшаң ұсынғанын да білмей қалды. Еленаның жүзі уялудан ба, жоқ қысылудан ба аққубалығын қызыл реңк жеңе берді. Қолды қысқанда Еленаның әлсіз қарсылығы сезілді. Сүйкімді еріндерінің арасынан әдемі тістері жалтырап күндей күлкісі шашырайды. Жексеннен жүзін тайдыра түсіп. Зояға қарайды. Зоя бастырмалата сөйлеп, Горожанин мен Захаровке бұрылып қояды.

— Елена қанын бермегенде, Бекмұханов жолдас мұндай болып жатпас та едіңіз. Бұл адамға қарыздарсыз. Өміріңізді сақтап қалуға көп көмегі тиген Еленаны ешуақытта да ұмытуыңыз мүмкін емес. Мен өз қанымды берген жауынгер алдақашан жазылып, қазір Сталинградтан хат жазып тұрады.

— Айтқаныңызды орындаймын Зоя, бірақ досыңызға да айтыңыз, бізден шошымасын — деді Жексен.

Елена Жексенге бір толқып қарады да, шошысам келем бе? деген ұғымды білдіргендей болды.

— Неге шошысын шошымайды — деді қалжың күмар Зоя.

— Шошығандары емей немене, тіпті келуді қойды — деді Захаров.

— Қарындастарым ағасын да ұмытты — деді Горожанин. Бұлардың бәрі де көңілденісіп дуылдап кетті.

— Ұмытпайды, ұмытпайды, қарындастарың — деп Зоя есіктен шықты.

Еленаның аузына сөз түспей қалған соң, ол қолындағы газеттерді Горожанин мен Захаровке үлестірді. Олар газетке ұмтылғанда Жексеннің кітаптарының үстіне «Қавказға саяқатты» қойды. Жексен кітаптың арасында хат болар деп қолына алып еді, ештеңе де жоқ екен.

Елін, жерін сағыну кітаппен ұштасып Еленаға тірелді — Сіз тіпті келмей қойдыңыз ғой — деді Жексен. Елена оған көзін бір төңкеріп тастап:

— Келгенім осы емес пе? — деді.

— Әкем мен ағайымның хабарын әкелгендігіңіз үшін алғыс айтуға келдім. Оның даусы дірілдеңкіреп солғын естілді. Жексеннің айтары көп еді. Бірақ айтуға жолдас-тарынан батпады. Қушақтай алғысы да келеді. Бетінен сүйгісі кеп те, дымы құрылды, оның бәрі де орынсыз. Өзінен-өзі сезіктенеді.

— Сіздің қаныңыз маған өте жайлы тиді білем, қазір жақсымын — деп өз жағдайын айтуға көшті. Айтпағы бұл емес еді. Не айтқанын өзі де білген жоқ.

Елена:

— Мүмкін, — деді.

Жексен тіпті шыдамады. Көтеріліп Еленаға бірдеме айтпақ болғанда.

— Ира қайда? — деген Захаровтың даусынан тартынып қалды.

— Бүгін келу керек. Сізге Чеховтың «6-палаткада» деген әңгімесін апарып беремін деп еді. Коридорда тартылдата басып келе жатқан тағы да Зоя болды. Ол Еленаны шақыра келді.

— Федор Федотович отделенненің май мерекесіне қарсы газетін бүгін жазып бітіріңдер деп сені шақырты. Тағы да келіп әңгімелесерсің, жүр.

Елена не дерін білмей Жексенге қарады, көңілділік безіп, жабырқау түске ене қалды. Жексен не дерін білмеді. Бірдеме айтудың да ретін таба алмады. — Жаным Елена келіп тұр деген сөзін Елена айттырмай-ақ түсінді. — Барып қайтып келейін дегендей, жалтақтай түсіп, қош айтысып қолын да берген жоқ. Келермін деп ойлады да, ақырын шығып кетті.

## VII

Заводта бірінші май мерекесіне арналған салтанатты жыйлыстан соң, қонақтар сауық-мәжіліске жыйналды. Музыканың даусы көңілді, жұртты жадыратып, сергіте түсті. Ән мен күйдің ырғағы толқыта тербеп сыр ағыттырды. Темекінің түтіні көз болжағысыз көкшіл ша-



тырдай төбеде тігіліп қапты. Күбірлесіп сыр айтысқандар, кейде көтеріле әңгімелесіп қақтығысады. Бұл кешкілікке госпитальдан келген қонақтар мен заводтың алдыңғы қатарлы адамдары бас қосқанды. Үлкен залды қақ жарған столдың бас жағында отырған бір топ адам осы жыйналғандардың айдарындай көрінді.

— Мен сізді қайда көргенімді білмей отырмын, — деді кіші лейтенант, қарсы алдындағы көршісіне, — рұқсат етіңіз аты-жөніңіз кім болады.

— Гаврил Андриянович Рагозин.

— Мен де сізді таныс адамдарымның бірі болар ма деп отырмын. Гаврил Андриянович тылдың алдыңғы адамдарымен бірге майданға барып жауынгерлерге тартулар апарған болатын. Өткен қыста ол Жексеннің взводында да болып, аралап қана кетіп еді.

— Сіз майданда болдыңыз ба?

— О болдым, болдым сізді сонда көрген екемін ғой, окоптарыңызда болдық емес пе? Бірақ көп аялдай алмадық, қайтатын күніміз жетіп бөгеле алмадық емес пе?

— Я, я, болғансыздар, немістер атака жасаған кезде... жау атака жасаған кездің алдында ғана көргені есіне түсті.

Рагозин басын шайқап шалқайыңқырап барып тағы да столды шынтақтап оған жақындады. Тыңнан кездескен таныс адам ентелете өзіне тартты. Бакалын бір орынан екінші орынға жылжытып қойды да, кіші лейтенантқа таңдана күлімдей қарап сөйледі.

— Онда мұндай жас адам емес сықылды едіңіз. Сондықтан да көргендей болсам да дәл сол дей алмай тұр едім.

— Кәрі адам жасара ма екен? — деді — жыйналыста сөз сөйлеп, сыйлық алған қыз жанындағы жолдасына қарап. Екі қыз өзара күлісті де сөз аужайын байқағандай тыныштала қалды.

— Жүзден асқан адамның жасарған талайын көрдім.

— Гаврил Андриянович ондай адамдарды көріп жүрміз ғой. Академик Богомолец адамды қартайтпаудың жолын іздеп те жатыр. Ал енді сіздің сөзіңізден біз бір жылдың ішінде жасарған деп түсінік ұғудамыз.

— Құрбылар — деді кіші лейтенант — сіздер Гаврил Андрияновичтің сөзін бұрмаламаңыздар. Қаншама жас болсам да майдан жағдайы өзгерткен болар.

— Гапу егіңіз, жолдас кіші лейтенант, аты-жөніңіз кім болады?

— Никита Никитич Новиков деп жатпай-ақ Никита десеңіз болады.

— Рақмет Никита Никитич, енді сіз де біздің сөзімізді бұрмаламаңыз. Жасарып кеткен деген сөзден біз сізді қартайған адам деп отырғамыз жоқ, таңдандырып отырған Гаврил Андрияновичтің сөзі, мен көргенде ұлғайған адам едіңіз, енді бүгін жасарыпсың дегенін айтамыз. Никита орындығын бір қозғап қойды да:

— Сіздердей құрбыларымды көргеннен кейін тылға келіп жасарған да шығармын.

— Міне тура айттыңыз, ой жолың болғыр, дәл төбесінен урса екен деп тілеп едім өзім де... пәле — деді Гаврил.

Қыздар да күлісіп бәрі де дуылдасып кетті. Елена жүзіндегі күлкінің ізін тез жоғалтып салмақты пішініне көшті.

— Сізді сыртыңыздан көршіміздікіне бірер келгеніңізді көрдім. Кіші лейтенант ұялып қалды да.

— Мүмкін, болар, — деді.

— Ал жолдастар, — деді Гаврил Андриянович — майдан мен тыл жауынгерлерінің достығы үшін! (Олар боқалды көтерісіп жіберді.) Екі қыз шараптарын тауысып іше алмай, сарқып қалдырысып еді, Новиков қолдарына қайтадан беріп отырып алды.

— Достық үшін көтерген соң бөліп-жармандар, достардың көңілінде алалық туады. Біз бұрын көп ішіп көрмеп едік, дегеніне де болмады әңгіме қыза түсті.

— Никита Никитич — деді, Рагозин — біз әңгімелескен сіздердің командирлеріңіз қайда, өзі бір жақсы адам көрініп еді.

— Я, ол сондай адам, еді — деп Новиков ауыр күрсінді, — барлауда жүріп екі жолдасы оққа ұшып, өзі ауыр жараланған, содан қалған жолдастары немістермен атысып көптен кейін қайта оралады. Ол сол сапардан қайтпады, жығылған жерінен табылмады. Немістер оның сүйегін басып қалған болса керек. Не керек анық батыр жолдасым еді.

Рагозин аузын ашыңқырап, көзін бадырайтып қалды да басын шайқады.

— Арманда кеткен екен есіл ер, арман-ақ екен. Бізді отделение отделеннесіне аралатты, жауынгерлерімен



таныстырды. Өзін жауынгерлердің бәрі де жақсы көреді екен. Батыр адам қандай болады дедім мен оған.—Ол: «Сіз кімсіз?» деп өзіме, тесіле қарады.

— Жұмыскермін.

— Жұмыскер екеніңізді білем ғой, қандай жұмыскерсіз?

Өзім сасып қалдым. Жөнін сұрайын деп өз басыма көп сұрау тудырып алғаным.

— Азаматпын.

— Ендеше азамат деген үлкен ат, — деді. — Елі үшін адал қызмет істегенді, жан-тәнімен халыққа беріліп өзін сыйлағанды азамат дейміз. Олай болса сіз де батырсыз.

Осы сөзі көкейімде әлі де сақтаулы. Әскер адамын көрсем-ақ ойыма түсе кетеді, біз тіпті ағалы-інілі адамдай бір-бірімізден құрметпен айрылдык. Бір-екі хат жазып едім, жауап болмады.

Рагозин ойлана түсіп, басын шайқады. Жақсы әңгіме үстінде естілген суық сөз, денесіне тез ызғарын жайды.

— Сол барлауда бірге болған жолдасымнан кеше хат алдым. Ротаның тізімінде Жексен Бекмұханов мәңгі қалды депті. Рагозин де темекісінің күлін дамылсыз күл салғыштың ернеуіне ұрып түсіріп отырған Новиковтың қолына карап қалды. Екеуінің де ойы алыстағы майданды аралап жүргенде суық сөзден үрпиісіп қалған екі қыз, жаңағы аты аталғаннан кейін бір-біріне жалтақтасып:

— Жексен Бекмұханов дейсіз бе? — деді, Елена жұлып алғандай.

— Жексен Бекмұханов, я құрбым бірдеме естіп пе едің?

— Ира — деді Елена оған бұрылып. — Біздің шефіміздегі палаткадағы жаралы жауынгердің аты Жексен Бекмұханов емес пе еді?

— Солай болатын. Бірақ о кісі деймісің, сол аттас біреудағы.

Елена әлі де Ираға сырын айтқан жоқ-ты. Досының өзіне жаманшылығы жоқ болса да әбден сөз пісіп жетілгенде бірақ айтармын деп ойлаған-ды. Енді тұспалдай сөйлеп, Жексен осы Жексен болмасын деп анығын білмекші.

— Ол қазақстандықпын дегенін естігендей едім, мүмкін басқа шығар.

— Қазақстандық дейсіз бе? Елена Максимовна, ол қазақ. Шыңғыс аттас тауда тудым деп бізге айтқан.

— Бұл адам сол айтып отырғандарыңыз болмасын. Ертіс, Семей аузынан түспейді.

Новиков орнынан көтеріле кеудесін столға тіреп:

— Елена айтыңызшы: оның өңі қандай? — деп дегбірі каша асықтырды да жолдасының келбетін өзі айта жөнелді.

— Орта бойлы, онша жуан да емес, кең иықты, сұлу келген қараторы жігіт пе, шашы да, көзі де әдемі караша?

Елена қып-қызыл боп, іштегі жалыны сыртқа лап берді. — Күлімдей түсіп Жексеннің келбетін көз алдына келтіріп, оның сөзін қостағандай болды да—сіз капитан Григорий Максимович Чайковскийді білесіз бе? — деді.

— Білемін... Білемін Чайковский бізге командир болған. Анық Жексен болды. Жексен менің досым, тірі екен, тірі екен, Гаврил Андриянович, бұл не деген қуаныш, Елена Максимовна қолыңызды беріңізші. Ондай адамның тірілігі қуаныш емес пе? Орнынан ұшып түрегеліп Новиков Еленаның қолын қатты қысып, Рагозинның иығына қолын салды.

— Мұндай қуанышқа кім ортақ болмас. Сол достың тірілігі үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін көтеруді ұсынамын, — деді Гаврил Андриянович.

Елена Новиковтың осынша қатты қуанғанына, сағынышты махаббаттан көзіне іркіліп жас та келіп қалды. Бұлардың қуанышы Еленаның Жексенге деген жүрегін елжіретте түсті.

Елена естіген әңгімелерін бастан аяқ баяндап еді.

Григорий Максимович сіздің бірге туған ағаңыз болса, мен майдандас досы, жауынгері болғамын. Қазір о кісі майор, сол полктің командирі болып қызмет істейді. Осы кештің соңынан хат жазамын, хабарлаймын. Жексен... досым Жексен.

Жаңа хабар Еленаны тағы да көтере түсіп, көңілін шаттандырды. Оң қолымен Ираның белінен қушақтап Новиков пен Рагозинге кезек қарап отырып қалды.

## VIII

Горожанин төбеден байланған жіпті қолын көтеріп ортасынан бір түйіп тастады. Енді екеуміз қош айтыса-



лық жөніңе тарт, төнбе төбемнен, шаншылма мандайымнан, дегендей болады. Көптен тартқан бейнетті бүгін байлап матағандай бойы сергіді, көңілі көтерілді. Көрпесін аяғына таман жыйырып үстіне киген көк халатының ақ жағасын сыйпап-сыйпап қояды. Омырауының кұрыс-тырысын жазып, қылшықтарын да жіңішке, арық ақжем саусақтарымен тазалайды. Захаров та өзгелерден бұрын өз аяғын өзі басып жүргеніне мейлінше шаттанып, балдағын тарсылдатып, ойнап жүр, секіріп те сынайды өзін.

Жексен де бүгін тұңғыш рет достарымен бірге басын көтерді. Жата-жата қолдыраған жауырын енді көйлегін де етіне тигізетін емес, удай ашып күйіп-жанып сыздайды. Бір жамбасына таман салмағын салып тың атқа мінгендей болып отыр. Артына бірнеше жастық қойғызып, екі қолын жерге тіреді. Бұл да бүгін халатын киіпті. Күн нұры үй ішіне еркін түсіп тұрған болатын. Ашық терезеден майдың самалды қоңыр салқын лебі есіп көңілді желпи түседі. Сағынышты бұл ауаны ынтыға жұтып рақат тыныс тапты. Терезе көзіндегі ағаштын мәуесі салбырап әлсіз теңселіп, жапырағы күнмен шағылысып Жексенге ым қаккандай. Бұтаққа асылған көк балауса бүрлі жапырақ әлсіз ғана қозғалып мүлгіп тұр.

Биік үйлердің ашық терезелері күн көзіне жылтырап шағылысады. Шатыр үстінде қызыл жалаулар баяу ғана теңселіп, ақ үйлердің жоғарғы қабырғаларындағы ұран жазылған қызыл шүберектер кұлпырып толкып тұр. Алыста, завод мұржаларынан көтерілген тұңғыйық қарақошқыл түтін жақпарланып қалқыйды. Ол да бүгін көк жүзінде көсіліп салтанатын көрсетуге аттанған секілді. Сол мұржа бір алып зеңбіректің аузындай. Бұл жерде түтіні ғана қоюланып қалып снаряд ту сонау майданда жау үстінде жарылып жатыр деп көңіл топшылайды. Музыка дауысы барған сайын үдеп сала берді. Жексен көзін шығыс жаққа дамылсыз қадайды. Ашық аспанда теңгедей де бұлт жоқ. Жүйірік ой жүзіп өтіп, туған елге барып жетті. Жексен өткен жылы туып-өскен арқадағы Шыңғыс тауының бөктерінде еді. Егінін сап бітірген колхозда аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Жексен 1-май туралы баяндама жасаған. Той-тойлатқан, атқа мініп қыз қуды.

Топта жетіп бетінен сүйіп те алған. Сонда әлгі қыз сүйсең бір жолата сүй, әйтпесе жолама, деп еді. Шығыс

жак оған сондай ыстық, осы бір белдің астында ғана ауыл көрінетін сықылды. Мойнын соза түссе де көгілдір аспан тұңғыйық, әлі мынадан жүзіп өтесің деп завод мұржаларынан көтерілген түтінге әкеп қамады. Сол түгіннің ішінен Жексен майданды көрді. Зеңбірек дауысы күшейе түспесе басылған жоқ. Пулемет дауыстары күлағына жиі зуылдап зыпылдады. Туған ел-жұрты осылардың аржағында жатыр. Шығыс жаққа қараған сайын сағыныш ұлғайып еді. Ол Абайдың орыс тіліндегі өлеңдер жыйнағын жүрегіне баса түсті.

Мереке күні Федор Федотович Егоров күндегіден де ерте келіп кеткен болатын. Жергілікті жердің газеттері де келіп жетті.

Еңалдымен Жексен, Сталин жолдастың 130-бұйрығын дауыстап оқып шықты. Көтеріңкі дауыстан Афанасий мен Виктор тыныстап, осы бұйрықтан іздегендерін тапты. Іштегі сыр да шешілді.

— Осылай болса керек—деді Горожанин—соғыс мені де фашистерді жоқ етуге үйретті. Бірақ, осы кеудемнен қорқамын. Ол төбедегі жіпке бір қарады да—әлі тұрма едің дегендей тітіркенді.

— Москва мен Ленинград әлі де біздің алда жатыр, біздің үйренгенімізді жауға көрсетуіміз шарт, — деді Жексен.

Қолындағы газетін ары-бері аударыстырды да:

— Мынаны қараңдар, — деді Захаров, — үш норма... үш норманың не екеніне жолдастары түсінбей қалып еді. Виктор мақаланы оқып шықты.

Елена Чайковская социалистік жарыста нормасын үш есе орындап шығып, завод оны костюммен сыйлапты. Ира Чернышева тағы басқа көптеген адамдардың қолдары екі жарым нормаға жетіпті.

Достары бұл табысқа қуанғанда, Жексеннің тіпті іші елжіреп сағынышты махаббатын қозғады. Көп келе алмайтын себебіне де дәлел тауып ырзалығын төкті. Еленаның бүгін келемін деген күні еді. Іштей асыға күтіп газетті әлсін-әлсін аударды. Осы кезде есік қағылып біреу.

— Рұқсат па деді. Бұлар қараса қалды.

— Жексен!

— Никита Никитич!

Майдандас екі достың құшақтары айқаса кетті. Біресе сүйіп, біресе құшақтаған Никитаның көзінен жас лы



ылдап ақты. Командирінің мойнына жас балаша ер келеп асылды.

Новиков кіші лейтенанттық қысқа сроқты курсты бітіріп, округтен бұйрық күтіп жатқан-ды. Ол жағдайды бастан аяқ Жексенге баяндады. Бұлардың үстіне Нина Карповна келіп еді. Новиков мен шұрқыраса кетті.

— Никита Никитич Жексенді қайдан білесіз?—деді Нина.

— Нина Карповна, сіз Новиковпен қайдан үйірсіз?—деді Жексен. Өзінің таныйтын себебін түсіндірместен Нина шығып кеткеннен кейін Новиков Жексенге біраздан бері, Полинамен танысқанын, фельдшерлік оқуды бітірген қыздың майданға бірге жүруге дайындалып жатқанын, осы кеште оған үйленетінін айтты. Жексен жолдасының жаңа тілеуін құттықтап, Елена мен өзінің арасындағы байланысты да баяндап еді.

Новиков Еленаның стахановтық вахтада болатынын 1,2 майда да жұмыс істейтінін естігенін айтты.

— Мен айта барсын деп сездірген болар,—деді. Жексен тағы да ойланып қалды.

Елена Жексенге Зоямен бірге келіп кеткеннен кейін қайтадан келе алмады. Бірінші май күні барамын деп жазған еді. Арада он бес күн өткізіп Жексен хат алды.

«Майда барамын деген уағдадан шыға алмадым. Гүнгі онға шейін қызмет істеуді, міндетіме алдым. Бара алмағандығым үшін өкпелеме. Жексен, қол пулеметті үйрену кружогінде жақсы деген баға алдым. Қызмет соңынан енді соға алмайтын сықылдымын, мен жұмыстан шыққанда түн болады. Жалғыз қайтамын. Маған госпиталь бұрыс болса да, жұмыстан қайтарымда сол көшеден өтемін. Сен жатқан палатканың терезесіне қараймын.

Әрқашан да фонарь жарқырайды да тұрады. Балдакпен жүруге жарайтын болғаның қайырлы болсын, құттықтаймын. Нина Карповна күніне сенің жүргендігіңді айтып бір қуантады. Күн де жылынып келеді ғой, бақша ішінде демалатын да боларсыңдар.

Жексен, ертең сағат таңертеңгі алтыда сол көшеден өтейін, терезеңнен қарсы алшы, жарай ма?»—депті.

Уағдалы күн. Жексен таңсәріден оянды. Горожанин мен Захаров тырп етер емес. Коридорда да жүрген жанның тықыры білінбеді. Халатын киіп балдакпен терезенің алдына келді. Көшеде адам қозғалысы басталып кеткен

екен. Күн булыңғыр, желтең сықылды. Көшедегілердің көбінің үстінде пальтолары көрінеді. Сағат бесті соққаннан кейін терезені ашып орындыққа көтеріліп отырды. Шашын қолымен кейін серпіп, көшенің ұзын бойына еңкейіп үңіліп те қарады. Тратуар үстіндегі адамдарды тегіс алдынан өткізді.

Жан жүйесін қозғалтып, жүрегін соқтырған күш Еленаны сағындырып ынтықтыра түседі. Өз жағдайын да ұмыттырады. Көп өмірді өткеріп осы жерге жеткен оның ойында елін, жерін сағынғандық та Еленаны күтумен ұштасты. Бар сағынышты басқысы келгендей ыңырсып ән толғады.

«Айтым сәлем, қалам қас  
Саған құрбан мал мен бас»...

Осы бір ауыз өлең жан жүйесін тербетті. Рақаттана түсіп отырды. Көп ұзамай булыңғыр күн қатты желге айналды. Уйытқып соққан қатты жел Жексенді өзіне тартып, ашық тұрған терезе бір-біріне соғылып күл-күл бола жаздады. Палатканың ішіне шаң да толып кетті. Жексен енді амалсыздан сыртқы терезені жауып тастады. Дауылдың артынан қатты жауын болып, көшеде сел ақты. Сағат сегізге шейін жаяу жүрген адам көрінбеді. Еленаны көре алмағанына ренжіді. Осы күнгі ренжудің соңын қуаныш басты. Қарындасы Ғайниден хат келді. Хат ішінде фото суретін жіберіпті.

«Ағатайым — дейді Ғайни, — сағындым. Сағынғандықтан жүдеп кеттім. Елдің бәрі ағаң тірі болар деуші еді. Олар білген екен. Осы күні сабағымнан қалмаймын. Оқуды жақсы оқыймын. Әкемнен хат келіп тұрады. Өзіңнең хат алмай қойдым, адресі болса жазып жіберіндер депті. Жазылып соғысқа жүреміз деген хабары келді. Сабақты колхоз бастығының үйінде оқыймын. Өзі мені жақсы көреді. Тәтейдің аты Нұрсұлу, ұмытпаңыз оларға арнап хат жазыңыз. Мұрат ағайға десеңіз болады, почташы әкеп береді.»

Ғайнидің хатымен бірге колхоз председателінен **дә хат** келді. Сағынышты хат сөзі көп жаиларды баяндайды. Жексен жараланбас бұрын ауылға сәлем жолдағанды. Сәлемінде ағайын-туысқандарының Отан алдында адал қызмет істеулерін өтінгенді.

Бұл жолы колхоз председателі жауап жазыпты. Колхозшылардың жеке-жеке міндеттеме алғанын, жауынгер-



лерге тартулар жібергенін, Отан қорына арнап мың жарым пұт астық бергендерін атапты. Армияға алынбас бұрын Жексен бітірген он жылдық мектеп, Жексен атында демалыс бақшасын жасапты. Мектепке Жексеннің ерліктерін көрсететін тақталар ұйымдастырған. Оның ішінде Жексеннің көп достарының хаттары, полк командирі Ванниковтың жазған мінездемелері бар. Жексен таңырқана түсіп сағынышпен оқыды. Туып-өскен ел мен жер көз алдына келді. Бәрін де көріп отырған сықылды. Арқаның төрінде Балқаш пен Ертісті екі иығына мінгізіп, оңтүстіктен батысқа қарай созылып жатқан Шығыс көзінің алдында мұнартып көрініп тұрған сықылды. Сырғы жайлау, қойнауы қоныс, бауыры күзек, шыңында арқар, жақпары түлкі, беті қой, түбегінде түйе, жазығында егін, өлкесінде мыңғырған ірі қара өргендей. Ер тудырып елі мақтанса, ер жігітке одан артық бақыт бар ма? Терең сырлы түйін жүрекке сезім тудырады. Сол алыста жатқан елден естіліп тұрғандай.

«Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та бар қалан»,—

дейді. Токтау, байламды Абай атасы жасады. Жексен қуана отырып ой соңына көз жіберді...

## IX

Достар қош айтысар күн де жетті. Госпитальдың алдындағы бақша ішінде Жексен мен Захаров шахмат ойнап отырған-ды.

Ақтық солдаттының жолында бөгеліп.

— Жыйырма жүрістен соң тізе бүктім, — деді Захаров. Олар шахматты жыйнады.

— Жексен, — деді Виктор. — Оля кешікті ғой, әлде ол естіген соң...

— Жоқ олай деме, мүмкін емес, бір себептермен бөгеліп жатқан болар.

Кеше Захаров комиссиядан өтті. Комиссия оны алты айлық отпускаиен босатты. Кеше келемін деп телеграмма берген Оля әлі жоқ. Захаров тынышсызданып алаңдай бастады. Екі көзі сыртқы есіктің қақпасында болып, құлағын машинаның дүріліне түрген-ді. Жексен де Нинаны күтіп артына бұрылып еді. Нинаның жүрісі баяу зорға келе жатқан сықылды.

— Нина Карповна, аяғыңды тезірек бассаңшы.

Ол үндемеді, өңі де солғын, Жексенге сүйене келіп отыра кетті.

— Нина Карповна, бір жеріңіз ауырғаннан амансыз ба?

— Жоқ, сізді де жіберетін болыпты.

— Қайда? — деді Жексен.

— Осы қаладан отыз шақырым жерде госпитальдың тағы бір бөлімшесі бар. Айналасы қалың тоғай, сонда кейбір жаралыларды сазбалшық топырақпен емдейді. Бүгінгі комиссия солай ұйғарыпты. Бүгін кешкі сағат жетіде жүретін болыпсыздар. Әне Федор Федотовичтің өзі де келе жатыр. Жексен қысылып кеткендей болды.

— Апырмай шын жіберетін болып па?

— Шахматты неге ойнамай отырсыздар? — деді Федор Федотович.

— Бізде аландай бастадық? — деді Жексен, — Захаров әйелін күтуде. Мен сіздерге үйреніп қалып едім...

— Оныңызды жақсы білемін, жолдас Бекмұханов, бірақ сізді балшықпен емдемесе тез жазылмайсыз. Онда мен, өз адамдарымды барып аралап көріп, қарап отырамын. Қазір қала ішінен көрі онда жақсы. Шахматты ағаштың саясында, өзеннің жағасында ойнайтын боласыздар, — деп жүресінен отырды да, қолын Жексеннің иығына салды.

«Рақмет сізге» — десе де оның көңілі жарым, қаладан кеткісі келмеді. Бармаймын онда деуге ешбір себеп іздеп таба алмады. Еленаны шақыртып, бүгін жолығып қалуын өтінбек болды. Соның арасынша жеңіл машинаның бірі сыртқы қорған есікке кеп тоқтап қалды. Ішінен түскен жас әйел, қолында шабаданы, тағы да бір буғаны бар, бері жүрді.

Захаров та Жексенмен бірге орнынан тұрған-ды. Оның өңі бір қуарып, бір қызарып қадала қалды. Әйел де буларға қарсы келеді.

— Оля-я! — деді Захаров алға таман ұмтылысқырап. Әйел жалт беріп тоқтай қалып қолындағыларын тастап бері жүгірді.

— Витя! Захаровтың бар қаны бетіне жүзіп шыға келді. Оля құшақтап тұрып сүйіп, Викторды Нина алып келген шабаданның үстіне отырғызды. Захаровтың жанында тұрған жолдастарымен де амандасты.

— Оқ қай жеріңнен тиді. Оля Виктордың тізесін ал-



дына алып көрді де сипады. Моншақтаған жас кесілген аяқтың үстіне тырсылдап әлденеше рет тамып кетті. Осы кезде гүрілдеген самолет дауысы естіліп еді, Захаров кедір-бұдырсыз ашық аспанға қарады да ауыр күрсініп, Оляның мойнына қолын салды. Олар жаралылардың туған-туыскандарына арналған қонақ үйге таман тартты.

— Нина, — деді Жексен — Еленаға хабар берерсіз өтінемін.

Нина госпитальға таман жеделдей басты.

Ол осы бетінде бөгелген жоқ, телефон арқылы Еленаға хабар тигізді.

Гаврил Андриянович май мерекесінде госпитальға келіп Жексенге жолықты. Заводтың коллективі атынан мерекелік тарту тартты.

Ол күні палаткадағы жаралылар шефтеріне алған адамдардың сирек келетіндерін айтқан-ды. Бүгін Гаврил Андриянович Еленаға осыны айтып Бекмұхановтан естіген әңгімелерін завод жастарына жеткізуді тапсырды. Жұмыстан ерте босаған Елена Нинаның хабарын естіді де өз бөлмесінде Жексенге баруға дайындықтар жасап жатыр еді. Мария Яковлевна қабағы салыңқы жақтыртпаған пішінмен қарап отырғанын да аңғармады. Алысқа кететіндігі қазір жолығып кездесемін деген үмітін жоққа шығарғандай бола береді. Алдағы: өмірді Жексенмен бірге өткізсем деген ой қыял сықылды. Көзін де, ойын да алысқа салады. Көп бөгеттердің аржағында келешектің жарығы жарқылдайды. Шыда, шыда жетесін дегендей жүректе сенім нышаны да орын теуіп қалыпты. Бізғарын сыртына жайып отырған анасын:

— Қайда барғалы жұлқынып жатырсың? — дегеннен кейін бірақ білді. Жалт қарап Марияның шатынап жарылып кете жаздап отырғанын аңғарды. Оқты көзі өңменінен өтті. Үндемей қутылуға тырысты.

— Мен кім — деді біраздан соң — неге жауап бермейсің?

Елена күлімдей, жаймашуақтап босанып кетудің бабын іздеді.

— Апа сіз естімеген боларсыз. Жақсы киініп келіңдер, нықтарыңды салып еңкеймендер, майданнан Москвадан қонақтар келеді деп жатқан жоқ па. Бүгін біз қонақтарды қарсы аламыз.

— Бұрын қонақтарды қарсы алғанда бұл киімдеріңді неге кимедің?

— Бұрын белгісіз көптің бірі Елена болатынмын. Трибунада сөйлегенімді өзің де көрдің. Ол заводта сөйлегенін апасының есіне түсірді.

— Жоқ маған сырынды неге айтпай жүрсің. Қонағымыз, — деп жүріп, қонақтың бірі Полинаны әкеткелі жатыр.

— Полинаны сіз бұзық демексіз бе?

— Бәлем, сендердің сырларыңды, — деді ана тіксініп.

— Апа, сіз мені кімге теңеп отырсыз?

— Сендерді бұзған Нина ғой, бүгін Полинасын аттандырса ертең сені ұзатпақ...

— Нина жазықсыз адам, оның кінасі жоқ, бізді куантқаннан басқа жаманат әкелген жоқ.

— Кеше куантса, бүгін суалтқалы отыр.

— Бізге суалатын не болды? Григорий бір полкты әкем бір отрядты басқарады.

— Бұйткенше солардың қасында болғаның көп жақсы еді, майданда деген ат аруақты да тебірентеді.

— Қайткенше?

— Тұрмысқа шыққанша!

— Ойпырмай апатайым ай, кім айтты.

Ашу ыза, жас бәрі де Еленаның алқымына тығылды.

— Түк көре алмағандай болуын, онан да қара түнде жүрегінді қарсы айыра ағаң мен әкенді тілесенші.

— Сұмдық-ай, өсек қой, енді қайттым...

— Оны білсең, шешін тез.

— Топ алдына жалаңаш барайын ба? —

— Шешін тез!

— Ендеше сөкпес, жұмыс киімімен-ақ барайын. — деп ол туфлин тастап етігін кие бастады.

— Киінбе, не істеп жүргенінді айт?

— Сенсеңіз түк істегенім жоқ, білсеңіз айғыңызшы?

— Көңіліндегі қылмыс, көзінің алдында сүйелдей болса да көрмеуін, Нинамен оңаша не сөйлесесіндер.

— Не сөйлесіппіз?

— Хатты кімге бердің?

— Кімге беріппін?

Елена көйлегін шешіп жұмыс костюмын алды. Полина тұрмысқа шыққан тойда Нина, Ира екеуіне — сендерге де қайырлы болсын дейтін күніміз де әлі-ақ деген-ді. Бұл сөз Мария Яковлевнаның көңіліне қадала түсті. Бақылады да жүрді, бір күні Еленаның біреуге бер деп жатқан хатын көрді. Жүріс-тұрысын бақылауды кү-



шейтті. Елена Жексеннің хаттарын өз бойына ғана сақтаушы еді. Кеше алған хатын ұмытып жастығының астына тастап кетіпті. Үйді жыйнап жүріп анасы оны көріп қалды. Еленаның ойына енді түсті. Өзінің не істегенін де абзйламай, столының тартпасына қарап жіберіп үрейленіп тұрып қалды. Теріс қарап тұрған ол шешесі аяғының астына, хатты лақтырып тастай салғанын да көрген жоқ-ты. Бірақ бұл хатта Жексеннің аты жоқ болатын.

— Әне қағазыңды ал.

Үңіліп тұрып Елена қағазды жұлып алды. Не болғанын енді түсінді. Хатты бетіне басып отыра кетті. Мария Яковлевна хатты кімнің жазғанын да білмейді. Тек қызына тыйым салуым керек деді. Жақсы абыройда жүрген баласының атағына дақ келеді деп те ойлады.

— Төбеңе қара, жан-жағына көз жібер, қайда отырмыз. Туған жерің қайда, неге білмейсің? Сырыңды айтпайсың, жөніңді біз білмейміз осымен бір күні көз көрмес, құлақ естімеске кетемін деп де айтарсың. Қой балам абыройың төгіледі.

Сағат жетіден асты. Елена қысылып кетті. Шешесіне айта алмай жүрген жалғыз бір сыры да осы еді. Енді айтпауға шыдамады, жанып кететіндей көрінді.

— Анам сіз мені, бізді өлімнен құтқарған Жексенді шығарып салуға босатпай қалдырдыңыз... — деп кемсең деді. Оның көзінен жас ыршып-ыршып түсті. Көшедегі машинаның даусы кетіп бара жатқан Жексендер сықылданып кетті. Ол терезе алдына келді. Бір топ әскер аяқтарын бірдей салып станцияға бет алған екен. Осылардың ішінде қол пулеметтерін көтерген екі қызға қарап қалды.

Мария Яковлевнаның катулы қабағы жазылып:

— Ә-ә-ә, Жек — сен — бе еді! деп отыра кетті.

Бұл кезде Жексен Еленаны асығыспен күтуде болды.

Нина Карповнаның Елена қазір келеді дегеніне екі сағаттан аса уақыт өтті. Горожанин да курортқа барып емделетін болған-ды.

— Афанасий Тихонович, сіз ертең жүретін болдыңыз ғой?

— Солай болатын болды.

— Онда, кош айтысалық—деп Жексен қолын ұсы-

нып еді, Горожанин қолды қысып жібермей тұрып тілегін білдірді.

— Ал Жексен, бір-бірімізден хат ала алмайтындай жағдай болса, Минск жаудан тазаланған күнде қалалық партия комитетіне хат жаз, бұрынғы пропагандисін ұмытпас. Мен олардан қол үзбеймін. Егер де менен бұрын майданға барсаң хат жаз, мен де сонда тіленейін.

Жексен Горожанинмен уағда жасап сестралармен қош айтысып тысқа шыққан да, Федор Федотович тағы да бірнеше адамдарды машинаға мінгізіп жатыр еді.

— Жексен,—деді таныс дауыс. Бұл келген Новиков болатын. Нина Полинаға жолдасының жүретінін айтқан болатын.

— Жүретініңді естіп келдім. Біз де жүргелі жатырмыз. Жолым оңғарылды, өтінішім қабыл, өзіміздің полкке тарттым, зор қуаныш Қадырдан хат алдым. Мені жаңада біліпті. Григорий Максимович өзім шақыртып аламын депті,—деді Новиков.

— Жағдайды өзің айтып, маған шақырту қағаз жіберуді қамдағайсың. Мен де көп ұзамай жазылып шығамын. Сенің достығың осы болсын, шақырту қағазды тездет—деді Жексен.

— Орындаймын, маған наныңыз, біздің полк қазір Сталинградта көрінеді, естідіңіз бе...

— Бәріңді айтыпты, тек қағазды ұмытпа, ал бәріне де сәлем айт. Әлгі Нина қайда, қош айтысып қалуым керек еді.


— Сәтсіз жұмысқа араласып ақыры қашып құтылған шығар.

— Жоқ Никита олай деме, Нинаға көптен-көп сәлемімді айт, бәрімен қоштасып машинаға Жексен де отырды. Сыртқы қақпаның жанында көше жаққа қарап тұрған Нинаны Жексеннің көзі шалды.

— Нина Карповна-а-а... қош!

— Жексее-е-е-н!—деп Нина жүгіре түсіп қолын былғап еді, машина көзден тез таса болды...





## IV ТАРАУ

### С Е Н І М

1

Жолдас командирлер бұйрық сіздерге түсінікті ме? Күтпеген жерден, тұтқыйылдан атака жасаймыз. Автоматчиктер, саперлер алда болсын. Олармен бірге өздерің де алға.

— Орындаймын!

— Орындаймыз! — деген дауыстар естілді.

— Жолдас лейтенант, сіздің сағатыңыз қанша болды?

Лейтенант сол білегіндегі беті фарфор сағатын қарады да:

— Сегізге он бес минут қалды, — деді. Командирлер тегіс сағаттарын дұрыстап жатты.

Аздан соң олар құлаған үйдің қабырғасын айналып, қараңғыға еніп жоқ боп кетті. Түн ешбір желсіз, тынық еді.

Өрт сәулесі шарпыған аспанда қараңғылық сондай қою, жылтыраған бір де жұлдыз жоқ. Ауыр зеңбіректердің снарядінен құлаған үйлер жиі-жиі күрс етіп барып, күрсіне күйрегендей. Алдыңғы кварталда жанып жатқан төрт кабат үлкен үйдің жалынының қызуынан ыстық леп ұйтқыды. Бұл Сталинград қаласы еді.

Біздің зеңбіректер күндіз жаудың қолында қалған кварталды атқылап тұрған-ды. Зеңбіректердің топталып атылуы басылысымен атака басталды. Батальонның

2 — 3 роталары, кварталдың оң жақ, сол жағын ала ілгерілеген-ді.

— Алға! — деді 1-ротаның командирі. Ол бірнеше жауынгерлерімен еңкейе, жүгіре жөнелді. Елу метрдей жер жүгіріп өткеннен кейін, құлаған балшық қорғанның қалқасын паналап тұра қалды.

Неміс пулеметі нысанасын басқа жаққа аударған кезде, лейтенант ішке екі граната лақтырып еді, қабырғаны тесіп ап, сығалап атып отырған немістің үні өшкендей болды. Жауынгерлер қорғаннан ырғып, жанталаса аржағына өтіп жатты. Баскадан бұрын лейтенант секіріп кетті де:

— Қадыр артымнан!—деп жөнелді. Төрт кабат үйдің құлаған есігі аңырайып, ашық тұрғач-ды. Лейтенант құлаған кірпіштерден сырғанап көтерілгенше Қадыр гранатын есіктен лақтырып үлгірді. Бірнеше жауынгерлер үйдек-түйдек төменгі қабаттың терезелеріне жетіп жатыр. Қараңғы коридор жым-жырт еді. Лейтенант автоматтың басып-басып жіберді. Терезеден түскен өрт жарығында есік-есіктен коридорға жүгіре шыққандар қараң қараң етті.

— Жеке, эне кетті!

Жексен қайырылыс бұрышта тұра қалды, есі шыққан зор денелі неміс Жексенді байқамады, басып қалғанда мойны астына келе өкіре жығылып еді.

Қадыр жығыла-мығыла жүгірді.

— Жеке-ай, пленге алатын едім.

Ол, солдаттың қомақты денесінен офицер ме деп ойлаған. Немістер жойылып, квартал енді бұлардың қолына көшті. Бекмұхановтың ротасы осы зәулім үйдің жылға-жылғасына еніп орналасып қалды. Осы аз уақыттың ішінде рота алты адамынан өлі айрылып, он адамы жараланды.

— Егер де күндіз болса, алдымен мен ұшар едім,— деді Қадыр.

Жексен мырс етті де үндеген жоқ.

Қадыр бұрыннан майдандас жолдастарының атағы, қызметі жағынан өзі соларға бағынышты адам болса да, оңаша жерде айтам дегенін именбей айта беретін. Ол Новиковке қарап сөйледі.

— Соғыс жаққан, біздің Новиков оқуды да бітіріп қайтарында бір қыздың қолынан жетектей келді. Енді мен де ойланып жүрмін. Әйел болса алыста жатыр



— Сені тіпті қыз менсінбейді,—деді Никита—сені де әйелің күтеді-ау... Жігіттер көңілденісіп жадыраса бастап еді. Үйдің сыртқы қабырғасының жанына бірнеше ауыр снарядтар кеп түсті. Қыйраған терезелерден бөлменің іші жарық еді, ротаның командирлері пунктін астыңғы үйдің біріне орналастырды. Мұнда күндіз немістер болған екен. Кішкене столдың үстінде жакқан шамдары кұлап жерге түсіп қалыпты. Дудыраған газет қағаздары да есік пен төрге дейін шашылыпты. Қадыр шамды жағып, әлгі қағаздарды бір-бірлеп тұрып қарап шықты.

— Не іздеп отырсың?—деді Жексен.

— Мүмкін, мұнда штабы орналасқан болар. Воро-нежде осындай бір дудыраған қағаздардың арасын аш-қанда тастап кашқан көп документтер тауып алған едім. Сонда рота командирі еңбегің бар екен дей... бастап еді, бөліп кетті...

— Жолдас лейтенант, сізді телефонға шақырады — деді телефонист. Батальонмен екі арадағы байланыс осында болатын.

Жексен трубканы қолына алды.

— Я, тыңдап тұрған 18... Жолдас капитан біз орна-ластық.

Комбат 2-ротаны немістердің миномет, зеңбіректері-мен атқылай бастағанын айтып, ротаның жағдайын те-гіс сұрады. Ол сөзінің акырында, адамдарды тез та-мақтандыру туралы бұйрық берді. Жексен трубкасын байланысшыға беріп, ойланып қалды. Кешікпеді, коман-дирлерін тегіс жыйнады. Бәрінен бұрын Хасанов:

— Жауынгерлерім тегіс тамақтанды,—деді. Оның кішкене көзі шамның жарығында жалтырап, бір мол та-маққа кез келдік дегендей.

— Біздің взводта болмады, — деп Новиков күңкіл-деді.

— Хасанов сен айтшы, запасты қайдан алдыңдар?— деді Жексен.

— Жауынгерлер неміс солдаттарынан тартып алды, —деді ол.

Жексен разы болған пішінде оның бетіне карады да:

— Новиков, сен бүгінше Хасановқа жалынатын бо-ласың. Арпалыс басылған соң тамақ жетеді. Полк коман-дирі осылай деп бізге хабарлады, қазір жалғасыңдар.

Командирлер тарасымен немістер осы кварталды зеңбіректің астына алды. Біздің миномётчиктер де олар-

ға жауап қайтарып, алдыңғы шептерін талқандап берді. Жексен взводтарды аралап шықпақшы еді.

Сағат он екіден кетіп барады. Күндізгі алған кварталынан түнде айырылған немістер таң ата шабуылға шығатыны әркімге түсінікті еді.

Тағы да танкісі жіберіліп, содан соң автоматчиктері ілгерілейтін болар деп қорытты Жексен. Ал не істеу керек? Үш күндей қыян-кескі шабуыл жасаған немістер, неше ілгеріледі. Бұлар күштерін біріктіру үшін аз кейін жылжыды. Түнде немістерді қайтадан қуып шығып, орнын басып, есесін алды. Бекінген үйді енді қолдан-қолға көшіруге болмайды, — деді Жексен өзіне-өзі. Осы ойға мықтап бекінді де ротаны аралады. Неміс танкілері келеді-ау деп күдіктенген жерлеріне жанармай, граната мен қаруланған адамдарды орналастырды. Жаудың нысанасына ілінбейтін белгісіздеу жерлерге пулеметчиктерін қойды. Автоматчиктер мен гранаталары бар бірнеше адамды неміс солдаттарының беталысына орналастырды. Осылайша бекінісін қайта құрып, танды күтті.

Жексен госпитальдан августте шыққан еді. Сонда жатқанда жараланбай тұрып берілген кіші лейтенант атағын алды. Госпиталь начальнигіне полк командирінің қағазы да келіп түсті. Осы жағдай ескеріле келіп, ол Сталинградка жіберіліп, сентябрьдің бас кезінде-ақ ұрысқа қатнаса бастаған еді. Алғашқы кезде взводтың командирі болып, кейіннен рота командирі болып тағайындалды. Бір жарым айдай уақыт өткеннен кейін лейтенант атағы берілген-ді. Ол Новиков, Қадыр, Хасановтарды да осыдан кездестірді. Қадыр соғыс қыйыншылығына әбден төзіп алыпты. Бұрын көшеде болған ұрыстарға қатнасып көрмеген командирлер оны өзінің ординарці (көмекшісі) етіп алған екен. Кей уақыттарда ол ротадағы барлаушыларды да басқарыпты. Жексен келгеннен кейін де Қадырды сол орыннан қозғаған жоқ. Үш орден бір медалі бар кіші сержанттың жағдайы осылай еді.

— Қадыр,— деді Жексен, батальонмен телефон байланысы үзілгеннен кейін,— батальондағы зеңбірекшілермен біз байланысты қалай жасамақпыз? Егер де танк шабуылы бола қалған күнде олардың көмектері не болады? Бізге берілмек қырық бес миллиметрлік зеңбірек әлі күнге неге келмей жатыр?

Осы бұйрықты орындауға Қадырға міндет артылды. Немістер зеңбіректен ата бастады, бұл таңның хаба



ры, неміс шабуылының дайындығы. Күткен сағатқа шейін не телефон жөнделіп жалғанбады, не Қадыр келмеді. Танкіге қарсы атылатын зеңбіректер әлі жоқ. Төніп келе жатқан ауыр хал Жексенді тынышсыздандырды. Ол үйдің ең жоғарғы төртінші қабатына көтерілді. Әлі де қараңғы, кей жерлерде бір квартал тұтас құлаған, балшықтардың әр жерінен үңірейген қабырғалар көрінеді. Өрт жарығы тіпті тұтаса түсіпті. Жоғарыда ызындаған жел шыға бастапты, ұйтқыған жалынның тілі осы үйге жетіп барып қайта серпіледі. Төменгі жердей емес, жоғарыда оның тынысы тарыла түскендей болды. Қоңырсық иіс жүрегін қапты. Штабпен екі ортада осы кварталдың бірнеше үйлері бар, ол үйлерге де снаряд түсе бастады. Бақылау пунктіне тағайындалған осы жоғарыда бір автоматчик пен байланысшы жігіт бар еді. Снаряд төменгі кабаттың қабырғасына келіп тиді. Үй солқ ете түсті. Жарық бола бастаған сайын немістер атуды жиілетті. Зеңбірек миномет дайындығы аяқталмастан аспаннан «юнкерстер», қара күзғындай қаптады. Олар кем дегенде он бес бар еді. Осы дивизия орналасқан көптеген кварталдарды аяусыз бомбылай бастады. Жексен тұрған үйге де бомба тасталып еді, бірақ дәл түспей, асыңқырап барып жарылды.

— Жолдас лейтенант, атака!—деді жанындағы автоматчик. Екі танкі қайырылыс бұрыштан көрініп қалды да далдаға еніп жоқ боп кетті. Күрілдеген дөңгелек дауысы шығады. Сартылдаған танк пулеметінің үні құлаққа жанғырығып, өте катты естіледі. Жексен төмен түсті. Қадыр әлі жоқ, танкіге қарсы атылатын зеңбірек те жоқ. Бір үлкен танк көшенің бойын аяусыз атқылап, осы үйге қарай төне қозғалып келе жатыр. Танкінің қарсысындағы қорған ішінде бір жағы қыйраған ағаш сарайда екі адам бар еді. Қыйраған қорғаннан асып түскен танкі бір ұрып жібергенде сарайдың бүтін қабырғасы салдыр-күлдір сынып, шақырлап ортасына түсті. Сарай ішіндегі окоптағы адамдарын Жексен өлді деп білді. Танк сарайды күтірлете жаншып, ішке кіруге ұмтылды. Алдағы запас окоптарды да топырақпен жауып тастады. Жексеннің төменгі иегі дірілдеп, тынысы біткендей болып еді, танкінің тұмсығы қайырылып сарайдан өте беріп жалынға ұштасты. Танкілерінің артынан қалмай ілгерілеген автоматчиктер жанған сарайға келіп тіреліп қалды. Солдаттарына жол ашып беруге тырысқан екі жеңіл тан-

кі, енді үйге тура тартты. Едел-жедел лактырылған Жексеннің екі гранатасы бір топ немістің бірнешеуін домалатып кетті. Қалғаны қайта серпілді. Қайта серпілген жаяу солдаттарды қорғау үшін неміс танкілері терезе-терезені күртілдетіп берді. Осы кезде оларға атылған бір снаряд жетпей, екіншісі асып кетті. Бұл зеңбіректің қай жерден атылып жатқанын да Жексен білген жоқ. Қаруытқан көзі жарқ етіп ашылды. Зеңбіректі көздеу құралы есіне түсіп, «енді линейканы тең бөлсе» деді ішінен. Осылайша команда бергендей болып еді, айтқанындай танкіге снаряд дәл тиіп, үні өше қалды.

— Атындар!—деп дауыстады Қадыр. Қоянколтық тасада қырық бес миллиметрдің атылып жатқанын Жексен сонда көрді. Жексен енді серпіліп, дауыстап жіберді.

— Бауырым, басындар!—деп қуанып кетті.

Сұрапыл қайта тынымдады. Жаудың атакасы басылысымен комбат келді. Ол:

Полктің баска батальондарына шабуыл жасалмапты, майор Чайковский хабарлады,—деді. Жаудың қаланың оңтүстік-шығыс жағындағы қауырт атакасында тойтарылыпты. Бұл немістердің бар жерге бірдей күш сала алмайтынының белгісі. Атакадан соң қашанда жауынгерлерді аралай берсең бекініс ширай түседі.

Комбат пен Жексен ротаны аралап шықты. Ауыр танкіні кыйратқан жауынгер қатты жараланған екен.

— Қазірдің өзінде орденге ұсын!—деді комбат.

Сол күні немістер бұдан баска да үш рет атака жасады. Бірақ, Жексеннің ротасы мызғымай, өз орнын сақтап қалды.

## II

Бүгін бесінші күн, жауынгерлер бекінген орындарынан тырп етпеді. Сталинградтың солтүстік-батыс жағында немістің бес рет контратакасы тойтарылғаннан кейін, қатты ұрыс біраз толастаған сықылды еді. Көптен бері қырғын ұрыс жүріп жатқан жұмысшы поселкесі қолдарынан кеткеннен кейін немістер бұрынғыдан да елеуреп кетті. Бүгін де екі атакасы тойтарылды. Жексен ұрыстан кейін жауынгерлердің бекінісін аралап келе жатқан болатын. Алдыңғы взводтың адамдары өз орындарына жүгіріп, біреулері үстін қағып, бас киімдерін түзеп киіп,



белдіктерін тарта буынысады. Біреуден-біреуге хабар дүрліктіре тарай келеді. Бәрі де шапшаң аяқтарының ұшынан қыймылдап, кейбір командирлер зыр жүгіріп, кейбіреуі қалт тұрып қалыпты. Взводтарды аралап келе жатқан бес-алты адам, әр жауынгерлерге бір тоқтап, окоптарына еңкейе қарап сөйлеседі.

— Жеке, ақсақалдың өзі келіп қалыпты,—деп Қадыр, окопына қарай жүгіріп келеді. Жексен байқамай қапты, батальон командирі келген екен, ол жан-жағына қарап (аптыға сөйледі).

— Бекмұханов жолдас, ротаны тәртіпке келтіріңіз, полковник Ванников келе жатыр.

Ротаның өзі де жақсы орналасып бекінген деп есептелетін. Жауынгерлердің бекініс ауданына полковник келген кезде, Жексен де рапорт беруге дайындалып, жеделдей басты.

Ванников Жексеннің қысқа рапортын алып, қолын ұсынды. Тұтқыйылдан үлкен адам қолын өзі ұсынғанына Жексен сасып қалды. Полковниктің артында бірнеше адамдары бар екен. Майор Чайковский Жексеннің тәртіппен жүріп тұрғанына ыразы болғандай, ол да қолын беріп амандасты. Ванников өзінің бұрыннан таныс командирлерінен жағдайды әңгіме үстінде сұрауды жақсы көруші еді. Салған жерден адам шығынын сұрады...

Полковник ротаның жағдайын сұрады. Жексен тегіс баяндады, Жексен госпитальдан қайтып дивизияға келгенде, бұрынғы полктың, қазір дивизияның командирі Ванниковпен кездескен-ді. Полковниктің өзі барлық командирлерге жеке-жеке сұрыптау жүргізді. Таңдаулы адамдар Сталинградтағы көше ұрысына аттандырылмақ еді.

— Ұрысқа бұрын қатнаскандарың бері шығындар,—деді,—ол.

Бірнеше командирлермен Жексен де саптың алдында тұрды. Полковник әр біреуінің киім кигеніне, жүріс-тұрысына кадала қарады. Қай жердегі ұрыстарда болғандықтарын сұрады. Кезек Жексенге келді.

— Бекмұханов,—деді, ол күлімдеп,—кеп қалдың ба?

Ванников штаб бастығына бұрылып, Бекмұхановты жазып алуды тапсырды. «Дивизия командирі де мен туралы естіген екен»—деп ойлады, Жексен. Іріктеп алған командирлерге Сталинградтың халының ауыр екенін түсіндірген-ді. Оған міне ай жарымдай уақыт болды.

Ванников жауынгерлердің бекініс орындарын аралады.

Полковникті шығарысып сап, Жексен төртінші қабаттағы бақылау пунктіне көтерілді. Неміс қолындағы көшелерге солдаттардың жүрген-тұрғаны да білінбейді. Атака жасалардың алдында окоптан-окопқа, үйден-үйге жүгірулері жиілеп кетуші еді. Оның бірі де байқалмаған сон төмен түсті.

### III

Күн бұлыңғыр. Шығыстан ызындап күздің суық желі соғады. Толқый түсіп жөнкіген Еділден әлсін-әлсін суық ызғар үрлеп желпиді. Су үстінде екі катер көрінеді. Ары бара жатқаны ауыр жаралылардан зорға жылжып бақайшақтайды. Бері келе жатқаны—оқ-дәрі, адам тиеп ыңк-ыңк етеді.

Ендіккен катерді тосушылар жағада өте көп. Самолет даусы шықты. Ілезде немістің үш «миссершмиті» шыға келді де пулеметтен оқ төгіп, жағалауды бір рет айналып кетті. Соның арасынша болған жоқ, алты «юнкерс» көк жүзінде пайда болды. Жағалауда, су ішінде бомбалар жарыла бастады. Қауып төнген катер суға кейде батып, кейде көтеріліп толқынды жамыла түсті. Еділ толқынын жақпарлатты. Оның да талбойы еріп, қорғағысы келгендей катерді толқыннан-толқынға лақтырып жау көзін бұлдыратып қарауыттырды. Самолетке қарсы атылған зениткалар да жарыса жөнелді. Осы көріністен сасқалақтап не істерін білмей қалған Полина бір жағы құлаған окоптың біріне келіп түсіп еді.

«Миссершмиттің» бірі пулеметтен жағалауды сыпыра атып келе жатқанда, оның қасына бір санитарка келіп паналады. Полинаға бұл адамның өні жүдеу, кірпігі қатқан, жүзі суық көрінді. Бұлар құлаған окопқа азар сыйып, екеуі де бетін Еділ жаққа беріп, катер мен неміс самолеттерін бақылады.

Полина полктың медицина ротасында қызмет істейтін-ді. Жаралы жауынгерлерді Еділдің жағасына жеткізіп, катерге мінгіздіртіп салысатын. Осы келмек катермен тағы да адамдарын жөнелтпекші болатын. Зениткалар бір «юнкерсті» ортаға алып тықсырып еді, Полина қуанып однынан тұрып кете жаздады.



Ол адамның атымен сөйлесуді ғана жақтыртушы еді. Ойындағы қуанышын жолдасына айтпауға шыдай алмады да:

— Сіздің аты жөніңіз кім болады? — деді. Ол Полинаның бетіне бұрылып караған жоқ, бірнеше бомбаның катерге жақын-жақын түскеніне қарауда болды да:

— Анна Ивановна деп атаңыз, — деді. Полинаға осы ат бір таныс адамның атындай жылы ұшырап естілді. Тіпті таныс, ойында сактаулы ат сол-сол дегендей болса да Полина бұдан ары қазбалаған жоқ.

Анна Ивановна зенитчиктерге алғыс айтқалы:

— Анна караңыз, әттең осы кезде күзетші истребок-тар болса жайратар еді. Осындай дер кезінде келмейді, — деп ұшқыштарға налып сөйлеп тықыршыды. Сүйткенше болмады, күзетші истребительдердің бір звеносы зу ете қалды. Олар тұтқыйылдан, күтпеген жерден, дәл катердің өзінен ұшып шыға келгендей болды. Полина окоптан кеудесін көтеріп қолын былғады.

— Анна енді көріңіз, эне сазайын тартқызады!

«Юнкерстер» бұлтқа таман қашып, «миссершмидтері» ұрысқа шығып көлденендей берді. Екі истребок ұрысқа араласып, бірі тура кашқандардың артынан жөнелді. Мұны байқаған «миссершмидтер» де алға тартты. Жалғыз истребок «Юнкерстерге» бір араласып кеткендей болып еді. Өзі төмен қарай зымырап, зуылдап матор даусы өшіп кетті.

— Ойбой, — деді Полинаға тығыла түскен санитарка — кұлап кетті деген самолет қайтадан көтеріліп алып, бұлтқа таман атылып кеп кетті. Бекініске дәл түскен бомбадай болды. «Юнкерстің» бірі бұлттың шетінен айырып алып төмен кұлдыйлағандай болып еді. Бұлт па дегендері бұрк етіп жалынға айналды. «Юнкерс» лапылдап жерге кұлады.

— Не деген ерлік! — деген санитарка орнынан ұшып түрегеліп пилоткасын былғап кұттықтады. Окоптан қаргып шығып кұлама жарға шейін қол орамалын желбіреткен Полина көзін сығырайта жоғары қарай қалды. Самолет дауыстары біртіндеп алыстай берді, ірі калибрлі пулеметтердің дауыстары тек еміс-еміс кұлаққа келеді. Неміс самолеттері бассауғалауға кірісті, кашып кұтылды. Полина енді әлгі санитаркамен танысып жөн сұрасып білмек болды. Олар катер келгенше жағада отырды.

— Сіздің аты, жөніңіз кім, қай полктікісіз — деді

санитарка Полинаға. Анна Ивановна деген ат таныс адам атындай естілсе де ешбір дұдамалдаудың ретін таба алған жоқ-ты. Тек жөн сұрасам, таныс адамдарының мүмкін бір белгісін табармын деп те ойлаған-ды.

— Атым Полина, майор Чайковскийдің полкынанмын, — деді Полина. Ойланып қалып, күлімдеп, Анна Полинаның білегінен ұстай алды.

— Сіз майор Чайковскийді жақсы білесіз бе, менің жолығатын жұмысым да бар еді. Кездесе алмадым. Амалым қанша, сіздердің полктарыңызға қанша тіленсем де қолым жетпеді. Апырмай, мен бір аманат тапсырсам, жеткізе алар ма едіңіз.

— Сіздің майормен қандай байланысыңыз бар, қандай жақын адамыңыз еді.

— Мен майор Чайковскийдің әкесінің партизан отрядінде қызмет істеп едім. Умытқанын енді есіне түсіргендей болған Полина:

— Сіз Жексен Бекмұхановты, Елена Чайковскаяны білесіз бе? — деп сұрады. Жексеннің аты аталғанда Анна Полинаны кұшақтай алды.

— Не дейсіз, шын айтасыз ба, Жексен, — деді Анна, ол көз алдына партизан өмірін елестетті.

Анна жазға салым жараланып, тылдағы госпитальға түсті. Госпитальда жатқанда ол Еленаға хат жазған болатын. Олар бірінен-бірі хат алысып хабарласып тұрды. Анна госпитальдан шығып Сталинградқа тіленді. Бірақ мұнда келгеннен кейін ол ұрыстың шиеленіскен ауданының бірі «Баррикад» ауданына жіберілді.

Аннаға Елена өз жағдайын да жазған-ды. Елена майданға тіленіп өтініш беріп босатпағаннан кейін Москваға жазып хабар күтіп отырған-ды. Сол жақтан рұқсат болмаса білмеймін деп жазған-ды. Жексеннің Сталинградқа аттанғанын да айтқан, бірақ шығарып сала алмай қалғанын сыр етуші еді. Жексен госпитальдан екінші емделу орнына ауысқан кезде де Еленамен хат алысып тұрды. Мария Яковлевна кейінгі кезде ашуын тастағандай, не істеп жүрсін деп те қызынан сұрамады. Оған бақылауда жасамады. Кей күндерде бүгін ешқайда бармайсың ба деп сұрайтын-ды. Тесіле қарап бір нәрседен күдіктенгендей болған белгілерді де жоғалтты. Бұрынғысындай бола бастаған-ды. Жексенге Елена демалысында үш рет келді. Бұл күндерде де олар көзбе-көз қатар отырысып сөйлесе алған жоқ. Қаламен екі ортаға жүре-



тін машинадан Елена қала алмады, келуі де, қайтуы да ат үсті, жылдам болды. Елена келген кезде көбінесе Жексен емделіп жататын. Бір келгенінде Жексен, тағы бірнеше жауынгерлер саяхатқа кеткенінде келіп кездесе алмады. Ең соңында машиналарының дөңгелегі ауыр жүктен қыйрап кеш келіп, тез аттанды. Жүріп тұрған арнаулы машина болмағандықтан да кездесулерінің жайы айтарлықтай болмады. Хаттары бұрынғыдан да жиі, үсті-үстіне қабаттасты. Ақырғы хатында Елена майданға тіленетіндігін айтқан-ды. Бұдан басқа ешбір хабар алмай жүргенін Полина жақсы білетін.

Анна да Полинаның міндетіндей қызметті атқаратынды. Олардың екеуі бір-біріне сондай дос, ең жақын адамдардай ұшырасты, күніне жолығып, хабарласып тұруға уағда байласты. Жаңа хабарды жеткізгенше Полина да асығып еді.

#### IV

Бөлменің іші алакөлеңкелеу еді. Амандасып бір адам келіп кірді. Октябрдің суығынан жаралы аяғы ауырсыңған. Жексен біраз тынықпақ боп жатыр еді. Қадырдың ақырын сөйлеген дауысын естіді.

— Уйқтаған екен, біраз демін алсын.

Сырттан келген адамды босқа тосқызудың қыйсынын таппаған Жексен басын көтерді. Орындыққа жаңа отырған адам:

— Бекмұханов,—деді ұшып түрегеп.

— Афанасий Тихонович, қалай деніңіз сау ма?

— Өзің де тірімісің, 78-палатканы ұмытпай іздеп келдім. Не көрсекте бір көрелік. Горожанин Жексенге берген уағдасы бойынша госпитальдан шығып Чкаловке келді. Онда ол округ командьшысына өтініш беріп Сталинградқа аттандырылған-ды. Қадыр, «бұлар бірін-бірі қайдан танийды» деп аң-таң еді. Сырттан келген Новиков те Горожанинмен шұрқыраса кетті. «Заң бойынша» деп Горожанин документін ұсынды. Жексен документті көріп Новиковтың алдына тастады.

— Біз де жүріп жатамыз, политрук жолдас, — деді Жексен Сталинград әлі де Сталинград, біз оның жауынгері. Ол картасын алып ротаның орналасқан ауданын көрсетті. Бұрынғы политрук Денисов жараланып кеткен-

нен бері саяси қызметті оның орынбасарлары атқарушы еді. Қазір Армия штабында қызмет атқаратын комиссар Лобов Горожаниннің осы полкке тіленуін қабылдаған болатын.

Сыртта атыс ұлғайып кеткеннен кейін Жексен мен Горожанин жоғары көтерілді. Сілбілеген жауынға қарамастан өрт күндегісінен де күшті еді. Олар шатырдан жан-жаққа қарап отырды. Қаланың, Баррикад ауданы жағындағы өрт жарығы жауынды түнде қозданып, бір жалынға бір жалын ұштасты. Содан бергі қала көрінісі жарық астында өте сыйықсыз. Құлаған үйлер, мұжылып таусылған биік-биік мұнаралар аңырайып-саңырайып түксиіп қарауытады. Әр жерлерде қозданып жана алмай жарықтың көздері талмаусырап сығыраяды. Кей кварталдар ұйпа-тұйпа, жым-жырт жер болып, үйіліп қалыпты. Қараңғы көшелермен қорғандарды жалғастырып жанғыш оқтар ысқыра ұйтқыды. Солтүстік-шығыс жақта зеңбіректер тыным таппай жөтеліп, күркілдейді. Кейде тіпті булығып қысылып та қалады. Жауынға араласқан жалын мен түтін бір ашты қоңырсық иісті желпиді. Осы иіс суық желмен араласып қатайып бетке ұратын сықылды. Аздан соң шығыстан соққан қатты жел көтерілді. Көкке көтерілген жалын енді қаланы басып түтін тұншықтыра көсіліп жатып алды. Жаңбыр кыйыршық қарға айналды.

— Міне немістердің «Майн гуті» деді Горожанин.— Олар құдайларын шын танымай тұр ғой. Январь, февральға таман жетсе сонда жыласып көрісер еді.

— Сол январь, февральға дейін осында жатқанмыз ба? — деді Жексен.

— Сталинградты тез күннің ішінде ала алмаса, жеңістен күдер үзетіндіктерін немістер сезеді. Гитлердің үш жүз отыз мыңнан астам таңдаулы армиясы неге Сталинградқа үйіліп-төгіліп жатыр дейсің.

— Я, — деді политрук ойлана түсіп.

— Жолдас лейтенант, — деді телефонист сізді командный пунктке шақырады. Бұлар төмен түсіп келгенде, төменде байланысшылармен әңгімелесіп, котелегі мен қасығын жуып отырған Қадырды көрді.

Ол сығырайған май шамға төніп, төмен қараған күйінде сөйлеп отыр. Бұларды аңғарған жоқ.

— Енді осы үйді тіпті де немістерге бермейік. Тамақ істеуге салған плитамның бәрі қала беретін болды. Енді



плитаны мықтап тұрып салам. Осы үйді бермесек, немістер капут деп санай бер. Сонан соң Сталинград — айн, Ленинград—свай, Курск — драй, сонан соң ең соңында Гитлер капут деп кол кой...

— Капут — деді Жексен де ішінен, оның осы ойын,

— Жексен! — деген Полинаның даусы бөліп жіберді.

— Жаңа хабар, қуанышты хабар, Аннаға жолықтым. Ол жылдамдай сөйлеп Жексеннің қолын әлі де босатқан жоқ.

— Еленадан хабар әкелдім.

Жексенмен бірге барлық жолдастары да қуанды.

— Афанасий Тихонович, Никита, бұл не деген қуаныш, мен Анна туралы сіздерге көп айтқан едім, естеріңізде бар шығар, Полина өтінем, естігенінді сөйлеші!

Полина маңдайының терін сүртіп:

Уһ! — деді. Жүгіре-жүгіре әбден шаршадым, ол өзінің Аннадан естігендерін түгелдей баяндады. Көптен бері хабар күтіп, асыға ойланып толғанған Жексеннің алдынан тағы да жаңа дүние жарқ ете түсті. Ендігі кездесу, ендігі үміт сондайлық сенімді, сондайлық бөгетсіз өз еркімен айланып үйірілетін тәрізді. Қадыр да тамақтарды дайындап жеткізді.

— Ауыз жылытар аз болды — деді Қадыр, баклачкасын белдігінен ағытып. Бір-бір күйіп арақпен нанға қосып, қолбасаны жігіттер соғып алды.

— Политрук жолдас, барында барша, жоғында тағы да іздемейміз, — деді Жексен.

— Ыразымын.

— Мен де ырза, — деді кетуге ыңғайланған Полина Новиковке жалтақтап.

— Сен Никита, Полинаны қауыпсыз жерлермен өткізіп жібер.

«Менің ойымды қайдан білесіз» дегендей жымырандап қутың қаққан Новиковтың артынан Қадыр да бірге шықты. Ол Никитаны бөгенкіреп Полинаны оздырыңқырады да:

— Менің сөзімді тыңдайтын кезің енді келді, — деді.

— Мен партияға өтейін деп тұрмын, енді уақыты жетті ғой деп білемін. Новиков партияға тылда өтіп келіп еді. Жолдасының бұл тілегін өте орынды көрді.

— Қазір партияға өтетін дәл кезің, құттықтаймын, өтінішті екеуміз, ақылдасып жазалық, бұның өте дұрыс. — деді көтеріліп.

Бірнеше күннен бері сілбілеген жауынның ақыры суытып, жерді тоңазыта бастады. Қаңылтыр шатырлар мұздан сауыт киіп жылтырайды. Жалынмен күйені жұтқан топырақ дымкыл тартып, кептетіліп те жатыр. Қалың бұлттың жақпарлары біріне-бірі мінгесіп байланысып қапты. Анда-санда ұшқын бүркіп қана барлы-жоғын ішіне жыйып түксііп, сызданып — шатынап тұрған сықылды. Әлі де ызғарын ішіне бүгеді. Ол да бір ұлы жорыққа дайындалып жатқандай көкжиекпен тұтас біткен осы ызғарлы бұлт емес, бір зор күш секілді. Көк жүзінде бірнеше қатпар бұлттар қалқыйды. Соның бәрі қарулы бекініс шебіндей аударысып-төңкерісіп, шабуылды қарсы алуға күш көмегін жыйнап әрекеттенгендей болады. Зеңбірек дауыстары жаңғырығып көкке көтерілмейді. Күннен-күнге тынысы тарылып біткендей. Самолеттің тек даусы ғана әлдеқайда алыста күрілдейді.

Таңғы неміс атакасы тез тойтарылған-ды.

— Афанасий Тихонович, — деді Жексен — сіз осы взводта болыңыз. Мен Хасановтың взводын аралап шығайын. Екі үйдің арасы жүз метрден артық емес еді. Қадырды ертіп таса-тасаға тоқтап абайлап взводқа жетті. Бұл взвод құлап біткен қорғанның бір шетіндегі екі қабат балшық үйді ала, бірінші взводтың жауынгерлерімен қанаттасатын, бір жағы көрші батальонға тірелетін. Немістердің бірнеше снарядтары сол үйге дәл түсті. Жанғыш снарядтардан бұрын өртке бірнеше шалынғандықтан үйдің тек қабырғалары ғана тұрған-ды.

Взводтың пункті қабырғаның астынан үңгіп қазылған окопта болатын. Құлаған балшық оқ ататын тесікті (амбразураны) бітеп кетті. Жауынгерлер аман калып, окоп пайдаланудан шықты.

Бірнеше жауынгерлер жабылып есіктерін қазып Хасановты шығарып алды.

— Сіз келмесеңіз, мені ешкім де білмей қалуы мүмкін еді. Бір ажалдан құтқардыңыз, — деді Хасанов.

Жексен взводтың жауынгерлік шебін аралап шығып Хасановтың жаңа пунктіне келіп еді, үш кубик такқан бір адам оны іздеп келді. Ол амандасты да:

— Бекмұханов кім болады? — деп сұрады.

— Мен, — деді Жексен.

— Рұқсат етіңіз, — деді келген кісі күлімдеп, — сіз-



дің рота пунктіңізде де болып келдім, майдан газетінен, фотокорреспондент.

— Жақсы жолдас политрук, ол жағыңызда қандай жаңалықтар бар, мүмкін ол жақта бұдан да қызу шығар.

— Айтарлықтай қызу екі күннен бері осы жақта деп отыр, жолдас лейтенант.

— Сізге кім керек еді?

Фотокорреспондент саскалақтап екі жаңқалтасына кезек қолын салып блокнотын іздеді білем:

— Кеше немістің алты рет атакасына төтеп берген рота командирі, — деді.

— Онда сізге он автоматчикті кұртып жіберген Досполов пен Сталинградтық қатардағы жауынгер Зубров керек екен ғой. Зубров немістің бір танкін бутылкасымен жағып жіберген-ді.

— Жолдас Зубров неше танкі қыйраттыңыз?

— Кешегіні бір деп санаңыз, — деді ол — алдыңғы күні біреуін кейін кашырдым. Содан қайтып келмей кетті.

— Есебі екеу ғой.

— Солай десе де болады, — деп күлімдеді ол шинелінің кұрысқанын жазып, малақайын түзеп.

— Сізше, — деді фотокорреспондент Қадырға.

Жексеннің сөзінен кейін Қадыр қол айнасы мен ұстарасын алып қырынып жатқан-ды.

— Қазір-қазір жолдас политрук, кешегіні он деп санай беріңіз, — деді — ол иегінің үстін тағы да бір екі қырып жіберіп.

— Он сегіз... жыйырма бір... жыйыны осы Сталинградта 28 солдат деп жазыңыз. Фотокорреспондент бірнеше рет аппаратын сыртылдатты. Осы кезде «атака!» — деген дауыс шықты. Неміс автоматчиктері зеңбірек дайындығынан соң тездетіп-ақ ұмтылды. Жексен мен фотокорреспондент те үй қабырғасын тасалап оқ атты. Бірнеше солдаттар кұлаған қорғанның ішіне еніп еді. Кейін де, ілгері де жылжымай, орындарында жатып қалды. Атака тағы кейін серпілді. Оқ фотокорреспондент шинелінің бір етегін жұлып әкетіп қапты.

— Жолдас политрук, шинеліңізді қараңыз. Фотокорреспондент жалбыраған етегін енді байқады.

— Қарашы, — деді ол басын шайқап — дәл-ақ көздеуін, я жолдас лейтенант, маған командир рота керек — еді.

— Менің тағы да адамдарым көп, мына аға сержант Хасановты кеше орденге ұсынғамыз.

Фотокорреспондент жалма-жан блокнотын алып:

— Бекмұханов, — деп оқыды, — осы адамды іздеп келген едім жолдас лейтенант, Бекмұханов сіз болсаңыз бөгелмейің. Жексен енді қайтып тіл қатпай, батысқа қарап қалт тұрып қалып еді, фотокорреспонденттің саусақтары лыпылдап, аппараты сырт-сырт етті.

Жексен политрукты ертіп рота пунктіне келгенде Афанасий Тихонович Чайковскийдің шақырғандығын хабарлады. Енді бөгелуге болмады. Фотокорреспондент екеуі бірігіп тартып берді.

Чайковский штабта отыруды ұнатпайды. Дел-қайыр жұмыстар кезінде болмаса орнынан табылмайтын-ды. Оның келетіндігін білсе батальон, рота командирлері де блиндаждарында отырмайтын. Егер де бірінің жайбарықат отырғанын көрсе «түрегеліңіз» дейді.

— Сіз мұнда отыратын телефонист емессіз, жауынгерлермен бірге болыңыз. Бұл жерде рапорт қабылдамаймын, барыңыз. Урыстың дәл үстінде не өте тез берілетін хабарлар болмаса Чайковский жай уақыттағы бұйрықтың бәрінде адамдар арқылы таратады. Өз адамы арқылы командирінің қайда жүргенін біліп отыратын.

Полк штабы ротаның арт жағында төртінші кварталда болатын-ды. Жексен қырық минуттан артық уақытта азар келіп жетті. Ойлағандай Чайковский штабтан табылмады, неге шақырғанын ешкім білмеді. Көптен соң Чайковский келді. Ол ешкімге қарап бұрылмады да, тура өз бөлмесіне тартты. «Шешініп орнына отырды-ау» деген кезде Жексен есік какты.

— Кіріңіз, — деді оның жуан даусы.

— Жолдас майор, сіздің бұйрығыңыз бойынша келген лейтенант Бекмұханов.

— Жолдас лейтенант, кешігуіңізге кім рұқсат етті, — деді, ол.

— Жауынгерлер арасында едім жолдас майор, хабар жетіп, үлгергенімше осы болды.

— Сіз Армия штабында бұрын болып көрдіңіз бе?

— Осында келер кезімде болған едім.

— Сол штаб — деді Чайковский, — орнынан ауысып Еділге таман келген. Судан бері қарай өтетін бір батальон бар. Бұл адамдар бүгін кешке Армия штабынан Еділдің арғы жағасына әкелінеді. Ол столдың үстіндегі



қағаздарды сырды да алдында жаюлы жатқан картадан III ауданның орталығын көрсетті. Қызыл дөңгелекті қарындашымен тықылдатып:—Ол батальонды осында бір капитан басқарады. Катермен, қайықпен, қысқасы Еділден өткізесің де осында жеткізесің, көп шеберлікті керек етеді. Ол Адамдар бұл жерлердегі ұрыстың жағдайы, бекініс аудандарымен таныс емес. Соны дереу бастап әкелу керек, түсінікті ме?

Жексен бұған қуанып та қалды. Анна мең кездесермін, анығын білермін деп үміттенді.

— Түсінікті, жолдас майор!

— Ендеше орындаңыз!

Жексен алғашқы келген кезде Чайковскийдің анасы мен қарындасына кездесуін баяндаған-ды. Кейіннен майор үйішінен хат та алып тұратын. Полинаның Аннаға кездесуін реті келіп әлі де айтқан жоқты.

— Рұқсат па, жолдас майор, — деді.

— Я түсінбесеңіз, сұрап алыңыз.

— Максим Федотович туралы ештеңе естімедіңіз бе?

— Жок, — деді, оның қатқыл даусы мен өткір көзі Жексенге бірдей қадалды: хабар білдіңіз бе?

— Естідім, жолдас майор. Аннаның айтты деген сөздерін түгел айтты, майор ойланып қалып:

— Білмедім, — деді, — Максим Федотовичтан көптен хабар жоқ еді, анығын білуге болады екен.

— Мүмкін мен кездесермін.

— Кездессе онысын көрерсіз, алдымен бұйрықты орындаңыз. Жексен «Елена туралы бірдеме айтар ма екен, майданға келмек болса неге ағасына хат жазбайды» деп те ойлаған-ды. Майор енді картасына үңілді. Жексен де кідіріп тұра алмады.

— Рұқсат егіңіз?

— Я! — деді Чайковский басын көтерместен.

## VI

Қайық Еділдің ортасына таман келген кезде снарядтар суға түсіп күмпілдеп, жарыла бастады. Пулемет дауысы да жиілеп кеткен-ді. Толқын біресе жарылып, көкке атылып, сапырылып қайта арнасына түсіп көпіреді. Жакпар-жакпар өркештенген жал жыландай ирендеп созылады. Үнірейген арнада ажалдың тілі қараңғыда қайралып суарылғандай жалт-жулт етеді. Аузына не

түссе де жым-жылас қып жұтып қоятын сықылды. Қайық кейде атылып түседі. Толқыннан толқынға секіреді. Еділдің үсті астан-кестен болып қайнап кетті.

— Шинелдерінді шешіңдер, — деді қалақтың бірін есіп келе жатқан командир. Үлкен қайықтағы алпыс шамалы адам жабырлап шешіне бастап еді. Бір снаряд қалақ ескен командирдің дәл аяғының астына түсіп жарылғандай болды.

«Біттік» дегендей ой туып, есі ауып, кетіп барып қалақтың сабына сүйеніп қалды. Ауа соғып жіберіп су түбіне батырып жібере жаздады. Снаряд су астында жарылып, екпінінің өзі аударып барып сылқ еткізіп қайта тастады. Қайық ілгері жылжымай, орнында айналып, су ағысына еркін беріп, төмендеп бара жатқандай. Қайықты лықылық аттырып, толқын бүйірден күрс-күрс ура түседі. Ерсілі-қарсылы атылған жанғыш оқ пен снарядтар құрылған тордай бір-біріне жалғанып су үстінде тартылып қалды.

— Су!—деді қорқынышты дауыс. Жауынгерлер қайықтан қарғуға айналды. Бірі етігін шешіп, бірі мешогін тастады. Суық үрей бәріне де енді, құтылудың қамын ізде дегендей-ді. Біріне-бірі қарайлап алға ұмтылысып шегініп, ауыр салмақ қайықты толқыта түсті.

— Тырп етпендер! — деді командир. Осы сөз қайықтағылардың бойына қайрат берді. Байлау тоқтам тапқандай, бір сенімді тірекке арқа сүйегендей, командирдің даусы жұрттың бетін өзіне жалт бұрды. Олар біріне-бірі сығылысып, командир жаққа таман ығысады. Соны паналаса ажалдан құтылатындай, оны ажал жеңе алмас бір бел көреді. Командир айтса, сеніп айтады. Ол құтқарады. Осы бір ойға сеніп бекінсе де «қалай құтқарады» деген ой үрейді қайта қоздырып, қорқынышты суық ызғарымен өршітпек болады.

— Су, су! — деген, дауыстар молайып кетті. Әркім аяғының астына карап үніледі. Қайық ішінде су молайып барады. Аяқтарымен сапырып, малшылайды. Ажал аяқтан тартып жұтып бара жатқандай көрінді.

— Жолдас командир, — деген дірілденкі дауыстар көтеріле түсті. Бірақ, қайықтан секірген ешкім де болмады. Қайық ішіндегі су молайып бара жатты. Қалақты босатып жіберген командир жүресінен отыра қалды да екі қолын суға тығып жіберді. Аяқ астында ауыр салмақтан сарылдап бұркылдаған судың дауысын естіді. Су



шашырандысы бетке бүркеді. Шинелінің етегінен су тартып, сора бастады. Ол екі тізесін жерге тіреп, су астында қолын серпе жүгіртіп еді, снаряд ойған тесікті тапты. Су ішінде еңбектеген оның қолын тесік суырып әкете жаздады. Мұздай суық су денесін түршіктірді. Ол жалма-жан тесікті басып отыра қалып, қолын жан-жағына сермеп ешнәрсе іліктіре алмады. Суық шекесінен өтіп, тесікті басқыздыртпады, көтеріп-көтеріп тастады. Тесіктен кірген судың екпіні өзін атып та жіберетіндей. Сасқалақтап шинелінен басқа ыңғайлы ешнәрсені таппады. Тез шешініп шинелін шыйыршықтап жіберіп тесікке тықпакшы болды. Жуырманда су бой бермей атқылап-атқылап барып, әрең толастады. Аққан су тоқтады. Шинелін аяғымен басып қалаққа қолы қайта тиді. Жан-дәрмен жанаталасып, өнбойынан су сорғалап қайықты есе бастады.

Қайық қайтадан жылжыды. Суық жел теңселте, толқын бірден-бірге қолдасып ілгері ала жөнелді. Жакпар-жакпар жал бірін-бірі ұрып, соғып сабаласып кетті. Ышқына қылқынып, лақ-лақ кұсып қараңғыда толқын сыңсығандай болды. Қайық өр толқындардың арасымен жылжып отырып жағаға жетті.

Құрғаққа шыққан адамдардың даусы да ду ете түсті.

— Көп рақмет сізге, өмір жасыңыз ұзақ болсын!

— Нағыз батыр!

— Бізден сізге мәңгі алғыс!

— Аты жөніңізді білсек екен. Осы бір ақырғы сөзден бәрі де жым-жырт бола қалды.

— Жексен Бекмұханов.

— Жексен — деген кім деп бір әйел дауыс жағадан түсіп бері жүгірді. Ол адамдарды кимелеп алға ұмтылды.

— Жексен — деді тағы да. Полннаның даусы емес сықылданды. Анна болмаса игі еді деген Жексен де алаңдай түсті. Ең соңынан қайықтан түсіп.

— Кім сұрайды? — деп еді. Оның мойнына біреудің жылы кұшағы да кеп орала кетті.

— Жексен, Жексен, бүгін сізді осынша көрсем деп едім, тілегім орындалды жүріңіз тез!

— Анна, амансыз ба? Анна!

— Сүйінші, сүйінші Жексен!

Аннаның дегбірі ұшып, аузына келген сөзді де айта алмай, аяғын алқына басты.

— Елена! Елена келді!

Еленаның атын естігенде осы караңғы түн оған сондай жап-жарық болып көрінді.

— Анна, қайда келді дейсіз, қайда Елена?.. Елена!

— Елена жаңа ғана кетті. Сіздің әкеңіз қазір біздің блиндажда отыр.

— Кімнің әкесі дейсіз, қайда келді?

Әкесі мен Еленаның атын естіп Жексеннің жүрегін қуаныш кернеді, суық түнде суға белшесінен батып, шалпылдатып жүгіріп келеді.

Олар қол ұстасып жүгірген беттерімен жаралылар жатқан блиндажға келді. Күңгірт жанған шамның жанында аркасын қабырғаға сүйеп отырған Бекмұханды Жексен «а» дегенде танымай қалды. Тосырқап барып:

— Аға-а! — деді. Бекмұхан баласына құшағын жая берді. Оның басы түгел марлымен таңылған. Сол көзін шығарып, төменгі иегін оқ опырып кетіпті. Оң көзі ісіктен жұмылып тереңнен сығыраяды. Бекмұхан Жексеннің бетінен искеді. Бірдеме айтайын деп еді, сөйлей алмады. Баласы әкесінің мойнына асылып:

— Көрсем деп едім, көрдім, енді арманым жоқ, — дегендей еді. Әкесі ауыр жараға еңсесін берген адам сықылды емес, жылтыраған көзінде, дене қозғалысында қуаныш бар екендігі байқалды.

Жексеннің қолын қысып, бетіне апарды. Бірдемелер айтқандай болды да қолымен көрсетуге тырысып еді. Жексен ұқпады. Баласының ұқпағанын білді де—«Аннаға сіз түсіндіріңізші» дегендей болды.

— Менің әкем екенін қайдан білдіңіз? — деді Жексен Аннаға.

— Жаралыларды бері алып жүрерімде, — деді Анна, — сіздің әкеңізді бір жауынгер осынша көп тапсырып берді—пулеметтен ақтық оғы қалғанша атып жауды ілгерілетпеді деді, ол жерде кім екенін де білмедім. Жаралыларды осында әкеліп, қайық келгенше жатқыза тұратын едік. Су үстінде жараланған бір адамды екі қыз алып келіп осында жатқызды. «Темекі тартуға бола ма?» деді оның бірі. «Болады» дедім. Олар темекілерін тартып жатқанда мен әкеңіздің басын қайта таңып едім, алақанын жайып айна сұрағандай болды. Қыздарға көңіл аударып карағам да жоқ-ты.

— Сіздерде айна жоқ па дедім бұрылмастан. Оның



біреуі айнасын берді. Осы отырған орнында шамға үңіліңкіреп айнаға қарады да «да — а-а-а» деді білегімнен шап беріп. Байлағаным ұнамай, бір жерін ауыртып алдым ба деп едім, ол маған екі бүктемелі айнаның бір жағындағы кішкентай қыздың суретін көрсетті.

«Менің балам» — дегендей кеудесін басып, бетіне тигізді. «Қайдан алдыңдар?» дегендей белгі беріп, қыздарға жақындады. Осы кезде екі қыздың бірі орнынан ұшып түрегелді.

— Сіз қайдан алып едіңіз, мына кісі таныды ғой дедім. Түс тоқтатып бетіне қарасам бұрын көрген адамым.

— Сізді қайда көрдім? — деппін.

— Білмеймін — деді ол. Сүйткенше әкеңіз қалтасынан бір хатты суырып алды да, жарықта дудыратып жазып жатты. Атын сұрап едім, «Елена Чайковская» деді. Екеуміз қушақтастық та қалдық. Бір-бірімізді осылай білістік — деді.

Кетер кезінде Жексен қарындасы Ғайнидің суретін Еленаға қалдырған болатын.

— Қайда кетті олар? — деді Жексен.

— Алдыңғы ретте өткен адамдар қайда баратын еді.

Жексен енді оларды өз қарауындағы адамдардың ішінде екенін біліп асықты. Көп тұруға мүмкіндік те жоқ еді.

— Өз қолыңыздан күтіп жөнелтуге әкейді сізге тапсырдым, — деді ол Аннаға. Жексеннің жүруге айналғанын білген Бекмұхан бетінен иіскеді.

— Жолың болсын! — деген сөзді тіпті анық айтты. Жексен әкесінің Сталинградқа барғанын Ғайнидің хатынан естіп еді. Мұнда келгеннен кейін полк штабындағы талай тізімді байқап көрген-ді. Бірақ ешбір хабар-ошар сезілмеді. Сонымен өлі-тірісін де білмей қойып еді. Кереметпен көктен түскендей болған кездесу жандарындағы ауыр жүкті бір жеңілтіп тастағандай болды.

## VIII

Ашулы алып Сталинградтың даңқы дүние жүзіне бостандық туын көтерген сайын, оның жауынгерлерінің кеудесінде, атағына сай, ерлік күрестің кепіл боларлық белгілері де жарқылдады. Ерлік күрестері үшін наградталғандардың ішінде Жексен ротасы да елеулі орын

алды. Жыйырма бес жаска шыққан Жексеннің кеудесінде үшінші «Қызыл ту» ордені жарқырады.

Қадыр сержант атағын алып еді. Дәл сол күні немістер танкінің көмегімен шабуыл жасады. Жаудың танкілеріне қарсы біздің танкілер, зеңбіректер қыймылдап берді.

Танкілер ұрысының ақыры жаяу әскер атакасына ұштасты.

— Оқ атыңдар! — деді Жексен. Төніп кеп қалған солдаттар бекініп жатқан үйге кіруге айланды. Жан алқымға алып барады. Жауынгерлерді сығылыстырып та жіберді. Үйдің алдыңғы жақ қорған ішінде Қадырға берілген отделениеммен Жексен бір болатын. Ол орнынан тұруға ыңғайланып еді. Қадыр тұрғызбай етегінен ұстай алды.

— Ойбой Жеке, эне бізді атып жатыр, оққа тегін ұшамыз. Жексен оның қолын қағып жіберіп зекіп тастады.

Сөзіңнің керегі жоқ. Өлгеннің әкесі, немістер үйді алғанда болады.

Жексен немістер келіп қалғанда уралап ұмтылды. Окоптағы жауынгерлер де санаулы ғана еді. Жексеннің артынан бәрі де қабырғалары сорайып тұрған үлкен үйге жүгірді. Ура бірден-бірге ұштасты. Немістер ілгері жылжый алмады. Табан тіресіп қарсыласты. Жау енді алға баса алмай, ымырт жабыла кейін шегінді. Жаудың атакасы тоқтасымен «Хасанов жараланды» деген хабар жетті. Үшінші взвод командирінің қызметін политрук Горожанин атқарушы еді. Бұл жағдай Жексенге ауыр тиді. Ол байланысшы-хабаршы жігітін ертіп екінші взводқа келді.

Политрукті де осында кездестірді. Ол, басын құлаған қабырғаның балшығына жастап жатқан Хасановтың жапында отыр екен. Жексенге көңілсіз пішінмен бір қарады да, қайтадан Хасановтың бетіне көз жіберді. Қыймылсыз жатқан жолдасын көрген Жексен оның жанына кеп отыра кетті. Екі қолынан кезек ұстады. Маңдайын алақанымен сыйпады. Омырау түймелерін ағытып, қолын кеудесіне салды. Хасановтың денесі суынып кеткенін Жексен енді ғана байқады. Оның маңдайы мен бетін сыйпағанда алақанға тиген жұмсақ леп, ақырғы тіршілік дүниесімен қоштасқан арызындай көрінді.

Жексен жолдастарына қарап отырып қалды. Бәрі де



төмен қарап, ауыр ойға мүлгиді. Қадыр жерді тізерлеп отырған бетінде, автоматын таянып кеудесіне тірейді.

— Қош-қош, сүйікті дос, бауырым, сенің қаның — менің кегім, Салават.

Жексен оның қолында тас боп қатып қалған нағанын алдыда жолдастарына қарап қалды.

Әр жауынгер командиріне бір қарап іштерінен ырзалық білдіргендей көрініп кетіп еді, Жексен нағанды жанына кұшырлана салып, бас киімін алып ақтық рет жолдасының табыты алдында ант бергендей болды. Бұлар жолдастарын ақтық сапарға осылайша ұзатып салды. Жексен жыйналған жауынгерлерге:

Орындарыңа!—деп команда берді.

Әркім тездете басып, асыға ұмтылды. Ауыр жараланған Хасанов, Жексен келіп жеткенше жан тапсырды. Шығынға ұшырап қалған екінші взводты толықтыру керек деп тапты Жексен. Қадырды осы жердің өзінде, осы взводқа, уақытша командир етіп тағайындады.

Бір қолтығы сөгілгендей болған ол, взводтарды аралап, рота пунктіне өте кеш қайтқан-ды.

— Полина,—деді ауыз бөлмедегі Никитаның дауысы, жүрген адамдардың тықыры да, сөздері де басылып кетіп, қайта естілді.

— Жексен!—деді Полина асыға кіріп, бұрынғыдай орнығып отырғанда жоқ, түрегеп тұрды.

— Ал әңгіменді айтшы, біз сені іздемекші де болдық.

Полина күлді:

— Оларыңа рақмет, бірақ қай балшықтың арасынан табасыздар,—деді де сіздерді іздетпей өзім келдім. Жаңа Еленада болдым, не қылса да жолығып кетсін,—деді.

Жексен оны кұшақтай ап жанына отырғызды да:

— Ақырын, біреу естіп қоймасын,—деді.—Олар қайда екен?

— Қашық емес, неше күннен бері естерін бүгін жыйды.

— Білемін резервтегі батальонды қайдағы қыйынға салды.

— Ал, болыңыз, тез кешігіп каламыз.

— Жолдас политрук, біраз уақытқа жоқтатпассыз,—деп тартып кетті ол.

Жексен тылдан келген батальонды Еділден өткізген түні дивизия штабында болған-ды. Онда кұрастырылған

батальонның алдыңғы роталары ұрыстың ілгері шебіне бөлініп жіберіліп, Еленаға кездесе алмады. Елена резерв батальонға алынды.

Арада бірнеше күн өткеннен кейін Полина хат әкеп берді. Еленаның жолықсын деген жерінен таба алмай қайтты.

Осы күннің ертеңінде Еленаны полк штабында деп естіді. Енді жолығармын деген Жексеннің алдынан майор. Чайковский кездесті.

— Қайда барасың?—деді ол, бұл не саяқат.

— Жолдас майор, ротаның жағдайын ауызба-ауыз айтпак едім, пулеметіміз жетіспейді.

— Рапорт жазу керек, инстанция деген бар, комбатқа хабарлау керек емес пе, қазір пулеметті қайдан табамын, штапта оны жасайтын завод жоқ. Қолда бар құралды сақтай алмайсыңдар да шабасыңдар да жүресіңдер. Қазір ротана барамын.

Енді не деуіне болады? Жексен қысылып, қайта оралды.

Қарындасын дивизия резервінен өз қасына бір жолата алған болар деп ойлады. Не болмаса полктың бір ротасына жіберер.

Бір әредікте хат жазып Қадырды да жіберіп алды, бос қайтты. Оған міне он бес күндей өтті.

Полина Жексенді бір окопка түсірді де, өзі еңкейе жүгіріп кетті. Күткен кезі жеткендей болды. Кеудесіне толған қуаныш, қазір келеді деген үміт денені билеп ап кетті. Окоптан шығып брустверіне шынтақтап Полина кеткен бұрыштан көз айырмады. Он минуттей уақыт өтті. Кешіккен сайын күтіп, көп зарығып, көп қарап қалған кезде, көңіл шіркін тағы да «келмейді» дегендей болады.

Қарандаған екі адам бұрыштан бері жүгіріп өтті. Жексен де көз айырмай жүресінен отыра қалды. Олар бері жүргендей болған соң орнында күтуге шыдамай қарсы жүрді.

— Жексен!—деді Елена.

Сүйіскен екі жастың құшақтары айқаса түсті.

— Жаным—деді Жексен, Еленаның ерні оның аузына жабысып қалған сыкылды.

— Ал, мен енді кетемін,—деді Полина. Елена үндемеді, құшағын жазбастан басын Жексеннің тамағының астына тығып қолтығына кіре түсті.



- Жаным, Елена, Полина кетіп барады ғой.
  - Қош айтысқан болатынмын,—деді ақырын ғана.
  - Жексен сен менің қандай сағынғанымды білесің бе?
  - Білемін.
  - Жоқ алдайсың.
  - Алдамаймын.
  - Алдамаймын деп сүйей салды ғана айтасың, білсең айтшы.
  - Әрқашан да сағынатын шығарсың.
  - Білмейтінің көрінді ғой,—деді ол, пулеметімнен атқан оғымды да екеуміздің кездесуімізге, келешегімізге арнаймын, сені сағынғандығыма арнаймын.
  - Менің де жүрегім сен деп соғады,—деді Жексен.
  - Тіпті де нанбаймын, сенің жолың өте қатты екен. Қандай көңілді уақыттарымда кездесе алмаймын да, жанған жүрегіме біреу су сеуіп туншықтырып кеткендей болады. Содан барып жолың қатты екен деймін.
  - Бүгін, жолым неге қатты болмады?
  - Жоқ, бүгін мен жеңдім ғой.
  - Онда сенің қаттылығыңның менен асқаны ма?
  - Сен деп соққан жүрегім, еріксіз шақырып әкелді емес пе?
  - Ендеше менің де жүрегім сенің келуіңе себепші болды.
  - Онда көрейінші, — деді Елена басын Жексеннің кеудесіне басты.
  - Рас,—деді ауыр күрсініп,—аузыңнан сүйейін бе?
  - Манадан бері менен рұқсат сұрап па едің?
- Еленаның дірілдеген денесі Жексенге тығыла түсті. Осы кезде бір снаряд бұлардың төбесінен асып жарылып еді, күшактасқан күйлерінде бір айналып, екеуі де сырттарын снаряд жарылған жаққа беріп, бірін-бірі қорғамашы болған-ды.
- Төмен түселік,—деді Елена,—қорқып кеттім ғой.
  - Ендеше қалай пулеметчик болып жүрсің? — деді Жексен.
  - Бұрын қорықпайтынмын.
  - Онда бүгін не болды?
  - Сенімен кездескеннен кейін жүрегіме қорқу пайда болып тұр. Қорқынышты ала келдің білем.
  - Сенің қорқынышың мен екемін ғой.
  - Жоқ,—деді бетін Жексеннің бетіне тигізіп—бұрын

саған жеткенше, кездескенше асығып, қорқуды білмедім  
ғой, енді көрдім, кездестім, айырылғым келмейді. Содан  
соң қорқамын.

Олар төмен түсіп отырды.

Еленаны қызметінен тез босатпаған еді. Ақырында  
босатылсын деген Москвадан хабар алды. Содан Сталин-  
градқа тіленген-ді. Бірақ Чайковскийдің полкіне жібе-  
рілмей дивизия резервінің карамағына қалдырылды. Он-  
да он шакты күн болды. Ешкімге кездесе алмады. Чай-  
ковский оны бір-екі күн жанына алды да қайтадан өз  
орнына жіберді.

Бір полктан бір полкке адамдарды ауыстыру да қы-  
йын, оған дивизия командирінің рұқсаты керек болатын.  
Өз қол астында болғысы келген қарындасын:

— Жаппай шабуыл басталғаннан кейін тілеген рота-  
на жіберемін, қазір дивизияның халы ауыр,—деген бо-  
латын.—Анаң жалғыз отыруды үйренді ме деп те сұра-  
ған-ды.

— Үйренді,—деді Елена.

Мария Яковлевна майданға жүрмек болған қызына  
қарсы болмады. Ағасының жанына барады деп те қуа-  
ныш қылды. Кейіннен Нина Карповнамен сыйластығы  
қайтадан бұрынғысындай бола бастады. Екі сөзінің бірін-  
де Нина құрметті орын алды. Никита мен Полинаның  
келген хаттарын Мария өте зейінін салып тыңдайтын-ды.  
Жексенді жек көрмейді деп жүрді Нина. Мария Яков-  
левна Елена жүретін күні бетінен сүйіп:

— Анасы баласына ұрсады да, ұрады да,—деді кө-  
зінде жасы мөлтілдеп,—бәріне де сәлем айт. Бәріне де  
деген сөзінің ішінде Жексен де бар еді.

\* \*

\*

— Досполов!

Қадыр бас киімін алып кіріп келгенде партия жый-  
налысында отырғандар оған тегіс жалт қарасты. Өзі бір-  
ге жүрген командирлері Бекмұханов, Горожанин, Нови-  
ков та осында екен. Қадыр әр біреуіне жеке-жеке назар  
аударып еді, бәрінің де өндері суық, күндегі қалжын  
мен әзілін енді бәрі де жыйнап алғандай, Новиков бір-  
екі қозғалып Қадырдың алдында ол да өз дәрежесін  
көрсеткендей болады. Столда қарсы қарап отырған аға



политрук алдындағы қағазды аударыстырып көзімен бір шолып өтті де, Қадырға қадала қарады. Құрсаулы жау оғынан да сескенбейтін ол, жүрексініп тұр. Бойы дірілдеңкіреп, ұстамдылығы жетпей тұрған сықылданды. Оң қолындағы автоматын, қолтығына дүмін жіберіп, қатты қысып, соған сүйеніп тұрған тәрізді.

— Жолдас Досполов!—деген де Қадыр түзу тұра қалды. Аға политрук ұзын кірпігін қаға түсіп өтінішті оқыды.

«Сталинград шабулына коммунист болып катыссам екен. Тілегімді қабыл етулеріңізді сұраймын».

Өтінішті оқыды да аға политрук:

— Ал, жолдастар!—деді. Сонан соң өтінішті тағы да өз ішінен бір оқып шыққандай болды да Қадырға бұрылды.

— Партияға не үшін өтесіз?

Қадырдың ойында бұған әзір жауап болмай, жан-жағына қарап еді, Новиков тағы да бір ыңыранып кейде тіпті маңғазсынып «калай екен, бәлем» деп қыр көрсеткен сықылды. Ешкімнен көмектің жоқтығын сезді де:

— Өзімнің кім екенімді көрсететін уақыт жетті ғой, жауынгерлердің еңалдында болғым келеді. Коммунист деген ең мықты жауынгер, Сталин жауынгері болғым келеді,—деді.

Дұрыс айттың дегендей Горожанин басын изеді. Жексен разы болғандай тізесіне шынтақтаған, сол қолына негін артып отыр.

— Урысты кім үшін жүргізіп жатырсың?

— Өзім үшін,—деді Қадыр.

«Әйелінді атамадың ба» дегендей Новиков бір көзін сығырайтып күлімдеп қарады. Аға политрук бұдан басқа да бір-екі сұрақ сұрап:

— Қандай пікір бар жолдастар,—деді. Партия ұйымының секретарының сөзіне еңалдымен Новиков орнынан көтерілді. Никита орнынан тұрғанда Қадыр ішінен бұлдірмесе не қылсын деп ойлап та қалған-ды. Ол бұның ерлік істері туралы айтып келді де:

— Алынсын,—деді.

— Ақтайды деп сенеміз!—деді Жексен мен Горожанин жарыса сөйлеп.

— Ақтаймын!—деген Қадырдың сөзіне сыртта түсіп жарылып жатқан снарядтар келіп жалғасты. Ол үйдің ең астыңғы подвалынан коммунист болып аттады. Құла-

ған балшыктардан қыялап жоғары көтерілгенше — ақтаймын, ақтаймын,—деп бірнеше рет қайталады...

— Екі жылда әрең салынып біткен зәулім үй бір минутте қыйрап бітті,—деді Зубров, окопта отырып — осы ақырғы қабырғадағы үшінші кабаттағы үш терезеде менің інім тұрды. Талай-талай қызық күндерді, мейрамдарды осында өткізіп едім. Бұл үйде инженер-техниктер тұрды.

— Қазір інің қайда?—деді Қадыр.

— Осы Сталинград көшесінде өлді.

Олар әңгімелесіп отыр еді. Қараңғыда байқамай қапты, Жексен арт жақтан еңбектеп шығып қар аралас топырақтың үстімен жоғары көтерілді. Таң әлі де атқан жоқ-ты. Әр жерде жанған өрттің маңындағы ары-бері жүгіріп өткен, неміс солдаттарынан басқа қозғалыс байқалмады. Біздің зеңбіректер енді атуға кірісті.

Бүгінгі болатын шайқастың сарыны командирлерге түсінік бергендей, ұрыс алдында бір жерге жыйналып дәм татысып, не темекі тартысатын әдеттері бар еді. Рота командирінің пунктіне жыйналысты. Қадыр сығырайған шам жарығында отырар-отырмастан консервінің аузын аша бастады. Жексен темекісінің қалдығын да тастап, сумкасынан қағаздарын да алды. Новиков өзінің қағаздарын қойған стол тартпаларын қарап отыр.

— Жеке!—деді Қадыр.—Жолымыз болады екен. Осы консервіні Семейдің комбинаты жасапты. Міне қараңызшы.

Жексен консервінің сыртқы жазуын оқыды. Семейден деп жазылған екен. Өзі үйінен келгендей көрінді. «Мүмкін бұл біздің ауылдың малдарының етінен жасалған болар»,— деп те ойлайды. Аударып-төңкеріп қарады да толы қасықты аузына көме салды. Тәтті дәм сағынышты басып, көңілді көтерді. Жігер, қайрат, күш тудырғандай болды.

— Никита Никитич, келіңіз мынау консервіні біздің Семей жасапты, ол, одақ та үшінші орында еді. Қазір бірінші орында тұрса керек, жеп көріңіз қандай тәтті. Новиков те қасығын суырды.

Мұндай тәтті консервіні тіпті көрген емеспін, — дейді Қадыр.

Осы кезде штабқа кеткен Гурожанин келіп кірді. Оның қолтығында бір бума газеті, хаттары бар. Ол жағынан Жексенге хат әперді.



— Полинаға жолықтым, бәріңізге сәлем айтты,—деді. —Әсіресе, Никита саған көп сәлем жолдады. Асығыс екен мына хатты берді де кетті. Хатты Анна жазған екен.

«Жексен, Елена! сағынышты сәлемімді жолдаймын. Бір аяғымды оққа үздіріп, тылға қайттым. Тілектеспін. Умытпаңдар,—депті.

— Умытпаспын!—деді Жексен.

Горожанин—«партизан Максим Федорович Чайковскийдің отряды Сталинградқа келе жатқан немістің бронепоезд составын кыйратыпты» деген совет хабаршы бюросының хабарын оқыды.

— Қуаныш екен,—деді жігіттердің барлығы. Жексеннің Максим Федорович туралы көптен бері естіген анық хабары осы болатын.

— Еленаға жолықпадың ба?

— Жок,—деді Горожанин.

Жексен Еленаға осыдан екі күн бұрын жолыққанда резервтен ауысып полкке алынғанын, штабтың маңында қалмай алдыңғы шебке жіберуін майордан өтінгенін, оның рұқсат бермек болғанын баяндаған-ды. Уағдалы келмек күні кеше еді, әлі жок. Майор Бекмұхановты мактайды. Мұны Елена санрет естіді. Бір сөздің кезегі келгенде Елена осы 1 ротаға келіп қол пулеметчик болсам екен,—деп, айтып қалған-ды. Григорий Максимович қарындасының бұл сөзіне үндемеген болатын.

Бұл жерде Елена сырымды біледі — білсе де теріс емес екен деп топшылаған. Шынында Майор Еленаның Жексенді сүйгендігін білмейтін-ді. Білгендей болса оның катал мінезі өз командирлерінің қыйын кездегі мұндайлық жастықтарына төзе алмас та еді. Жексен үшін Еленаның штаб маңында болуы жақсы сықылды. Елена болса пулеметчик. Жексен рота командирі. Ішкі сырлары көптің көзіне түсіп анықталса Чайковскийге жақсы да көрінбейді. Бірақ, бұған Елена ренжиді. Көңілін қайыруға Жексеннің каталдығы жетпейтін. Осы түнде майор Чайковский ротаны аралап шықты. Ол бүгінгі түнде өте сұсты еді. Ол жауынгерлерге ертең Сталинградта Сталин жолдастың бұйрығы бойынша жаппай шабуыл басталатынын баяндады. Бұл бұйрықты естімеген бірде-бір жауынгер қалмады. Тамақтарын ішіп болысымен командирлер орын-орындарына тез тарады. Қадырдың батти-

ған жазуымен қабырғада Жексен Бекмұханов, Никита Новиков, Афанасий Горожанин, Досполов деген аттар сызылып жазылып қапты. Жексен өзінің бақылау орнына көтерілді... Әлі де зеңбіректерде үн жоқ. Январьдың суығы бетті қарып, жалап барады. Ол да бүгін шабуылға аттанатын секілді. Қараңғы түнде қала жап-жарық, өртті жарығындағы аяздың ұшқындаған қылауы жалтырап төгіліп тұр. Сталинградтың үстін басқан түтін жалынмен ұштасып қоңыр түске боялып, бұлттай жақпарланып қалқыйды. Қар үсті қызыл-күрең түске еніпті. Пулемет дауыстары немістер бекінген кварталдан жиі естіледі. Зеңбірек даусы анда-санда ғана күркірейді. Әлі де қараңғы. Айналаға көз жіберіп қарай түсті. Сағат алты кезінде біздің зеңбірекшілер жаппай ата бастады. Мұндай сұрапыл, дүниені солкылдатқан дауысты ол естіген де жоқ. Көк жүзінде ақ, көк, қызыл, жасыл түсті снарядтар ысқырып, зуылдай бастады. Неше жүз зеңбірек қатар атылып жарылғанда Жексен жер ортасына түсіп кетеме деп қалды. Оған кейбір снарядтар истребоктардың үлкендігіндей болып жарқырап көрінді. Көп ұзамай стапектегі пулеметтер де дүрсе қоя берді. Жексен мұндай көріністі майдан ансамбілі дейтін. Кононада сағаттан артыққа созылды. Жауынгерлер де команда күтіп еді. Көк жүзінде ракеталардың, бірнеше жүзі атылып бұлыңғыр күнді жап-жарық қылды. Бұл Сталиндік бұйрықты срындауға берілген хабар. Аспанда матордың жерде таңкінің даусы шықты. Әржерден көтерілген қызыл жалау желбіреп бір үйден бір үйге созыла берді.

Жексеннің тұла бойы бекіп, айбаттанып кетті. Ол алға ұмтыла берді. Жауынгерлер де окоптан окопқа, үйден үйге гранаттарын лақтырып, автоматпен сабалал ілгері тартты. Ротаның оң жағынан бір түсті жаңа шинель киген топ тиісті.

— Сталин үшін!, деді әйел даусы.

Жексен кім екен деп жалт қарап еді, қол пулеметті оқтана жүгірген Елена екен. Ол пулеметін жатып та, тұрып та атып ілгерілейді. Жексенді бүкіл Еділ толқыны көтеріп, жігерін тасытып жібергендей болды.

— Отан үшін!—деп өзі де ыргып кетті. Осы кезде арт жақтан:

— Алға! —алға!—деген зор, айбынды орыс даусы шықты.

Бұл майор Чайковский еді.



## МАЗМУНЫ

	Беті
<i>I ТАРАУ</i>	
Аян . . . . .	3
<i>II ТАРАУ</i>	
Қыйырда . . . . .	83
<i>III ТАРАУ</i>	
Ақиқат . . . . .	140
<i>IV ТАРАУ</i>	
Сенім . . . . .	183

---

КАМЕН ОРАЗЛИН

**ЖЕКСЕН**

(на казахском языке)

Издание Казгослитиздата

Редактор *Бекхожин К.*  
Тех. редактор. *Коробко И. М.*  
Ответ. по выпуску *Утембаева Б.*  
Обложка и титул художника *Хаматова К.*  
Корректор *Джакупова А.*

\*

Подписано к печати 28-IX 1950 г. Изд. № 131.  
УГ06129. Объем 13,75п. л. Уч.изд. 11,7  
Ф. б. 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Тираж 10.000. Цена 10 руб.

г. Алма-Ата, Гостип. № 1 Казполиграфиздата  
при Совет Министров Каз. ССР Зак. 668.




Байкалған кателер

Беті	Жолы	Басылуы	Дурысы
72	Төм. 2—3	кодандир	командир
74	Төм. 4	Новкиов	Новиков
77	Жоғ. 21	Санниковтың	Ванниковтын
88	Төм. 2	қапған	кепкен
129	Төм. 2	айттым	айтып
181	Жоғ. 6	Новиков мен	Новиковпен

Зак. № 668.







~~Бағасы 10 сом~~